

كاسى قىلىپ
نامىمىز دەردو

Герольд БЕЛЬГЕР

Қазақ
ғарышы

эсселер мен сұхбаттар

Алматы
ӘНІКЕ
БАСПАСЫ

2011

УДК 821.512.122
ББК 84 Каз-44
Б 42

Бұл кітаптың жарық көруіне демеушілік жасаған
Алаш азаматы Шыңғыс Құлжановқа
автор шынайы алғысын білдіреді.

Б 42 Бельгер Г.
Қазақ дәптері. / Герольд Бельгер –
Алматы: «Өлке», 2011. – 272 б.


ISBN 978-601-253-071-1

Герольд Карлұлы Бельгер, жазушы, аудармашы, публицист, ұлты неміс, тілі орыс, қазақ және неміс, дүние танымы, түйсік-түсінігі қазақ десе де шындыққа саяды. Жеті жасынан қазақ ортасында өскен. Мына кітаптада қазақтың тілі, ділі, рухы, табиғи ерекшелігі, әдебиеті сөз болады.

45465

УДК 821.512.122
ББК 84 Каз-44

ISBN 978-601-253-071-1



012

каз

© Бельгер Г., 2011
© "Өлке", 2011

Тілтолғақ



Қазақ дәптері

«Қатың елім, қазағым, қайран жұртым...»

Абай

«Қазақ дәптері» дей ме? Ол не тағы? Орыс, неміс, кәріс, шүршіт дәптері болушы ма еді? Неге болмасын? Әрбір милләттің өзіндік ой-толғамы, ойлау жүйесі, сөздік қоры, тіл орамы, сөйлеу мақамы, қабылдау қабілеті, дүниетанымы, түйсік-түсінігі, сана-өрісі, тағысын тағылары болатыны хақ қой.

Қазақ шығармаларын төл нұскасынан оқып отырып, халық сөзіне әрдайым құлағымды түріп, қазақпен со-о-о-нау 1941 жылдан бері күнделікті араласып жүріп, санама біраз тоқығаным бар, соларды әр кездері қойын кітапшаларыма түртіп, сызып, жазып отыру жиынтығынан «Қазақ дәптері» туған.

Нақтылай айтсам, жүректі, сананы селт еткізер өлең шумақтары, я жолдары, қазақ менталитетіне қатысты мағлұмат-деректер, лебіздер, ащы, китұрқы, бейнелі ой-өрнектері, есте сақтауға лайық хәм онтайлы дәйектемелер, астарлы, ойнақы сөз оралымдары, даналық пікірлер, қазақ тіліне, діліне тән, басқа тілдерге тәржімалауға көнбейтін ғажайып тіркестер, нақыл, мақал, афоризмдер, қалжыңдар, тың ойлар – міне, «Қазақ дәптерінің» мазмұны осы болмақ. Бәлкім, «Қазақ дәптері» үш бөлімнен құралып, түбінде жеке кітапша болуы да мүмкін.

Менің өмір жолым үш торап. үш сала. үш сокпак – неміс, казак, орыс. Энгельс шаһарынан бастау алған неміс сүрлеуім көп ұзамай үш тарамданып кетті. Содан бері үш орманды кезіп жүргендеймін. Қоржынымда үш ұлттың қасиеті сақталған. «Қазақ дәптері» – сол рухани байлығымның бір пұшпағы.

Бас-аяғы жоқ бұл еркін жазбалар (немісше мұны Lose Blätter дейді) кімге керек? Әлбетте, ең алдымен маған, казак арасында бала күнімнен өскен, казакқа жақын, жүрегі казак деп соғатын ресейлік неміс азаматы Бельгерге керек. Ал сол кездейсоқ жазбалар таза, шала, адасы аралас казакты да қызықтыруы әбден ықтимал емес пе?

Өзге ұлт өкілінің көрген-білгені, тоқыған-түйгені, байқағаны, көңіл аударғаны төл ұлттың перзентін де кейде ойландыруы мүмкін емес пе? «Апыр-ай, мұны қалай байқамағанбыз?!» деп тандануы да ғажап емес. Ал енді менің түртіп алғандарым тіпті қажет болмай қалғанда, Абай айтпақшы, өз сөзім өзімдікі емес пе? Шынтуайтқа келгенде, мына дәптердегі сөз де өзімдікі емес – казактікі ғой. Демек, казактың сөзін өзіне қайтарып отырмын. Бәлкім, қабылдар, назар аударар, ойланар, таңдай қағар. Сөзден сөз туады емес пе? Ойды ой қозғамаушы ма еді?...

Қысқасы, «Қазақ дәптері» кәдеге жарамаса, өзімде қалсын. Мына бір дәйектемеге көңіл аударыңызшы:

«Шынында, казактың бұл күнгі қызметіне қатысып отырған азамат казак елін қай қызметімен қанағаттандырады? Қандай еңбек, қандай өнер, қай ісімен ризалайды? «Мен мынаны істегенім жоқ па, мынадай үлгі, пайдалы істі ортаңа орнатқам жоқ па?» деп қай қызметімен елдің аузын буады? Мен осы сауалдарға жауап таба алмаймын...».

Мұны кім айтты? **Мұхтар Әуезов**. Қашан? 1921 жылы. Қайда? «Қазақ қызметкерлерінің міндеті» деген мақаласында. Арасына 86 жыл салып бүгін (21.03.07). бұл сұрақтарға мен де жауап таба алмай отырмын.

Сол мақаладан тағы бір үзік ой: «Әрі надан, әрі әлсіз. айласыз. көмексіз елге қызмет қылу, басшы болу міндеті мойнына мінген соң, оның барлық кемтарына ем іздеу, жетпегеніне жалғасу – азаматтың міндеті». Сол міндет – бүгінгі күннің міндеті болып қалған жоқ па?

* * *

Қазақтың сөз түрлері көп. Ол жағынан ешбір ел, ешбір ұлт таласа алмайды. **Диқан Әбілев** 1985 жылы былай деп жазған болатын:

*Қызыл, қызыл, қызыл сөз,
Құс жолындай ұзын сөз,
Жалаңдаған жалын сөз,
Қатпар-қатпар қалың сөз,
Жалақтаған жалаң сөз,
Балдыр-батпақ «балаң» сөз,
Міне шапқан жайдақ сөз,
Түлкі құйрық жайнақ сөз,
Тайраңдаған тайлақ сөз,
Сағым қуған сайғақ сөз,
Буда-буда будақ сөз,
Бұлдыр-бұлдыр жұмбақ сөз,
Құлаш-құлаш «құлаш» сөз,
«Шешендікке» мирас сөз,
Жауыр болған көлік сөз,
Белсенділер жерік сөз...
Кімге қажет, достар-ау,*

Осылардай дәмсіз сөз.

Қауызы көп, дәнсіз сөз...

Шетінен құрып масыл сөз.

Шеру тартқан асыл сөз.

Тауып айтқан марқұм Дикан бабамыз! Мен өз басым «кызыл сөзге» уланған болуым керек. Таяуда бір мәртебелі жиналысқа барып едім, жарты сағаттан соң құлағым қызарып, қаным басыма шауып, қан қысымым аспандап кетті. Дикан баба тізіп шыққан сөздер тек қазақ емес, менің де түбіме жетер. Президентіміз анда-санда бірер айға сөзге тыйым салып, өзіне де, басқаларға да мораторий жариялап тұрса, ай, ғанибет болар еді-ау.

* * *

Ілияс Жансүгіровтің «Исатай, Махамбет» атты үш перделі, алты суретті трагедиясын таяуда ғана оқып шықтым (14.02.03).

1964 жылы Алматыда жарық көрген Ілияс шығармаларының 5-томында басылыпты. Фатима Ғабитованың беташарын беріпті: «...Бұл пьеса екі вариантта жазылған болатын. Біріншісі – драмтеатрға арналып, қара сөзбен жазылған еді де, екіншісі өлеңмен, либретто ретінде жазылған еді. Бірінші варианты жоғалды. Театрда да, архивте де жоқ. 5-томға енгізіп отырғанымыз екінші варианты». Шығарманың әбден зерттеліп, ұзақ жазылғаны көрініп тұр. Кесек туынды. Махамбет заманының тынысы анық сезіледі. Тарихи құжат, тұғыры мықты.

Бірақ... кейіпкерлер саны 60-қа жуық. Өлеңдер өте көп. Көлемі де пьеса үшін тым үлкен. Кітаптың өзінде 80 бет. Мұны қалай сахналайсың? Режиссер амалсыздан

көп жерін қысқартуға мәжбүр болатыны анық. Мүмкін, трагедияны қысқартып, өңдеп, ықшамдап, сценарийге айналдырған жөн болар? Маған әсер еткен тұстары:

Махамбеттің монологы:

Тыныштық жоқ тым маған,

Мен бір желмін зулаған.

Көшерімді жел білген,

Қонарымды сай білген.

Мен ебелек тынбаған,

Күйзеліп жатқан ел үні,

Күңіреніп жатқан шер үні,

Жаныма маза бермейді,

Ханмен табыса алмаймын,

Бимен белдесе алмаймын.

Оларды тілім жерлейді.

Махамбет поэзиясының ырғағы, мақамы, сөз оралымы, екпіні сезіліп тұрған жоқ па?

Тағы бір жерде:

– Күн бар ма біздің елдің бағы ашылар?! – деген шерлі, зарлы сұрақ қойылады.

Сонда хор:

– Хай, хай, дүние-ай, хай дүние-ай,

Кеттік түсіп не күйге-ай! – деп күңіренеді. Бұл көне Грекия трагедияларына тән тәсіл. Хорға жүгінген автор мұны жақсы білген болды ғой.

Қалдыбай айтады:

– Ей, Исатай, Исатай!

Ел болудан біз кеттік,

Еңіреп мынау халқың тұр.

Сонда қалың нөпір:

– Қан аралас көзден жас

Халқыңыздан ақты ғой, Исатай! – дейді.

Махамбет екпіндетіп, Исатайға былай деп сөйлейді:

– Ей, Исатай, Исатай,

Ала жалау ту алған,

Атаң сенің Ағатай!

Сен – сұңқар құстың сойы едің,

Мен – жаныңда жағалтай.

Енді трагедияның бір жерінде Махамбет налиды:

– Заманым менің тар болар,

Тура биде билік жоқ.

Бәрін айт та, бірін айт,

Қаумалаған қарындас

Қазақта бар да, менде жоқ.

Илияс тіл қуатымен кейіпкерлерін мінездейді. Мысалы, Жәңгір ханның сөз колданысы, тіл саптауы мүлдем басқа. Ол көбінесе араб, парсы сөздерін араластыра сөйлейді: *ғариза, мұшауара, ихтилалшы, бәд фиғыл, һужум, фирман.*

– Бұл муафиқ дәгіл!

Мен істей алмаймын Һеи бірін.

Немесе:

– Мұнда жоқ не ләзіз, не лаяқап!

Хан фирманына халық етсін имағат!

Немесе:

– Исатай, сен ата ұғлы, асыл зат,

На мағқұлды тарк ойла, не хажсап?

Ғафил сөзге сатылма, сен түзік бол,

Арамызда болсын сұлыx уә сұхбат.

Әлбетте, мына сөздер мен тіркестердің біразы мен түгілі, казакқа да түсініксіз, я көмескілеу. Ресейлік Генспен сөйлескенде Жәңгір хан өзіне тән сөз оралымдарын пайдаланады:

*– Рухсат айла, ұлуғ дәреже иесі,
Ұа хұрметлу, хан-сұлтанның төресі,
Ғариза һәм уа ғайры ғайтбатлар
Ғайыпәлінің қалдығының пәлесі.*

Жәнгір:

– Итжазат алсын, хауажаға.

Мынадай ой келді: осы трагедияны орысшалауды маған жүктесін делік. Махамбет пен Исатайды, басқа да кейіпкерлерді бірдеме ғып сөйлетермін-ау, ал, Жәнгір ханның лексикалық ерекшелігін қайтып жеткіземін? Араб, парсы, шағатай сөздерін көне славян тіліне аударамын ба, әлде осы күнгі орыс оралымымен шектелуім жөн бе? Екеуі де жасанды, нанымсыз болмай ма? Жәнгір ханның тілдік өзгешелігін басқа тілде қалайша көрсете алмақпын? Бұл тұйықтан қалай шықпақпын?

Исатай Жәнгірге былай дейді:

*– Айуан болып мен сенің
Анаңа бар ма шөккенім?*

Махамбет:

*– Билер, сені білеміз –
Құлқыны жаман құлдарсың!
Бегжан, сені білеміз –
Әзәзілден жылмаңсың,
Айуан болсаң – жылайсың!
Хан қасында – құмайсың,
Отбасында – сұмырайсың,
Ел ішінде – ылаңсың.*

Трагедияда Махамбет поэзиясы да төл мәтінінде сөйлейді. «Енку-енку жер шалмай» дегені «Енкейінкі жер шалмай» түрінде келтірілген.

Окта-текте өлең сөзі кара сөзбен араластыра беріледі. Мысалы. Исатай: «Қара қазан, сары баланын

камы үшін айттым» дейді. Трагедияның соңында Исатай өлімі суреттеледі. Бұл көріністі сахналау үшін ерекше режиссерлік шешім керек.

* * *

Прозашылар, публицистер, кәнігі жорналшылардың айта алмай жүргенін кейде ойламаған жерден қазақ ақындары лак еткізіп айта салады. Және де қалай өрнектейді десеңдерші!

Ойымды нақтылау үшін біраз мысалға жүгінуге тура келді.

Рахметолда Нұрпейісов:

Қазақ әлі өзіне-өзі жұмбақ,

Өзін жөндеп білген жоқ, басқа тұрмақ.

Өзін-өзі иын біліп, ойласа алмай,

Боп келеді одағай, жалғау, жұрнақ.

«Тура! Тура! Дәл өзі!» деп айкайлағың келеді. Шынында да, тек Абай ғана жұмбақ адам емес, қазақтың дені жұмбақ. Және басқаларға емес, өзіне-өзі жұмбақ. Пәлен ғасырдан бері өзін-өзі танымай келеді. Бұғып қалған. Жасырынбақ ойнайды. Ішінен тынып жүреді. Ашылмайды. Төменшіктей береді. Жоқ нәрседен үркеді, сескенеді. Жалтақтай береді. «Өзім де қумын» деп, өзін-өзі алдайды. Балаша мәз болады. Сол себепті сөйлемнің көбінесе тұрлаулы мүшесі бола алмай, одағай, жалғау, жұрнақ болып келеді. Оған қазақ кінәлі де емес. Тарихы, тағдыры, таланы, сүрген ортасы, ғасыр, заман тәлкегі солай қалыптастырған.

Ғасырлар бойы «мың өліп, мың тірілген», «ежелден еркіндік аңсап», тәуелсіздікке жете алмай, арманда қалған ұлттың мінезі осылай болмағанда, қалай болмақ?

Қанатын әлі де кең жая алмай жүр. Басқалардың пысы басып тұрады. Оны мен, өзге ұлт өкілі айтып тұрған жоқпын, қазақ акыны айтып отыр. Рахметолда акын айтады:

*Тозған киім жамауыма көнбеді,
Жамау салдым, бұзылды әрлі өрнегі.
Қазақ үйін тәуелсіздік келгелі,
Хал-ахуал дәл осындай елдегі.*

(«Қазақ әдебиеті», 21.11.95).

Ал бұл пікірге кімнің таласы бар? Осы төрт жолды таратып айтар болсақ, үлкен публицистикалық мақала шықпай ма? Анау-мынау саясаттану диссертациясының сұлбасы көрініп тұрған жоқ па?

Мұхтар Құрманалиннің мына шумағына бір мезгіл назар аударыңыз:

*Ат-арбаға доңғалақ, қамыт қымбат,
Жалаң-аяқ қалдың ба, шарық қымбат!
Өлу қиын емес қой, көму қиын,
Өзіңнен де, өйткені, табыт қымбат!*

Бұл да өмір шындығы, дау бар ма? Акындар қазіргі заман ағысын қабылдай бермейді, налиды, әшкерелейді, пәленің барлығын тек билікке жаппай, саясаттан көрмей, туған халқына өкпе-ренішін ашық, ащы айтады.

*Көбік сөзге қайсыбір қосыла алман,
Зұлымдықтың ызғары есіп алдан,
Абайды да сабаған өзімізбіз,
Махамбеттің басын да кесіп алған...
Алсаң енді біздерді қыспаққа алғын,
Мен де жауды келеді түстеп қалғым.
Сәкен менен Ілияс, Бейімбетті
Өз халқының жауы деп ұстатқан кім?*

(Дәуітәлі Стамбеков).

Бұл, әрине, риторикалық сұрақ. Жауапты күтпейді. Өйткені жауабы белгілі. Мұндай сұрақтарды кезінде Абай көптеп қойған. Қазіргі қазақ ақындарының біразы Абайдың ізгі дәстүрін жалғастырып келеді. Әрине, аз сөзбен көп нәрсені айта білгенге не жетсін? Поэзияның құдіреттілігі де осында емес пе?

Ойлап қараңыз: Өшіп барамыз.

Әбден ажырап Кеткен арамыз...

Бітеу жарамыз!

(Қадыр Мырза Әлі).

Иран-Гайыпты тыңдап көрелік:

Тәуелсіздік теңдіктің

Түгел алдық барлығын.

...Есім кірді, енді ұқтым –

Зарлы емеспін, жарлымын.

...Қоғамыма жақпадым,

Бақ қонбады басыма.

Кеудем аяққаптайын

Толды көздің жасына.

...Майлығы һәм шайлығы

Шіреген зор орында –

Мемлекет байлығы

Өңкей дөйдің қолында.

...Бұралқы иттей қаңғырып,

Айналдық-ау мазаққа:

Марту басып, Мәңгіріп –

Не болған бұл қазаққа?!

Толымбек Әлімбекұлы:

Нарық деген қысып кетті,

Баға деген ұшып кетті,

Соған жаны шыдамастан

Біраз қазақ ішіп кетті.

Обал, обал!

Исранл Сапарбай:

*Бұл заман кімнің соры, кімнің бағы?
Жаңылды жүрісінен дүлдүл-дағы.
Қайғы ішіп, мұз жұтқан соң қайтіп оңсын.
Бариды уға айналып тілдің балы.*

Әбубәкір Смайыл:

*Жақсыны даппап жоқ қылдық,
Жаманды мақтап көптірдік,
Қанденге қасқыр алғызып,
Құмайға тышқан соқтырдық,
Жалғанның жалған екенін,
Қос мүшел жасқа кеп білдік.*

Әділғазы Қайырбек:

*Ауылдан көшіп жатыр, кетіп жатыр.
Аспан асты аңыздық жел еседі.
«Өтпелі» дейтін кезең өтіп жатыр,
Қазақтың соры қалың, не кеселі.*

Серік Ақсұңқарұлы айналасына қатаң қарайды:

*Мынау – Дөкей Мырқымбаев (бизнесмен),
Анау – доктор Мырқымбаев Қыртымбай.*

Жандос Бәделұлы «Ауыл-аза» өлеңін былай бастайды:

*Түгесіп түітің, демалыс болды,
Қарсы алды мені күрсініп ауыл.
Сағыныш сорған сынаны сорлы,
Додалап долы даңғаза дауыл.*

(Соңғы жолды мен үш күн күбірледім: «Додалап долы даңғаза дауыл». Қаниа мағына бар және қалайша әдемілеп қиыстырған десеңізші).

Серікбай Қосан:

*Осы да, досым, тірлік пе?
Түсінбей жүрмін түгін де.*

*Душениң бәрі дүрлікпе.
Дүбір боп кетті бүгінде.
Дүбірге қосар ат қайда?
Тақымын қысқан кісі көп.
Илендік әбден қақпайға –
Иттің де бізбен ісі жоқ.*

Мен біраз жылдан бері назар аударып жүрген өршіл акын **Сабыр Адай** казактын намысын қайрайды:

*Маңдай термен атар алда ақ таң бар,
Адам ба екен, ар-ұятын сатқандар?!
Ойлан, қазақ! Арлан, қазақ! Өр қазақ!
Арсыз болсаң Тірлік те азап, қор де азап.*

Қалай болғанда да, казак акындарының үлкен тобы өзінің заманына, қазіргі хал-жағдайға, ұлтының тағдырына риза емес.

Нұрлан Мәукенұлы:

*...Жұртымның халі – мүшкілдеу,
Татқан бір дәмі – қышқылдау,
Кедейдің тілі – үшкілдеу,
Байшыкеш сөзі – мысқылдау.*

«Дау», «деу» деп Нұрлан сыпайы айтқан. Жағдайдың өзі, шынын айтсақ, әлдеқайда сорақы емес пе? Әлде мен де «сорақылау» десем бе екен?

Осындай сарында жазылған өлеңдер баршылық. Олар, сөз жоқ, қоғамы көзқарасты қалыптастыруда ерекше маңызға ие. Үш акынға айырықша тоқталғанды жөн көрдім. **Есенбай Дүйсенбайұлын** мен осы кезге дейін жөнді білмейді екенмін. Ұяттымын. Менін ауылым казак поэзиясынан шалғай жатыр ғой. Өткен жылы (2006) Есенбайдың «Жас Алаш» газетінде өлеңдер топтамасы шықты. Оқып едім – танқалдым, сүйсіндім, екі-үш реттен дауыстап оқыдым. Акын

екен! «Мағжанша» делінген өлеңін «Қазақ дәптеріме» көшіріп алдым. Жастармен, студенттермен кездескенде әрдайым осы өлеңді оқимын. Тынларман да сүйсініп қалады. Он прозашының айтатынын Есенбей он жеті жол өлеңге сыйғызыпты:

Тұман, тұман, тұман.

Тұр не күтіп әріде?

Бәрі де күмән,

Күмән, күмән, күмән.

Тұман, тұман, тұман.

*Жаманшылық тұс па
Жаһанданған мынау? –*

Қанатты құс та

Ұйса – мерт құлау.

Құлау, құлау, құлау.

Тұмау, тұмау, тұмау.

Адасып қыз, ұл жүр,

Не күтіп тұр әріде?

Бәрі де бұлдыр.

Бұлдыр, бұлдыр, бұлдыр.

Құрғыр, құрғыр, құрғыр.

Тұман. Күмән. Бұлдыр...

Ғажап емес пе? Сикырға толы поэзия! Жалғыз Мағжан емес. Тютчев. Фет. Блокты еске түсіреді. Қызықтырады. Тамсандырады. Арбайды. Көркем. Бейнелі. Әсерлі. Шынайы заман келбеті. Ішіннен қайта-қайта күбірлейсін: «Тұман. Тұман. тұман... Күмән, күмән, күмән... Бұлдыр, бұлдыр, бұлдыр». Көз алдына неше түрлі көріністер келеді. Көңілде алаң, алаң, алаң...

Болат Шарахымбай деген әдебиетшіні оқығаным болмаса, өмірімде кездестірген емеспін, қол алысқан емеспін. Оның былтыр (2006) «Әдебиет айдынында» 42 шумақ толғауы басылды.

Көзіме отғай басылды. «Зар-заман» поэзиясына сүңгігендей болдым.

Туған тілін туған ұлты көкпар қылған бұл заман,

Шолақ намыс шолжаң ұлды

шоқпар қылған бұл заман,

Маймақ аяқ маймылдарды

мақтан қылған бұл заман,

Шәртiк қарын бұралқыны

баттан қылған бұл заман.

Қалай? Маған бұл заман әбден таныс, ал маймақ аяқ маймылдарды, шәртiк қарын бұралқыны мен күн сайын көшеде де, жиналыстарда да, теледидардан да көптеп кездестіремін.

Осы сарында біздің заманымызды сипаттай келіп, Болат Шарахымбай толғауын былайша аяқтайды:

Жала жатқан, күйе жаққан

қатыр-құтыр бұл заман,

Кесек-кесек өсектерден күбір-күбір бұл заман,

Сырты – сылдыр, іші – қалтыр

кедір-бұдыр бұл заман,

Қыбыр-қыбыр, жыбыр-жыбыр,

сыбыр-сыбыр бұл заман.

Иә, бұл жай толғау емес – шертолғау. Диагноз дәл қойылған. Артық-кемі жоқ. Ойландырады. Иландырады. Жаныңды түршіктіреді. Намысқа шақырады. 168 кен тынысты өлең жолдарын бір әуенмен толғанып оқып шығыңызшы, – әбден титықтап, шаршаған керуенмен шетсіз-шексіз шөлейт даламен келе жатқандай әсерде қаласыз.

Әрине, бұл – қазіргі заманның көрінісі. Бірақ тамыры тым-тым тереңде жатыр. Соны ұққан ақын өзінің шертолғауын эпиграф есебінде көне жырау, би, ақынның сөздерімен өрнектейді, дәлелдейді, нығыздайды, бұлтартпастай кылып нығырлайды.

45465

✓ **Монке бидің** сөзін еске салады:

– *Заманақыр болғанда*

Сөздің маңызы кетіп, самалы қалады.

Әйелдің ұяты кетіп, ажары қалады.

Әулиенің аруағы кетіп, мазары қалады.

Жігіттің қайраты кетіп, базары қалады.

Жақсының атағы кетіп, азабы қалады.

Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалады.

Екінші эпиграф **Бұқар жыраудан:**

Ай, заман-ай, заман-ай.

Істің бәрі күмән-ай...

(Басқа келген ой: Бұқар жыраудың «күмәні» мен Есенбайдың «күмәні» қабысып тұрған жоқ па?)

Үшінші эпиграф **Абайдан:**

Заманға жаман күйлемек,

Заманы оны илемек.

Шарахымбайдың шертолғауы керемет туынды. Күнделігіме орысшалап: «Шарахымбай шарахнул» деп жазып қойдым. Шынында да, найзағайдай тіліп түсірді.

Темірхан Медетбекті көп жылдардан бері қадағалап оқимын. Поэзиясын да, публицистикасын да. Ерекше талант. Даусыз. Ешкімге ұқсамайды. Ұқсаса, Махамбетке ұқсауы мүмкін. Өлендерінде азаматтық әуен, өршіл екпін, тегеурінді мақам бар. Ашық жазады. Жағымпаздану, жарамсақтану, мәймөнкелеу, сылап-сипау, жалпақшешейлік, көлгірсу (әтген, казак акындарының біразында бар ауру, әдет) Темірханда кездеспейді. Мұндай ұнамсыз қасиеттен ол ада. Акындықты «Кұдайдың сирек сыйы» дегенді, өкінішке қарай, көбі түсінбейді, түсінсе де ысырап қылады, ермек етеді, даракылыққа салынады. «Жас Алаш» (№15.07) бір бетін түгел Темірхан Медетбектің

өлеңдеріне арнапты. «Сыртым – бүтін, ішім – түтін». Қалай? Жаралы жүректің, капалы сананың жанайқайы емес пе?

Топтаманың аты адамды елен еткізеді. Ішімнен оқыдым, дауыстап оқыдым, үңіле, тебірене оқыдым. Кейбір шумақтарын «Қазақ дәптеріне» көшірдім.

...Ауру Қазақстан

Анда-санда

Қазақша бірдеме деп,

Орысша сандырақтап жатыр.

...Мына Уақыттың.

Апыр-ай, Ласын-ай!

Аждаһаның ауызындай

Үңірейген

Алаңы мен ұрасын-ай.

...Қаптаған

Қарақұрт пен өрмекшілер

Қап-қара торларын

Құрып алған.

Дүниені қап-қара

Жүн-жүн аяқтарымен

Бүріп алған.

Әнебіреулер

Өтірікті судай сапырып.

Соғып жатыр.

Өтірікті соғып.

Қара халықты

Қып-қызыл қанын

Кенедей жабысып.

Сорып жатыр.

Темірханның әрбір сөзі – зіл батпан, атылған оқтай. Ой салады. Жүрегінді тулатады. Бетховеннің «№9 симфониясын» тыңдағандай.

Білуімше, калың оқырман бүгінгі әдебиетшілердің көбіне риза емес. Қоркак дейді. Жалтак дейді. Сұраншақ дейді. Жасық, ынжық, өзінің қарақан басын күйттейді. Сыбырлайды. Күнкілдейді. Сасықкүзендей інінен сығалайды. Халықтан қол үзген. Биліктің көнілін аулап, мүсәпірдің күнін кешіп жүр. Өз көленкесінен сескенеді. Жок нәрсені әспеттеп, керекарыс роман жазады, сөзді қор қылады. Мойнына өз еркімен байшыкештердің қарғыбауын тағады. Түбі шикі жалған сөзді судай сапырады. Ісінің барлығы – уфит-суфит, ахалай-махалай. Реті келсе бірдемені асап, қарпып қалғысы келеді. Сүйтіп жүріп, өзін классик деп есептеп, шіренеді, жұрт алдында мықты болып көрінуге тырысады. Әдебиетші емес – мүсәпір, бейшара, сорлы, тоғышар. Ондай акын-жазушыда қандай бедел болсын?

Бас еркіндігі болмаса, талантқа сай асау мінез көрсете алмаса, халық сөзін сөйлемесе, заман ағымын байқамаса, аузын бұған өгізге ұқсаса, тек жүріп, тоқ болғысы келсе, алдындағы арыстардың үрдіс-аманатын аяққа басса, күмәнді сүрлеу-соқпақпен есек аянмен жүрсе, ай, ол акынның несі акын?!

Бұларды көргенде, тыңдағанда, оқығанда қаның қайнайды, жер болып басылып қаласың, қараптап қарап өмірден түнілесің. Қарның ашады. Мұндайда бұрынғылардың сөздерін оқып, медеу іздейсің. Мысалы:

Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің,

Айтқаныма көнбейсің.

Шабылып жатқан халқың бар,

Аймағын көздеп көрмейсің.

Қымыз ішіп қызарып,

Мастанып, қызып терлейсің.

Өзіңнен басқа жан жоқтай,
Елеуреп неге сөйлейсің?!
Қорған салдың бейнет қып,
Қызметшің жатыр ішіп-жеп,
Оны неге білмейсің?

(Асан Қайғы).

Шен-шекпенге сатылып,
Батпаққа елін батырып,
Дұшпанына оқ салып,
Еліне қарай атылып,
Біздің естімін деген жақсылар –
Ақыл-ойға тапшылар
Заңын білмей алдатты.
Сырғалыңды күң қылып,
Солқылдақты жүн қылып,
Күніңді туман түн қылып,
Қыл мойынға тақалтып,
Шабақтай жетге қақалтып,
Көмейіне салар қармақты...

(Дулат).

Есі кеткен ел байғұс,
Жұрт әкімге қарасар,
Өзгеге бақ жоқ жарасар,
Есі кеткен ел байғұс
Ақылынан адасар.
Адасқаны емес пе,
Бірін-бірі шағысып,
Тепкілесіп, қағысып,
Өкіметке таласар.

(Майлықожа).

*Жер жүзі жабылғанда ғылым жаққа,
Қазақ жүр құмарланып құр атаққа.
Анау – құ. мынау – пысық, мен – батыр деп,
Айналды бірін-бірі құртпаққа.*

(Шәкәрім).

Осыған ұқсас, астарлас, үндес белгілі екі-үш дәйектемені осы орайда оқырманның есіне сала кетейін.

*Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сытуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қалауда жаның,
Аш көзіңді оянып.
Ұйықтайтын бар не сиқың?
Қанған жоқ па әлі ұйқың?*

(Ахмет Байтұрсынов).

*Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал хатаб боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты.*

(Міржақып Дулатов).

*Біреуі – «сен тәңірімің» деп сыйынады,
Біреуі – «мен құлыңмын» деп бағынады,
Біреуі – «садақа бер» деп жалынады,
Біреуі – «құйрық» болып тағылады.*

(Мағжан Жұмабаев).

Меніңше, халықтың рухын көтеретін, басылып қалған намысын қайрайтын әшкерелеу әуендері бүгінгі казак поэзиясына әлі де жетіспейтін сияқты. Дәстүр бар, үрдіс бар, енді оны жалғастыру керек. Жалан

ұрандардан. құр мақтан. бөспебай одалардан оқырман
мезі болғалы қашан!

Ойыма марқұм досымның (**Асқар Сүлейменовтің**)
сөзі түсіп отыр. Асекең былай деген еді: «Елдің,
жұрттың, ұлттың құруы алдымен интеллигенцияның
иттігінен, сатымпаздығынан басталады».

Осыдан біраз жылдар бұрын, ұмытпасам, «Жас
Алашта» **Ақселеу Сейдімбектің** «Өмір осылай өтіп
жатыр» деген туындысы жарық көріп еді. Кішкентай
ғана дүние – эссе ме, толғау ма, суреттеме ме, қара
сөзбен жазылған өлең бе, әйтеуір сол кездегі өмірді
жан-жақты қамтыған. Әрбір сөзі бір қойдың нарқына
пара-пар. Естеріңізге салайын:

« – Уа, Бабай!

Ел-жұрттың халі қалай?!

– Е-е, балам-ай!

Ел – аман, жұрт – тыныш демесе:

Әйел – ерге қарады, ер – жерге қарады;

Қартымыз – қақбас, қатынымыз – қақпыш;

Шешеніміз – иерменде, батырымыз – қорқақ;

Данамыз – бала, баламыз – шала;

Әйел – арыды, келін – жеріді;

Бозбала – сайтан, бойжеткен – сайқал;

Азамат – әлсіз, арғымақ – жалсыз;

Сері – селтең, сал – молтең;

Көріміз – кәпір, тұысымыз – мүсәпір;

Жауымыз – атарман, досымыз – сатарман;

Тұлпарымыз – жабы, сұңқарымыз – жаталақ;

Өнеріміз – молақ, өнерпазымыз – олақ;

Дініміз – шала, тіліміз – шұбар;

Еліміз – азды, жеріміз – тозды;

Бүгініміз – тұман, ертеңіміз – мұнар:

*Сенеріміз – жоқ, секеміміз – көп;
Жан шыққан жоқ, үміт өлген жоқ –
Өмір осылай өтіп жатыр!»*

Әрине, өмір өзгермей тұрмайды. Бұл күнде, бәлкім, көрнекті профессор Ақселеу басқаша ойлауы да мүмкін. Кім біледі, еліміз жанарып, жеріміз құлпырған шығар. Тұман сейіліп, мұнар тарқаған болар. Күдік-күмәннен арылған шығармыз. Жапалак – сұңқарға, жабы тұлпарға айналған шығар. Жан шықпаған соң, үміт өлмеген соң өмір, әлбетте, жалғаса береді, өте береді.

Қалай болғанмен, Ақселеудің осы бір шымыр, отты толғауы дөп шықты деп есептеймін. Өмірдің сұрықсыз, сұмпайы жағын ащы да ашық айту – ақынның міндеті, талант ғибраты, асылдар аманаты, заман талабы, бабалар өсиеті.

* * *

Менің әрдайым есімнен кетпейтіні – қазақтың екі үшкен жазушысының мәңгілік сапар алдындағы келер ұрпаққа қалдырған өсиеті, аманаты.

Бұл, сөз жоқ, ерлік, азаматтық, өресі кең, тұғыры биік тұлғаға тән қасиет. Менде «Қазақ әдебиетінің» 1961 жылдың 30 маусым күнгі саны сақтаулы. Газет түгелдей **Мұқан (Әуезов)** қазасына арналған. Мұхтар Әуезовтің Кунцово ауруханасында операция алдында жазылған үш хаты келтірілген.

Біреуі – **Тахауи Ахтановқа (21.06.1961)**, екіншісі – **Есмағамбет Исмаиловқа (18.06.1961)**, үшіншісі **Зейін Шашкинге (25.06.61)** бағышталған.

Бірінші хатта: «Қадірлі, іні дос Тахауи! – делінген. – «Мен сені, Әбдіжәмилді, Зейнолла, Тәкенді, Сафуанды

көптен, бастан бөлек санайтұғым... Сендерді сол болашағымыз дейім. Сондықтан анау бір жылдардан-ак саған, сендерге мен безразлично карай алған емеспін. Алдарыңнан жауапты, ойлы жаңалықтарды өзге бір казактан молырақ күткен күйдемін.

Екінші бір өнімді топ – Мұхамеджан, Хамза, Зейін. Бұларды сендер көбірек түсіне ойласаңдар, әділ болады. Олар жастай кетіп, ұзақ заман тұсалып қалған жігерлі талант. Өмірге комағайлық (жақсы мағынада) ала келген. Шығармалық шабытка да сондай комағайлар. Өнімді еңбек етіседі».

Есмағанбет Исмаиловқа төсек тартып қалған Мұқаң былай деп жазады: «Ең қымбатты інім, досым Есет! ...Мен тегі өмірдің өрі-қыры, биігі мен ойпаңы, қысталаны, шатқаланы дегенді көбірек көргемін... бірақ бәрінен де ұдайы сау, сергек кеудемен, әсіресе өмірді таза мол сүюмен өтіп келемін. Солай топшыласам: күйгенімнен – сүйгенім көп, түңілгенімнен де сенгіштігім көп, жиренгенімнен гөрі құмартқаным көп, бүгінгі өмірді шабыттана сүюім, шексіз қызыға сүюім анық мол».

Актык операцияға екі күн қалғанда кемеңгер жазушы Зейін Шашкинге мына жолдарды бағыштайды:

«Сенің өнімді еңбегіңе шын тілектес үміткермін. Ілгері аса, баса бер. Бірақ қатарыңда өзіндей ендігі әдебиет болашағы деп өзім түсінетін Әбдіжәмил, Тахауи, Зейнолла, Сафуандар, Хамза барын ұмытпа, бек бағала, тілектес, канаттас дос деп бағалай бер дер едім». Қандай ғибратты, ұлағатты сөздер!

Өмірге деген қандай күштарлық, інкәрлік!
И.С.Тургеневтің актык демі алдында **Л.Н.Толстойға** жазған аманат хаты сияқты әсер етеді.

Мен бұл сөздерді жиі оқимын. көзіме жас аламын. тебіренемін. Мұқанды жасымда үш рет кездестіргенім бар. үш рет шабытты сөзін тындадым. Оны бақыт деп қабылдаймын. Хаттарында Мұқан атаған казактын заңғар жазушыларын да жақсы білемін. араластым. біразының шығармаларын орысшаладым. Бұл да бақыт. Әттен. түгелдей дерлік о дүниелік болып кетті. Арамызда бұл күндері **Әбекен (Нұрпейісов)** ғана жүр.

Қазіргі жас әдебиетшілер Мұқанның соңғы үш хатының мәтінін қойын дәптеріне көшіріп алып. жиі-жиі оқып. санасына тоқып. ішкі мәніне бойлай сүнгіп. жүрек түбіне сактап жүрсе екен деймін.

Сол сияқты **Ғабит Мүсіреповтің** «Туған елге соңғы сөзі» санама терең ұялаған. Естеріңізге түсірейін:

«Кешегі өткен Ғабиден досқа: «Енді екі жыл жүрсек жетпей ме?!» – дегенім бар еді. Сол мөлшерім мөлшер болды. Қойны суық қасиетті кара жер құшағына. міне. мен де кеткелі жатырмын. Үмітпен. күреспен. сеніммен өткізген ұзақ ғұмырымды қорыта қарасам. қуанышым да, ренішім де мол екен. Жаңа казак мемлекетінің биік туы менің көз алдымда көтерілді. Бүгінде күллі әлем назары ауған ілгері елге айналдық. Бірақ әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы боп есептелмейтінін ұмытпайықшы. Жан сүйсінтер бірлік жоқ жерде саналы тірлік те жоқ. Кейде мыстың алтынға, қыранның қарғаға телініп жататыны – осының кесірі. Үлкен өнердің үлкен таза мінезі болуға керек. Өзім іргетасын қаласқан казактын ата буын әдебиетінің атынан өтінемін: мені соңғы сапарға шығарып саларда осы актық тілегімді еске алындаршы...». «...ҚАҒАЗ ұстауға халім болмағандықтан. хатты **Әлжаппар** мен **Мұхтарға** айтып жаздырдым. Ал, қасиетті елім. жерім.

қайыспас дос-жаран, ағайын-туыс, сәулелі жас ұрпақ, хош, хош болындар!»

Осындай актық сөз қалдыру үшін зор сана, алып жүрек, азаматтық сезім, терең толғам, өршіл мінез, шынайы тектілік керек емес пе? Кез келген Мырқымбай мұндай сөзді айта алмайды. Айтуға құқығы да жоқ.

Мұндай дуалы сөз тек аруакты тұлғаның аузынан шықпақ. Мен Ғабенмен біраз жылдар бойында шығармашылық қарым-қатынаста болдым. Жазушылар одағында жиі кездесіп, оқта-текте сұхбаттасудың бақытына ие болдым. Бірнеше әңгіме-повесін орысшаға аудардым, үйінде болдым, телефонмен хабарласып тұрдым, талай-талай жиналыстарда сөзін тыңдадым, ол кісі жайында естеліктерімде, күнделіктерімде жаздым. Мені Ғабен Гера, я Герольд деген емес, ылғи дауысын созып, қасын керіп «Бээл-гээр» дейтін. Орысша-қазақша аралас, сыпайы, кербез сөйлейтін. Менің досым Аскармен (Сүлейменов) ерекше жақын болатын. Екеуі де эстет, сері. Әңгімелері жарасып тұратын. Екі «артист» арасында мен көбінесе жалғыз көрермен, я тыңдарман едім. Үндемей отыра беруді ынғайсыз көріп, ара-арасында мен де білгірсіп, бірдеме айтып қалатынмын, бірақ менің сөзім олардың әуенімен қиыспайтын. Байқауымша, қазіргі жастар Ғабенді аз біледі, көбісі білмейді де, оқылмайды. Ай, бекер, бекер! Ғабен сынды біртуар тұлғаны қазақ ұмытпаса керек еді.

* * *

Қазақтың мақал-мәтелдеріне мен жасымнан үйірмін. Ғаламат байлық! Өмірдің барлық қырын қамтыған диалектикалық әлем! Бесінші-алтыншы сыныптан

бастап ауылда естіген мақалдарды қойын дәптеріме күнделігіме тізе бердім. Кейін қойдым. Өйткені шексіз-шетсіз дүние екен.

Қазақтың кейбір қағидалары маған күмәнді болып көрінеді. Бірнеше мысал келтірейін:

«Тек жүрсен, тоқ жүресің». Апыр-ай, бұл не дегені? Жалғасы тағы бар: **«Домаланып көп жүресің».** Адам боп туған соң тек жүрудің несі сән? Тек жүріп, неменесіне жетісесің? Тек жүрем деп, өркениет атаулыдан құр қалмайсың ба? Ал тоқ жүру бірден-бір мақсат, арман болып па? Тоқ жүру дегеніміздің өзі не? Қарынды кампитып, ықылық атып жүру ме? Тоқтық көбінесе малға жараспай ма? Міне, пәлен жылдан бері қазақ тек жүр, бірақ тоқ жүргені қайсы? Бір миллиардер шығу үшін бір миллион қазақ тақыр кедей болу керек пе?

Әрине, тойып секіріп жүргендер баршылық, ал халықтың дені тонып секіріп жүрген жоқ па? Миллиардеріміз бар деп бәркімізді аспанға атамыз. Жеті миллиардеріміздің үшеуі ғана қазақ, қалған төртеуі – өзге милләттің өкілдері. Сонда тек жүріп, қазақтың шыққан мүйізі қайсы?

«Артын қысқан бай болар». Бұл да сол сияқты. Үркіп-қорқып, әбден басылып қалған қазақ қайда жүрсе де, артын қысып-ақ жүр ғой. Ал байығаны шамалы-ау. **«Үндемеген үйдей пәледен құтылады».** Үндемей жүріп, «көрмедім, естімедім, білмеймін» деп қай қазақ үйдей пәледен құтылып жүр? Құтыла алмайсың! Таныс бір әріптесім айтады: «Соғыстан кейінгі жылдары ағам маған қайта-қайта: «Сақ бол! Қорқақ бол! Аузыңа ие бол! Ешкімге сенбе!» деп ескертіп отырушы еді, ақыры өзі итжеккеннен бір-ақ шықты. Үндемеген мені де институттан қуды». Жазмыштан озмыш жоқ. Қатерден

корыққан сол қатерге тап болады. Өмір заңы солай. «Жұт жеті ағайынды» деп қазақ айтса, «Пришла беда – отворяй ворота» дегенді орыс білгелі кашан. «Сен бұқтың – жатғын, мен бұқтым – жаттым, ол бұқты – жатты...» Сонда не болды? Аузын бұған өгіздей жүре береміз бе? Бізде қазір үндеместер қаптап жүр. Билікте де. үкіметте де. президент айналасында да. депутаттар арасында да. Бәрі сақ, қу, әккі. Ал сонда не ұтты? Нендей пәледен құтылды? Жок. ағайындар! Мұндай айла-тәсілмен, бұқпа торғайдың тірлігімен бәсекелестікке қабілетті елу елдің қатарына кіруіміз неғайбыл.

«Әй, өзім де қумын» деген пысықтау, сасықтау түсінік тағы бар. Айдалада жүріп-ақ, үйден ұзамай, сасық қулықпен бәрін алдағымыз келеді, кілең өтірікпен мақсатымызға жетеміз дейміз. Сеніміміз мықты: әй, неужели орыс, американ, шүршітті қулығымызды асырып, алдап соқпаймыз деген бір ауыларалық мактан бар. Бұл мактанның, даракылықтың негізі бар ма? Іргедегі пәлен мың жыл тарихы бар қытайды да алдағымыз келеді, үш ғасыр бойы бодандықта болған Ресеймен де іштей егесеміз. Батысынды да «қулық сақтап әуре етеміз». Сонда бұл не саясат? «Әй, өзім де қумын» деп өзімізді-өзіміз алдай береміз бе? Қулығымыз өзімізге түбінде мазақ болмай ма? Жаһандану, ғаламдасуға қарсы байырғы қулығымыз іске асар ма екен? Бір кәдеге жарап қалар ма? Тосқауыл болар ма? Қулық – ақылдылық емес, әлсіздіктің, бишаралықтың, сенімсіздіктің белгісі.

«Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін». Аузы қисықтар қолынан келгенін істеп, тойлап, шоулап, кеудесіне нан пісіп, өз терісіне өзі сыймай жүр ғой. Тіпті үндемей жүріп, долларды тау қылып үйіп жүр. Ал не

болды? Аузын қисандатып, тілін безеп тан атқаннан күн батқанша құлағымызды сарсытып, радио, теледидардан сайрап-ақ жүр. Нәтижесі қайда? Қазақстанға аузы қисықтардың не пайдасы тиді?

«И-и, Алла, бергеніне шүкір» деп қорлықтың бәріне төзіп, көніп, бес мезгіл тәубеге келеміз. Мен білер қазақ тамұқта отырса да, «И-и, Алла, бергеніне шүкір!» – деп тәубе етеді.

Міне, қоғамымыздың келенсіздіктері осындай күмәнді қағидалардан туады. Оны кейде өзіміз де байқай бермейміз. Қоғамға, байқап отырсақ, жәлепхана керек екен. Бірақ бүкіл қоғамды жәлепханаға айналдыруға болмайды. Рухани жәлептік күйреуге алып келеді. Гольф ойнаумен пәрменді тәуелсіз мемлекет құрылмайды екен. Оған көзіміз жетті. Қазақ ғаламаты дегенді біздің жандайшаптар окта-текте ауызға алады, бірақ өз басым сол ғаламатты әзір көре алмай отырмын. Қазіргі үрдіс (*ауру десе де болады*) – байлыққа табыну. Кедейлердің барлығы ретін-амалын тауып, әп-сәтте бай болуды армандайды. Қазіргі қаны тамып тұрған шаруа осы.

* * *

Бір қуанарлық жай, қазақтар қысқа жазуға бейімделе бастаған сияқты. Жалпы, қазақ ұзақ жазып, ұзақ сөйлеуге бейім ғой. Дастарқан басында тост сөйлегенде жарты сағаттан бұрын тоқтамайды. Кейбір сөйлемпаздар Адам ата мен Хауа анадан бастайды. Бұл, пайымдауымша, тарихи қалыптасқан әдет.

Дала кең, аспан шексіз, уақыт өлшеусіз. Алып бара жатқан жұмыс тағы да жоқ. Асыққан – шайтан ісі.

Бұйырғаны болар. Так-түк сөйлеу де жат. Ол жағын неміс, орыстарға бердік.

Біз, казактар, кең көсілеміз. Сөздің түбін түсіреміз. Қызыл сөзді, қысыр сөзді сағыздай созып, қымыздай сапыру әбден дағды боп кеткен. Сөздің майын тамызамыз.

Бірақ, заман өзгермей тұрмайды. Заманмен кейде казак та санасады. Амал бар ма? Аз сөзге көп мағына сыйдыратын болды. Таяуда «Түркістан» газетінде Мадина Омарованың өзгеше стильмен жазылған мини-романын оқыдым. Тамаша! Бір романның хикаясын Мадина бар болғаны газеттің бір бетіне сыйғызыпты. Қуанып қалдым.

Айтыс жөніндегі көптеген талас-тартыстың желісін **Асқар Бәйтеліұлы** алты жол миниатюрада айта білді:

Қазіргі айтыс

Деңгейі қай тұс?

Дегенге айтар ем:

«Ой, байғұс?»

өйткені айтыс –

Болғаны қашан «қайтыс».

Қысқа өлеңнің шебері марқұм **Сағынғали Сейітов** еді. Небәрі үш-төрт миниатюрасы терең ойға жетелейтін, түр мен мазмұны біртұтас болатын. Бірер мысал:

Бибаян дүние Бибаян.

Шегің-шетің Кімге аян?

...Қымбаттамай не қалды?

– Ауа да.

– Бар дертке сол дауа ма?

Біреулер шікірейген.

Біреулер бүкірейген.

Біреулер жалтақтаған,

Біреулер қалтақтаған.

*Елім барда Егемен
Ешкімнен де кел емен.
Ырыстымын не деген!
Шендестірме
Қарға менен бұлбұлды
Теңдестірме
Жабы менен дүлдүлді.
Дүбірлі дүние дүбірлі
Құлағым саған тұрулі.
Алаңдатпа адамды,
Алаңдатпа ғаламды.*

Қысқа өлең жазу, аз сөзбен көп нәрсені аңғарту, әлбетте, бұрын да болған. Есіме **Сұлтанмахмұттың** өлеңі түсіп отыр:

*Анау жерде татар тұр,
Басқалармен қатар тұр,
Мына ойда қазақ тұр,
Қастарында азап тұр.
Ұйқысы көг ояуы аз,
Бұл не деген ғажайып дүр?!*

Мына бір шумакты **Қайнекей Жармағанбетов** жазды дегенді естігенім бар:

*Асқанды да көргенбіз,
Тасқанды да көргенбіз,
Асып-тасып болған соң
Сасқанды да көргенбіз.*

Осы шумактың мынандай да вариантын естігем:

*Көрдім талай өскенді,
Көрдім талай бөскенді.
Өсіп-бөсіп болған соң
Көрдім талай өшкенді.*

Құрылым, ұйқасы (инструментовка) тамаша емес пе? Ал мазмұны ше?

Орыс поэзиясында бір жолдық өлеңдер жиі кездеседі. Бір ғана жол тұғас бір өлеңнің пәлсапалық жүгін көтереді. Бұл ерекше шеберлікті талап етеді.

Қазақтарда мұндай өлең түрін кездестірген емеспін. Мүмкін бар да шығар. Бәлкім, Мұзафар Әлімбаевқа. Қадыр Мырза Әліге бұл өлең өлшемі жат болмас.

Қазақ поэзиясында өлең өлшемінің барлық түрі де табылуы зажап емес қой.

Қай ақын жазғанын білмеймін, қазақша ең қысқа өлең былайша өріледі:

Мен де,

Сен де –

Пенде.

Тамаша! Маған ұнайды. Құрылымы да, мағынасы да.

* * *

Ескі танысым, дос інім, кәнігі сценарийшы, тәржімашы, ізденгіш қаламгер, еті тірі жан һәм тынымсыз саяхатшы **Ермек Тұрсынов** шығыс керуендеріне ілесе жүріп, бірнеше Мағриб елдерін аралап, көне тарихқа бойлай сүнгіп, осы заманның жазу үрдісіне сай «Мәмлүк» атты роман тудырды. Араб халифатында 1250 жылдан бастап 1517 жылға дейін үстемдік құрған түркі-мәмлүктер жайында қомақты шығарма дүниеге келді. Роман ұнады. Ұнаған соң ең алдымен орысша түпнұскасын оқыдым, іле-шала Серік Сарыбаев жасаған қазақша аудармасымен таныстым.

Менің пайымдауымда бұл – ерен еңбек. Романның арқауы – түрік-қыпшақ тарихы, мәмлүктер тағдыры, қым-қуыт арпалыс, шетсіз-шексіз керуен жолдары, жұмбаққа толы шығыс әуездері, әртүрлі милләт-

тайпалардың қарым қатынасы. Мысыр елін 17 жыл, екі ай және он екі күн билеген әйгілі қыпшақ Бейбарыстың таңғажайып өмір жолы, зұлымдық пен махаббат, қасірет пен нәубет, шынайы арман мен жауыздық. Шығыстың шым-шытырық пәлсапасы. Шығыс өркениетінің қалыптасуы, шырғалаң діни ағымдардың қасиетті қағидалары, даналық тоғысы, күлдір-бұлдыр уақиғалар. Романды оқып отырып, құйтырқысы көп, ғажап кинофильм қызықтағандай боласыз, үнді, араб, қытай керуендеріне ілесіп, Шығыс пен Батыстың әйгілі қалаларын көресіз, түрлі-түрлі адамдарға кезігіп, тағдыр талқысына түсесіз. «Мың бір түнге» арбалып қалғандай әсерге бөленесіз. Романның астарында киносценарийдің сұлбасы көрінетін сияқты. Мұнда оқырманды мезі қылатын ұзақ-сонар баяндау, суреттеу, адамның ішкі иірімдерін көп сөзбен тәптіштеп әспеттеу, неше түрлі әдеби тәсілдермен көркемдеу, асыра сілтеу, мазмұндау жоқтың қасы, бәрі айқын, қысқа, шымыр, тасқабасқандай, нақты, ашық. Шынайы сөз дәлдігі, ұғым айшығы деген осы. Ермек Тұрсынов шығармасының ерекшелігі де осы нақтылық пен дәлдіктен көрініс табатындай.

Дегенмен, «Мәмлүкті» киносценарий деуге болмас. Бұл – проза. Немістер «Schongeistige Literatur» дейтін көркем проза. Прозаға тән тәсіл-амал, құдірет-қасиеттің бәрі осы романдан табылады. Суреттеу, мінездеу, диалог құру, ішкі монолог, астарлы мәтін (*подтекст*), сана ағымы, сюжет, пәлсапалық толғаулар, көне жазбаларды өрнектеп, қиыстыру – осылардың барлығы романның идеясы мен көркемдігінің сыбағалы салмағын арттырып тұр.

Романның өресін биіктетіп, ауқымын кеңейтіп тұрған тағы бір қасиеті – шығарманы бастан-аяқ өрнектеп,

ерекше әуен (*аура*) тудырғыш қасиетті Құран сөздері, пайғамбар хадистері, көне кітаптардан келтірілген уағыз бен накылдар, әпсаналар, абыздар ғақлиялары. Бұлар үзік-үзік суреттемелерге өзгеше бір реңк, салтанатты сымбат, көтеріңкі макам, әуез, пәлсапалық тыныс, таным-түйсік беріп тұр. Аудармашы Серік Сарыбаев осындай қиын жерлерді мүдірмей, нақышын келтіріп, түпнұсқадан теріп, жатық, санаға қонымды бере білген. Көп іздегені, көне кітаптарды сарылып актарғаны хақ. Бір ғана мысалмен шектелейін.

Романның аяқ кезінде Халифаттың әміршісі болған Махмұтдинге оның ұстазы Вәй кош айтуға келеді. Екеуінің арасындағы әңгіме былайша өрбиді:

« – Енді құллі халықтың әміршісі – мен, – деді Махмұт қасын керіп.

– Жоқ, қыпшақ, – Вәй келіспеді. – Қателесесің. Сен құл кейіңде қала бердің. Бұрын тек біреуге бағынышты едің, енді көптің құлына айналдың.

Махмұтты ашу бұнады.

– Сен сандалып тұрсың, қақбас! Мен сұлтанмын. Менің есімім Жаратушы есімімен қатар айтылады. Мен қазір азатпын, ақ дегенім алғыс, қара дегенім қарғыс.

– Жоқ, қыпшақ, – Вәй басын шайқады. – Азаттық деген – Құдай. Ал сен оның иаң басқан жердегі көлеңкесі ғанасың. Азаттық іздеген адам билікке ұмтылмайды.

– Бірақ оның таңдауы маған түсті. Пенделерінің тағдырын менің қолыма сеніп тапсырды.

– Бұның рас, – деді Вәй. – Ол сені көп арасынан суырып алып, әмірші етті. Бірақ бұның рақым, не жаза екенін ешкім айта алмайды. Өйткені, биліктің жолап кеткен адамның ырқын шырмап-матап тастайтын қасиеті бар. Билікке жету үшін асқан батырлықтың

қажеті де жоқ. Көбінесе ол уысқа кездейсоқ түседі. Оны өзгенің қолына ерікпен беру ғана ерлік болып саналады. Барлығымыз Жаратқанның құлымыз. Ал ортамыздағы ең тәуелді, құлақ кестісі – патша. Сен құлдық пен биліктің арасы ашияқ еместігін түсінуің керек. Пенделер әлемінде де патшалар туылмайды.

– Жоқ, шал. Алла әділ. Ол таққа отырғызу үшін ерік-жігерімді матап, ұзақ сынады, – деді Махмұтдин. – Бар азабына төзіп, әмірін екі етпейтінге ғана билік беруге болатынын Жаратқан анық біледі.

– Билік қорқаққа керек. – Вэй жасауап қайырды. – Ол өзін төмендететін ортадан сескенетін адамға ғана пайдалы. Бүгін Алла сені таққа отырғызды, ал ертеңгі күні өз шаштаразыңнан да үрейленетін бейшара күнге түсесің. Жазадан қашып құтылған патша аз».

Романның осы бір жерін мұқият оқыған жөн. Автор билік атаулының табиғаты жайында терең ойлар айтады. Ол ойлар біздің заманға да орайлы келеді. Осы үзіндіден автордың жазу-сызу, ойлау машығын да, аудармашының шеберлігін де анық аңғарасыз. Пәлсапалық диалогтар, кең мағыналы ғақлиялар Ермек романына тән белгілердің бірі.

Менің білуімше, автор осы шығармасын кең тынысты киноға лайықтап жазған. Түпкі максаты да сол болса керек. Мына прозалық нұскасы да өміршен, заман талабына сай, басқа тілдерге тәржімалауға сұранып-ақ тұр.

Басқа тілдерге аударылған жағдайда роман шетелдіктерге көне түрік тарихынан, сағымдай бұлдыраған көне шығыс тағдырынан көп мағлұмат берері даусыз.

Қыпшақтар тарихы мен тағдырының заңғар белестерін тірі сөз, қанық бояу, соны уақиға, ғажап

көрініс. мазмұнды толғау. өрнекті кестемен жанғыртып көрсете білген Ермек Тұрсыновтың бұл романын қалың оқырманның қызыға оқитынына кәміл сенемін.

* * *

«Қазақ» газетінің №9 (2 наурыз, 2007 жыл) санында **Ханбибі Есенқараеваның** «Маңқыстау мақамдары» басылыпты. Екі өлеңге баса назараудардым. Біріншісінің аты «Әбіш аға». 28 жол. Басы былай:

Елге шықсаң – ұлансың,

Тауға шықсаң – қырансың.

Талға қонсаң – бұлбұлсың,

Тасқа салса – талдырып,

Шынары боп шығарсың!

Сезіктенгендей болдым. Өлеңнің орта тұсы:

Шарболаттан құйғандай.

Тұлғаң толған имандай.

Он сегіз мың бұл ғалам

Құшағыңа сыйғандай.

Ойланып қалдым. Апырай, бұл көне қиссаның әуені ме, батырлар жырының хикаясы ма? Өлеңнің атына қайта қараймын. «Әбіш аға». Демек, бәріміз білетін, бәріміз сыйлап, құрметтейтін Әбіш Кекілбаев болды ғой. Сонда... мұндай сөзді қалай айтады? Автордың өзіне де, арнау объектісіне де ыңғайсыздау емес пе? Достардың арасында, дастарқан басында екі-үш рет «тәшләп алғаннан» кейін айтса – бірсәрі. Жоқ, газеттің бетінде тасқа ойғандай бадырайып тұр.

Е-е... ода ғой. Қазақтың біраз ақындары осы бір мадақ жанрды жағалап жүргелі қашан! Кез келген той-томалақта құшақ-құшақ арнау өлең оқиды. Кілең ода, кілең мадригалмен ондаған жылдар бойы «жарқырап»

жүрген ақындарды білемін. Сонысымен ел катарында. Кәсіп қылған. Сән көреді. Оданын майталман шеберлері Ломоносов. Державин. Сумароков. Тредиаковский дегендерініз далада қалған. Ол одалардын қоғамы, саяси астары болушы еді. Қазақтың одалары мақтаған адамын тірілей көрге тығады. Одалар көбінесе өлең түрінде жазылушы еді, енді жуандығы төрт елі одалы романдар пайда болды. Атының өзі адамды есеңгіретіп жібереді.

Қазіргі сенатор Әбішті мен 43 жылдан бері жақын білемін. Қадірлеймін. сыйлаймын. түсінемін. Интеллектуалдық талант-кабілетін өте жоғары бағалаймын. Көптеген шығармаларын әлімше орысшаладым да. Шығармашылығы жайында әлденеше рет жаздым да. Соған карамастан, «қырансын», «ұлансын», «бұлбұлсын», «дүлдүлсін», т.с.с. көк езу, көпірме теңеулерді айтуды ұят санаймын. Маған ол мәдениетсіздік болып көрінеді. Әлде солай айту үшін казак болып тууым керек пе еді? Аталмыш топтаманың ішінде Ханбибінін тағы мынадай өлеңі жүр:

Мен Абайды қормедім,

Бірақ оны сен дедім...

А-а-а?! Қалай-қалай көсіледі! Е-е, бұл кім болды екен. Абайдың өзін еске түсірген? Сүйтсем тағы да Әбіш екен.

Әуезовті қормедім,

Бірақ оны сен дедім.

Әбіш деген асылмен

Жасадым бір ғасырда

Деген ойға сенбедім!

Пай-пай! Бұдан асырып, қалай айтарсың?! Бірақ... сенбегені қалай? Асылмен бір ғасырда жасаған ақынның өзі де асылмын деп мензеп тұрған жоқ па?

*Кеудеңе күн толған соң
Жазығы жоқ елестің,
Сен аяулы болған соң
Ұлы көшке ілестім.
Пәлі! Ұлы көштен калмағаны абырой болған.
Мырзайырда мығым боп,
Жақсылармен кеңестім.
Жалғыз-жияу келді деп,
Шеттетпеді мені ешкім!
Көзіңдегі кеңдікті,
Кеудеңдегі ерлікті,
Аузыңдағы бірлікті,
Артыңдағы тірлікті
Айыруға ақыл мен
Сана керек бір мықты!*

Жағамды ұстадым. Мұны түсіну үшін, шынында да, «сана керек бір мықты». Әлбетте, осы тектес шумақтар баска акындарда да аз кездеспейді. Жалғыз Ханбибі емес. Неге екенін білмеймін, мықтыларға арнап ода жазуға әсіресе әйелдер қауымы әуес. Дүниеауи мәселенің бәрін одамен шешеміз деп ойлай ма екен әлде? Ондай өлеңдерді естіп те, оқып та жүрмін. Не деуге болады? Мәдениетінің, сөз талғамының, дүниетанымының деңгейі осы болғаны да... Сол топтамада Фаризаға арналған «Хат» деген өлең бар. 68 (!) жол. Соңғы шумағы:

*Нысанаң боп кең жазық,
Жарқылдашы, жақутым!
Тек озіңнен көз жазып
Қалмау – менің бақытым.*

Не деуге болады? Сол «Хатты» газетке жарияламай-ақ, поштамен Фаризаға тікелей жолдауға болмас па еді? Фариза мен Әбішті қайдам, өзім бұл жолдарды оқығанда екі құлағым дуылдап, ұялып қалдым. Құдай

біледі, бұл елі азамат (Фариза мен Әбішті айтам) мұндай мадаққа зәру де емес шығар. Әлде қазақтың терісі қалындау, көнбістеу ме? Мактауы жетпей жата ма? Көзінді бақырайтып қойып, аспандаға бере ме? Шортым білсін бе?!.

Бірде таныс журналшы маған сұрақ қойды: «Президентке арналған, Елбасын мадақтаған өлең-поэмаларға қалай қарайсыз?» деп. «Дұрыс қараймын. Түсінемін. Қабылдаймын» деп жауап бердім. Оның жөні басқа. Ол – президент, елбасы, халық таңдаған көсем. Оны поэзия тілімен мадақтау, көтеріңкі сипаттау, жүрекжарды сөз айту, тенеу таба алмай қиналу дегеніміз – азат елдің данқын асыру, елдің беделін көтеру, халықты көсем айналасына топтастыру, елді бірлікке шақыру, халықтың күш-қайратын шығайтып, намысын қайрау, жаппай ерлікке шақыру, жұмысқа жұмылдыру. Елбасына қайсыбір мадақтың артықшылығы болмайды. Дей тұрғанмен. Рузвельт, Черчилль, Тетчэр, Ширак, Меркель, Блэрге арнап жазылған одаларды оқығаныңыз бар ма? Әлде ағылшын, америка, француз, немістерде ақындар құрып қалды ма? Ол елдердің басшыларына, мен білсем, шарж, карикатура, сагира жазылады, бірақ жата қалып, жеркөкке сыйғызбай мақтау, дабырайтып әспеттеу, ай-күнге тенеу кездеспейді. Ол нағыз дарақылдық болып саналады. Ал біздер одаларды (поэзия, проза, драма түрінде де) қардай боратып, бұрқыратып жазып, соған медаль, орден, премия алып, бәсекелестікке қабілетті елу елдің санатына кірмекпіз. Нобель сыйлығын армандаймыз. Билікке жағымпазданып, ода жазғанға ма? Әлде біздің жолымыз, менталитетіміз басқа ма? Әлде хандық дәуірдің үрдіс-салтымен-ақ демократия ауылының нақ төрінен бір-ақ шығамыз ба? Меніңше, осында бір қайшылықтар бар сияқты. Ойланарлық жайт...

Сонымен Сайыннан да (Мұратбеков) айырылды. Ол менен екі жас кіші болатын. Ұзақ ауырды... Қант диабетімен көп жылдар арпалысты. Жиырма килограмға арығанын маған бірде айтып еді... 1963 жылдың күзінде ҚазПИ-ден келе жатып. Советская 32-дегі жатақханаға соқтым. Асқар Сүлейменов жатақхананың екінші қабатындағы қуыстай бір бөлмесінде тұратын. Бөлме іші астаң-кестең, көкала түтін, толған кітап, журнал, қобыраған газеттер, әлдебір қолжазбалар. Малер, Бетховен. Моцарттың симфонияларын тыңдап, бұрқыратып шылым шегіп, ойға шомып, инеліктей қатқан Асқар отырар еді. Екеуміз де ол кезде аспирантурада оқимыз. Таусылмайтын әңгімеміз әдебиет, музыка, саясат. Асқар сол кездің өзінде әрі декадент, әрі диссидент. Білмейтіні жоқ. Сөзі кесек, ойы бөлек, тілі қыршаңқы. Орысша-қазақша аралас сөйлейді. Кафка, Камю. Малларме. Хемингуэй. Борхерт. Томас Манн. Генрих Белль. Джойс дейді. Ара-арасында тамсанып қойып, «рухани катарсис» деп қояды. Мен бұрын естімеген сөздерді айтады. «Трансцендентальная апперцепция» деп мені әбден шатастырады. Кеңес саясатын әшкерелейді, партия көсемдерін келемеждейді, мысқылдап, кекетіп, мұқатып күліп қояды. Екі сөздің бірі Ницше. Орыс жазушыларын айта бастаса, «глупость», «тупизм», «маразм», «примитив» дейді. Горькийдің өзін қадүілгі Иван деп менсінбейді. Қазақ жазушылары сөз болса, тісінің арасынан «қыр-тым-бай-ство» деп сызылтады. Әлбетте, Әуезовті пір тұтады, қатарласы Әбішті мойындайды. Пақыр кедей болып жүріп, бүкіл стипендиясын пластинкаларға жұмсайды. «Бетховеннің симфонияларын тыңдағанда, қолына тас алып, көшеге

шыққын келеді» дейді қабағын түйіп, түтінге какалып. «Иә, солай!» – деп костап қоямын.

«Бірақ сіз Бетховенді біржақты ғана білесіз. Ойлы, мұнлы сонаталарын білмейсіз. Сонаталарында Бетекен – философ». Мен өз білетінімді мойындаймын. Бірде Малердің симфониясын тыңдаймын деп Асекене келсем, маған бейтаныс үш казактың жігіті отыр. Алдарында бір шөлмек арзан шарап, тісбасары жоқ. Ұрттап қойып, бәрі жарыса сөйлейді. Әңгімелерінің түрі өзгеше, ойлы, өрлі, көтеріңкі. Бірінен бірі асқан ақылмандар. Шашы бұйра, тойған козыдай біреуі биязы күлімсіреп, жібектей жұмсақ сөйлейді. «Сайын. Новеллист», – дейді Асқар біздерді таныстырып. «Қайдағы новеллист? Новеллист деп Цвейгті айт. Біз жай ғана тышқаншылап жүрміз ғой», – дейді бұйра шашты. Бейтаныстың екіншісі тарамыс, кара сұр, бойшан, арық, келбетті, сұлу жігіт. «Зейнолла. Сыншы. Серікқалиев», – деп таныстырды Асқар.

Үшіншісі – қырылдаған дауысы бар, кетік тіс, тапалдау, шашы жұқалау. Асқармен таласа сөйлейтін, айтысқанда есесін жібермейтін, жан-жағына алақтай қарайтын, қуақылау, келемежге оңтайлы, жылтыр кара. «Қалихан. Прозаник», – деп қояды Асқар. Үшеуі де маған салғаннан ұнады. Үшеуі де «Гера! Гера!» – деп мені жатырмамай, ескі танысындай жақын тартты, үйірлеріне косты. Көп ұзамай мені Әбдіжәмил Нұрпейісов «Жұлдыз» журналына «литсотрудник» қызметіне алды. Сонда осы жігіттермен ақи-тақи танысып, достасып кеттім.

Енді, міне, Асқар да, Зейнолла да, Сайын да жоқ... Басымыз қосылған жерде казак әдебиетінің келешегі сөз болатын. Сондағы ойымыз: Мұқан (Әуезов) жоқ, ал Сәбен (Мұқанов), Ғабен (Мүсірепов), Ғабан (Мұстафин).

Әбекен (Тәжібаев), т.с.с. шалдар кеткеннен кейін көш басында кімдер қалар екен? «Орталық шабуылшы Тахан (Ахтанов) болады. – дейтін үзілді-кесілді Асқар. – Он жақ шабуылшы – Әбекен (Нұрпейісов). Левый нападающий – Зекең (Қабдолов)». «Ал қорғаушыларын кім?» – деймін. Асқар мүдірместен жауап қайтарады: «Сафуан. Тәкен. Бердібек». «Қақпаға кімді қойсақ екен?» – деп күлеміз. «Ха-ха. Қаратаевтың өзін қоямыз. Ол соцреализмнің сакшысы. Бірде-бір допты өткізбейді. Запасной қақпашы Шашкин болады. Ол жанталасып жүріп, күйбендеп допты өз қақпасына өзі түсіреді. Хе-хе-хе!». Мәз боламыз. Е-е... әдебиетіміз өлмейді екен. Жанағы Асқар атаған «футболшылар» ол кезде қырыққа тақағандар еді. ал біздер – жиырма алты, жиырма тоғыздың аралығындамыз.

Ойбой... енді, міне, Қалихан. Қадыр (бұл күнде Қ.Мырза Әлі де дүние салды. – *ред.*), мен жетпістен асып барамыз. Анау «футболшылардан» жалғыз Әбекен (Нұрпейісов) қалды тоқсанға қарай адымдап. Әдебиет, Құдайға шүкір, құрыған жоқ. Біздер де, Қалтай (Мұхамеджанов) айтпақшы, ретін тауып бір күні кетерміз. Әдебиет қала береді. Оған күмән жоқ. Өйткені әдебиет – мәңгілік. Мен бұл жерде қазақ әдебиетін айтып отырмын. Сайынның о дүниелік болғанына қайғырып отырып, басыма осындай ойлар келді.

* * *

Тірінің қадір-қасиетін өмірінде байқай бермейсін. Өлген соң тани бастайсың. Осыған ұқсас пікірді, жаңылмасам, көне заманда Пифагор айтқан. Орысшасы: «Достоинство человека узнаешь только после его

смерти». Онда да кейде арасына көп уақыт салып. Таңғалатыным, сондай пікірді жас кеткен **Нұрлан Мәукенұлы** да айтқан:

Тірінің қамын тірі жер,

Тірілер бірін-бірі жер,

Тірлікте қашқан қадірің

Өлгенде ғана білінер.

Осы өлеңнің соңғы шумағы:

Өлінің қамын тірі жер,

Тірілер бірін-бірі жер,

Бір күні біз де барамыз.

Сен аман бол, сірі Жер!

Ғажап! Құдай аузына салған ба, қалай?! Поэзия деп осындай көреген жолдарды айту керек. Одашыл-модашыл акындардың басына ондай ой келе қоймайды. Олар – күнделікті күйбең тірліктің жарапазаншылары.

* * *

1964 жылдың жазында Әбдіжәмил Нұрпейісовтың отбасымен Арал теңізінің жағасында. Тұщыбас деген жерде, кішкентай (небәрі тоғыз қақыра) ауылда екі ай жатып, «Қан мен тердің» жолма-жол аудармасын мыжғыладық. Не айтатыны бар, жақсы кез еді! Көк теңіз де күшінде болатын. Бос тұрған ескі қақырада күні бойы иық тірестіріп, қағазға шұқшиып отырамыз. Үзіліс кезінде баяу сокқан ақ көбікті толқындарды қызықтап, майда құмға қыздырынамыз. Әбекен әңгіме айтады. Бір-екеуін сол кезде қаз-қалпында қағазға түсіргенмін.

...Ертелеу кезде балықшылар ауылында бір шал болыпты.

– Е. Қақа, сіз көпті көрген адамсыз ғой... – деп жастар жағы мақтаншақтау, сөзуар шалды әңгімеге тартады. Сонда әлгі шал ұзақ монологқа беріледі дерсін.

– Уа, қарактарым, мен нені көрмеді дейсін... біраз жасадық қой... кешегі аталарың Әзімбайдың тұсында... Жанбай правительдің кезінде... кха-кха...кхым-кхым... Мәмбет кажы Петербор барғанда... Ым-ымм... Шалтуар ердің күмбаққа түсетін жылы... иә, иә... осы биыл қар түспей... жаңбыр жаумай... кхы-кхы... шөбі құрғырың шықпай қалды емес пе... құла бием жоғалып... көрші ауылдың жігітері... Жакан тоқалдан туды емес пе... иә, иә... тіпті еттің өзін дұрыстап асып бере алмады... кхым-кхым... қайтар жолда әрбір бұтанын түбінде отырып, қолым ышқырдан босамады...

Жанағы көпті көрген Қақаң шалдың әңгімесі әр нәрсенің басын бір шалып, осылайша өрбіп, ашы ішектей біраз созылады екен. Тыңдаушылар кенкілдеп күліп, рахаттана сандарын соғып, мәз-мейрам болады...

Қалын-калың қазақ романдарын (кейбірін, әрине!) оқып отырғанда, менің есіме көбінесе сол монолог түседі. Ә дегенде Жанбай правительдің заманынан бастайды да, романның екінші кітабы шала піскен етті жеп, қолы ышқырдан босамағанымен бітеді. Басы кен басталып, аяғы қожырап, сиырқұйымшақтанып бітеді-ау, әйтеуір. Басы трилогия, аяғы – фельетон. Сондай романдар жоқ деші! Дилогия, трилогия, тетралогия, хамсалардың дені осындай.

* * *

Әбекеннің сол кезде маған айтқан екінші әңгімесі «Көткеншектесу» деп аталады. Оны да қаз-қалпында

жазып алғанмын. 43 жыл бұрын! Таяуда қағаздарымның арасынан тауып алдым....

Ерназар ауылында ағайынды екі шал бар: Керімбек пен Кәрім деген. Екеуі де асқан қырсық, қыныр, қасарма, қиянқы, тентек. Бір күні екеуін рыбноопка қой айдап әкелуге жібереді. Екеуінің астында бір-бір атан. Алдарына бір қора қой салып, екі күн жол жүріп, кешке қарай, күн батар шақта төбеге шығып қараса, алыста ауыл қарандайды. Екі шал көңілденіп қалады.

– Уа, Кәрім, – дейді Керімбек дауысы ащы шығып. – Осы сен жұрттың «Кәрім көткеншек» деп айтатынын білесің бе?

– Е, сен өзінді сонда менен асқан көткеншек деп ойлайсың ба? Сен өзін, мықты болсаң, көткеншектесесің бе менімен?!

– Өйдәйт! Көткеншектесем қайтеді екен?

– Ал қалай көткеншектесеміз?

– Әй, Керімбек, сөзді қой, ана қойды қайыр!

– Қайырмаймын! О несі-ей! Сен қайыр!

Керімбек атанын «бак» еткізіп, бір адым шегінеді.

– Қайыр деймін қойды, Керімбек!

Енді Кәрім атанын бір тартып, кейін шегінеді.

– Жок! Сен қайыр! Керімбек атанын тағы бір шегіндіреді.

– Қайырмаймын! Өзін қайыр!

– Сен қайыр!

– Қайыр дедім ғой мен саған!

– Қайыр!

– Сен қайыр!

Қойларқұмарасына бытырап кетті. Ал әбден ерегісіп алған ағайынды Кәрім мен Керімбек шегіншектей берді, көткеншектесе берді... Ертеңіне бұларды күткен

халық бір пәленің болғанын сезіп, алдарынан карсы алуға жолға шығады. Келсе, койлар бет-бетімен кеткен. Ал құмның ішінде көздері ірін-ірін, әбден титықтап шаршаған, дауыстары карлықкан Керімбек пен Кәрім бір-біріне: «Сен кайыр!», «Жок, сен кайыр!» деп атандарын шегіншектетіп жүр. Атандарынын да дауысы әлсіз шығады...

Міне, сол кездегі Әбекеннің әңгімесі. Кейін бұл эпизод романға кірген. Әрине, біраз өзгеріп, канатын жайыңқырап, тереңдеп, уақиғасы көркемденіп, айшыктанып, өткірленіп, түрленіп енген.

Ғажап көрініс! Мұндай детальды ойыңыздан шығарып көрініз. Екі көткеншектің текетіресі керемет нанымды шыққан. Жапан далада еріккен екі кырсык казактың мінезін дәл ашып тұрған жок па? Осындай көткеншектер күнделікті тұрмыста, кала берді саясатта, ғылымда, әдебиетте де кездеспей ме? Өз басым олардын біразын танымын.

* * *

Мен ес білгелі баспана мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Мен туған жылы қаһарлы мұртты көсеміміз: «Біздің елде социализм аки-таки орнады», – деп жариялады. Ақыл кірген кезде түсінгенім: социализм бар, үй жок. Жылдар өте институт бітірдім, үйлендім, аспирантураға түстім. Кілең үй жалдап, бөтен жұртқа жалтактаумен болдым. Мингалеев деген шокынған татардың сәулелі үйінде, үнгірдей бөлмесінде бес адам тұрған кезіміз болды. Ит қорлық өмір-ай!.. Жеке меншік иесі Мингалеев ауыр жүк мәшинесін айдаушы еді. Төрт кластық білімі бар. Мені мүсіркейді. «Сен, Гера, он

институт, бес аспирантура бітірсең де, күнін күн емес. Себебі үйің жоқ. Үйің болмаған соң маған кіріптар боласың. Кітапты көп оқисың, білімің бар. Мен кітап оқымаймын, сауатым жоқ, есесіне үйім бар. Кеңестер олағында, кара да тұр, үй проблемасы ешқашан шешілмейді. Түсіндің бе? Еш-қа-шан!» – дегенді құнара құлағыма құйып қоятын. Амал қанша: басымды шұлғимын. Достарымның бәрінде де үй жоқ. Тастақ маңайында әлдекімдердің тауыққорасын мекендейді. Үйің болмаған соң қарызға белшеннен батып жүресің. Өз басым отыз жетіге жеткенше қарыздан көз ашпадым. Жылдар өте берді, өте берді. Қазақстанға Колбин деген сәуегей келіп, «Баспана-90» атты Бағдарламаны жария етті. Онысы қазақстандықтар 90-жылға дейін (әлбетте, XX ғасыр) бір-бір пәтерге ие болады деген сөз. Солан бері тағы жиырма жыл өтті-кетті. Баспана әлі де зәру мәселе. Құрылыс күні-түні жүріп жатыр, жаңа қалалар тұрғызылды, коттедж-вилла дегендеріңіз тауға өрмелеп шықты. Бәрібір баспана жетіспейді. Байлар он үй иеленіп, жалға беріп жүр. Кедейлерге күрке де жоқ. Бар болса, билік бульдозермен таптап, киратып, жермен-жексен қылады. Бар үйдің құны аспандап кетті. 200-300 мың доллар көпшілік қазақтың түсіне де кірмейді. Несиеге үй алсаң, өмірлік құл боласың. Үй салуға жер де жоқ. Жер де байлардың қолында. Кең Қазақстанда мал жаятын, шөп шабатын жер қалмаған.

Жетпістен астым. Еститінім, көретінім, оқитыным баяғы сол пәтер, пәтер, баспана, баспана. Астана бар, баспана жоқ. Жетпейді. Баяғыда мен пәтер жалдап тұрған жеке меншік үй иесі Мингалеев те жоқ. Бірақ, сөзі Маркс пен Ленин өсиетіндей есімде. «Біздің елде үй мәселесі ешқашан шешілмейді». Өз елінде, өз жерінде

тәуелсіз күй кешіп жүрген қазақтардың әлі де көбі үйсіз. Заман өзгереді, көсемдер ауысады, капитализмді артқа тастап, социализм орнаттық, коммунизмге келе жаздап, тақалып барып, қайтадан капитализмге айналып соқтық, ал қалың жұртты баспанамен қамтамасыз ете алмай-ақ қойдық. Апыр-ай, сонда елу мықты елдің қатарына қайтіп, қашан қосыламыз? Әлі де жетпіс жыл өмір сүруім керек-ау...

Жерлесім, досым, акын **Жарасбай Нұрқан** осы бір мәңгілік идеяны, аңсаған мұратты ойнақы, қуақы өлеңмен әдемі жеткізіпті. Өлеңнің аты – «Айхай, бізге үй керек».

Көркін-ай Алматы мен Астананың,

Жалғай бер екі араны, асқақ әнім.

Қазағым, арманға бір жетер едің,

Құтылсаң азабынан баспананың.

Айхай, бізге Көбімізге үй керек.

Көңілімізге демеу болар күй керек.

Демек, үй керек.

Төсімізді төсімізге үйкелеп,

Үміт отын жағуға да үй керек.

Ойхой, мына өмірде

Омыраулап, кимелеп,

Сол бір үйге кіруге де ми керек.

Уа, Күйеулері күйгелек

Жұбайларға үй керек.

Біздің мықты әйелдер

Жүкті болмай тұрмайды,

Етек-жеңін қойсаңдар да түймелеп,

Сондықтан да үй керек.

Көбеюге сәбилер

Үсті-үстіне үймелеп.

*Мен үш дүркін айтар ем:
Үй керек, үй керек, уай, үй керек!!!
Шіркін-ай, небір үйлер келеді ойға
«Соны да сөз қылдың» деп, кінә қойма.
Ойласаң, ағайынның бәрін ойлап,
Тойласаң, жаңа қоныс тойын тойла!*

Музыкаға сұранып тұрған өлең емес пе? Мемлекеттік мейрам кезінде көшеде айтатын ән ғой бұл. Әкімдер халық алдында есеп бергенде ең алдымен осы өлеңді оқыса, жиынға сән кірер еді...

* * *

Саяси кезеңіміздің жай-жапсарын ойласам, атам заманғы анекдоттар еске түседі. Анекдот дегеніміздің өзі өмір шындығынан туады емес пе?...Қалың ну орманда аю жұмыс таба алмай, біраз сандалып жүріп, эзер дегенде қоянның қызметіне орналасыпты. Ісі – аюдікі, жалақысы – қояндікі. Сүйтсе, ит тұмсығы өтпейтін көрші тоғайда бір пысықай, жылтықай қоян аюдың тағына қонжиып отырып алыпты. Ісі – қояндікі, жалақысы – аюдікі. Қалай ренжімессің?! Қоянның қызметін атқарып жүрген аю намысына мініп, Орман басқармасына арыз түсіреді. «Оу, бұларың қалай, бауырлар? Әділдік қайда?» Ілешала аюдың арызын тексеруге комиссия келеді. Шетінен арыстандар екен. «Ей, қоян! Сен аюсың ба?». «Аюмын». «Құжатыңды көрсет!». «Міне!». Құжатта қоянның аю екені расталып, мөр басылған екен. Комиссия көрші тоғайға аттанады. «Ей, аю! Сен шынында да аюсың ба?» «Аюмын». «Құжатыңды көрсет!». «Міне!». Комиссия қараса, құжатта аю қоян болып тіркеліпті, мөрі қойылған екен. «Ей, аю! Сандалма! Жұртты шатастырма! Сен

нағыз қоян болып шықтың!»). Аңқау аю желкесін қасиды. Не істейсің? Аю болсаң да, құжат бойынша қоянсың. Сүйтсе, комиссия мүшелері арыстан болып жазылса да, кілең есектер екен. Ал сол аю болып жазылған қояндар, арыстан болып тіркелген есектер біздің шенеуніктер арасында жоқ деп кім айтады?

...Бір кемпір телеательеге келіп, теледидарымды ауыстырып бер деп өтінеді. «Неге, әжей?» – деп сұрайды жас жөндеуші шебер. «Өй, кілең ескі бағдарламаны көрсетеді. Мезі болдым». «Апыр-ай, әже, бұл қиын шаруа ғой. Бағдарламаның басында артист, сахнашылар отыр емес пе?». «Е-е, қарағым, соларды ауыстыр». «Қойыңыз, әжетай! Олардың артында жазушылар, сценарийшылар тұр ғой!»

«Айналайын, оларды да ауыстыр». «О не дегеніңіз! Олардың үстінде режиссер, редактор бар емес пе?». «Ендеше, айналып кетейін, оларды да ығыстыр». «Түу, қоймадыңыз ғой, әже! Олардан жоғары директор және бар». «Сол директорыңды да тайдыр!». «Ойбай-ау, ол директор өкіметке бағынады дегенді білмеуші ме едіңіз?!». «Олай болса, қарағым, сол өкіметіңді де, Анауыңның өзін де ауыстырып берсең нең кетеді?». «Оу, әже, әжетай... Байқап сөйленіз. Сіз мені құртайын деген екенсіз...».

Бұл да кеңестер заманынан қалған, сакалы беліне түскен анекдот. Бірақ теледидарларды күрделі жөндеуден өткізу қажеттілігі хақ.

...Баяғыда бір немістен сұрапты-мыс: «Герр, сіз әйелдің қайсысын ұнатасыз? Акқұбасын ба, қараторысын ба?». Неміс ойланбастан: «Әйелдің түсін таңдамаймын. Мен күндіз дембелшен, арығын, түнде тығыздау, семізін ұнатамын», – депті.

Біздің билік басында отырғандардың көзқарасы да осы бір немісті еске түсіреді. Сырты – демократ. іші – бюрократ. Іштей феодал заманын аңсайды да. ұрандатқанда – елу өркениетті елдің қатарына қосылайық дейді. Ойхой, дүние!

* * *

Өзім кәсіби журналист болмасам да, журналистика маған жат емес. Журналшылар қауымын ұнатамын, олармен әрдайым тығыз байланыста жүремін. Бұл мазасыз жұрт та маған теріс қарамайтын сияқты. Әлсін-әлсін телефон шалады, неше түрлі сауалдар қояды, әр мәселе жайында көзқарасымды анықтайды, сұхбат алады. Қысқасы, мен негізінен әдебиетші, аудармашы болсам да, журналистикадан бойымды аулақ ұстамаймын. Газет, журнал беттерінде жиі-жиі басылып тұрамын. Журналшылардың машақаты, қырат-ойпаты көп, асығыс, тығыз, кей жағдайда қауіпті, тіпті даулы күнделікті тірлігін бек жоғары бағалаймын. Орыс, қазақ, неміс басылымдарын үзбей оқимын. Мықты журналшыларды мақтан тұтамын. Журналшылар – қоғамның алдыңғы шебінде жүрген қаламгерлер, жауынгерлер, барлаушылар, менің немере бауырларым. Пайымдауымша, қазақ журналистикасы соңғы жылдары қатты дамыды, биік сапалық деңгейге көтерілді. Орыстілді журналшылар (қазақ, орыс, еврей, немісі болсын) кейде қазақ тілді әріптестерін менсінбейтін сияқты. Бекер! Ол білместіктен, қадағалап оқымағандықтан туған жалған астамшылдық. Өттең, қазақ журналшыларын қазақтан басқалары бағалай алмай жүр. Шамасы жоқ. Өкінішті-ақ! Майталман

журналшы, ғылым докторы, ұстаз-профессор Сағымбай Қозыбаев соңғы екі жылдың ішінде маған үш қалың кітап сыйлады. Ғаламат еңбек! Ол кітаптардың орысша атаулары:

«Журналистика Казахстана. Энциклопедия», 2006 жыл, көлемі 31 баспа табақ;

«Свет звезды». 2006 жыл, көлемі 30,5 баспа табақ;

«Алтын жұлдыз» бен «Алтын самұрық» сыйлықтарының иегерлері жайында;

«Масс-медиа. Словарь-справочник». 2007 жыл, көлемі 44,5 б.т. Ақ қағаз, айқын таңба, ашық терілім, фотосуреттермен көркемделген, әдемі безендірілген, қатты мұқабалы, полиграфиясы, дизайны жан-жақты ойластырылған, қазіргі заманға сай, сапалы, мағыналы, пайдалы басылымдар. Бүгінгі журналистика жайында, оның даму жолы, хал-ахуалы, ой-қыры, тәсіл-амалы, атау-терминдері, түрлері, ағысы, барысы, кәсіби ерекшелігі жөнінде энциклопедиялық мағлұмат аласыз. Бұл кітаптарды парактап отырып, білмегенімді білдім, көп нәрсенің байыбына барып, зерделедім, түсінігім тереңдеді, танымым кеңейді. Журналистиканың өнер, ғылым, құйтырқысы көп, шырғаланы мол, өнегелі, өте-мөте қажетті мәдениет саласы екеніне әбден көзім жетіп иландым.

Журналшылардың кәсібидеңгейін көтеруде, олардың қоғамы рөлін арттыруда, қажырлы ісін бағалауда Журналистика Академиясының көп жылғы президенті Сағымбай Қозыбаевтың еңбегі ерен. Оны біздің қоғамымыз, ғылыми ортамыз әлдеқашан мойындаған. Оған жоғарыда аталған зерттеу кітаптар да куә.

Менің түсінігімде, еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда қазақ жазушылары үлкен азаматтық,

белсенділік таныта алмай келеді. Үндері еміс-еміс, баяу шығады. Заман ағымына ілесе алмаған сияқты. Бұқпантайлап қалды. Жан-жағына алақтап, қорқақтап, жалтақтап қарайды. Есенгіреп, ойынан ажырап қалғандай. Аузындағы сөзі түсіп қалғандай. Бірдемені аңдып, сақтық жасайтындай. Кімге сенерін, кімге жағынарын білмейтіндей. Қоғамдағы өзгерістерден үркіп, сасып, абыржығандай. Журналистердің пәлен жылдан бері көтеріп, әбден қаузап, таптап, шиырлап тастаған материалдарының негізінде роман, повесть жазатындар да кездеседі, сонысын жылдар бойы жонып-қырнап, көркемдеп, сукосып, өзінше әдемілейді, мүжиді. Сөйтіп жүріп, өлі дүниесін оқырманға тықпалап, мен суреткермін ғой деп әлдеқандай болады, кеудесін кереді, бастықтарды жағалап, сый-сияпат күтеді. Ал шыны айтсақ, ондай романның журналистің очерк, репортаж, мақаласы әлдеқайда өміршен. Жазушылардың бұл бейшара халін біліп, олардан халық та түнілгендей. Баяғы абырой, салмақ, дәреже ұмыт қалған. Оның есесіне алғы шепке жорналшы, публицист шықты.

Ойларын өткір, күмілжімей, ашық айтады, келенсіздіктің бетін тырнайды, осып-осып алады, жалтақтамай турасын айтады, халықтың сөзін сөйлейді. Бұл жағынан менің сүйсінетінім, қазақ қыз-келіншектері ерекше көзге түсіп жүр. Жігіттердің, ерлердің айта алмағанын солар айтады, өтіріктің, жалғандықтың бетпердесін сыпырады, батырлық, батылдық, өжеттік танытады. Бұл, сөз жоқ, қуанарлық жайт. Әйел қауымы белсенді болса, азаматтық мінез танытса, онда қоғам күйремейді, үміт сөнбейді, адами құндылықтар жоғалмайды. Журналистикаға сымбат, сән, әр, өр, мағына, мән беріп тұрған негізінен қазақтың қыз-келіншектері ме деп қалдым. Рухани жетістігіміз

деп осы жағын баса айтар едім. Президент болсам, ең алдымен Гүлжан Хамитқызы Ергалиеваға Халық қаһарманы атағын беріп, оның өжет, қайсар, ақылды, талантты журналист сіңлілерінің күнделікті еңбегін ерекше бағалар едім. Қоғамымызды ұйықтатпай, оятып, тірілтіп, тынымсыз алға сүйреп жүрген осы қарындастарымыз, қыздарымыз. Мұны көрмеуіміз – соқырлық, салғырттық, сорлылық, немқұрайдылық, ыждаһатсыздық.

* * *

Шалдыр-шатпақтау жазбаларымды уақытша болса да аяқтайтын кез келген сияқты. Басы бар нәрсенің аяғы да болмақ қой. Мен «Қазақ дәптерін» рондо калыбына салмақпын. Рондо – француз сөзі, мағынасы – дөңгелек, шеңбер. Бұл әдебиеттің де тәсілі. Өлеңнің, қандай болса да шығарманың басы мен аяғы қайталанып, қоршауланып, қабысып, шеңберленіп бітіп жатса, мұны рондо дейді. Мен жазбаларымды Мұқанның (Әуезов) қалың оқырман біле бермейтін, күні бүгінге дейін маңызын, актуалдылығын жоғалтпаған, қазіргі қазақ қауымына тікелей қатысы бар мақаласынан бастап едім, енді «дәптерімді» сол данышпан, біртуар адамның тоқсан жыл (!) бұрын жарық көрген мақалаларынан бірер үзіндімен шектемекпін. Маған бұл дәйексөздер тоқсан жыл бұрын емес, күні кеше ғана, тіпті бүгін айтылғандай әсер етеді. Бұл сөздердің, Мұқаншалап айтсақ, мархаматы, ахлақи қасиеттері қазіргі мәтбұғаттың барлығында көрініс тапқаны ғанибет.

Аймауытовпен бірігіп жазған «**Қазақтың өзгеше мінездері**» (1917) деген мақала былай басталады:

«Газета жүзінде қазақтың һәртүрлі кемшіліктері түртіліп жазылып жатыр. Мысалы: ұйымсыздық, күндестік, парақорлық, партия, әділетсіз билік, әйелдің халі деген сияқтылар. Рас, мұның бәрі аянышты халдер, бірақ бұлар әр міннің бұтақтары».

«...Бұрынғы уақытта қазақ елі ұйымшыл, ері жауынгер, бні әділ, намысқор, адамы әрі бітімді, қайратты, сауықшыл болған екен. Досымен достасып, жауымен жауласуға табанды, қайғыра да, қуана да білетін халық екен».

21 жасар Әуезов мұның бәрін көріп-пішіп, ашық айта білген. Айта алған. Бүгінгі 800 мүшесі бар Жазушылар одағы осындай ойды неге айта алмайды? Неге президенттің кезекті жолдауының төңірегінде айналшықтай береді? Әлде жанағы мүшелер өздерін азат елдің еркін азаматы емес, өткінші биліктің құлы санай ма?

«Енді қазақтың мінезіне (ахлаққа) тигізген зияны мынау: ұрлық, зорлық, қорлық, өтірік, өсек, алдау, құлық, сұмдық, айдау, байлату, кісі өлу – рақымсыздық, жалған мақтан, ынсапсыздық, настық, жалқаулық деген нәрселер шайтанның ұясынан артық болмаса, кем болған жоқ. Бір туысқан түгілі, әке мен бала партияға таласып, күндескен соң, адамның жақыны кім болмақ? Әрине, жақыны, досы – жалғыз ғана басы, құлқыны».

Апыр-ай, қалай айтқан? Бұдан артық не десін? Абайдың ғақлияларымен үндесіп жатқан жоқ па? Ашынған адамның жанайқайы емес пе? Қоғами, адами дерттің диагнозы дәл айтылған жоқ па? Бүгінгі біздің жағдайымызды дөп меңземей ме? Әрі қарай Семей семинариясының шәкірттері Аймауытов пен Әуезов былай дейді:

«Партия халықтың бірлігіне, ерлігіне қолқабыс қылды ма? Намысты қоздырды ма? Жоқ. Бұған таласымыз жоқ. Бірлікшілміз, ұйымшылмыз, жауынгерміз дейтіндер табыла қоймас, алтыбақандық, қазанбұзарлыққа мақтансақ, мақтанайық» (М.Әуезов. 50 томдық толық жинағы. А., «Ғылым», 1997, I том, 43-45 беттер).

Әуезовтің 1917-20 жылдар аралығында жазылған мақалаларының атына назар аударып көріңіз: «Қазақтың өзгеше мінездері», «Адамдық негізі – әйел», «Окудағы кұрбыларыма», «Қайсысын колданамыз», «Ғылым», «Будда», «Қазақ ішіндегі партия неден?», «Мәдениетке қай кәсіп жуық», «Қазіргі қазақ күйі», «Қазақ қашан жетіледі», «Мәдениет һәм ұлт», тағысын тағылар. Бұл еңбектердің бәрін тебіреніп, сүйсініп, таңырқап оқисыз. Ұзақ-сонар дәйектеме келтіріп, сілтеме жасағыңыз келеді. Бүгінгі заманның кеселдерін тап басып, аяусыз әшкерелейтіндей. Тындап көріңізші:

«Қайда айдаса жүре беру, көтке ұрса көну – мінеки, февраль өзгерісіне шейін біздің көрсеткен жұрттығымыз... Бұдан былай қазақ жарға жығылса – обалы, жақсылыққа жетсе мақтаны – оқыған азаматта. Қазақтың жұрттық қалпын тезге салып, астын үстіне шығару шексіз оқығанның билігінде» (Сонда, 110-бет).

Мына бір ойға қалай қарайсыз:

«Мәдениеттің тез жайылуына, яки кеш тарауына тағы әсер беретін себептер: сол халықтың аз-көптігі, жәми сергектігі, тұқымы-табы, отырықшы, көшпелігі, шаруасы, кені, фабрик-зауыттары, сауда кәсібі, халқының рухы, аһлағы, діні, көзін ашатын баспасөз, мектеп-медресе жайлары, саяси қалдері,

мемлекет құрылысы, ғаскер күші, қазына байлығы, көрші халықтардың өнерлі, өнерсізі һәм басқалар» *(Сонда, 114-бет).*

21 жасар жігіт қоғамның барлық қырын, тармағын, жан-жағын, жай-жапсарын кеңінен шолып, қалай талдайды, қалайша жіктейді?! Бүгінгі далақтап, ит қуып жүрген, я бай әкесінің алып берген «иномаркасын» мініп, бей-берекетсіз шапқылап жүрген, жәлепхана мен түнгі клубтардан шықпайтын жиырма жастағы бозбалаларды бір ауық елестетіп көрінізші. Сонда бүгінгі руханиятымыздың деңгейін сараптайсыз.

Енді бір үзінді:

«Ілгері тез басуға себеп болатын көршілес халықтардың мәдениетті болмағы. Бір көршіміз Япония өнерлі болғанмен жері шалғай, Қытай өзі ылғи қотан ақсақ, шылғи надан Бұхара о да тоғышар, Ауған, Фарсы шала, орыс өзі шикі, не қылса да тәуір көршіге жарығамыз жоқ» *(Сонда, 116-бет).*

90-жылдан кейін бұл салада түбірлі өзгеріс болды ма? Осының бәрін неге айтып отырмын?

Бүгінгі казак Абай мен Мұқанды (Әуезовті) жиірек, тереңірек, мұқияттау оқысын дегенім ғой.

* * *

...Тағы да ешкімге ұқсамайтын, бітім-тұлғасы өзгеше, қайталанбас Асқар Сүлейменов көз алдыма келеді. 1960 жылдың күзінде екеуміз де ҚазПИ-дің аспирантурасына қабылдандық. Ол институтты бітірген бойда профессор Қажым Жұмалиевтің кафедрасына тіркелді, мен екі жыл екі ай Байқадамда (Жамбыл облысы) оқытушылық қызметтен кейін академик

Евгений Исаакович Ривлиннің жетекшілігіне келдім. Бір күні ол кезде жаңа саналатын корпустың (Комсомол көшесі) кең коридорының терезесінің жанында ұшыраса кеттік.

– Как вы относитесь к Ауэзову? – деп Асқар кенеттен көзін тесірейте қарады. Менен қатаң емтихан алып тұрғандай.

– О-бо-жа-ю. – дедім.

Әдетте сұрланып жүретін, қабағы кату Асқар жадырай түсіп, үн-түнсіз мені құшақтай алды. Кейін екеуміздің жақындасып, достасып кетуіміздің бір себебі, сөз жоқ. Әуезов болды. Әлбетте, Асқардың Әуезов әлемін танып-білуі терең де, менікі үстірттеу, шамалылау еді...

* * *

Кешкілікте, ымырт жабыла, балконда ұзактау тұрып, түпсіз аспанда жыпылықтаған жұлдыздарды қызықтап, өзімнен өзім әр нәрсені қиялдап, армандайтыным бар. Владимир Ленин өлер шағында мұнаяды екен: «Әттең, әттең, уақыт тапшы болып, Гегельді де түгел оқи алмадым».

Гегель тұрмақ, мен, міне, жетпістен асып, осы кезге дейін Томас Манн мен Мұхтар Әуезовті зейін қоя, бастан-аяқ оқи алмай жүрмін. Уақыттың бәрін қазақ пен ресейлік немістердің қоңыр-қолтан, қарабайыр шығармалары жеп қойды. Оларды оқығаным өз алдына, біразын әлімше орысшаладым да. «Соның не керегі бар еді?» деп бұл күнде өкінемін. Марқұм досым Асқар Сүлейменов оқтын-оқтын көз алдыма келеді. «Ай, Геке, бекер, бекер!» дейтіндей.

Шіркін, уақытым көп болып, Мұхтар Әуезовтің

елу томдық шығармаларын түгел, мұқият оқып шықсам. Ештеңесін қалдырмай. Соңындағы ғылыми түсініктемелерге дейін. О дүниеге барғанда, неше түрлі Мекайілдер, Ысрапұлдер, Әзірейілдер, періштелер қаумалап, дуылдасып, шуылдасып мені тергеп: «Иә, мүсәпір, анау жақта не бітірдің?» дегенде, мен мүдірместен, жазған-сызғанымды әңгіме етпей-ақ: «Мұхтар Әуезовтің бір сөзін тастамай, елу томын түгел тауыстым», – десем. Құдай біледі, әлгі тергеушілерім бірауыздан: «Әй, осы Бельгерді жұмаққа жібере салайықшы. Еңбегі бар екен», – демес пе екен? Оларға да қазақтың қайырымдылығынан бірдеме жұққан шығар. Мен жұмақта жатып, ертеңгі қазақтың тірлігін қызықтасам, ә?! Тағы бір «Қазақ дәптерін» жазсам...

О, дүние жалған, бәрі арман, арман...

Жілтөлзек

*Танытқан қазағымның қазақтығын,
Танытқан қазағымның азаттығын,
Танытқан қазағымның ғажаптығын,
Айналдым құдіретіңнен, қазақ тілім!*

Әбдірахман Асылбек

1. Мұз-аға

Мұзафар Әлімбаевпен сұхбаттасу – ғанибет. Көбінесе тың пікір айтады. Ойға ой қосады. Тіл мұхитында еркін жүзеді. Мақал-мәтелді, қанатты сөздерді, тұрақты сөз тіркестерін орыс, қазақ тілдеріне аударуда алдына кісі салмайды. Сөз мәйегін ғажап сезеді.

Екі-үш мысал келтірейін:

«Таз таранғанша той тарқайды». Нағыз қазақша шыққан өрнек. Әрбір сөз басындағы дауыссыз «т»-лар ойнап-ақ тұр. Ал енді осы мақалды орысша қалай құлпыртамыз? Баламасын көркем дәрежесінде қайтіп табамыз? «Пока плешивый причешется, пир пройдет». Қалай? Мазмұны да, түрі де қазақшасынан бір мысқал кем емес. Дауыссыз «п»-лар ойнақтап, жаңылтпаштай асыр салып, нәр беріп тұр. Міне, нағыз аударма! Браво, Мұз-аға!

Енді орыстың мына мақалына назар аударыңыз:

«Солдат дымом греется, шилом бреется». Мұз-аған мұны «Солдат түтінге жылынады, істікпен қырынады» деп қазақшалаған.

Әуені де, өлшемі де, ұйкасы да әдемі үйлесіп тұрған жок па?!

* * *

Мұз-аған менің «Казакское слово» деген кітапшамды мұқият оқып шығып, маған іле-шала телефон шалды:

– Бұл кішкентай кітаппен сен тарихта қаласың, – деп мені салған жерден бір көтеріп тастады.

– Мұндай пікір-ойды казак пен казак тілі жайында атасы басқа ешкім айтқан жок.

– Машановыңды білмеймін. «Сөздігін» де көргенім жок. Өзі казак па, татар-башқұрт па? Сол кездің өзінде (1899 жыл – Г.Б) «ойгер», «акылман» деген сөздерді колдануы ғажап. «Акылман» деген сөзді мен кіргіздім. «Вид» ұғымына келтірген жиырма бес казак синонимі де керемет. Мен бұл қатарға «кияпат» деген сөзді қосар едім. «Көрік», «ажар» мағынасында.

– «Ашыртқы» емес, «ашытқы». «Р» артық. «Мұндар» – өте жақсы. «Құр жігіт» дегенді білмеуші едім, керемет екен.

– «Жолым үй» деген дұрыс. 41-бетте «тоқпан жілік» емес, «тоқпақ жілік». «Зерен» – дұрыс. Подснежникті «жауқазын» деген жөн. Сарымсақ деп солтүстік жақта пиязды айтады. Біз сарымсақты чеснок деп жүрміз ғой.

– Абыздың бірінші мағынасы – мудрец. Әнет баба Төле биге бата берген. Ол – абыз.

– Шыбышың коза болуы керек. Сен «ягненок» депсің.

– Аймауытовтың тілі жайында айтқаның орынды.

Біз бір жерденбіз. Аталарымыз бір. Мақтанды деме. біздің жақ қазақ тілінің тұнып тұрған байлығы. Аймауытовтан Әуезов үйренген. Соны өзі мойындағанды. Бірде Талдықорған жақта Алдабергеновтың колхозында болғанбыз. Сонда мен Мұқана сұрақ қойғам: «Сізде тіл жағынан шәкірттік кезең болмаған ғой. Бірден осы байлықпен келдіңіз ғой әдебиетке?». Сонда Мұқан: «Пәлі! Мына бала не дейді?! Менен 7-8 жас үлкен жазушы-ағам болатын. Ол тіл жағынан ұстаз болды», – дегені. Аймауытовтың атын атаған жоқ. Бірақ түсінікті ме?

– «Көш» стоянка емес, кочеве. «Тәлімгер» деген сөзді қазақ тіліне мен кіргіздім. Қазір барлық жерде қолданып жүр. «Бүйректен сирақ шығару» дегенді «Вкривь и вкось» депсің. Бірақ «Вынимать из почки колена» дегенге жақындатқаның дұрыс.

– «Талағының биті бар» дегенде селезенка депсін. Дұрыс емес!

– Неге, Мұз-аға? Білуімше, талақ – селезенка. Талақты жемейді, тіліп тастайды. Сонсоң «талақ еттім» деген «тастадым», «қоя бердім», «ажырастым» деген мағынада емес пе?

– Жоқ, олай емес! «Талақ» деп әйелдің жыныс белгісін айтады.

– Не дейді?

– Иә. Селезенкада бит қайдан болсын?! «Семьяны» отбасы. жанұя деп жүр. Дұрыс емес! «Семья народов» дегенді «халықтар отбасы» дейміз бе? Ал жанұя кеуде емес пе? Семья емес! «Публицистиканы» біреулер «көркемсөз» дейді. Бекер! Ол «художественный» деген ғой. Ал «көсемсөз» деп Байтұрсынов енгізген. Сол дұрыс!

– Ал енді қазақ ұйқастары жөнінде айтқандарың орынды.

Төрт буынды ұйкастар көп кездеседі. Мен саған өзімнен бір мысал келтірейін. Жазып ал. Жеті-сегіз буыннан ұйқасады.

Адам ойы, емін-еркін

Ке-мен-гер-лен-ді-ре-ді

(Кемеңгер дегенді білесің ғой? Әрине, білесің!)

үшінші жолы:

Дүниенің ғажап көркі

Ке-мел-ден-ді-ре-ді.

Ал, бүгінше қанағат. Келешекте тағы сөйлесерміз. Аман бол. Гера шырақ. Мына кітабынның екінші басылымын дайында.

(13.09.03)

* * *

Телефон бебеуледі.

– Мен ғой, Мұзафар. Пікір алысайық. Уақытын бар ма? Қазақтың мына сөздерін білесің ғой: шалық, шалдуар, шалыс. Біздің жақта шалман деген сөз де бар. Мағынасы – хулиган.

– Иә, иә... Шалман деген орыстарда да бар. Түркі сөзі болуы керек. Шалман деп орыстар ортақол, арзан сырахананы, айқай-шуы, ұрыс-керісі көп ішкілік орынды атайды. Бұл сөзді осы мағынада Горький де қолданған. Ал Дальдың әйгілі сөздігінде «шалман» жоқ. Есесіне «шальмесер», «шалыптатъ», «шалопай», «шалапут», «шалый», «шальной» деген сөздері бар.

– Дұрыс айтасын. Сонда кім кімнен алған? Қазақ орыстан ба? Орыс қазақтан ба? Ойлап көрші. Маған бұл сөздер бір түбірлі болып көрінеді.

(14.09.03)

* * *

– Гера, аманбысың? Мұзафар ағаң ғой. 30-ы күні сағат 5.45-те республикалық радиодан тіл жайында сөйлеймін. Анау күнгі өлеңді де оқимын. Есінде ме?

Сөз тұлпардың сипай білер

Сауырын,

Жемдемейтін ұипалы ойдың тауығын.

Қазыпаның қазып іздер ауырын

Неміс қанды, қазақ жанды

бауырым...

– Есімде Мұз-аға.

– Сол ендеше. Ұмытпа! Ал «Вот тебе и Юрьев день!» дегенді Аймауытовтың қалай аударғанын білесің бе?

– Жоқ.

– «Мәссаған, безгелдек!» деген. Керемет емес пе? «Ревизорды» да Аймауытов аударған. Кейін ұсталып кеткенде, Әуезов редакциялап, Мұқанның атымен шыққан. Сонда бір классикті екінші классик аударған. Міндетті түрде оқы. Таң қаласың!

(28.09.03).

* * *

Мұз-ағанды 80 жылдығымен құттықтап, қонырау шалдым. Біраз сұхбаттастық. Әңгімеміздің арқауы қазақтың мақалдары болды.

– «Таз ашуын тырнадан алады» дегенді естуін бар ғой. Таз бен тырна арасында қандай байланыс болуы мүмкін? Анығында ол былай:

«Қаз ашуын тырнадан алады,

Таз ашуын тырналап алады».

Көрдін бе? Енді ғана мағыналы болды. Ал ұйкасы қандай!

– Акындар көбінесе екі сөз қосылғанда кейде теріс мағына туатынын аңғармайды. Мәселен, «қай ауыл» дейді. Онысы «қайа» болып естіледі.

– Е-е. Мұз-аға, ондай жағдай орыс акындарында да кездесіп тұрады. Лермонтовтың «Акынның ажалына» деген өлеңінде мынадай жол кездеседі: «С свинцом в груди и жаждой мести...» Ауызша айтылғанда «с свинцом» – «с винцом» болып естілмей ме? Шынтуайтыңда Лермонтовтың айтып тұрғаны «шарап» емес – «қорғасын оқ» қой. Сол сияқты Брюсовте:

– Мы ветераны.

Мучат нас раны. – деген жолдар бар.

Мұндағы «нас раны» орысша тосындау. «наsrаны» болып шығады.

Ұмытпасам. Маргарита Алигер жастау кезінде жігерленіп, шабыттанып: «Отруби лихую голову!» деп сахнадан дүйім жұрттың алдында өлеңін оқып тұр екен. Тындап отырған Маяковский гүжілдеген даусымен бүкіл залға естірте: «Кому, кому отрубили голову?» деп қуақылана сұрайды. Сонда ғана Маргарита маскара болғанын аңғарып, бетін басып, сахнадан жүтіріп түседі.

– Хе-хе... қызық екен! Акындарда ол болады. Шығармашылық, өзін білесің – творчество. Ал осы қолайсыз сөз ешбір өлең жолына сыймайды. Сондықтан «творчество» дегенді «өнериет» деп алып жүрмін. 7-8 жылдан бері. Енді байқаймын, Құлбек Ергөбек осы сөзді бір кітабына қолданыпты. Оның алдында Зейнолла Серікқалиев де «өнериет» деп алыпты. «Өркениетке» ұқсас қой. Ыңғайыңа келсе, сен де осы сөзді қолдан.

(25.10.03).

Мұз-ағанның қаламынан тағы бір афоризм дүниеге келді. «Дүниенің қорлығы – дүмшелердің зорлығы».

– Қалай? Дұрыс па?

– Келісіп тұр. Мағыналы. Нұскалы. Ұйқасы да ойнап тұр.

– Ендеше осыны орысшала. Олай-былай айналдырып жеті вариант жасағандай болдым:

«Где невежда царит – мир скорбит».

«Невежда ликует – мир горюет».

«Невежды надзор – миру позор».

«Тупица возвышен – здравый муж унижен».

«Возвеличенный невежда миру позор».

«Профан во власти – миру несчастье».

Сеземін, онша шықпай тұр. Бір қайнауы ішінде.

Дегенмен жеті вариантты телефонмен Мұз-ағана оқып бердім. Ол бәрін асықпай жазып алды да, екі сағаттан соң жана туған экспромтын жария етті:

«Аудармада өнері асқан ұста.

Бір нақылға жасады жеті нұсқа».

25.01.04.

2. Әр тілдің заңы басқа, мақамы бөлек

Жазушы Бексұлтан Нұржекеұлы «Жас Алаш» газетінде (25 сәуір, 2006 жыл) «Қазақ тілінің негізгі заңы» атты көлемді мақала жариялады. Негізгі заң дегені тіл ғылымына көне заманнан белгілі кәдуілгі сингармонизм екен.

Өте дұрыс! Қазақ тілінің табиғаты да сайып келгенде сол сингармонизмге саяды. Ол заң бойынша қазақ сөзі бірыңғай я жуан дауысты (ба-ла-лар-дын), я жінішке

дауысты (нә-рес-те-лер-дің) дыбыстардан құралып, тізбектеліп үндесетіні анық.

Әлбетте, оған ешкімнің таласы да, күмәні де жоқ. Ол түркі тілдеріне ортақ, ежелгі заң. Ол бұлжымас заңға қазақша оқыған мен де бағынамын.

Оны айтасыз, қазақ ауылында тәрбиеленіп, қазақ мектебін тәмамдаған менің тіпті көмейім де, бүкіл дыбыстау жүйем (артикуляционная база) қазақша қалыптасқан. Ауыл балаларына еліктеп, тракторды – трактор, бригадирді – біргәдір, фельдшерді – першіл, школаны – үшкөл, сволочты – сүбөліш, подлецті пәділес деп сөйлейтінмін. Отбасындағы немісшем қазақтың мақамымен шығатын. Институтта (үнстөтте) орыс бөлімінде оқып жүріп, қазақша сіресіп, қатып қалған тілімді бұрап, орысшаға лайықтап әзер икемдедім-ау...

Айтпақшы, сингармонизм түсіме де енбей жүрген балдәурен шақта бұл тілдік заңдылықпен алғаш рет соғыс жылдарында таныстым. Біздің ауылда пионеркомсомолдар жиылып, ұрандатып сол кезде мынадай бір өлең айтатын:

Ахау, сатсиализім,
Каммунизм.
Жасасын, Карыл Маркыс
Іленинизм!

Әкем екеуміз «бұл қай қазақ?» деп әсіресе «Карыл Маркысқа» таң қалушы едік. Сүйтсек, ол сақалды Карл Маркс екен.

- Неге Карыл Маркыс?
- Қазақша аталуы солай.
- Сонда мен де Карыл болам ба? – дейтін Карл әкем.
- Иә.
- Ал Фридрих Энгельс қазақша қалай болады?

– Пырыдырық Иенгеліс.

– Ғажап! Странно!

Сингармонизм жайында түсінігіміз жоқ әкем екеуміз аузымызды ашып қалатынбыз.

Ленин біздің ауылда Блэдимір Іленін екен де, Сталин болса да Өсіп Ысталин екен.

Әріптесім Бексұлтанның қазақ тілінің негізгі заңы деп отырғаны осы.

Мақалада қазақтың байырғы, етене жақын сөздері осы заңға сәйкес теріліпті: «йағни», «зыйалы», «байағы», «сыйақты», «міністір», «қыйанат», «кәмпүтір», «ықтыяр», «айан», тағысын тағылар.

Демек, орфография (жазу ережесі) түгелдей орфоэпияға (сөйлеу ережесі) бағыну керек екен. Сүйтсек қана қазақ тілінің қаймағы бұзылмайды, бөркі қисаймайды, табиғи қалпында қалады-мыс. «Міністір» деп айтып жүрміз, енді «міністір» деп жаза қояйық, жетіп жатыр», — дейді Бексұлтан.

Ниет жақсы, мақсат айқын, бірақ...

Мақаланың аяғында (Бексұлтанша «айағында» десем бе екен?) редакциядан сілтеме бар:

«Мақалада автордың үндестік заңы бойынша жазылған сөздерді өзгертпей беру жөніндегі өтініші ескерілді».

Ойланып қалдым. Апыр-ай, сонда қалай болады? Құлаққа бағынамыз ба, ақылға қалыптасқан жүйеге жүгінеміз бе?

Байқауымша, Бексұлтанның теориялық тұғыры Ахмет Байтұрсынұлының лингвистикалық һәм педагогикалық қағидаларына негізделген. Қазақтың данышпан ағартушысы, ғалымы, ғаламат азаматы, білуімше, орфографиялық мәселелерде негізінен фонетикалық принципті ұстанған.

Шетелдік сөздердің барлығын қазақтың табиғи сөйлеу машығына лайықтап, қазақтың құлағына жағымды етіп жазуды уағыздаған. Ахаң мақалаларынан бірер мысал келтірейін: шисла (число), жалоуаниа (жалованье), переуод (перевод), иіуриіст (юрист), утшител (учитель), шереузытшайный сиез (чрезвычайный съезд), колпакопыский (колпаковский), міністір (министр), октиабір (октябрь), гинуар (январь), апірел (апрель), иіун (июнь), слоуо (слово), Раждестуа (рождество), шіуед нобелл (швед нобель), селіскокозиайынстуенный ышкола (сельскохозяйственная школа), слауианша (славянша), уитсе-губірнатір (вице-губернатор), Пырантсиа (Франция), Англииа (Англия) т.с.с. 80-90 жыл бұрын қазақтың дауыс ырғағына, қабылдауына, есту мүмкіншілігіне сәйкестендіріп сөйлеу және жазу әбден орынды болған шығар, бірақ қазіргі сауатты қазақ сол белестерден өтіп кеткен жоқ па, орыс тілін, шетел тілдерін меңгердік емес пе, фонетикалық, орфографиялық деңгейіміз өсті ғой. Сондықтан қазақтың ежелгі сингармонизм (үндестік) заңына бағынып, сол кездің мақамына қайта оралуымыз маған күмәнді болып көрінеді. Бірақ Бексұлтанның бұл мәселедегі ұстанымын жақсы түсінемін.

Дегенмен, нақты мысалдарға жүгінейік.

Орыстың «Сибирь» дегені қазақтың құлағына «Сібір» болып естіледі. (Әбдіжәмилдің бір кейіпкері тіпті «Сімір» дейтін), ал ағылшын оны «Эссибирэй» деп қабылдайды. Мен өзім туғаннан «Бельгермін», ал қазақ «Белгір», француз «Бельжэр» (я Бельгиер), германдық неміс «Белга» деп айтуға оңтайлы. Ғабеке (Мүсірепов) мені «Бэлгэр», ал Мәке (Ғабдуллин) «Балгер» дейтін.

Байқайсыз ба, кез келген сөз өзге тілдің айтылуында өңі айналып, түр-түсі өзгеріп, тосын естіледі. Қытайдың

айтуында туған шешеннің атын танымай қалуың бек мүмкін. Өткен ғасырдың елуінші жылдарының аяқ кезінде Байқадамда (Сарысу ауданы) мұғалім болып жүргенімде бұрын-соңды естімеген «сенгүрешке» деген сөзге тап болдым. Аң-таң болып жүріп, оның «снегурочка» деген атаудың қазақ қалыбынан шыққан түрі екеніне көзім жетті. Сол үндестік заңына сәйкес «Фонвизин» – «Пәнбизін», «Митрофан» – «Митіропан», «Лермонтов» – «Лермәнтіп», «Михаил Шолохов» – Мекәйіл Шолакып», «Хрущев» «Құрышып» болды да қалды.

(20-жылдарда Лев Давыдович Троцкий – Арыстан Дәуітұлы Тыротскай болып еді).

Дүниежүзі Уинстон Черчилль деп атайды, ал ағылшынша жазылуы – Winston Churchill. Жалпы, ағылшын тілінде орфография мен орфоэпияның арасы жер мен көктей. Сондықтан ағылшындардың өздері «Вашингтон деп жазып, Ливерпуль деп оқимыз» дейді. Қазақшаласак, «ит деп жазып, шошқа деп оқимыз» деген сияқты. Менін әрдайым ызамды келтіретіні – ағылшындардың орысша «культура», немісше «kultur», испанша «cultura» дегенді дәл солай жазып, «кальча» деп айтуы. Тілін шайнап, сөзді бұрмалау жағына келгенде ағылшындар алдына кісі салмайды. Сөздің жазылуы мен айтылуы, мен білсем, итальян және испан тілдерінде көбірек жақын.

Сонда деймін-ау, әр тілдің өзіндік заңына бағынып, сөздерді естуімізше жазар болсақ, әбден шатасып, бір-бірімізді түсінуден қалмаймыз ба? Әлде барлық тілдер жаппай сингармонизмге сүйенуі керек пе?

Фонетикалық жазу мен морфологиялық, я дәстүрлі жазу ережелеріне бағыну мәселесі со-нау-у көне заманнан келе жатқан дау. Дүниежүзінің тіл мамандары фонетикалық жазу қағидасының өрескел кате

екенін. тұйыққа әкелетінін әлдеқашан дәлелдеген де мойындаған. Өйтпеген жағдайда, айталық, орыс пен неміс тіліндегі неше түрлі диалектілердің көптігінен бірыңғай орфография ержелерін екшелеу тіпті де мүмкін болмас еді.

Сол себептен де сингармонизм заңына сүйене отырып, ол заңдылықты басқа тілдерден енген, табиғаты өзге сөздерді күштеп, зорлап, белден басып, қайткен күнде қазақы қалыпқа бейімдеуіміз дұрыс бола қояр ма екен? Біздер ол кезеннен ХХ ғасырдың бірінші жартысында-ақ аман-есен өткен жоқ па едік?

Біреп мысал келтірелік. «Евгений Онегинді» тұңғыш қазақшалаған Ілияс Жансүгіров байырғы орыс, я шетел сөздерін біраз бұрмалап, қазақтың үндестік заңына икемдеген. Сонда былай болып шыққан: «Зебіс – Алла» (Зевс), катлет (котлета), пилосоп (философ), шеткі (щетка), кабалерд (кавалергард), пырант (франт), нәне (няня), будке (будка), панар (фонарь), кәләске (коляска), Аполон (Апполон), шепшік (чепчик), болиборан (боливар), банна (ванна), әлбем (альбом), жерапа (жираф), Іленскей (Ленский), Побылас (Фоблас), Керторы (Гертруда), Клеопатыр (Клеопатра), Бертер (Вертер), Кінәжін (Княжин), Шаадайып (Чаадаев), Нимпа (Нимфа), бампир (вампир), романтизім (романтизм), егамизім (эгоизм), Роз-беп (ростбиф), труппи (трюфли), Плора (Флора). Осылай тізе берсем, үш-төрт бетке созылар еді. Пушкин:

«Но пантолоны, фрак, жилет,

всех этих слов на русском нет» – десе, Ілияс акын қағып алғандай:

«Ал пантолон, прак, жилет,

Тіпті орыс тілінен шет», – деп аударды.

Ж.Аймауытов та орыс сөздерін қазақтың үндестік заңына бейімдеген: пәуеске (повозка), атбешайыт (отвечает), вопроз (папироса), спесек (список), пырауа (право), мелитсе (милиция), зайым помаш (взаимопомощь), көшір (кучер), тройкелету (ехать на тройке), тағысын тағылар. Ал Б.Майлиннің прозасында мұндай өңі айналып, танымастай болған сөздер қаншама: нәшәндік (начальник), пристоп (пристав), пәсір (писарь), кандиләт (кандидат), пүртөкел (протокол), селсәбет (сельсовет), тыбая – мая, мая-тыбая, (твое-мое, мое-твое), гүбірне (губерния), жалонжа (жалованье), езбозшік (извозчик), әтірет (отряд), пірігуер (приговор), бығыбыр (выговор), емение (мнение), пірешкі (бричка), кәлек (коллектив), сиса (ситец)...

Бір томдық «Шұғаның белгісі» («Жазушы», 194-74) кітабында мұндай сөздердің екі жүзге таяуын кездестірдім.

Ғабит Мүсіреповтың 1930 жылы латын әрпінде шыққан «Қызыл әскер» деген оқу құралы бар. Сонда орыстың сөздері қазақы қалпында келтірілген: беле-сепет, матасекіл, аптамабіл, аптобус, тырамбай, ыстанса, парабоз, пойыз, тырақтыр, геріп (герб), пүрлетариат, сатсиалдық... тіпті кәменес көсемдердің өздері кең етек шапан жамылып, қазақтың бөркін оқшырайтып киген: Өсіп Бессарионұлы Ысталин, Мыйқайыл Ибанұлы Кәленін, Климент Епіремұлы Барашилуп.

Есімде, жамбылдың «Өстепкеде» дегені де маған бірауық түсініксіз болған.

Мұндай мысалдарды кеңестіру (советизация) кезеңінде жазылған қазақ шығармаларынан қап-қабымен кездестіресіз. Солай жазу сол кезде рухани, мәдени қажеттілігінен туған принцип болған сыңайлы. Әрине, оны түсінуге болады.

Содан бері талай жылдар өтті, заман өзгерді, бұрынғы казак жок. Бәрі сауаттанған. Орышаны орыстан бетер сайрайды. Орыс, шетел сөздерін еш бұрмаламай сөйлейді. Қайта, керісінше, казакшаны орыс акцентімен айтады. Көмейінен «Көкшетау» «Кокчетав» болып шығады. «Дунияда сене артык маган джан джок» деп шырқайды. Демек, казіргі казакка қай тілді болса да казакыландырудың еш қисыны жок. Оны байырғы үндестік заңына, казактың фонетикалық мақамына еріксіз матап, байлап көндіру де бекер.

Шетелдік сөздерді естілуінше жазу тек әдеби тәсіл есебінде кейіпкерге тілдік мінездеме (речевая характеристика) беру үшін бүгінгі қаламгерлерде окта-текте кездеседі. Әлбетте, ретті жерінде, әдеби контексте ғана.

Шерхан Мұртаза: пәуеске, қожайын, полицай, кафедраль собор, бандит.

Сайын Мұратбеков: жемпір, маладес, гәрмоным, мәнделин, пашис, казит, жүншөлкі.

Мұхтар Мағауин: калкоз, дүкімет (документ), біргәдір, кәмәндір.

Тынымбай Нұрмағамбетов: бәтенке, кереует, мәгәзін, пәпке, үнстет, кәстем, пәмілі (фамилия), перуай (первый), бұғалтір, шукул (школа), әбізәтілні.

Әлқисса сөзімнің түйіні: казак тілінің үндестік заңын ешкім күн тәртібінен түсіре алмайды. Бексұлтанның казак тіліне жанашырлығын қал-қадірімше мен де құптаймын. Қазак тіліне жан-жағынан қауіп төніп келе жатқанын мен де бір казактай аңғарамын. Қазак тілі қаймағының бұзылмауын мен де армандаймын. Бірақ бұл заманда, аждаһадай төніп тұрған жаһандану дәуірінде кірме сөздердің барлығын еріксіз түрде сингармонизмге («сінгәрмәнізімге») бағындыруды құп көрмеймін. Ол менің пайымдауымда шегіншектеу болады, шөп басып.

көмескіленіп қалған ескі сүрлеуге түсумен бірдей. Ондай жетекке бүгінгі қазақ тілі көне қоймас. Бала кезімізде ауылдың шетінде ойынымызды бастағанда біздер өзара санақ жүргізетінбіз. Біріміз «перуай» дегенде, екіншіміз іле-шала «ыптарай!» дейтінбіз. Үшіншіміз топтан қалмай «тіретай» дейтін, сонсоң орысшаға жетік екенін білдіріп, тағы бір бокмұрын өнешін жырта «шабдартай!» деуші еді. Сол ауыл балалары бұл күнде шал болды. Ал олардың немере-шөберелері «первый, второй, третий, четвертый» деп таза сөйлейді. Олар «шабдартайыңызды» тіпті түсінбеуі де мүмкін.

Бексұлтан өз мақаласында қазақ тілінің фонетикасын да біраз әңгіме қылған. Ол орыстың «я», «ю», «ё» дауысты дыбыстарын, «ч», «щ», «ф», «ц» дауыссыз дыбыстарын, ь, ь жіңішкелік пен жуандық белгілерін жақтырмайды екен. Қазақ тілінің орфоэпиялық заңына сәйкес оларды «йа», «йю», «йю», «тш», «шш» «п», «тс» деп жазайық, ал жіңішкелік және жуандық белгілерін аластатайық деп ұсынады. «Егер жоғарыда аталған тоғыз әріпті әліппімізден алып тастасақ, 42-нің орнына 33 әріп қалады», – дейді. Бұл ұсыныстың да сақалы, мен білсем, сала-құлаш. Ұмытпасам, бұл мәселе сонау 1956 жылдан (одан бұрын да болуы мүмкін) бері қойылып келе жатыр. Өз басым бұл ұсынысты әлдеқашан қабылдар едім. Тек байырғы қазақ сөздеріне қатысты! Ал орыс я басқа тілден кірген сөздерге бұл ереже томпақ келетін сияқты. Мәселен, «Бельгерді» қазақша «Белгер» деп жаза беруге әбден болады, өйткені сингармонизм заңына сәйкес жіңішкелік белгісіз-ақ «белгер» болып қала береді. (Айтпақшы, анабір жылы Ташкентке бір топ жазушымен барғанымда, өзбектер мені жарнамаларында «Белгер» деп жазды. Қыршаңқы тілді Қадыр Мырза Әли «өзбек ағайындар Бельгерден

бір әріп болса да үнемдеп каламыз деген ғой» деп әзілдеген).

Неміс тілінде де жіңішкелік белгі жоқ: *Belger* болып жазылады. Еуропа тілдерінің бәрінде «л» жұмсақ айтылады. (Лингвистикада «среднеевропейское л» деген термин бар). Ал орысшасында «л»-ден кейін жіңішкелік белгісін қоймасақ, «Бэлгэр» болып дөрекіленіп, тосын, құлаққа жат болып естіледі.

Сол сияқты элеватор, интонация, фабрика, Щедрин, Чайльд-Гарольд, Чапаев, Эндикот Джеймс деген сықылды сөз бен атауларды қазақшалап, «иелебатыр», «интәнәтсийа», «пәбірікә», «Шшедрін», «Тшайылды-Кәрәлт», «Тшапайып», «Ендікәт Жейміз» деп жазуға үзілді-кесілді қарсымын.

Жалпы, емле жазуында фонетикалық принцип («пірінтсіп») арқау бола алмайды. Оған жүгінсек, тіл атаулының барлығы диалектінің кебін киіп, ботқа болады да, өзіміз біржола батпаққа батамыз.

Қазақ тілінің заңдылықтарымен есептеспей, оларды қарабайырландыруды да жөн көрмеймін.

Мәселен, Олжас (Сүлейменов) трифтонгке (үш дауысты дыбыстың қосылып келуі) қазақ тілінің соры деп қарайды. Оның түсінігінше, «ауылды» – аул, «бауырды» – баур, «дауылды» – даул, «ауырды» – аур деп «жеңілдетіп» жазсақ (демек, трифтонгтың орнына дифтонгке көшсек), қазақ тілі орфографиясының көсегесі көгерер еді. Байқадыңыз ғой, ол жеке басының мақамына қазақ тілін бағындырмақ. Оған қазақ түгілі мен де неміс басыммен қосыла алмаймын.

Сондай-ақ, әліпбиіміздегі әріптердің санын азайту – негізгі мақсат емес. 42 әріптен ат-тонымызды ала қашпай-ақ қояйық.

Қалекен (Қалтай Мұхамеджанов) айтатын: «Біздің Әлжекен «биесаларын» 20 әріптен-ақ жаза береді», – деп. Ондай жазушылардың кейбіреуін мен де білемін. Қытайлар 42 әріп түгіл, мындаған қиыр-шиыр иероглифтерден де қорықпай-ақ жүр ғой.

Қысқасы, әр тілдің заңы басқа, мақамы бөлек. Бұл басы ашық ақиқатпен есептеспесек, болмас, сірә, істің сәті.

25.06.2006.

3. Түптің-түбінде қазақтар латын әрпіне көшпей қоймайды

...Сонымен не болды? Латын әліппесіне көшу мәселесі Қазақстанда біржола күн тәртібінен түсіп қалды ма? Әлде толғағы жеткен жоқ па? Анабір жылдары әжептәуір сөз болып, неше түрлі үлкенді-кішілі мақалалар жазылып, нақты-нақты ұсыныстар жасалып еді. Бүгінде құмға сіңгендей бәрі жоқ болды.

Неге? Көз үйренген кириллицаны қимаймыз ба? Ескі сүрлеумен жүре берген тиімді ме? Үлкен көршіміздің көңіліне алаңдаймыз ба, әлде? Түсініксіз... мейлі. Маған әрі-беріден сон бәрібір. 72 жыл бойында латиницамен де, кириллицамен де біте қайнасып, тамыр болып келдім ғой. Қалған ғұмырымды да солармен қолтықтасып, аман-сау, тату-тәтті өткізе берермін.

Гәп менде емес. Басқада. Жүрегім сезеді: түптің-түбінде қазақтар латын әрпіне көшпей қоймайды. Неге десеніз, заман ағымы солай. Көрші түркілер жұрты жаппай латиницаға көшкенде, қазақтар көштен қала ма? Кириллицаны паналай бере ме? Батыс. Шығыс тілдеріне, мәдениетіне, өркениетіне мейлінше жақындауға қалайсың? Дүниежүзілік рухани қауымдастыққа кіргің келе ме? Компьютерлік және басқа ұлттардың дені

кабылдаған операциялық жүйені менгергін келе ме? Жер-жиһанда 90 пайызы латын әрпінде терілетін ғылым, білім, мәдениет саласының кітаптарына терең үнілмек ойын бар ма? Ендеше Түркия, Малайзия, Индонезия, Әзірбайжан, Өзбекстан түскен жолға, ерте ме, кеш пе, Қазақстан да амалсыздан түседі.

Қашан дейсіз ғой? Ресей латиницаға көшкен күннің ертенінде. Немесе бір күн бұрын. Сонда Ресей шынымен латиницаға көшуі мүмкін бе? Әбден мүмкін!

Үйтпесе, тұйыққа тіреліп, өзімен-өзі руханияттан да ада орманда, я аралда тентіреп қалады. Жаманның сандырағы емес. Орыстың небір мықтылары атам Фридрих тумай тұрып бұл мәселені көтерген. Оны айтасыз, ұлы реформатор патша Петр Біріншінің өзі Ресейді латиницаға көшіруге талпынған екен. Бірақ жеме-жемге келгенде тайсактап қалған. Ғұмыры да қысқа болды ғой... Дүниежүзілік перманентті революцияның жаршы-идеологы Арыстан Дәуітұлы Троцкий де (Лев Давыдович Бронштейн) орыс тілін латиницаға көшіруді жөн деп тапқан. Әрине, оның көксегені жалпыжаһандық революцияның мақсаты. Бір қызығы, бұл идеяға пролетариат көсемі Владимир Ленин де кетәрі болмаған. Орыс әріптерін латиницаға сәйкестендірудің бірнеше транслитерациялық әдістері бар. Солардың ішіндегі тиімдісі, оң жамбасқа келетіні АҚШ Конгресінің кітапханасы қабылдаған нұсқасы. Ол жоба бойынша: я – ia, щ – shch, х – kh, ц – ts, ш – sh, ы – y, э – e, ю – и болып шығады. Мамандардың пікірінше, орыс тілі келешекте дәл осындай жазуға көшеді. Қазіргі компьютерлік қарым-қатынаста осы әдіс кеңінен қолданылып жүр. Жоғарыда айтқан ой-мысалдарымды мен Сергей Лесковтың «Битва вокруг

алфавитов» деген мақаласына сүйеніп, келтіріп отырмын («Известия», 25.08.01). Сол мақалада Ресей ғылым академиясының мүше-корреспонденті, этнология мен антропология институтының бөлім жетекшісі Сергей Арутюновтың пікірі келтірілген. «Менің жобалауымша, – дейді ғалым, – орыстілі осы ғасырдың барысында латиницаға көшеді. Арнаулы үкіметтік қаулысыз-ақ өмірдің өзі осыған жетелейді. Латиницаға ең алдымен компьютерлік қарым-қатынас, одан кейін принтерлік басылымдар, соңында аз тираждағы оқу құралдары мен техникалық әдебиет көшеді. Кириллица тек тарихи ескерткіш түрінде қалады. Оған кейбір ақындар мен діни мәтіндер ғана жүгінеді.

Сөзінің жаны бар. Қалай болғанда да пікір негізсіз емес. Мен де соған иланамын. Мәдениет қашанғы саясаттың жетегінде жүре бермек? Түркі тілдес елдердің филолог-ғалымдары 1993 жылдың наурыз айында Анкарада жиналып, ақылдасып, латын әрпінің негізінде ортақ әліпбиге келіскен. Ол 33 әріптен тұрады. Академик Ә.Қайдары оған 34-әріп – «ә»-ні қосады. «Ә»-нің орнына латынның А* («аумлаут, яғни төбесінде екі нүктесі бар) дегенін қоссақ, жетіп жатыр деген де ұсыныс болған (*Новое поколение*, №22/97). Ахмет Жанділде деген зейнеткер «ә» – «а*», «е» – «о*», «ү» – «и (ант)*», «н» – «ng» деп жазылғанды жөн көреді. Менің оған қарсылығым жоқ.

Осы бір мәселе көп жылдан бері қоғамдық сананы қозғаса да, біздің елдің басшысы сақтық жасап, күрт шешімге бармай жүр. Онысы дұрыс та болар. Мұндай жауаптылығы зор қадамға баруға халықтың санасы іштей дайын емес. Оның үстіне биыл еккен егіннің кызығын салғаннан көре алмайсың. Нәтижесі он-он бес

жылдан кейін ғана айғақталады. Оған дейін, әлбетте, небір тар жол, тайғақ кешулер кездеседі, алғашқы кезде әжептәуір қиындықтар туады. Оны мен де жақсы түсінемін.

Латын әрпіне көшудің қажеттілігін бірер жыл бұрын мен де әлденеше рет айтқанмын, жазғанмын. Біраз қазақ менімен келіспеді. Көшеде ұстап алып, я үйге телефон шалып, неше түрлі уәж айтты.

«Әй, сен калың қазақты әуреге салып, топастандырмақшы екенсің ғой», – деді.

«Оу, пәлен жыл кириллицамен терілген кітаптарды жоймақсың ба?» – деді.

«Уай, басқа әріпке көшер болсақ, кириллицаны да, латиницаны да қоя тұрайық. Баяғы араб әрпіне неге көшпеске? Арабша төте жазу бар емес пе?» – деді.

«Айналайын, экспериментінді қой. Қазаққа жаның ашыса, неге руникалық жазуды көтермейсің? Қазақтың табиғатына сол лайық емес пе?» – деді.

Тағы біреулер ақыл айтты:

«Сен елді дүрліктірмей, латыншанды қоя тұр. Жұрттың бәрін неміс дейсің бе? Бүгінде басқа шаруа да жетерлік. Есімізді жинап алайық. Латынша көшпес. Бәрібір баратын жеріміз жаһандану ғой...». Бұған дауым жоқ. Басқадай шаруа жетерлік екені де рас. Латын әліпбиі де қаша қоймас. Қауімі: Шығыс, Батыс елдерінен тым қашықтап кетпейміз бе? Мұсылман елдерін жақындастырудың орнына, ара-жігін аша түспейміз бе? Түрік елдері алшақтамай ма? Қарым-катынастың, өркениеттің бірден-бір құралы – тіліміз қарабайырланып, шұбарланып, жұтандап, әрі-сәрі күйге тап болмай ма? Күннен-күнге жүдеп, жадап, әлсізденіп келе жатқан кириллицаның өгей баласы болып қалмаймыз ба?

Осы тектес ойлар мазалайды. Ал өз басым латиницаға сенімдімін. Келешекте сол үлкен ауылға келетінімізге күмәнім жоқ. «Асыкпаған арбамен қоян қуып жетеді». Солайы солай. Бірақ орта жолда сықырлауық арбамыздың белі кетіп, сынып, қоян көзден ғайып болмас па екендеген қорқыныш санаға ұялаған.

4. Жаңа заман – жана сөз

Замана талабынан туған жаңа сөздерді тіл ғылымында неологизм дейді. Ондай сөздер ерекше бай саналатын, дүниежүзі мойындаған, әбден қалыптасып болған тілдерде көптеп кездеседі. Неміс жұртшылығы бұл күнде зар жылайды. Бей-берекет қолданылып жүрген ағылшындардың, американдықтардың кірме сөздерінен, жастардың жасанды сленгтерінен, көше жаргондарынан германдықтар аяқ алып жүре алмайтын халге жетті, бірін-бірі түсінуден қалды. Қазіргі неміс тілі ағылшын сөздерімен шұбарланғаны сондай, екі тілден құралған гибрид шықты. Бұрынғы Гете, Шиллер, ағайынды Манндардың (Генрих пен Томас) тілі таза Deutsch болса, енді оның орнына Denglisch деген тіл пайда болды (Deutsch, Englisch деген сөздерден қосақталған). Германиядағы бүгінгі жарнамалардың дені ағылшын тілінде беріледі. Жастар екі сөздің бірін ағылшынша айтады және мұны өзінше сән көреді. Тіпті «мен сені сүйемін» дегенді ана тілінде емес, ағылшынша айтатын болды. Немістің байырғы, әуезді, сыпайы «Liebe» (махаббат) дегені анайы, тұрпайы «Sex»-ке айналғалы қашан! «Guten Tag» деген сәлемі жастардың қолдануында «Hallo», «Hi», «Hey», «Eh», «Scha lom», «He» сықылды одағайға айналды.

«Mädchen» (кыз) ұғымы 370 рет құбылып, түрленіп. «Alte» (кемпір, кейуана), «Puppe» (қуыршақ), «Biene» (ара), «Fliege» (шыбын), «Kirsche» (шне) сықылды теңеу-шендестіру атауларына көшті. «Schule» (мектеп) – «маймылдардың мекеніне» (Affendude) айналды. «Наркотик» дегенінің адам түсінбес отыз-қырық шакты атауы бар. «Мен сені ұнатамын» деген карапайым ғана тіркестің орнына бүгінгі неміс жастары: «Кел, бір Распутинді жасап жіберейік»; немесе «товарищ болайық»; немесе «канымызды қыздырып алсақ қайтеді?» деген мағынада сөйлейтін болыпты. «Иә, шыбыным, торпағым, секске шабытың жоқ па?» – дейді. Әлбетте, олар Гегенің шынайы махаббат лирикасын күні әлдеқашан өтіп кеткен архаизм деп қабылдайды.

Иоганн Варкентин (кеңестік неміс, бірақ отыз жылдан бері Германияда тұрады) қазіргі немістердің тіл қолданысын өткір сынап-мінеп, пародия жазған. Үш неміс футбол ойынын қызықтап, көргенін бір-біріне баяндайды. Біріншісі Берлиндік диалектіде сөйлейді. Екіншісі – москалдау келген неміс әңгімесін 30-40 жыл бұрынғы неміс мақамымен айтады. Бүгінгі германдық жас жігіт ағылшын сөздерін молынан араластырып, тілін шайнап, өзеурейді. Нәтижесінде үш неміс бірін-бірі түсінбей, антарылып қалады.

Қазіргі орыс тілінде «деньги» ұғымының жүзден астам жаргон атаулары бар екен (вашингтон, дед, карась, кусок, лимон, лебедь, лодырь, попугай, угол, бабки, черви, тағысын тағылар). Ал «проститутка» деген сөздің жүз қаралы баламасы қолданылады: камбала, кожа, королева, марха, мочалка, полундра, киса, канава, «марксистка», тағысын тағылар. Бұл мәліметті мен Анатолий Королевтің «Оскорбление сакральности» деген мақаласынан алып отырмын. (ЛГ. 17.04.01).

Жаһандану дәуірінде бұл ауру бел алып барады. Тіл полициясы да қауқарсыз.

Әлбетте, бұл тақырыпта қазіргі орыс, неміс тілдерінен әлі көптеген мысалдар келтіруіме болар еді, бірақ дәл қазір менің айтпағым басқа. Әңгіме бүгінгі қазақ тіліне селдей жайылып, жан-жақтан қаумалап, табиғи тілді шұбарландырып жүрген жана я кірме сөздер жайында болмақ. Әрине, мұны басқалар да аз айтып жүрген жоқ, бірақ бұл орайда көлденең көк атты, атасы басқа милләт өкілінің көзқарасын білдірмекпін.

«Ана тілі», «Парасат», «Қазақ әдебиеті», басқа да қазақ басылымдарында үзбей жарияланып жүрген жеке адамдардың ұсыныстарына, мемтерминкомның шешімдеріне мен әрдайым назар аударумен келемін. Көңілге қоңатып, қазақ тілін байытуға ықпалы тиетін неологизмдер, әрине, аз емес, олардың біразы қазақтың сөздік қоры төрінен орын алып, халықтың санасына кіріп үлгереді. Ал кейбіреулері өзінің жасандылығымен көзге ұрып, құлаққа түрпідей тиіп, көңілге тосын, жағ болып келетіні де даусыз. Қазақ тілін жана сөздермен байытқан, олқылығын толтырған, қалың жұрт мойындаған «неологист» **Ісләм Жарылғапов** (оқырман, көрермен, суреткер, қаламгер, аялдама, қазанама, балмұздақ, галамшар, орынтақ, тағысын тағылар); **Хайдолла Тілемісов** (баспагер, қызанақ, сүріжер, дәмдеуіш, балуя, теңгерім, дыбысхана, тағысын тағылар); **Сабыржан Шүкірұлы** (хошиіс, қонақасы, қыстырма, алғықойылым, думанкәсіп, арандатпа, үдемелі, мәртебелеу, шұрат, жалғас, саратшы, құндақ – орысшасы издатель, тағысын тағылар); **Бабақұмар Қинаятұлы** (ғарышкер, хат – конверт, ұранот – салют, қолдорба – сумка, бағдарғы

– *компас, құрылғы – аппарат, бітім – структура*); **Дәркембай Шоқпарұлы** (*желек – фата, жарғақ – замша, бедер – рельеф, ұнжелім – клейстер, қайысышы – шорник, сызбар – циркуль, мыскер – медник, қандауыр – скапель, іскек – тинцет, майқалақ – мастерок*) және **Дәулет Қияшевтің** (*унтақ – порошок, қайнақ – экстракт, серпін – импульс, қапташа – драже, ақ зат – белок*) тапқандары, сол сияқты дәлелдеме (аргумент), дәйектеме (обоснование), уәж (мотив), тәлімгер (наставник), бәсіре стипендия (именная стипендия), бағдаршам (светофор), демеуші (спонсор), мерейтой (юбилей), дәйексөз (цитата), пікірсайыс (дискуссия) деген сөздер – казак тілінің табиғатына сай, ұғынықты, көңілге қонымды, басылымдарда жиі кездесетін, казак лексикасына енген жаңа сөздер. Менің түсінігімде, бұл жаңа атаулардың қазақы жаны бар. Әлбетте, казак тіліне емін-еркін кірген жаңа сөздер жоғарыда келтірілген сөздермен шектелмейді. Тізе берсем, бірнеше бетке созылары хақ.

Жаңа сөз құрастыруға казак жазушылары да о бастан-ақ атсалысып жүр. Мысалы, **С.Сейфуллиннің** циркке тапқан баламасы «атойын үйі»; **І.Жансүгіров** демонстрацияны – «думанжүріс», рельсті «табантемір» деген; **Ғ.Мүсірепов** этикетканы «құлақша қағаз» десе, **М.Мағауин** будильникті «оятар» дейді; **Ә.Кекілбайұлы** снегурочканы «қар қаншайымы»; **О.Сәрсенбаев** глазокты «тесіккөз»; **А.Нысаналин** эпигонды «дәлдүріш». **Ж.Бектұров** некрологты «мұнақып» деп баламалайды. Бірақ, мен білсем, осы неологизмдердің біреуі де казактын сөздік қорына еніп, тұрақтамады. Жоба, ұсыныс дәрежесінде қалып қойды.

Жалпы, казак тілінің жанашырлары аз емес. Ниет түзу, талпыныс орынды. «Өлеңге әркімнің-ақ бар

таласы» дегендей. екі казактың бірі жаңа сөз жасауға шебер-ақ. Негізгі мақсат. әрине, айқын: казак тілін мүмкіндігінше байыту, жаңартып отыру, заманауи ағымға сәйкестендіру, өрісін кеңейту, функционалдық, динамикалық қасиеттерін жетілдендіру, нәрлендіру, көп мағыналы, әр түбірлі, бай табиғи морфологиялық негізінде ақылға қонымды, әуезді, тілге жатық жаңа ұғымдар туғызу.

Жаңа сөз тудыру (словообразование) барлық тілдерге тән қасиет. Ондай мүмкіндіктер неғұрлым көп болса, солғұрлым тілдің өміршендігі анықтала түседі. Мәселен, немістер еш қиналмастан етістіктен зат есім жасай береді (я керісінше). Ол үшін сөзді бас әріптен жазып, алдына үш артикльдің (der, die, das) біреуін қосса, бәрі ұғынықты болып шығады (*Leben – жисть, das Leben – жистнь*). Орыстар да етістікті оп-онай зат есімге айналдырады (*будить – будильник, играть – игра, звать – зов* деген сияқты). Қазакка да бұл тәсіл жат емес (*ойнау – ойын, ойлау – ой*).

Жаңа сөз жасауда казак тілінің мүмкіндігі тіптен көп пе деймін. Зат есім мен сын есімді, зат есім мен сан есімді немесе мағынасы алшақ екі зат есімді, көне түбірге жаңа жұрнақты я жалғауды оп-онай, жып-жылмағай қосарлап, қосақтап, жақындастырып, буындастырып, байлап-матап, жаңа мағынадағы сөзді тудыра салады. Және бұған тек жазушы, тілші емес, студент те, жорналшы да, зейнеткер де, отбасындағы әйелдер де шетінен онтайлы келеді. Бірінен бірі асып түседі. Бірінен бірі өткен маман. Сөзді ойната, құбылта, өрнектей біледі. Маяковскийше айтсақ, бәрі де «языкотворцы». «Былай десек...» деп алып, жаңа атауларды қанар-қабымен, қоржын-дорбасымен тоғыта салады.

Достоевский орыс тілін «сқукожить» деген жалғыз сөзбен байытқанын мақтан етуші еді. казактар жаңа сөздерді косак-косағымен, үйір-үйірімен қорасына айдап кіргізіп жатыр. Нақты мысалға жүгінейік:

Дача – жайлаужай, робот – құлтемір, медбрат – қайыр, медсестра – хайрня, профилакторий – сактыкжай, меню – тағамат, орбита – шарай.

Қателеспесем, бұл – **І.Жарылғаповтың** ұсынған неологизмдері. Бұлардың біреуі де әдеби тілге сіңісе қоймады-ау деймін. Немесе:

Аттестация – сараптау, задор – қышыл, импотенция – саспак (Жетісу өңірінде, жаңылмасам, импотентті сасай дейтін сияқты), недоросль – шәргілдік, шалтай – шәлдүріш (**Ж.Нұрмахан**); портфель – қолсандық, салют – отжебе, рюкзак – арқақал, зоопарк – хайуанбак, энциклопедия – мағлұматнама (**Б.Қинаятұлы**); кювет – бүйірарна, коронка – құралтәж, маневр – шырәрекет, маршрут – жолтәртіп, линза – өтпекөз (**М.Түсіпбек**); воронка – қуысқұлақ, митинг – дабыра, тротуар – жаяулама, турник – тартылмақ, насморк – сінбірік, аллея – саялық, имидж – бедел, импульс – күштеме, киносценарий – киномәтіндік, кредо – мұрат, пульс – лүпіл, элемент – титім, эпизод – жылтетпе, этап – саты (**С.Шүкірұлы**); программа – нызам, газета – жариядат, сорт – сұрып, прогресс – алағаят, мэр – уәли, директор – мүдір, публицистика – ғаклия, минерал – арасан (**Қ.Жүкеш**); лаборант – зертханашы, столяр – ағаш шебері, токарь – төкір, слесарь – сілесір, станция – станса (**Мемтерминком**). Сөзімді тоқтатайын айта бермей...

Мұндай мысал-ұсыныстар көп. Менің қоржынымда да жетерлік.

Бұл сықылды сөздердің қалай жасалғаны, қандай мақсат көздегені, дәлдігі, көркемдігі, табиғилиғы қай шама-дәрежеде екені маған да, оқырман қауымға да түсінікті деп ойлаймын. Бұларды сәтті шыққан балама деп айту қиын шығар. Жұрттың бұл сөздерін тосырқап, қабылдамауына қарағанда, жаппай қолданысқа түспегенін ескерсек, күмәнденіп жүрген жалғыз мен болмасам керек. Бұл балама сөздердің барлығын тек ұсыныс, жоба, вариант деп қабылдаған жөн. Меніңше, барлық орыс, шетел атауларын, әсіресе интернационалдық лексиканы міндетті түрде қазақшалаудың жөні де жоқ. (Ол пікірді қазақтың мықты азаматтары 70-75 жыл бұрын айтқан). «Лүпілін қанша?» деп ешбір қазақ емші-дәрігері сұрамайды. Бәрібір «пульс» дейді. «Мен саған бір жылтетпе айтып берейін» деп қазақ және де айтпайды. Бұрынгыша «эпизод» дейді. «У него изменился имидж» дегенді «оның беделі өзгеріп кетті» деп қазақшалай алмайсың (өйтпек тек біздің депутаттар ғана сөйлеуі мүмкін).

Энциклопедияны «мағлұматнама» деп айтқан қазақты әлі күнге кездестіргем жоқ. «Медбике» дегенді естуім бар, ал «хайрияға» жол болсын. Сол сияқты қазақ налығанда «импульс» жоқ деуі мүмкін, бірақ «күштеме» жоқ деп, ай, айта қоймас-ау. «Мейрамханаға» құлақ үйреніп келе жатыр еді, бірде Мұз-аған (Әлімбаев) маған қонырау шалды. «Әй, Гера, – деді, – Екеуіміз ресторанды барып, тамақ іштік делік. Сонда оның несі мейрам? Сондықтан мен ресторанды «думанхана» деп аудардым. Онымды Қадыр қостады. Ол да думанхана деп жазды». «Ендеше мен де «думанхана» деп жазайын». «Иә, жазып ал». Дәптеріме жазып алдым, бірақ іле-шала ойланып қалдым. Тамақ ішеміз деп, Мұз-аған екеуіміз ресторанды

бардык делік. Сонда онын несі думан? Мейрамдатпай-ак, думандатпай-ак ресторанға басымызды сұксак болмас па?

Сөз атаулының бәріне балама іздеу казакка сор болды. Ойпырмай, стюардесса, компьютер, балкон, эшелон, тангенс, функция, хлорфил сынды сөздерге ұлттык балама іздеудің не қажеті бар? Олар казакта болмаған ғой. Тұрмыс-салтында, әдет-ғұрпында, түйсік-түсінігінде, күнделікті колданыста болмаған сөзге я ұғымға казакша атау іздеп, бас катыру керек пе? Жок, байкаймын, бұл мәселеде казакка уәж жүрмейді. Ол дүниежүзі мойындаған «паспортқа» бір емес, үш балама табады: төлқұжат, төлтұмар, төлайғақ. Үшеуі де ақылға сыяды. Бірақ солардың қайсысын қалын казак колданып жүр? Паспорт деп жүре береді.

«Семья» ұғымында да үш сөзді пайдаланып жүрміз: жанұя, отбасы, жаран. Қайсысы орынды? Бір кездері аузына да алмаған «капустаға» бүгінгі казак екі балама ұсынады: кырыкқабат, орамжапырақ.

Жұмағұл Көшербаевтың 1906 жылы Омбыда шыққан «Краткий русско-киргизский дорожник со словарем» деген кітабында капуста «керем» деп аударылған. 1978 жылы шыққан екі томдық «Орысша-казакша сөздікке» үніліп едім, онда капуста – капуста делінішті. Бір дүкенде кырыкқабат дегенді кездестірдім, ал орамжапырақ дегенді естіген емен. Базарда орысы да, казағы да, кәрісі де, шүршіті де баяғыша «капуста» деп жүре береді.

«Паспорт» пен «капустаның» жөні бөлек дейік, ал СПИД-ке, жұкпалы ауруға карсы, я жыныстык қарым-катынаста колданылатын, қазіргі жастарға кеңінен танымал, белгілі резенкелі құралды казакшалаудың не

керегі болды екен? Оның атам заманнан үйреншікті, ортақ аты – презерватив. Латынның «сақтану» мағынасындағы сөзінен шыққан. Күні кешеге дейін қазақтардың түсіне де кірмеген зат. Сондықтан ол ұғымды білдіретін сөз қазақта болмаған. Бірақ, «болмаған» деп қазақ қол қусырып отырған ба? Екі тілші академик «тағы да тақасып келіп, тағы да таласып келіп», үш жыл бойында қызылкенірдек болып айтысып, бірі – «к... қап», екіншісі – «х... қап» деп өзеурепті. Айтыс-тартыстан кейін «к»-ны да, «х»-ны да қойып, «мүшеқап» деген баламаға тоқтапты. Онысын сөздікке де енгізді. Расында да, «член-корр.» бар жерде мүшеқап неге болмасқа? Марқұм ұста-шебер, этнограф **Дәркембай Шоқпарұлы** он ойланып, жүз толғанып, ақыры «қапты» қойып, «қалтаға» тоқтапты. Оның ұсынысы – «күйекқалта». Осы дұрыс деп менің таныстарым бір жасап қалды. Өзіме жақындау қазақ келіншектеріне осы төрт баламаны айтып едім, олар қызарақтап, ернін жымқырып: «Господи! Какая глупость! Кому это нужно?» – деп бірауыздан танқалысты. Сол келіншектердікі ақыл ма деп қалдым. Шынында да, басқа мәселелердің бәрі құрып қалғандай, я ақи-тақи шешілгендей.

Осы айтқандарымнан қандай қорытынды шығады?

а) Шетелден кірген сөздердің бәріне бірдей ретті-ретсіз неологизм, балама іздеп әуре болудың еш жөні жоқ. Ол тек тілді шұбарлайды, лайлайды, көмескілендіреді, анекдот, мазакқа айналдырады. Мүсірепов айтқан «тілбұзаризмге» әкеледі. Жана сөз жасаймыз деп, барымыздан айырыламыз, жұртты әрі-сәрі кылып, ана тілінен бездіреміз.

б) Әсіресе дүниежүзі мойындаған, әлімсақтан қолдануға түскен терминдер мен түбірлі латын, көне

Грекиядан шыққан сөздерге қазақы баламанын мүлде қажеті жоқ. Ондай қолдан жасаған құрама «баламалар» тілді дамытпайды, көпшілігі тек ұсыныс, вариант есебінде қалып, тұмай жатып өледі, жанбай жатып сөнеді, қолданысқа түспейді. Бір ғажабы: осы жайды терең түсінген қазақ арыстарының бірі – **Мағжан Жұмабаев**. Сонау 1922 жылы шыққан «Педагогика» деген еңбегінде Мағжан интернационалдық сөздердің ешқайсысын қазақшаламайды, оған күмәнлі балама іздеп, әуре болмайды, өзінің байырғы, төл түрінде қолданады: нерв системасы, перцепция, апперцепция, иллюзия, галлюцинация, жақындық ассоциациясы, фантастика (хиялмен қосақтап), дедукция, силлогизм, аналогия, гипотеза, аффект, темперамент, импульс, рефлекс, инстинкт.

Осы тақылеттес сөздердің біразына Мағжан қиналмай-ақ қазақтың сөзлік қорынан үндес балама тапқан болар еді. Бірақ оған саналы түрде бармады. Ғылыми ұстанымында қалды. Біз де бұл ұстанымды аманат есебінде қабылдағанымыз дұрыс.

Күнделікті қарым-қатынас тілі де, көркем әдеби тіл де, ғылым тілі де барынша дәлдікті, айқындықты, нақтылықты, ойлау жүйесінің тұрақтылығын сүйеді. Әрбір тілдің табиғи, шынайы мәдениетіне орынсыз қилігіп, оны белден басып, әлдекімдердің субъективті қалыбына икемдеп, зорлауға болмайды.

Бұл – бұлжымас қағида.

5. Көне сөздің сәулесі

Енді қазақтың қолданыстан шыққан көне сөздеріне, мағынасы көмескіленіп қалған ескі ұғымдарға назар аударып көрейік. Бұл да бір қатпар-қатпар, өшпес, сарқылмас қазына, ұлт байлығы, бабалар аманаты.

Сөз де – тірі ағза. Ол да туады, өседі, күшіне еніп, құлпырады, түрленеді, сонан соң ажарынан, күш-қуатынан айырылып, әлсірейді, ауруға шалдығады, жетімсірейді, көштен қалады, ұмытылады, өледі. Адам өледі. Сөз өледі. Тіл өледі. Есләм акынша айтсақ, «мен де өлемін, сен де өлесің, ол да өледі». Со-о-нау замандарда жер шарында, мамандардың есебінше, 150 мыңдай тіл мен диалект болғанға ұқсайды. Бүгінде олардың саны 6 мыңға жетер-жетпес. Демек, әрбір екі апта сайын бір тіл жантайып болады. Әсіресе Африка, Үндістан, Қыыр Солтүстік халықтарының тілі мен диалектілеріне ерекше қауіп төніп отыр. Күш-қуаты, абырой-беделі, нәрі-сөлі мол тілдер болса да ағылшын, қытай, испан, хинди, орыс, араб, бенгал тілдері екен. Қолдану аясының кеңдігі жағынан БҰҰ дерегі бойынша жапон тілі – 10, француз тілі – 11, неміс тілі 12-орынды алады. Қазақ тілінің бұл тізімдегі орнын білмеймін, бірақ шамалауға болады. Өркениеттің қарқынды ағымына шыдай алмай көп тілдер әлсізденіп, қажеттіліктен шығып, көмескіленіп, сал болып, «шықпа, жаным, шықпалап», ақыры өледі екен. Оның ең бір айқын көрінісі – архаизм сөздердің көбейіп, жаңа сөздердің азайып қалуы. Тіл мамандары осы бір процеске назар аударып, теңгермелік есеп жүргізіп жүр ме, жоқ па, ол жағы маған беймәлім, анық мәліметім жоқ, бірақ өзімнің пайымдауымша, қазақ тілінде көне сөздер мен мағынасы көмескіленген атаулар күннен-күнге көбейіп, жапа-тармағай қазақшалауды науқанымен тым әуестеніп, тілдік көркемдік және дәлдік қасиеттерінен алшақтап бара жатқандаймыз. Қателесуім бек мүмкін, шынымды айтсам, қателескім келеді де, бірақ қазақтың ескі акын-жырауларын, Абай, Әуезов, Аймауытов, Жансүгіров сияқты классиктерін, би-шешендерін оқып

отырып. бүгінгі каламгерлерге көшкенде көрінер көзге тіл жұтандығына тап болып. бүгінгі қазақ тілінің өрісі күрт тарылып, тынысы ауырлап, кемшілігі әр жерде көрініп тұрғандай елестейді.

Соған қарап, кей-кейде «Қазақ тілінің бақуатты, өскелең, қуатты шағы сонау замандарда қалып қойған жоқ па?» деп те ойлап қаласың.

Орыстарда да солай. Орыс әдебиетінің дүниежүзі сүйсініп, таңырқаған алтын-күміс ғасырлары келмеске кетті. Қазіргі жазғыштар – Акунин, Донцова, Улицкая, Маринина, Толстая, Пелевин, Сорокин сияқтылар орыс тілінің қадірін әбден кетіріп болды. Олар әдебиетті қарабайыр бизнеске айналдырды. Уақиға қуып, тілге мүлдем мән бермейді. Бір қызығы: бұлардың шығармасымақтары бүгінде ең үлкен (миллиондаған) тиражбен шығады екен, ал ең сауатсыз жазғыштардың бәйгесінде де дәл осылар бірінші орынды ешкімге бермей тұр. Міне, заманымыздың мазағы да, шатағы да деп осыны айту керек.

Бүгінгі коммерциялық әдебиет онсыз да азайып қалған, ат төбеліндей оқырманның санасын әбден улап, мәңгүрттендірген.

Немістерде де бір кездегі Гете, Кант, ағайынды Манндар, Герман Гесселер бүгінде жоқ. Әдеби, тілдік, рухани құлдырау оларда да көрініс тапқан.

Дәл мұндай жағдай Америка, Франция, Англияда да кездеседі. Жаһанданамыз деп жүргенде жаппай рухани тоқырауға, құлдырауға тап болған сияқтымыз. Әдебиетте, тілде рухани серпіліс бүгінде тек Латын Америкасында анық білінеді. Ол жақта өмір тек футболмен шектелмейді екен.

Қазақтың көне сөздері мені ерекше қызықтырады, баурайды, арбайды. Олардың магнетизм қасиеті бар

сияқты. Кездесе калса. «Апырай, мағынасы не екен?, Сөздіктерде бар ма? Түп-тамыры қайдан шықты? Нені білдіреді?» – деп ойланып қаламын. Атақты Фасмердің сөздігінен казактарға да бір этимологиялық сөздік керек болып тұр-ау!

Таяуда маған Макс Фасмердің (1886-1962) Гейдельбергте шығарған үш томдық этимологиялық сөздігінің (1950-1958) орыс нұскасын (4 том) пәлен мың теңгеге қолға түсірген казак заңгері келді. Төрт томды парактап шығып, оған түбірі түркі тілдес сөздердің енбей қалғанын өкінішпен айтты. Мысалы, сак, қыпшак, алтын сыкылды көне түрік сөздері Фасмерде болмай шықты. «Осы жағдайды сіз көтеріңіз, казак тілшілеріне құлаққағыс қылыңыз. Фасмерді толықтырып, бізде де шығарсын, жұрт оқысын, білсін, өркениет саласында түркі тамырлы сөздер қалыс қалмасын», – деп өтінді. «Бұл құнды жұмыс әлемдік деңгейдегі сөздікті маңыздандыра түсер еді», – деп қолыма бір парак қағаз ұстатты. Қалай болғанда да мәселені әлгі қызуқанды патриот заңгер дұрыс көтеріп отыр. Оны қалай шешуге болатынын ол да, мен де анық білмейміз. Бірақ казакы этимологиялық сөздіктің қажеттілігі даусыз.

Қай сөз қайдан шыққан, кімнен келген, қалайша бұрмаланған, о бастағы мағынасы сақталған ба, әлде түрленіп, құбылып, мүлде қашықтап кетті ме? Міне, осындай сұрақтар тіл сүйгіш адамның санасын қозғайды, ойын оятады.

Мәселен. **Бұқар жырауды** (1693-1787) оқып отырып, мынадай сөздерге кезіктім: пұсырман, маһи, мамыр, көрпелдес, мортык, көлем, Һәммәт, шеншік, талыс, арсы мен күрсі, шадияр, кебе... Кейбір сөздердің мағынасын көмескілеу болса да мәтін ішінде сеземін, кейбіреуі – бейтаныс, жұмбақ.

Дулат акынның (1802-1887) мына сөздеріне көңіл аудардым: ғакыл, ғазиз, ғаділ, ғадем, қиямет, жолан... (Әрине, бұл сөздердің дені арабтан кіргені көрініп-ақ тұр).

Абайдың да көп сөздері қазіргі қазаққа түсініксіз: нөпіл, бергек, пәруардігер, бадалық, өлекшін, серменде, құтпа, шардақ, бәһра, бәңгі, баска да көптеген араб, парсы діни сөздері.

Жүсіпбек Аймауытовтан теріп алған, маған түсініксіз сөздер: мандам, бұғылама (мал ауруларының атаулары болуы мүмкін), шауқар, бөдес, дүкірт, құнтийынқы, сұқым, салдаман, төсібі, нырай, лике, жам, бейуаз, санқал, ергенек, шайырғал, березе, маукіл, мөзқар, шажа, мыршым, мүдуар, денекұс, мырсын, шүлеңгер, тағысын тағылар.

Ә.Нұрпейісовты аударып жүріп, орысша баламасын таппай, мына сөздерге киналып, әрдайым сүрініп жүрдім: аласат лаң, жұмбаздап, тағдыр кесігі, үзір көбейіп, жабдан біреудей, айбықадамданып, тұғыжым, мартудай, беренауыз, күпсер бойы, жетішкі әйел (әлде бұл сөздер диалект пе екен?)

Жорналшы және жазушы марқұм **Балғабек Қыдырбекұлы** қазақтың көне, сирек қолданылатын сөздеріне ерекше құмар еді. Шокан ескерткішінің жанында сейілдеп жүргенде ол әрдайым менен емтихан алып жүретін. «Білгіш болсаң, Гера, пәйкел, нұғара, шіленгір, күрік, мұрақ деген сөздердің мағынасын айтшы», – деп маған тәптіштеп түсіндіріп, миыма құятын. Сонсоң неше түрлі құйтырқылау сұрақтар қоятын. «Жыланның ұрғашысын қазақтар не дейді? Мысықтың баласын ше? Барыстың «әйелі» қазақша қалай болады? Баласы ше? Қасқырдың ұрғашысын қазақтар қалай атайды?». Әрине, мен көбісін білмеймін. Бәкең мәз болып, миығынан күліп, сәнді галстугін

түзеп қойып, шыт жана костюміндегі болар-болмас қылшықты саусағының ұшымен шертіп, сілкіп тастап, маған асықпай-саспай түсіндіреді: мәлике, мәулен, таутан, алан, құртқа.

Кез келген казак жазушысының шығармаларынан (әсіресе, тарихи тақырыпта жазылған **Есенберлин, Кекілбаев, Мағауин, Жұмаділов** романдарынан) казактын көне сөздерін көптеп табасыз. Қазактын күнделікті тұрмыс-салтына, жер бедеріне, мал шаруашылығына, туыстық қарым-қатынасына, этнографияға, колөнеріне, санаға, дүниетанымына байланысты ұғым-атаулар санында. Құдай біледі, шек жоқ. Жылқы мен түйеге катысты сөздердің өзі жүздеп саналады. Бір киіз үйдің төнірегінде жүз сөз табылып қалады (Еуропа тілдерінің ешқайсысында, әлбетте, оның біреуі де жоқ. Киіз үйдің өзі болмаған соң, олар қайдан болсын?!)

Ұсталық өнер жайында қаншама сөз бар! Зергерлік атаулар қаншама! Бір ғана «вид» деген сөзге казактын 26 синонимі бар. Бір ғана сырғаның казакта 20-30 түрі табылады. Бір ғана пышактың ұшы, казинегі, кежегесі, ілдірігі, жүзі, сағасы, алқымы, жемесі, сырты, сакинегі, құрсауы, дүмі, шығыршығы болатынын марқұм Дәркембай ұста жазып та, суретін салып та түсіндіріп еді. Байыбына барып ойлансаңыз, аузыңызды ашып, жағанызды ұстайсыз. Бұл байлық қолданыстан шығып, ұмытылып барады. Обал ғой, обал!

Қазактың көне сөздерін жаңғыртуда бүгінгі казак басылымдары (әсіресе «Ана тілі», «Парасат») көп ізденіп жүр.

Бірнеше мысал келтірейін.

Ауыш – ақылы ауысқан, есінен адасқан

Өнгек – тік жарлау келген шұңқыр

Байтаба – аяқ киім ішінен оралған мата, шұлғау
Бадал – ұйысып өскен қалтың ағаш
Бәдия – шөл дали
Бекізе – таза, пәк
Бөлер – дәке, марлы
Буыз – кебек
Бітуана – тиянақты, келісім

(«Парасат», №9/04).

Адина – анық, айқын
Айлаңкес – атасуан, тентек, жарымес
Алағұс – сөзінде көп тұрақ жоқ, пәтуасыз адал
Ақадал – шынайы, адал, қалтқысыз таза
Алақобең – етең-алаң, күн шығар алды

(Ж.Нұрмахан)

Шәуіш – қыс түсе алғаш жұқа қатқан мұз
Шендік – жағада жүретін кішкентай шағала
Бұлқын – желдің өзгеруіне байланысты су астынан
соғатын толқын

Шонай – балықтың еркегінің ұрығы

Шүйілім – теңіз жаңғағы

Шөбіре – балық еті желінгеннен кейін шыққан
сүйектері

(С.Хайдарұлы)

Қамырбұрыш – нан ашытқының бір атауы
Зуала – ашыған қамырдан үзіп алынған бір нандық
бөлік

Шерек – нан түрі (Жәйма, қаттама, сүтпан, пияз
нан, зағара, пәтір, шептек, көмбе, нан дегендей нан
пісіру тәсілдері мен атаулары бар).

Шәңгіл – кіші бақыраш

(О.Ұзақбайұлы)

Тізімімді осыменен тоқтатайын. Қазақтың көне сөздерін әркімдерден алып тізе берсем, әлденеше бет болары анық. Әсіресе, осы тектес сөздерді жазушы, этнограф Сейіт Кенжеахметұлы, Атырау азаматы Жаңаш Нұрмахан, «Ана тілінің» қызметкері Сабыржан Шүкірұлы, ұста, этнограф Дәркембай Шокпарұлы, акын, публицист Мырзан Кенжебай көп келтіреді. Сөз жоқ, мақтарлық, құптарлық шаруа. Бұл сөздердің мәнділігі, маңыздылығы, әуезділігі, әрлілігі маған ұнайды. Көркем шығармада көне сөздер орынды жерінде жақұт тасындай ойнайды, құлпырады, көз тартады, ойды қозғайды, сүйсіндіреді, үлкен халықтың өткенінен, тарихы мен мәдениетінен хабар береді, сағымдай елестейді. Атабабадан қалған бұл сөздерді ұмытпай, жоғалтпай, әлсін-әлі еске алып, тірілтіп, сөз арасына қосарлап, келесі буындарға көне заманның көзі, сәлемі деп жеткізуіміз керек. Өйткені бұл сөздердің сәулесі әлі өшкен жоқ. Оларды көп болып, мұқият жинап, сұрыптап, зерттеп, зерделеп, этимологиясын анықтап, айшықтап, қағаз бетіне түсіріп, қастерлеп, қалың кітап етіп, келешекке аманат қылып, шашау етпей тапсыру керек. Мың жыл жасаған қазақ әлі де мыңдаған жылға барар. Қазақ тілі бір кездегі Мысыр, Ассирия, Көне Латын, көне Грекия, Финикия, шумер тілдері сияқты жер бетінен таяу ғасырда жоғала қоймас. Оған қазақтың кешегі мен бүгінгі қуатты, нәрлі, көп мағыналы, әуезді, поэзияға толы, өрнекті, сазды сөзі кепілдеме бола алады.

6. Сөз, сөздік, аударма

Тіл мәселесіне орай қысқаша болса да аударма тақырыбын қозғамай өтуге тағы да болмайды. Әлбетте, аударма өнерінің китүркысы көп. Ол жайында жазыл-

ған кітап, зерттеу, монография, диссертация, мақала, рецензиялар тау-тау. Аударматануға байланысты менін де бірнеше кітабым жарық көрген. Сонғысы (ен көлемдісі – 30 б.т.) «Ода переводу» деген атпен 2005 жылы «Дайк-пресс» баспасынан шыққан. Қазақша-орысша, орысша-немісше, немісше-орысша, немісше-қазақша аударманың құпиялары ол кітапта көрініс тапқан сияқты. Мұның барлығын мына мақалада қайталау мүмкін де емес, қажеті де жоқ. Бұл жерде екі мәселеге ғана қысқаша тоқталмақпын.

Біріншісі – қазақшадан орысшаға (я басқа тілдерге) аударма жасаған кезде қазақ тілінің ежелгі күш-қуатына, көркемдігіне, бейнелілігіне, сөз саптауына, синтаксистік құрылымына айырықша мән беріп, оның табиғи ерекшеліктерін (лексика, морфологиялық жүйе, синтаксис) ашып көрсетудің қажеттілігі.

Екіншісі – орыс тілінен (я басқа тілдерден) қазақшаға аудару кезінде қазақ тілінің шешендік мәдениетіне, қазақ ұлтының түсінік-ұғымына, дүниетанымына, сезім үндестігіне сәйкес балама іздеу жолдары.

Сайып келгенде, аударма өнерінің негізгі мақсатталабы да, көркемдік нысана, қасиеті де осы екі қағидаға саяды.

Қазақ тілінің байлығын, көркемдік өресін мойындай отырып, орысша аудармаға келгенде көбінесе үстірт, немқұрайды қарайғынымыз бар. Мен өзім көркем аудармамен (басында жолма-жол тәржімамен) қырық жылдан бері айналысып келемін. Негізінен қазақ прозасын орысшалаймын. Менін пайымдағаным: кейбір жазушылар шығармаларының аудармасына мүлде көңіл бөлмейді, мән бермейді. Екінші тобы барды қанағат тұтады, я орысша шыққанына мәз болады. Есімде, Әбу

Сәрсенбаевтың Мәскеуде орысшаланған бір повесін таңырқай оқып: «Апыр-ай, анау жағымсыз кейіпкерім өңі айналып, жағымды болды, мына бір кейіпкер көктен түсті ме, менде тіпті жоқ болатын», – дегені бар. **Ғабекен (Мүсірепов)** аудармаларына өзінше көңіл бөлетін, бірақ салғырттау ғана «мына жерді терендет», «ана жерді күшейт», «басқа бір сөз сұранып тұр» дегендей жалпылама ескертпелермен шектелетін. Бірде Ғабен маған «Жат өлкенін» жолма-жол аудармасын жасап беруді өтінген еді. «Романыңыздың, мен білсем, кейбір жерлері орысша шығуы неғайбыл» дегенімде, Ғабен жымыып, қасын керіп, әдеттегідей дауысын кербездене созып, қолын жай ғана сілтеп: «Он-да-ай жерді хе-хе... та-а-астап кетерсін» деп жайбарақат жауап берген-ді. Классиктен мұндай жауапты күтпеген мен таң қалғанмын.

Дүкенбай досым (Досжанов) қолжазбасын ұсынып отырып, «қанатын жайыңқырап аудар» деп ескертетін.

Ал **Әбдіжәміл Нұрпейісовтың** аудармаға көзқарасы да, талабы да түбірімен өзгеше, ерекше қатан. Әрбір сөзіне шұқшынып, нұсқамен салыстырып қарап, тың балама іздеп, сұрланып алып, қағаздың бетін айғыздап, қиыр-шиыр белгілер соғып, өзі де қара тер, көк терге малынып, қасында отырған аудармашының да зықысын алып, әуреге салып, басына әнгіртаяқ ойнатады, шыбын жанын шырқыратады. Оның мұндай талабына шыдаған аудармашы бірен-саран ғана. Көбісі мұндай екі-үш күндік азаптан соң, концлагерьден шыққандай басы ауған жаққа қашып құтылатын. Қырық жылдан астам Әбеннің қасында жылан арбаған көжектей отырып, бір сөйлем, бір абзацты жүз құбылтып,

жырма көшіріп, кейде есенгіреп қалып, кейде авторды есенгіретіп, осы күнге дейін аман жүргеніме өзім қайран қаламын. Бірақ бұл бірден-бір дұрыс талап екеніне, онсыз бас-аяғы түзу аударманың шықпайтынына көзім жеткен. Бір сөзге, бір сөйлемге бола күніне қырық қырқысып, даусымыз қарлығып, құлақ қызарғанша таласып, бір-бірімізден аттонымызды ала қашқан кездер аз болмаған. Ертеніне қайтадан табысып, нық тіресіп, үстелдің қасында терлеп, аһылап-уһілеп, қағаздың бетін екі жақтап сызғылап, қиыр-шиыр ететінбіз. «Әй, осы сұрланып алған қазақ менің қанымды ішпей тыншымас» деп мен қапаланамын, «оу, осы бір неміс неге тұтанбайды, неге ышқынбайды?» деп Әбен іштей ренжиді. Кейде мен өзімді құлдықта жүргендей сезінетінмін. Сүйтіп қикалақтап отырып, трилогияның да, дилогияның да, очерк-мақалалардың да түбіне жеттік-ау! Жетпіске тақағанда уф-ф деп есімді әрең жинадым. Ой, несің айтасыз, Әбенмен бірлесіп істеген кездерім тамұқтың ар жақ-бер жағы еді ғой. Бірақ қуанған шақтарымыз да болды, азапты ісіміз нәтижесіз, абыройсыз болған жоқ. «Басы қатты болса, аяғы тәтті болады» демеуші ме еді қазақ? Мен үшін бұл қаһарлы күндер ұлағатты мектеп болғанын жасыра алмаймын.

Юрий Казаков пен Анатолий Ким де аянған жоқ. Біздің аудармамызды жөнделді, қырнады, түзеді, көркемдеді, ойнатты, орыс тіліне әбден бейімдеп, икемдеп-ақ бақты. Әбен оларды да біраз алқымдады, жанын сықты. Бірақ еңбектерін бағалады, жақсылығын аяған жоқ.

Иә, «тіл өнері дертпен тең» деген бекер айтылмаған. Ал жазушылықтың зейнегінен бейнеті көп болатыны маған көптен аян.

Біреп мысал келтіре кеткенім жөн болар. «...Ортада кірпік қақпай қаздып алған қайкы төс қара шал...». Бұл бір сөйлемнің ішіндегі бір тіркес қана. Бірақ жанды сурет, мінездеме. Бір «шалға» төрт түрлі мінездеме бар. Орысшалап көріңіз, кәнеки! «Кірпік қақпай», «қайкы төс» дегенге балама табарсыздар-ау, ал «қаздып алғанды» не дейсіз? Ең аяғы «қараны» қайтіп бересіз? «Черный» дейсіз бе, «чернявый», «смуглый» деп жазасыз ба? Біреуі де лайық емес! Ойланасың, ізденесің, қиыстырасың, әрі-беріден соң бірдемені құрбандыққа шаласың, тастап кетесің. Міне, сөз сайын бір кедергіге тап боласың да отырасың. Жолма-жол аудармашы сен шешімін таппасаң, көркем аудармашы, басқа тілге тәржімашы да, сарапшы редактор да жаңылысады, төл мәтіндегі шынайы ұғымды тап баспайды, «опщым ғаторый» қылып, үфит-сүфиттеп шығады, төл нұсканың мәнін жоғалтады.

«Аңғал-саңғал адыра дүнненің түбіне жете алмай, пұшайман болып өткен ата-бабалар сияқты бүгінгі ұрпақтың да қарық қылмасы белгілі болды».

Сырттай қарағанда қарапайым ғана, қитұрқы астары жоқ сөйлем. Ал орысшалайық. «Аңғал-саңғал» қос сөзіне нендей балама бар? «Адыра дүннені» – проклятый, лживый, фальшивый, вздыбленный, ощетинившийся, распolzший, опрокинутый, перевернувшийся мир дейміз бе? «Пұшайманды» не десек екен? «Қарық қылмасы» орысша қалай болады? Бұл жеке-жеке тіркестерді бірдеме қылып, орысшаланғаннан кейін бас-аяғы бүтін сөйлемді қалайша қиыстырамыз?

Сөз сайын, сөйлем сайын аудармашыны аяқтан шалатын жұмбақтар осындай.

«Қан мен тердің» жолма-жол аудармасының «шорнабайы» қайда қалғанын білмей, өкініп жүрмін.

Әбен екеуміздің сонау 1963-68 жылдары қатар отырып жасаған қиямет ісіміздің нобайы көп нәрсеге көз жеткізген болар еді. Ісіміз көбінесе киын жүретін. Он-он екі сағат ташжылымай отырып, кей күндері бір абзацпен шектелетінбіз. Мен жасаған аударманы екеулеп түпнұсқамен салыстырамыз, жөндейміз. Шымшытырық, әбден умаждалып, быт-шыты шыққан сөйлемді Әбен ерінбей-жалықпай әдемілеп көшіреді. Әбеннің орысша сауаты мықты деп айта алмаймын. Орысша, қазақша грамматикадан тіпті мақұрым. Жұрнақты жалғаудан айыра алмайды. Сабактас, салалас, аралас сөйлем дегенді өмірі естіген емес. Жазу ережелерінің бәрін белден басып жүре береді. Бірақ бір нәрсені сезеді, аңғарады. Жат, бөтен сөзге жаны қас. Көшіріп отырып күрсінеді, күніренеді. Бір сөзге екінші сөзді мінгестіріп, оны іле-шала сызып, тың сөз іздеп, сызғылайды келіп, өзін де, басқаны да әуре етеді. Шыдамдылығында шек жоқ. «Адамдар маймылдан жаралған деуші еді. Сіз Құдай біледі, түйеден жаралғансыз. Кәдімгі Аралдың көнбіс түйесінен». – деп ара-арасында қырсығып, китығына тиемін. Сонсоң Әбеннің әдемілеп, тәптіштеп көшіргенін мен одан бетер әдемілеп, тасқа басқандай қылып көшіремін. Ертеңіне тағы шимай-шимай етеміз. Енді бітті-ау, бір қалыпқа келген шығар деп мәз боып отырғанда Әбен дәу қызыл қарындашпен өші бардай әлгі машақатты абзацты өршелене сызып, «согласись, бала, осының өзі түкке қерегі жоқ» дейді. Сол кезде мен жарылып кете жаздаймын. «Апыр-ай, қерегі жоқ болса, пәлен күннен бері несіне ақ тер, көк тер болдық?! Қайран еңбегім-ай!...»

1964 жылдың жазында Арал теңізінде, Тұшыбастын жағасында бір жарым айдай жатып, аудармамызды

карадык. Сонда Әбен орысша баламасы аныкталмаған ұғымдардың сөзтізбесін жасады. Соның бір парағы таяуда қағаздарымның арасынан шықты. Біз сол кезде төмендегі сөздерге балама таба алмай киналған екенбіз: косүрей, кыпылықтау, безеріп, безбүйрек, босансу, дініне берік, құян, шімірікпеді, желігу, кіжініп, занғар, зығырданы кайнап, маукын басты, мүләйімсіп, елендеп, езіліп отырды, түтігіп, томсырап, сазарып, солкылдатып сорды, жөңкіп, сығып, тағысын тағылар. Кейбір сөздерге жақшаның ішінде я менің, я Әбеннің колымен жазылған орысша түсініктемелер бар, бірақ біздер оларға сол кезде канағаттанбаған болуымыз керек. Тағы бір беттерде керек болар-ау деген пиғылмен орыс жазушылары Лесковтан, Астафьевтен, Беловтан, Распутиннен, неше түрлі сөздіктерден көшіріліп алынған сөздер мен сөз тіркестері жүр. Солардың біразын аударма мәтініне кіргізген де шығармыз.

Біздің шығармашылық лабораториямыздың көрінісі, міне, осындай. Әрине, бұл аударма саласындағы бірден-бір дұрыс жол деп аки-таки қорытынды шығармаймын.

Ал одан көп жылдар бұрын (50-жылдардың басы болуы керек), Әбен Мәскеуде оқып жүргенде профессор Машановтың «Русско-киргизский словарь» (*Орынбор, 1899 ж.*) деген еңбегін колға түсірген екен. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапханадан ба, әлде Орталық кітап палатасынан ба, білмеймін. Машановтың сөздігі Әбене қатты әсер еткен болуы керек. Өз колымен бірде қарындашпен, бірде қаламмен он бес беттейін көшіріп алыпты. Онысын дәптер қылып, сыртына көзілдірік киген бір адамның суретін салып (Машанов па, әлде көшірушінің өзі ме?), ұзақ жылдар бойы парактаған

сиякты. 1964 жылы сол дәптер менің қолыма тиген. Содан бері менде сақтаулы. Түбінде Әбеннің мұражайына табыстырамын.

Машановтың кітабын өз басым көргем жоқ. Білетінім – Әбеннің көшірмесі. 107 жыл бұрын жарық көрген сол сөздіктен бірер мысал келтірейін

Слямзить, стибрить – жымқыру

Монтаны, жәдігөй – притвора, лицедей, ханжа, лицемер

Провал – жар, нұра, ойылған жер

Бедовый – пәлекет, пәле

Сальник – шарбымай

Сословие – сой

Доморощенный – қолтума

Жеманный – көлгір

Исповедение – тоба қылу

Кила (у баранов) – қортық, (у людей) – жарық.

Сочельник – шек

блуд – зина

тотюшки – алди

тетива – керіс

болото – қопа

топь – батбақ

отава – шөжік

пигалица – тарғақ

пирог – бұрманан

червячка заморил – жүрек жалған алды

разругали на все корки – ит терісін басына қаптады

челобитие – аяққа бас ұру

акация – шепірішін, шығыришын

типун тебе на язык – тіліңе түйме шыққыр

удод – бәбісек

геенна – тамұқ оты

мыслитель – ойшыл, ойгер, білімпаз, білгір, зиялы,
оқымысты, ғалым, дана, данышпан, кемеңгер, ақылман
гриф – күйіген

кобчик – жағалтай, түлігын

откладывать в долгий ящик – сиырқұйымышақтату
благоволение – марқаматы түсу

вид – түр, кескін, сиық, сымбат, тұрпат, келбет,
нобай, нұсқа, көрік, әлпет, шырай, рең, тұлға, ұсқын,
айбар, ныс, кейіп, сұрық, ажар, мүсін, пішін, бейне, сын,
өң, көрініс, тағысын тағылар.

Тоқтатайын. Байқадыңыздар ғой, бүгінде беймәлім профессор Машанов осыдан жүз жылдан астам уақыт бұрын орыс пен қазақ сөздік қорын терең меңгеріп, небір сирек кездесетін сөздерді маржандай теріп, тізіп, соларға балама іздеген. Сол қасиеті, сол ерекшелігі, тілге деген ыждаһаттылығы жазушылықты армандаған жас Әбенді (Нұрпейісовты) де тәнті еткен. Тіл өнерін игерем деген адамның талабын, ұлағатты, үлгілі әрекетін осыдан-ақ байқамаймыз ба?

* * *

Қазақ тілінің өркендеп, өсіп, дамып, ішкі қуатының мейлінше ашылып, табиғаты айқындала түскен тұсы әсіресе орыстың классикалық прозасын аударуда көрінеді. Қазақтың бұл саладағы көрнекті шеберлері оқырман қауымға кеңінен танымал. Мысалы, біздің заманға жақындатып айтсақ, еске ең алдымен майталман аудармашылар – М.Жанғалин, Н.Сыздықов, Х.Сыздықов, Ж.Ысмағұлов, Ә.Жұмабаев, К.Юсупов, Н.Шәкеев түседі. Бұл азаматтардың аудармашылық өнері арнаулы зерттеу, диссертацияларға азық бола алады.

Толстой. Достоевский. Тургенев. Чехов. Шолохов. Леонов. Паустовскийдің шығармаларын казакша сөйлеткен аудармашылардың еңбегі ерен. Табиғаты, құрылымы, сөз саптауы бөлек, бай, құнарлы тілге бояуы канық, дәлме-дәл я сәйкес балама табу – сирек өнер. Соған казак тілінің байлығы, күш-құдіреті, бояу-өрнегі, бейнелілігі, өресі әбден жетіп жатыр екен. Біздің кәсіби аудармашыларымыз осыған көзімізді жеткізді. Бұл сайып келгенде, ұлттық мәдениеттің шынайы деңгейін айғақтап, паш етпей ме?

Былыр қолыма Исай Калашниковтың көлемі 74 (!) баспатабақ «Жестокій век» деген романының казакшасы тиіп еді. Қазакша атауы «Сұм заман», тәржімасын жасаған **Нұрғазы Шәкеев**. Баяғыда романның түпнұскасын оқығанда, мен оны конспектілеп, аударуға қиын-ау деген сөз бен сөз тіркестерін көшіріп алып едім. Енді сол үзінділер казакшасында қалай шықты екен деп қалыңдығы бір қарыс екі томды парактағанда байқағаным: аударма жатық, кейіпкерлері шынайы казак тілінде сөйлейді, оралымдары, тенеулері ырғақ-макамы, баяндау тәсілі түпнұскадан бір де кем емес, тіпті ең қиын деген жерден кәнігі аудармашы мүдірмей, сүрінбей өтіп, әдемілеп қиыстырып, нанымды, ақылға қонымды, жүрекке жылы тиетіндей қылып аударған. Әр жерін оқып сүйсіндім, аудармашының тапқырлығына иландым, салыстыра отырып, нақты мысалдар келтірейін десем, онсыз да ащы ішектей шұбатылған мақалам тым жайылып, ұзарып кететін түрі бар. Ойыма келгені: осындай ерен еңбекті тілші студент, әдебиетші магистрант, аспирант, диссертанттар егжей-тегжейлі талқылап, терендеп зерттеп, зерделесе, нақты мәні бар, ұлағатты шаруа болар еді-ау...

7. Қазақ сөзінің орыс мектебіндегі хал-ахуалы

Қазақ тілін тереңдетіп оқыту, мемлекеттік тілді жаппай игеру, ұлттық сананы оятып, жаңа сатыға көтеру – бүгінгі күннің көкейтесті талабы. Оны айтуда, жазуда кемшілік жоқ. 15-17 жылдан бері әләулетіп келеміз. Халәуләйіміз тағы бар. Кемшілік осы бір мемлекеттік мәні бар тұғырнаманы нақты іске асыруда екені бәрімізге аян. Сөзіміз ұзын, ісіміз қысқа. Қазақ тілін мектепте оқытуда неше түрлі келеңсіздіктер мен сорақылықтар бастан асып жатыр. Мамандар аз, оқулықтар жетіспейді, әдіснаманың деңгейі төмен, ынта, зейін, жігер, ниет те жоқтың қасы, қазақ мектебінің шәкірттері (әсіресе, қалаларда) тек сабақ кезінде қазақша сөйлеген болады, ал үзілісте, көшеде, тіпті отбасында әке-шеше, ата-әжесімен жаппай орысша шүлдірлейді. Нәтижесінде қазақша сөз саптауы сараң, жұтаң, қасаң, сөздік қоры мардымсыз, кедей, тілі шұбар, мақамы, сөйлем құрылымы орысша болып шығады. Біздің халық қалаулылары, билік басындағы «дөкейлер» қазақшалап: «Мен ойлаймын, что біздің халық коленнен тұрады», – деп қымсынбай, қысылмай теледидар, радиодан төпей береді. Орысша ойлап, қазақша миңгірлеген түрі. Атасы басқа базбір әкім сөз басын: «Кхадырли кхаум», – деп бастаса, қазақтар соған мәз болып, ду қол шапалақтап, «әй, мынауың қазақпаға сұдай ғой, ағып тұр ғой, төбесі тесік екен ғой» деп көтермелеп, мактап қояды.

Орыс мектептеріндегі қазақ тілінің сабақтары да осы деңгейде. Аптасына екі сғаттан қазақ тілін он жыл оқыса да, әр ұлтты балалар (ішінде, әрине, қазағы да бар) қазақша екі сөздің басын да құрай алмайды.

Орыс мектептеріндегі қазақ әдебиетінің халі тіптен мүшкіл. Қазақ әдебиетінен сабақты кеше ғана орыс

әдебиеті пәнінің оқытушылары жүргізетін. Олардың қазақ әдебиетінен аз да болса мағлұматы болатын. М.Сильченко мен Н.Смирнованың ескіріп қалған оқулықтарының орнына Ш.Сәтбаева мен Х.Әдібасвтың оқулығы, хрестоматиясы келді. Ол оқулықтар заман талабына сай болатын, ғылыми, әдіснамалық деңгейі жоғары еді. Орыс әдебиетінің оқытушылары сүйтіп қазақ әдебиетінен де әжептәуір қаруланып, сауаттанған-ды.

Енді соңғы бір-екі жылдан бері орыс мектептерінде қазақ әдебиетінен сабақты қазақ тілінің мамандары қазақша жүргізетін болды. Құптарлық жай! Ешкімнің таласы жоқ! Әрине, қазақ әдебиетін қазақ мұғалімдері қазақша оқытса, ғажап емес пе?

Бірақ, нәтижесі қандай? Сабақта қазақ мұғалімі қазақша сөйлейді. Орыс мектебінде бір сыныпта орыс, қазақ, ұйғыр, дүнген, кәріс, неміс, еврей балалары аралас оқиды. Орта есеппен бір сыныптағы отыз баланың көп болса бес-алтауы ғана қазақша еміс-еміс бірдеме түсінеді, я түсінген болады. Қалғандарының мұрнына иісі де бармайды. Ауызын ашып, көзі жасаурап, есінеп отырады. Ал не ұттық?

Орыс мұғалімдерінде тым болмаса тәп-тәуір бағдарлама, оқулық, хрестоматия, әдіснамалық қосалқы әдебиет-құралдар болатын, ал қазақ оқытушыларында орыс мектебіне арнайы қазақ тілінде жазылған бірде-бір оқу құралы жоқ. Сонда бұл маман не істейді? Орысша жазылған оқулықтарды шама-шарқынша қазақшаға аударып, бірдемені құрастырып айтқан болады. Оның айтқанын сыныптың 90 пайызы құлағына да ілмейді. «О чем апашка говорит?» – деп бір-біріне жаутаңдап қарайды.

Міне, біздің «рипормамыздың» түрі осындай. Идея дұрыс, ісіміз бұрыс. Дайындықсыз басталған істің

пәтуасы жок. Нәтижесінде орыс мектептерінде оқып жүрген милләті әртүрлі шәкірттер мағлұмат алуы былай тұрсын, казак әдебиетін тілімен қоса жатырқай, жақтырмай, менсінбей, келемеждей қабылдайды.

Біздің көздегеніміз осы ма еді? Мемлекеттік тілдің қадірін, абыройын, беделін мынадай жолмен қайтіп көтереміз? Жоғарыдан түскен жөн-жосықсыз қаулыдан жібі түзу іс шығушы ма еді? Сүйтіп жүріп, алқақотан жиналыстар өткіземіз, құлаш-құлаш мақала жазамыз, саны көп, сапасыз конференцияларда өңешімізді жырта сөз сөйлейміз, бір-бірімізді қайрап, үгіттеп, жағадан алып, атой саламыз, елді дүрліктіреміз, мемлекеттік тілдің көсегесін көгертеміз дейміз, тіліміз құрыды, ұлтсыздандық, тамырымыздан қол үздік, мәнгүрт болдық... ой-бой, көз жасымызды көлдей қыламыз. Ал одан мүйіз шыға ма? Нақты жұмысты отбасынан, балабақша, мектептерден бастап, өзін казак деп жүрген терісі қалың «жуандарды» сілкілемейміз бе? Германияда ана тілін білмейтін қай неміс лауазымды қызметте жүріп, халықтың қалаулысы болып, парламентте отыр? Қай неміс, қай француз орысша сөйлеп, жазып дана болып жүр? Осы жағдайға да бірауық назар аударып көрейікші...

8. Түйін

«Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын» деген рас болып шықты. Мақаласын казакша жазған немістің де сөзі бұл жолы ұзын болды. Бірақ, басы бар сөздің аяғы да болуы керек емес пе? Тіл мәселесінің барлық қырын, әлбетте, бір мақалада қамти алмайтының хақ. Жоғарыда айтқандарымның токетері мынаған саяды:

Алғашқы казак сөзін мен 1941 жылы күзде Есіл бойындағы шағын ауылда естідім, содан бері 65 жыл

бойы мені казак тілінің тұңғыш мұхиты қоршап келеді. Мен бұл тілдің байлығына, қуатына, шымырлығына, көркемдігіне, ырғағына, мақамына, әуезділігіне, басқа тілдерге берілмес әдемілігіне қайран қалып, қуанамын. Мен бұл сөздерді казак тілінде жазып, казак және неміс прозасының 25-30 томын орыс тіліне аударған әдебиетші ретінде айтып отырмын. Көшпелілер жүздеген жылдар бойы өз тілін «сылдырлап өнкей келісімге» (Абай) дейін үздіксіз дамытып, оған поэтикалық сипат беріп, өздерінің еркіндікке үйренген рухының субстанциясына айналдырған.

Бір сөзбен айтқанда, казак өз сөзін құдірет тұтты. Бұны Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке бидің шешендік сөздерінің даналығы мен көркемдігінен, акын-жыраулардың поэзиясынан, Абай, Махамбет, Ілияс Жансүгіров, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезовтің шығармашылығынан көруге болады. Тіпті күнделікті тіршілікте қарапайым сөздер қолданып, тік, жұпыны, қасаң сөйлеуді казак кешірілмес кемшілікке тенеген. Қазак о бастан әдемі, сөздерді ойната, түрлендіре, майын тамыза, құбылта ұйқастыра сөйлей білген. Қазак тілі, сайып келгенде, нағыз дипломатия тілі. Осыған байланысты Қазакстан Сыртқы істер министрлерінің бірінің «дипломатиялық қызметке казак тілі керек емес» деп байқаусызда айтып қалған сөзін қайғылы да ренішті қателік деп санаймын.

Әттен... Қазак тілі кейінгі кезде біркатар қоғамдық-әлеуметтік себептерге байланысты көрер көзге кедейленіп, жұпыныланып, қарабайырланып, неше түрлі кірме сөздердің ықпалына түсіп, кезіндегі әдемілігінен, әсем кейпінен, бейнелігінен, халықтық шынайы құрметтен әжептәуір алшақтап қалды.

Сондықтан да қазір оған карапайым тілдесу құралы ретінде ғана қарайтындар көп.

Өкінішті-ақ... Алайда соңғы үш-төрт жылдан бері қоғамдық санада қазақ тілі жағдайының біршама жақсарғанын айта кеткен де ләзім. Жағдай нашар деп ауызды қу шөппен сүрге беруге де болмайды. Қазақ тілі қазірде аясын біршама кеңейтіп, канат жайып, толық мәнде мемлекеттік тіл бола алмаса да, өз орнын біртіндеп тауып келе жатыр.

Айтпақшы, қазақ сөзі туралы мен жеке кітап болып шыққан эссе жаздым (*«Қазақское слово», Астана, «Елорда» 2001*), сонымен қатар ол еңбегім «Гармония духа» (*Москва, «Русская книга», 2003*) деген жинағыма енді. Кітапшам интернетте де жайғасты.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, келесі мәселелерге назар аудармақпын:

1. Туған тіліне жаны ашығандарды шынайы қолдаймын. Өз тілінді сақтау үшін қолдан келгеннің бәрін жасау керек.

2. Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес. Тілдің өзіндік жаны, рухы бар. Тіл барда, сен барсың. Туған тіл – сенің жаның, тағдырың. Онсыз жаны жоқ кемтарсың.

3. Кінәліні шеттен іздеме. Себеп-салдарды өзіңнен көр.

4. Туған тілдің қайғылы тағдырына орыс тілі кінәлі емес. Тіл мен саясатты шатастырма.

5. Пушкиннің орыс тілі туралы айтқан сөздерін жадында сақта. «Ол тек өзі ғана біздің бақытсыз отанымыздың меншігі болып қалады». Қазақтың да жалғыз меншігі – ана тілі.

6. Жаһандық үрдістерге беталды беріліп кетпе. Жаһандануға асықпа. Оның уақыты келер. Өз тілінмен.

ұлттық мәдениетіңмен соңына дейін бол. Олар сенін қорғаның.

7. Қазаққа ағылшын, неміс, француз болу шарт емес. Қазақ қазақ болып қалуы керек. Бұл сөз бәріне де қатысты.

8. Ешкімге ұқсауға тырыспай, өзіндік қасиеттерінді ұстану керек.

9. Мәңгірт болма. Түп-тамыры жоқ ада қазақ болма. Шала қазақ болма. Таза қазақ бол. Бұл барлық ұлттарға да қатысты.

10. Бұған дейін бар пәле кітаптардың, оқу құралдарының жетіспеушілігінен деп келдік. Қазірде бұның бәрі бар. Алайда, ақын әрі депутат Мұхтар Шахановтың айтуынша, 3-3,5 миллиондай қазақ өз тілдерінен айырылған. Бұл неліктен болып отыр? Не жетіспейді?

Мен айтар едім, жетіспейтіні – ұлттық сана мен Ар-Намыс...

...Мақаламды осы жерден үзіп, бітірмекші едім, бірақ ойыма Мағжанның қазақ тілі жайындағы сөзі қайта-қайта орала береді.

Мағжан Жұмабаев былай деп еді:

«Тіл әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы.

Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей

тымьқ, біресе құйындай екпінді тарихы. сары далادا үдерекөшкентұрмысы. асықпайтын-саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кен. Тілі де бай. Осы күні түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлесеміз деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші, қазақ тілін қолданбақшы.

Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік тілінің келешек тарихында қазақ ұлты қадірлі орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік.

Жарық көрмей жатсаң да

Ұзақ, кең тілім.

Таза, терең, өткір, күшті,

Кең тілім.

Таралған түрік балаларын бауырыңа

Ақ қолыңмен тарта

аларсың, сен тілім».

Бұл сөздер алтын әріппен кестеленіп, әрбір қазақ үйінің төрінде ілулі тұруы керек.

Мағжан бұл пікірді «Педагогика» атты еңбегінде 1922 жылы айтқан. Арасына 84 (!) жыл салып, бір әрпін де өзгертпей мен сол дәйексөзді қайталап келтіріп отырмын. Енді жүз жылдан соң бұл жүрекжарды ой-арманды қазақтың көзі ашық тағы бір баласы еске алып, қандастарының жүрегіне от салып, намысын оятар деп сенемін.

10-20 маусым, 2006 жыл.

«Заманбекнің, ешкім де жоя алмайтын»

*«Қазағымның бай тіліне
Тәңірімдей сыйындым!»*

Мұны айтқан мен емес. Ол! Имандай, жүрекжарды сөзі. Жалғандығы, қоспасы жоқ, шынайы түйсігі. Әңгіме де автордың бітім-болмысы жайында емес. Аудармалары жайында болмақ. Шығармашылығы төңірегінде өрбімек.

Оппозициялық жиындарда қалың жұртты қыздыра сөйлейтін, тіпті ашықауыздарды корқыта, үркіте, шошыта білетін, сұм-сұрқия саясаттың түбін түсіретін бұл азаматтың Хафиз, Рудаки, Омар Хайям, Руми, Сағди жайында терең толғанып, орыс поэзиясының дүлдүлдерін казакшаға тәржімелеуі маған біртүрлі қиыспайтындай, сенімсіздеу, жұмбақтау болып елестейтін. Е-е... мазасыз жұмыстан алыстатылған, биліктің қаһарына ұшыраған, бірбеткей, қайсар жанның, қамаудағы жаралы арыстанның жәй әншейін ермегі, хоббиі, құмарлығы болар деген ой келетін. Өлеңмен ауырмаған казак, мен білерде, шамалы ғой.

Кейінірек, қаза болардан шамалы уақыт бұрын, маған арнайы жіберген, дизайны, ою-өрнегі, өң-пішіні келіскен жыр кітабын парактап отырып, алғашқы жаңсақ пікірімді күрт өзгертуге мәжбүр болдым.

Әрине, кәсіби ақын емес. Әдебиет деген ауылдан алыс қонғанын өзі де мойындайды. «Көркемдік деңгейі жағынан олқы соғып жатуы да мүмкін» дегенді оқырман қауымға алдын ала ескертеді. Дегенмен, поэзияда кездейсоқ жолаушы емес екен. Көркем сөзге, ақындыққа жасынан құмар екен. Жаны да нәзік. Түйсік-түсінігі біршама. Ішкі дүниесі бай. Былай дейді: *«Менің Шығыс жырларына деген құмарлығым сонау балалық шақтың бал кезінде оялды. Кейін ержестіп, ат жалын тартып мінген азамат болсам да, әдебиетке деген құмарлығым еш суыған емес. Үш қайнаса сорпасы қосылмайтын басқа саланың адамы болсам да, қазақтың ақын-жазушыларының үздік шығармаларын тауып алып оқитын едім. Оның үстіне өзімнің де өлең жазуға ынталы бар-ды».*

Шығыс ақындарына ол неліктен сонша әуес болды? Жауабын тыңдайық:

«Хафиз Ширазидің, Омар Хайямның, Сағдидің, тағы басқа шайырлардың газалдары мен бәйіттерін қайталап оқи беретін болдым. Олардың жырларындағы құдіретті күшті тұлға бойыммен сезіндім. Бұл жырлардағы өмірге деген махаббат, аруларға деген мөп-мөлдір сүйіспеншілік, сол дәуірдегі халықтың тұрмыс-тіршілігі, ел билеген шахтардың әділетсіздігі, мұсылман дінінің құдірет-күші, қым-қуыт өмір көріністері ХХІ ғасырда өмір сүріп отырған мені қатты толғандырып, әртүрлі ойға қалдыратын».

Иә, түсінікті. Бұл – себеп. Ал салдары ше?

«Қаниша жүрексінем де, қаниша өзімді сабырға шақырсам да, мені еркімнен тыс сүйреген ғаламат күш қолыма қалам алдырып тынды».

Поэзияның бұл ғаламат күшін мен екі жыл бұрын Алматыда шыққан «Шығыс жыры. Орыс жыры.

Шындық жыры» деген кітаптан байқап отырмын. Енді осы кітап жайында нақтылау айтайын.

* * *

Кітаптың бірінші бетін автор қызыл сиямен өрнектепті. Жазуы таска баскандай: анық, ашық, айқын.

«Аса құрметті Герольд аға!

Хафизді оқып шығып, ұлы француз жазушысы Луи Арагон: «Воспевайте только любовь, остальное все преступление!» – депті. Мен оны:

«Тек махаббат алғаным, Қылмыс деймін қалғаным!» – деп айтқым келеді.

Шын жүректен және ізетпен

Заманбек Нұрқаділов.

25.05.05 ж. Үй тел: 60-77-77.

Алматы қаласы».

Бары осы. Мен бұл арнаулы Зәкеңнің аманаты деп қабылдадым.

* * *

Қазіргі казак ақындарының көбін Зәкең біледі екен, қадағалап оқиды екен. Ерекше ілтипатпен **Иран-Ғайыпты, Исраилды, Серік Тұрғынбековті** атайтын. Біраз ақындардан көңілі қайтқан екен: анау үндемей кетті, мынау байып алып, тоқырады, тағы бірі өзін-өзі қайталаумен, күйіс қайырумен жүр. енді біреу ода арбалап, саудаға көшкен, анасы сөз ойнатып,

жаңылтпашпен айналысып кетті... *«Бұл күнде сенетін адамың да қалмады. Ашық сөйлесуің де қиындады. Мына кітабымды да төрт-бес адамға ғана беремін».* Кітабын сыйлайтын төрт-бес адамның атын атады.

Даусы әлсіз шықты. Өмірден түнілген, шаршаған адамның кейпі. Сөзінің бәрі жан сыры сияктанды. Ойыма Абай орала кетті: «Моласындай баксының жалғыз қалдым, тап шыным!». Бір таныс жазушының сөзі еске түсті: «Бәрі бар, бірақ ештеңе жоқ». Расұл Ғамзатов та үйіне телеграмма соккан екен: «Сижу в Президиуме, а счастья нет». Сол жалғыздық Зәкене де кісен-бұғау болған екен...

Заманбектің кітабы қалай құрастырылған? Мазмұнына сәл ғана тоқтайық. Кітап үш бөлімнен тұрады: Шығыс жыры; Орыс жыры; Шындық жыры. Бірінші бөлімін Хафиз, Омар Хайам, Жәләләддин Руми, Омар ибн Әби Рабиа, Әбу-әл-Атахия, Әбу-әт-Тайиб әл-Мүтәннаби, Әбу Абдулла Рудаки, Сағдидің аудармалары құрайды. Екінші бөлімге Зәкең тәржімелеген А.Пушкиннің, М.Лермонтовтың, Н.Гумилевтің, И.Северяниннің, Аф.Феттің жиырмадан астам шығармасы енген. «Шындық жыры» бөлімінде автор өзінің отыз екі өлеңін берген. Кітаптың авторлық алғысөзі бар. Кітап жақсы безендірілген. Көлемі 25 баспа табаққа жуық. Таралымы – үш мың дана. Өлең кітабы үшін тәуір көрсеткіш.

Аудармашы өз шамасын білген. Шығыс пен орыстың ұлы акындары Зәкене дейін де сан рет казак тіліне аударылған. Және де оны қандай акындар аударған десенізіші! «Солай бола тұрса да бұл жағынан да өз күшімді сынап көрмек болдым», – деп ағынан жарылады тәржімеші. Еркін аударғанын баса айтады.

«Шығыс акындарын мен орыс тілінен аудардым ғой. Араб, парсы тілдерін білмеймін. Шіркін, маған сол тілдерден біреу жолма-жол аударма жасап берсе! Мен сол адамды соавторлыққа алар едім», – деген еді маған Зәкен.

Қалай болғанда да, Зәкең аудармашылық өнерін асыра бағаламаған. Алғысөзінде былай дейді: *«Сөз жоқ, Шығыс жыры, оның ұлы тұлғаларының әлем әдебиетінен алатын орны ерекше. Бұл жөнінде Гетеден бастап, Пушкин, Лермонтов қостап, аузы дуалы ұлы ақындар небір гажайып сөздер жазып кеткен. Менің олардан асып ештеңе айта алмайтыным да рас. Өз басым керемет әдебиетші, ақын-жазушы болмасам да, әдебиет сүйетін қатардағы бір адам ретінде кез келген қаламгердің тісі бита бермейтін үлкен іске барғанымды қалай бағаларымды білмеймін. Оның төрешісі – өздеріңіз, қадірлі оқырман».*

* * *

Мен де төреші бола алмаймын. Шын мағынадағы кәсіби төреші болу үшін мен ең алдымен жоғарыда аты аталған Шығыс акындарының орысша тәржімелерін тауып алып (түпнұскасын болса да оқи алмаймын ғой), әрбір ғазалын, рубаятын қазақша аудармасымен мұқият салыстырып, мазмұнын, философиялық мәнін, астарын, көркемдік ерекшеліктерін айқындап, синтаксистік, морфологиялық, фонетикалық талдау жасап (академик Л.В.Щербаның жүйесі бойынша), шығармашылық-өркеніет деңгейінің анық-қанығына жетуім шарт. Ол дегенің — машакат шаруа. Онда менің мақалам ерен

зерттеу еңбекке, трактат, диссертация, монографияға айналып, оқырманды әбден мезі кылар еді.

Менің алдымдағы мақсат басқа: Зәкеннің бізге қалдырып кеткен әдеби кітабына оқырманның назарын аудару. Зәкеннің шығармашылық істеріне көңіл бөлу, қал-қадарымша аталмыш кітаптың есімін жаңғырту, талантты адамның ішкі нiрiм-құбылыстарына үнiлу.

Сондықтан бiрнеше нақты мысалмен шектелмекпiн.

* * *

Зәкен еркіндеу аударған. Өзіне оңтайлы қалыпқа салған. Салыстырып қарағанда көз жеткізгенім – Зәкен газал, рубаяттардың рет санын сақтамаған, оларды өзінше бөлшектеген, айталық, бір рубаяттың бір жолы аудармада екінші рубаятка ауысқан, орысша нұсқасы мен казакша аудармасы кейде сәйкес келіп, кейде қабыспай қалады. Кітапта төрт жолдық шумақтар бөлінбей, ажырамай, тұтас өлең түрінде беріледі. Кейде бір өлеңде төрт-бес, я тіпті сегіз-тоғыз рубаятты бір-ақ кездестіреміз. Рубаяттардың орысша-казакша мазмұндас жақындығын, туыстығын іздеп әуреге түсесіз. «Осы ма? Осы емес пе?» деп таңғаласыз. Қазакшасын жеке-дара оқысаңыз тәп-тәуір, жатық, әуені жақын, «теп-тегіс, жұмыр келген айналасы». Орысшасын іздейсіз, бірдемелер бөлектеу, өзгешелеу, басқашалау сияқты.

Омар Хайамның мына рубаятын тындап көріңізші:

Таңсаріде оянады –

гүлім менің,

Самал желмен боянады –

гүлім менің,

Жаңа ғана ашылды –

гүлім менің,

Бақыт нұры шашылды –

гүлім менің...

Каһар әрең басылды –

зұлым ба едің ?

Біз білетін Омар Хайамның таныс әуені, жағымды мақамы. Жүрекке жылы тиеді. Солай емес пе?

Бірақ, орысшасын қанша ақтарсам да таба алмадым. Дерегі маған бейтаныс. Сәл күмәнділеу болып тұрғаны – соңғы бесінші жол. Рубаяттың ежелгі түріне, табиғатына қисынсыздау келіп тұр. Әлде Зекең белден басып, өзі қосты ма екен?

Шайхы ұрсыпты әйелге:

«Сені құдай атқан шын!

Сен тәніңді саудалап

кіммен кеше жатқансың?!

«Мен, — деп жауап беріпті,

– шынында да солаймын,

Сен бе сонда сатылмаған,

шайхымысың өзің шын?»

Орысшасы О.Румердің аудармасында былай екен:

Блуднице шейх сказал:

« Ты, что ни день, пьяна,

И что ни час,

то в сеть других

завлечена!»

Ему на то: « Ты прав,

но ты-то сам таков ли,

Каким всем кажешься?» —

ответила она.

Зәкеннің аудармасына нақ осы жолдар негіз болды деп айта алмаймын. Бірақ, «блудница» – «әйел» емес, әйел қауымының бір өкілі ғана. Оның қазақша өз атауы бар. «Кіммен кеше жатқансың?» деген де «в сеть других завлечена» дегеннен гөрі тұрпайылау, дөрекілеу естіледі. Поэзия сикыры жоғалып кеткен бе, қалай?

Енді Сағдиден бірер мысал:

Таңғы самал, Ширазға

сәлемдеме алып бар,

Осы жолда шаршамай,

қанатыңды қағып бар.

Сыбырлашы: жалғызбын,

себебін біл қуатын?

Ауа жұтқан балық па?

Толқын ба құм жуатын ?

Орысшасы (В.Державиннің аудармасында):

О утренний ветер,

когда долетишь до

Шираза,

Друзьям передай этот

свиток рыдающих

строк.

Шепни им, что я одинок,

что я гибну в изгнание,

Как рыба, прибоем

извергнутая на песок.

Шынымды айтсам, тек орысшасын оқып шыққаннан кейін ғана қазақшасын түсіндім. Қазақшасы тәп-тәуір сияктанып еді, бірақ бір кілтпаны бар екен. Гәп неде? Таңғы самал Ширазға қандай, кімге сәлемдеме жеткізу керек? Сөйтсе, ақын достарынан айырылып, қуғынға ұшырап, жалғыздыктан құса болып жүр екен ғой. Шумақтың негізгі айтары, лирикалық кейіпкердің

таңғы самалмен жіберген сәлемдемесі де «я гибну в изгнание» дегенге тіреліп тұр ғой. Әттен, аудармада осы жағы көмескілеу шыққан екен.

Енді мына шумаққа көңіл аударайық. Зәкеннің аудармасында Сағди былай дейді:

*Өлсем, сенсіз жұмақ жоқ,
жұмақ берсе төрін де,
Сені көрмей бармаймын,
қалам осы жерімде.
Сенсіз жұмақ тозақ қой,
жұмақ маған тұрақ па?
Өкпелетпес мені Алла,
кездесерміз, бірақ, та.*

В.Державин аудармасында орысшасы былай өріледі:

*Если в рай после смерти
меня поведут без
тебя, —
Я закрою глаза,
чтобы светлого рая
не видитъ.
Ведь в раю без тебя
мне придется
сгорать, как в аду.
Нет, Аллах не захочет
меня так жестоко
обидеть!*

Қазақша аудармасына менің тағар кінәм жоқ.

Дегенмен. Зәкеннің жүрегінің түгі бар екен. Көз жұмып, төуекел етіп, Пушкиннің өзін тәржімелеуге барды ғой. «Татьянаның Онегинге хатын» аударды емес пе?! Абайдан кейін! Ілияс, Қуандықтан кейін! Қалай?! Батылы қалай жеткен?! Мұнысы ерлік емей, немене?! Оны аз десеніз. Михаил Лермонтовтың «Акын өлімін» және «Бородиносын» да казакша сөйлетті. Әлбетте, бұл шығармалар егжей-тегжей талдауға сұранып-ақ тұр. Бұл – кем дегенде магистрлік зерттеудің тақырыбы. Шынында да орыс классиктерінің хрестоматиялық танымал шығармаларын казак акындары қалай, қайтіп аударды? Оларға Заманбек Нұрқаділов үлес қоса алды ма, жоқ па? Аудармашылар додасында өзіндік таңба көрсетті ме, жоқ па? Жан-жақты талқыламай тұрып, мен бұл мәселеге төрелік етпей-ақ қояйын. Ал Пушкиннің екі ертегісін Зәкең қалай аударғаны жайында бірер мысал келтіргенім орынды болар.

Пушкиннің әйгілі ертегісі «Сказка о попе и о работнике его Балде» деп аталынады. Пушкин оны 1830 жылы Болдинода орыс фольклорының желісімен жазған. Орыс ертегілерінің қарапайым, еркін баяндау машығымен («раешный стих») жазылған. Бір оқығаннан есте қалады. Саяси цензура бұл ертегіні попты келемеж етті деген сылтаумен бастырмай тастаған. Пушкин о дүниелік болғаннан кейін, 1840 жылы Жуковскийдің редакциясымен тұңғыш рет жарық көрген. Онда да поп өңі айналып, «Көпес Кузьма Остолоп» болып шыққан. Енді сол ертегінің Пушкин жазған нұсқасын естеріңізге салайын:

Жил-был поп.

Толокошый лоб.

*Пошел поп по базару
Посмотреть кой-какого
товару.
Навстречу ему Балда
Идет, сам не зная куда.
«Что, батька, так рано
поднялся?
Чего ты взыскался?»
Поп ему в ответ: «Нужен
мне работник:
Повар, конюх и плотник.
А где найти мне такого
Служителя не слишком
дорогого?»*

Сырт карағанда казакшалағанға қиын да емес сияқты. Попты амалсыздан поп дейсіз. Молда дей алмайсыз ғой. «Толоконный лоб» дегенді не десек екен? Бұл попқа керемет табылған мінездеме. Орыс поптарының көбі халық аузында «толоконный лоб». Ал, оның мағынасы не? Миғұла, ақымақ, жарымес, әңгүдік. Маған сенбесеніз, Дальды, орыстың академиялық сөздігін қараңыз. «Дуракқа», мен білсем, қазақ тілінде де балама жетіп артылады. Өйткені сол «дорақтардын» неше түрі тек басқа ұлттарда емес, қазақ ішінде де кара шегірткедей өріп жүр. Енді Балданы не істейміз? Балданың орысша мағынасы көп: дылда, болван, балбес, дурень, баламут, ебедейсіз, ұзынтұра, тупица, бестолковый, малоумный, тағы тағылар. Осының бәрін бір басқа жинасақ тұп-тұтас Балданың өзі шыға келеді. Демек, қазақша Балданы өзгеше атаған жөн. Қазақ тілінде оған балама болуы дау туғызбайтын шығар.

Ал аудармашы Зәкең қандай амал тапты? Ертегінің атын «Поп пен қызметші Балда туралы» депті. Мұнда ойнамай тұрғаны, әлбетте, Балда.

Зейін аударыңыз:

Бет-аузы толған әжім

бір поп өмір сүріпті.

Білу үшін базар жайын

саудаласып жүріпті.

Дәл алдында жүрді Балда,

барар жерін білмейтін,

«Не, қасірет, мына таңда

едіңіз бос жүрмейтін?»

Поп айтады: «Іздегенім

қызметші болады,

Аспазшы, атышы, бір

балташы, іздегенім, сал әні.

Сондай жандар маған керек

аз алатын ақыны».

Аударманың баяндау ырғағы түпнұскадан өзгеше екені көзге бірден түседі. Тынысы басқа. Пушкин ауызекі әңгіменің әуенімен суреттейді.

«Бет аузы толған әжім» – Зекеңнің ойдан шығарған мінездемесі. Ол «толоконный лоб» бола алмайды. «Балдаға» да басқа балама сұранып тұр. Ал жалпы нобайы дұрыс деуге болады.

Енді ертегінің орта тұсынан бір мысал келтірейін:

Вот из моря вылез старый

Бес:

«Зачем ты, Балда, к нам

залез?»

– Да вот веревкой хочу море

морищить,

*Да вас, проклятое племя,
 корчить. —
Беси старого взяли тут
 унылость.
«Скажи, за что такая
 немилость?»
— Как за что? Вы не
 плотите оброка,
Не помните положенного
 срока,
Вот ужю будет вам
 потеха,
Вам, собакам, великая
 помеха. —
«Балдушка, погоди, ты
 морицить море,
Оброк сполна ты получишь
 вскоре,
Погоди, вышлю к тебе
 внука».*

*Бірауык казакшасына үніліп көріңіз:
Көк теңізден бір бақырып,
 кәрі сайтан көрінді:
«Балда, тұрсың сен
 шақырып, білмек пе едің
 жәнімді?»*

*«Мына арқан тозімді екен,
 теңізді мен төңкерем,
Байлап алып өзіңді
 мен ат артына өңгерем».*

*«Сонша қандай кінәм бар-ды,
 не бүлініп қалыпты?»*

*«Сенің үлкен кінәң бар-ды
төлемесің салықты».*
*« Сен тұра тұр. оу,
жарқыным, мен төлеймін
салықты.*
*Немереде, оу, жарқыным,
затым ұмыт қалыпты,*
*Қазір келер ол немерем,
сол төлейді салықты»...*

Салыстырдыңыз ба? Не деуге болады? Тұпнұсқаға жақындығы даусыз. Уақиғаның өрбуі казактың байырғы сөз саптауына келеді. «Балдушканын» «оу, жарқыным» болып шығуы – тапқырлық, орынды. «Ат артына өңгерем» дегені казактың құлағына дөп тиеді. Кәрі сайтан мен Балданың диалогы көңілге қонымды. Екі казак сөйлесіп тұрғандай. Ал «қалыпты», «салықты» ұйкасының әлденеше рет қайталануы көзге сүйел.

* * *

Зәкеннің аудармаларынан «Ә, бәрекелді» немесе «Қап, әттеген-ай!» дейтін тұстар көптеп табылады. Қазақша мәтінін оқысаңыз, көбіне-көп риза боласыз. Тұпнұскасына үңілсеңіз – ойланып қаласыз. Ленин мұндай жағдайда айтады екен: «Тұпнұскасын әкеліңіз, сонан соң сөйлесейік», — деп. Бірден-бір дұрыс ұстаным.

Иә, аударма дегеніміз китүркысы көп дүние ғой. Ұтылыс болмай қоймайды. «Перевод – прежде всего искажение» деген Белинскийдің сөзінде мән бар. Зәкеннің аудармаларынан көзге ұрып тұрған өрескел «искажение» таба алмадым. Екі тілді бірдей жақсы түсінген, түйсінген

азамат қой. Табиғат берген қабілетін, мүмкіншілігін көрсете алған. Олқылықтар да ұшырасады.

Енді Зәкең жоқ. Сонда бұл әнгіменің жөні қайсы? Жөні бар. Зәкеңнің өзі жоқ болса да, кітабы қалды. Көп кітаптың бірі емес, сөз етерлік кітап. Үндемей қалғанымыз жарамас, жараспас. «Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» демеуші ме еді Абай? Үлгі үшін рахметімізді айтайық...

* * *

Ежелден, адам баласы жаралғаннан солай: аяғы дүниенің ырың-жырын. Кім болсаң, ол бол. Ләззатты өміріңнің өтеуі болар. Қатан заңдылық сияқты. Ырың-жырың. Тыж-быж. Жалған дүние дегенді қазақ сол заңдылықтан шығарған. Шығармашылыққа бейім, жалпы талантты адамның өмірі көбінесе азаппен бітеді. Тоқырау. Торығу. Уайым. Күмән. Арман. Әурешілік. Күйбең. Амал бар ма?!

Байқауымша, өмір қызығын бір адамдай көрген, кезінде дүниені жалпағынан басқан, өзіне-өзі нық сенімді, асқақ, өршіл, ешбір ноктаға көнбеген, заманның бегі атанған Зәкең де аяғында көп нәрседен түңілген, көңілі пәс тартқан, ой тұңғыығына батқан, күмән азабын татқан.

Төмендегі жолдар сол бір тар кезеңнен көрініс бергендей:

Заманбекпін,

ешкіш де жоя

алмайтын,

Мен де қазақ,

әзірше оянбайтын,

*Бұл елде нақұрыстар
көбейгені.*

*Бәрін сатып,
алтынға тоя алмайтын.*

Ау, жалған!

Бұл не деген бақытсыздық?!

Бағдар — алдау:

жасолымыз — бағытсыздық?

Неміске біз тойындық.

ішіп жедік.

Құры сөз —

Жуындыдай құйған тұздық...

Иә, солай. Мұның барлығы белгілі. Констатация.
Дауың бар ма?

Бірақ неге солай болды? Тәуелсіздікке қолы жеткен халықтың үміті неге аякасты болды? Неге биліктің ұрандары мен казактың жұтан өмірі кереғар? Неге? Неге?

Патшаларға үйреніп

қалдымыз ба?

Не тұрғанын білеміз бе

алдымызда?

Қояйық, қартаң біздер біраз

көрдік.

Өнеге ұрпақтарға болдымыз

ба?

Мұндай сұрақтарды әдебиеттануда «риторикалық сұрақ» дейді. Автордың бұл сұрақтарға жауабы оқырманға сезіліп тұр.

Артықтың тағдырыма

керегі жоқ,

Ғұмырға көңіл қаяу дерегі

жоқ.

*Қайда жүр қуйма құлақ,
еститіндер,*

*Шолдемін, құлазыған терегі
жоқ?!*

Зәкеннің ойы тұйыққа тірелгендей...

*Неге керең болдық біз
кереңнен де,*

*Соқырмыз, түк көрмейтін
соқырдан да?!*

Қайран Заманбек бұл сұрақтарға жауап іздеп, аласұрды. әлдекіммен Дон Кихоттай жағаласты. әділдік іздеді, жанын жеді. Поэзия ауылынан тыныштық, жұбаныш, ләззат, шабыт іздеді. Таба алмады. Көздеген оғы нысанаға дөп тимеді. Қайраты зая кетті. Іс-қимылы жұрттың біразына күмәнді болып көрінді. Ақыры жүрегі кан жылап, ішкұса болып дүниеден озды. сағы сынды.

Зәкеннің қойған сұрақтарына жауап табу келер ұрпақтың еншісінде қалды.

Мұндай жайт Шығыс ақындарын да өз заманында толғандырған екен. Өмірдің қарғыс атқан сұрақтарына (Г.Гейне) олар да жауап іздеп шарқ ұрған-ды. Зәкенді баурап алған, жүрегін қозғаған, санасын улаған да осы қасиет емес пе екен?

Кім білген?.. Кім білген?..

Он бір сұхбат



«Қазақ әдебиетінде дүрдараз екі топ бар»

«Жас казак» басылымы әдеби кеністігіміздің соңғы жылдардағы аужайынан хабардар болу максатында «Жас казактың» әдеби рейтингі» атты жана айдарды назарларыңызға ұсынып отыр. Мұндағы басты максат – қаламгерлерге карапайым ғана үш сауал кою аркылы оқырманның көксйіндегі сұрактарға жауап алу және әдеби шығармалардын оқылымдылығына зерттеу жүргізу. Рейтингтік сауалнаманын каншалықты пәрменді болғанын жылдын аяғында арнайы қорытындылайтын боламыз.

Жанарбек Әшімжан

Әдеби рейтингтін сауалдары төмендегідей:

1. Тәуелсіздік жылдарынан кейін казак әдебиетіне өзгеше серпін әкелді деген бес шығарманы атап бере аласыз ба? Мейлі прозада, мейлі поэзияда болсын, айрыкша аңсарыңызды аударған сол туындылар несімен ерекшеленеді? Осы сауалға кенірек түсініктеме берсеңіз.

2. Тәуелсіздік жылдары казактың қоғамдық, рухани, әдеби ойына өлшеусіз ықпал етті деген жекелеген тұлғаларды атап берсеңіз.

3. Соңғы оқыған кітабыңыз?

Герольд Бельгер, жазушы-аудармашы:

1. «Әдебиет құлдырады» деген сөздің жаны бар деп есептеймін. Мен қазақ әдебиетінің қазанында 44 жылдан бері қайнап келемін. Дәл қазіргі кезде қазақ әдебиетінде екі топ бар. Бірі – орыс тілінде жазатын жазушылар, олар үлкен бір топ. «Олардың бізге қажеті шамалы, олар орыстарға қосылсын» деп ысырып тастау дұрыс емес. Олар да қазақ тарихының, ұлттық мүддесінің жоқшылары. Амал жоқ, тілдері орысша шыққан, ол үшін кінә тағу артықтау. Екінші негізгі топ – қазақтілді жазушылар. Осы екі топ бірін-бірі менсінбейтін жағдайға жетті. Өзара дұрдараз. Осы жағы мені қатты ойлантады. Асылы, бұл екі топтың да мақсат-тілегі бір, қазақ әдебиетінің көсегесін көгерту емес пе?

Төмендегі пікірім үшін қазақтар мені тарпа бас салуы мүмкін, бірақ мен орыстілді жазушыларды едәуір жоғары қоямын. Себебі, олардың жазу технологиясы өзгеше, заман ағымына сәйкес. Олар шетел әдебиетіне әуес, жаңашылдыққа жақын. Сол себепті оларды ысырып тастауға болмайды. Ал менің пікірімше, қазақ тілінде жазатын жазушыларымыз әлі сол дәстүрлі әдебиеттің төңірегінен ұзап шыға алмауда. Олар баяғы заманның байын, бегін, батырын, биін, ханын әлі жазып біте алмай жатыр. Әр ауылдың өз биі, батыры бар, солардың бәрін басынан бақайшағына дейін суреттеп, «Аттан! аттан!» деп жүрген жазушыларымыз аз емес. «Ассалаумағалейкум» деді ол қолын созып. «Уағаләйкумассалам» деді бұл қолын ұсынып». Міне, біздің қаламгерлер әлі күнге түсініктемеге түсініктеме беретін прозадан аса алмай келеді. Бұл әдебиеттің тоқырап қалғандығын көрсетеді.

Енді мен бүгінгі күннің әдеби сұранысына жауап беріп жүрген бес-алты адамға токтала кетейін. Бұл

орайда менің ойыма бірінші «**Круг пепла**» романының авторы, белгілі акын, жазушы **Дүйсенбек Нақыпов** оралады. Мен бұл новаторлық шығарма туралы екі рецензия жаздым. Көпшілік әлі терең түсіне қоймаған постмодернистік бағыт пен реалистік ағымды шебер киюластырған Дүйсенбектің осы романын мен өте жоғары бағалаймын. Бұл романның жарық көргеніне небәрі екі-үш-ақ жыл болды. Жакында ағылшын тіліне аударылмақшы. Бұл казак әдебиетінің үлкен бір табысы деп есептеймін.

Асылан Жақсылықов дейтін орыстілді жазушы бар. Профессор, ҚазҰУ-дың оқытушысы, әдебиеттанушы. Асыланның «**Сны окаянных**» трилогиясы жарық көрді. Бұл туындыда Семей казактарының трагедиясы терең және ерекше тәсілмен жүрек тебірентерлік жағдайда жазылған. Бұл да – әдебиетке жанашылдық әкелген туынды.

«**Өлік кезген құм белдер**» дейтін орыс тілінде жазылған ғажайып шығарманың авторы **Роллан Сейсенбаевты** бөле-жара атаған абзал.

Ермек Тұрсынов дейтін талантты драматург, кинематографист, жазушы жігіт бар. Көп нәрсені жете сезінген каламгер. Ол соңғы үш-төрт жылда араб елдерін аралап, терең түйсіне жүріп, Бейбарыс заманына құрылған «**Мәмлүк**» дейтін роман жазып шықты. Ол такырыпта жазылған шығарма бізде шамалы, менің есіме түскені тек Морис Симашконың повесі ғана. Ал Ермек XIII ғасырдағы мәмлүктерді, көне кыпшақтарды мүлдем басқа, жаңа қырынан сипаттап отырып, бүгінгі заманға алып келеді. Және жазу тәсілі, мақамы, пішіні өзгеше. Сөйлемдер, көріністер қысқартылғанға кұрылған. Үзік-үзік нәрселер арқылы ірі

шығарманың тынысын ашқан. Жана ғана жазылып біткен туынды. қазірдің өзінде қазақша, ағылшынша, арабша аударылуда. Бүгінгі заманның келбетіне сай келетін осы романды мен өте жоғары бағалаймын.

Әрине, менің көңілімнен шығатын, қазақ тілінде жазатын жазушылар да жоқ емес. Бұл орайда мен **Таласбек Әсемқұловтың «Тал түс»** дейтін романын айтар едім. Тілі шұрайлы, ұлттық күй өнерінің мән-мағынасын терең ашып көрсеткен туынды.

Сосын **Дулат Исабековтің пьесаларын** айрықша атар едім. Алматыда, Астанада, Петерборда бірнеше пьесалары қойылды. Бүгінгі өмірді суреттейтін жаңашыл шығармалары орыс театрларында сахналануда.

Ал ауыл өмірін терең білетін көрнекті жазушы **Тышымбай Нұрмағамбетовтің шығармашылығын** атамай кетсем, нейбетке қиянат болар еді. Соңғы жылдары ол қатты ашылды. Ауыл өмірін саясатпен ұштастырып, юморға, ащы сарказмға, сатираға құрылған бірнеше туынды жариялады. Ғажап!

Өңгімесінің әлқиссасын «Камю» деп бастайтын жаңашыл жазушы **Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар»** атты романында да жаналықтың нышаны бар. Дидарды кейбір қазақтар «тілі жұтаң, еліктегіш» деп менсінбейді. Ол жағында менің шаруам жоқ. Дидардың маған ізденімпаздығы, еңбекқорлығы, нәтижелілігі ұнайды.

Ал поэзияға келетін болсақ, акындардан ең бірінші **Темірхан Медетбек, Иран-Ғайып, Есенбай Дүйсенбаевтың** аты-жөндері аузыма оралады. Қазақ поэзиясы жайлы менің түсінігім өте жоғары. Әттең, сол акындар өз қазанында өздері қайнап жүр. Олар шетел түгіл орыс тіліне жеткілікті деңгейде аударылмай жүр.

Ал әдеби сын кенже қалып тұр. Бұл салада ауыз

толтырып айтатын екі-үш-ак әдебиетші бар. Олар – **Тұрсынжан Шапай, Сайлаубек Жұмабеков және Амангелді Кеңшілікұлы.** Шерияздан Елеукеновті де осы қатарға, бәлкім, қосуға болып калар. Бұлар – өз саласына шексіз берілгендер, адал сыншылар. Орыстардан Владимировты айтуға болады.

Ал менің бағанадан бері айтпағым – орыстілді және қазақтілді қаламгерлер бірінің алдында бірі мұрын шүйірмей, дүние әдебиетінің арасынан қазақ әдебиетінің жоғын бірігіп жоқтаса екен деген ғой.

2. Соңғы жылдары біз тек табыстарымызды айта беруге шебер болып алдық. Жеткен жерімізді қайта-қайта езіп мақтана бергеннен ешқандай пайда жоқ. Табыс ешқайда қашпайды, алдымен кемшілікті алға тарту керек. Осыдан 15 жыл бұрын халықтың 42 пайызы кедей болатын, қазір де сол көрсеткіш мызғыған жоқ. Миллиардерлер артып барады, халықтың әл-ауқаты кеміп барады. Тұрмыс неге нашар? Менің әріптестерім, жазушылар, өнер адамдары сол баяғы деңгейде өмір сүріп жүр. Қанша жерден «дамыған елу елдің қатарына кіреміз» деп тыраштанғанымызбен, кемшілігіміз әр жерден көрініп калады. Ал қоғамдық өміріміздің беталысына баға беретін, ықпал ететін жазушылар, өнер мен мәдениет қайраткерлері болу керек еді. Ал мен «зиялы қауым» дейтін қауымыңызға риза емеспін. Әрқайсысы жеке-жеке мықты тұлға болып жүргенімен, жұдырықтай жұмылуға келгенде сыр беріп калады. «Орден-медаль алып қалсам, дұрыс жұмысқа тұрып қалсам, президенттің көзіне түсіп қалсам, тағымнан айырылып қалмасам екен» деп жүргендерді қалай зиялы деуге болады? Олардың түк те ықпалы жоқ.

Ал «тәуелсіздік алғалы бері қоғамымыздың рухани,

мәдени кеңістігіне өз деңгейінде кімдер ықпал ете алды?» дегенде ауызды қу шөппен сүртуге болмас. Біреу қабылдар, біреу қабылдамас, бірақ Олжас Сүлейменовтің мемлекеттің ықпалдылығын айтпай кету ағаттық. Мұхтар Мағауин мен Әбіш Кекілбаевтың білімділігі, шығармашылығы өмірімізге сөзсіз ықпал етті. Өкінішке қарай, көп ретте Әбіш саясаттың иірімінде кетіп, біраз мүкіндіктерін көрсете алмағаны да рас. Шындық үшін сан мәрте қызып тұрған төстікке түскен Шерхан Мұртазаның қоғамға ықпалы болмады деп ешкім айта алмайды.

Ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап мәдени, саяси кеңістігімізді жіті бақылаған, мемлекеттің дамуына шын тілектес болған марқұм Алтынбек Сәрсенбайұлының ықпалдылығын ерекше айтқан болар едім. Мәдени өмірімізге түбірлі өзгерістер қажет екенін шын сезінген осындай қадау-қадау азаматтар болды.

3. Соңғы кездері ауру-сырқауым үдеп кетті. Соның өзінде күніне төрт сағат жазу жазам, бес сағат кітап оқимын. Бұл күнделікті әдетке айналған. Көшеге шықсам, кітабын қолтықтаған казактар кезігеді. Үйім толған кітап, үш балконым бар. Бірі – қазақша, екіншісі – орысша, үшінші балконда немісше кітаптар қойылған. Маған Германиядан кітап көп келеді. «Дәл қазір қандай кітап оқып жатырсыз?» деген сауалға жауап берудің өзі қиындау. Жатар алдында мен өзімнің піріме баланатын Бунинді оқимын. Бунин арқылы тілімді, ділімді тазалаймын, тұла бойым орысқа айналады. Ал ертеңгі күні қазақша жазуым керек болса, Мұхтар Әуезовке бас қоям. Әуезовтің сонау 20-30 жылдары жазған еңбектері мен үшін өте құнды. Менің жан-дүниеме қатты әсер ететін екінші бір тұлға – Жүсіпбек Аймауытов. Осылар арқылы менің тұла бойым казакқа айналып сала

береді. Ал немістігімді жоғалтпау үшін Томас Манды жастанып жатам. «Інжілді» оқимын. Бұлар менің немістік рухымды оятады.

Соңғы кездері менің қолыма «Парсы прозалары» дейтін құнды кітап түсті. Ахмет Дүйсенбаев дейтін психо-физиолог әкеліп берген.

Таяуда ауруханада жатқанда қытай философтарын оқыдым. Жалпы менің түсінігімде, әдебиетші философтардыкөбірекоқу керек. Қазакжазушыларының ең кемшін тұсы осы.

Менің қаламгерлік ұстанымым мынадай үш дінгекке құрылған: не айтқын келді? Қалай айттын? Не үшін айттын? Және осы жайттарға қалтқысыз жауап беретін шығармаларды оқуға жаным құштар.

Германияға көшіп барған кеңестік немістердің бәрі сол жаққа барып кітап жазғыш болып кетті. Маған қап-қап етіп кітап жіберіп жатады. Өзінің, балаларының, немерелерінің өмірін суреттеген. Белгілі азаматтармен түскен суреттерін басады. Кілен отбасылық кітап. Олар соны әдебиет деп түсінеді. «Бұл әдебиет емес» деп мен кесіп айттым. «Ой, сен казактардың арасында тұрып бұзылыпсың ғой» деп ер тоқымдарын бауырына алып тулайды. Туласын! Бәрібір ол әдебиет емес.

Мұндай жағдай біздің, өкінішке қарай, Қазақстанда да белең алып барады. Бұрынғы партократтардың бәрі жазғыш болып кетті. Әдебиеттің бет-беделіне нұсқан келтіруде. Әрине, ол да әдебиет емес, отбасылық кітаптар.

«Жас қазақ» газеті,

№16 (120). 27 сәуір, 2007 жыл.

- *Ашық әңгіме*

Шынайы әдебиеттің билікпен басы қосылмас

Герольд Бельгер:

**«Жазушылар шенеунікке, жазушылық хоббиге
айналып барады»**

Жазушы, аудармашы, публицист Герольд Бельгер ағамыздың айтар ойы, қоғамдық пікірі қашанда өзгелерден өзгеше. Өзін «жартылай казакпын» деп есептейтін Гер-аға казак қоғамындағы, оның әдебиеті мен мәдениетіндегі айтулы мәселелерден ешқашан шеттеп қалған емес, шындықтан қорқып, бұғып та қалған емес. Оқырман назарына ұсынылып отырған бұл сұхбатта жазушы өзінің ой елегінен өткен біраз жайттарды ортаға салған еді.

Мира Байбек

Әдебиет топ-топқа бөлініп кетті

– Герольд аға, қазіргі әдебиет тек белгілі бір топқа ғана керек болып қалған сияқты... биліктің де, халықтың да, тіпті көзі ашық азаматтардың да әдебиеттен мүлде ісі жоқ десек, артық айтпағанымыз болар.

– Сен «сияқты» деп жұмсартып айтыпсың. Сияқты емес, шыны солай. Қазіргі әдебиетте бәрі топ-топқа бөлініп, әрқайсысы өз бетімен «капуста егіп,

соны сатумен» айналысып кетті. Қазіргі әдебиеттің жағдайының пәлендей мықты емес екенін бәріміз де білеміз. Әдебиет шынымен де топ-топка бөлінді. Менің байқауымша, Астанадағы жазушылар өзінше бір топ. Олар «әдебиеттің сойылын өзіміз ғана соғып жүрміз» деп ойлайды. Бірақ, шындығында олардың жазушылығынан гөрі, шенеуніктігі басым.

Әдебиет олар үшін хобби ғана болып қалған сияқты. Ал Алматыдағы жазушылар әдебиетті әдебиет деп қабылдап, соны дамытудың жолында жүргендер десем, артық айтқандық болмас. Бірақ біз шенеунік емеспіз. Астанадағы топ бай болса, біз кедейміз. Олар биліктің сойылын соғып, биліктің маңайында жүреді. Олардың бар ойы қайткенде билікке жағып қалу.

Шенеуніктігінің арқасында кітапты шығаратын да, тізімге кіретін де, сыйлық, дәреже алатын да солар. Оларға, әрине, менің еш өкпем жоқ. Бірақ осында бір жасандылық бар. Астаналықтар қызметтен қолдары босаса ғана бірдеңе жазады, болмаса ол да жоқ. Ал нағыз кәсіби жазушылар Алматыда өзінше бір топ болып қалды. Бірақ олар қазір шеттетіліп қалғандар санатында. Үшінші топ облыс, аудандағы топтар. Олар – мүлде кенже қалып қойғандар.

Осы топтардың бастары қосыла бермейді. Ал халық бұл топтардың ешқайсысын да білмейді. Тіпті әдебиетпен жұмысы жоқ. Қазір ешкім кітап та оқымайды, жазушылардың аты-жөнін де білмейді. Қазіргі әдебиеттің оқырманы жоқ, ал жазғыштар бар. Жалпы, маған кейде-кейде бір деңгейдегі үлкен әдебиет жоқ боп көрінеді. Сол сияқты ірі тұлғалар да көрінбейді. Сондықтан әдебиет тек пысықайлардың, пайда тапқыштардың ісі болып кеткендей. Өзіміз үн шығармасак, бізді ешкім санатқа қоспайды.

Мысалы, менің сегіз қолжазбам дайын тұр. Бірақ оларды қашан, қайтып шығарамын, оның бәрі белгісіз. «Сіз не жазып жүрсіз, қандай қолжазбаларыңыз бар?» – деп сұрап жатқан тағы ешкім жоқ. Әрине, оған бола жылап жүрген мен де жоқ, себебі әр нәрсенің өз кезегі бар шығар. Жазушылардың өмірі қиындықтан тұрады ғой. Жазушылардың өмірін жеңілдету де қиын. Адамға Құдай талант берсе, бір жерден жарып шығады, бермесе жолда қалады.

– Қазіргі күні шамасы жеткеннің бәрі кітап шығарып, «жазушы» атауға құштар болып алды. Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Шынында да, қазір жұрттың бәрі жазушы болып кетті. Зейнетке шыққанның бәрі естеліктерін, отбасыларының хал-жағдайларын жазады, әйеліне, бала-шағаларына арнап кітаптар шығарады.

Оларын өздері үлкен жазушылық деп есептейді. Мен ондай кітаптарға теріс қарамаймын. Отбасылық кітаптар әркімнің балаларына, ұрпағына қажет. Бірақ, оны ешуақытта әдебиет деп қабылдамау керек.

Кейде маған «мен аудандық, облыстық типографияда бәленше кітап шығардым, мінеки, мен де жазушы болдым» деп телефон шалатындар бар. Енді оған «сен жазушы бола қалдың» деп қалай айтасың? Ондай кітаптарды оқыған халық та: «Е, жазушы болған оңай екен ғой», – деп қабылдайды. Әдебиетке кері әсерін тигізетін де осындай көрініс.

Нағыз, шынайы әдебиет қайсы, жасанды әдебиет қайсы, оны түсініп жатқан адам да, оқырман да жоқ. Оқырманның санасын біз әбден бүлдіріп алдық. Әдебиет жөнінде жұрттың түсінігі саязданып кетті. Мен бір мысал айтайын. 1964 жылы аспирантураны жана бітірген мені «Жұлдыз» журналының редакторы

Ә.Нұрпейісов қызметке шақырды. Сол журналда бір жылға жуық жұмыс істедім. Ол тұста қытай казактарының көпшілігі елге ауысып келіп жатқан болатын. Ойпырау, сонда солардың 3-4 сыныптық қана білімі болса да, шетінен жазғыш еді.

Өздерінің өмірбаяндық деректі повестерін де, өлеңдерін де құшақ-құшақ кып жазып, редакцияға жіберетін. Бірге жұмыс жасайтын қу жігіттер ол шығарманың бәрін маған береді. Мен жаңадан келген адаммын, жаспын. «өзінің ұлты казак та емес, осы неміс оқысын». – дейді ғой (*күледі*). Мен бас алмастан олардың шығармаларының барлығын оқимын, сосын ерінбестен рецензия жазамын. «мынауың жарамайды, көркемдігі төмен» дегендей.

Сонда сол авторлардың барлығы өкпелеп, «бізге ақыл айтатындай, мынау Бельгер деген қайдан келген» деген мағынада редакциямызға бұрқыраған хаттар жібере бастады. Сол кезде жауапты хатшы болып қызмет істейтін Қадыр Мырзалиев маған: «Сен фамилияңды Герольд Бельгер емес, Керей Белгібаев деп өзгертіп жазшы». – деді. Содан жазған рецензиямның астына К.Белгібаев деп ат қоятын болдым. Сонда әлгі толассыз түсіп жатқан реніш-хаттар да сап тыйылды.

Менің айтайын дегенім, жалпы шала сауатты адамдар жазуға құмар келеді. Ондайлар нағыз әдебиет пен өздері жазған дүниенің ара-қашықтығын көре бермейді. Сондықтан өз шығармаларын «нағыз әдебиет» деп қабылдайды. Міне, осы көрініс бүгін де бар. Қазір өз казактарымыз да үсті-үстіне сілтеп жатыр. Оларды да түсінуге болатын шығар, қол бос, уақыт бар, қарын тоқ, көйлек көк, істерге іс жоқ дегендей... Қазіргі әдебиетті бүлдіріп жатқан бір мәселе осы.

– Қазір қазақ жазушыларының шығармаларын әлемге таныту үшін, арнайы аудармамен айналысатын орталықтардың ашылуын қолға алып жатқандар бар ма?

– Кенес уақытында қазақ шығармалары орыс тіліне көп аударылатын. Сол шығармаларды аударғандардың бірі мен едім. Мен де көп аударатынмын. Бәрін есептесең, қазақ шығармаларын көлемі жағынан Лениннің томындай болатын жиырма бес том қылып аударыппын. Оның көбісі Мәскеуде басылып шықты, ол жақтан басқа тілдерге аударылып жататын. Қазір соның бәрі құрыды. Тіпті орысшаға да сирек аударылады, басқа тілдерге мүлде аударылмайды. Шет тіліне аударылатын жазушылардан бізде О.Сүлейменов, Ә.Нұрпейісов, М.Шаханов бар. Осымен бітті-ау деймін. Қалғандары шетелге шыға алмай жүр. Өйткені, шет тілдеріне тікелей аударатын да, орыс тілі арқылы аударатын да аудармашылар жоқ. Ал қазақ шығармаларын ағылшын, неміс, француз тілдеріне тікелей аудару негізгі мәселе.

Астанадаға «Аударма» баспасының қасында «Әдебиет әлемі» деген журналдың ашылғанына бірер жыл болды. Екі айда бір рет шығатын сол журналдың негізгі мақсаты – шетелдік әдебиетті қазақ тіліне аударып басу. Осындай бастамалар бар. Бірақ оны үлкен, мемлекеттік деңгейге жеткізе алмай жүрміз. Ал аудармасыз әдебиеттің келешегі жоқ. Шетелде қазақ әдебиетінен белгілі төрт-бес адамды ғана болмаса, қазіргі қазақ әдебиетінен ешкімді білмейді десе де болады. Бізде тікелей аударма жасайтын адамдар сирек кездеседі.

Маман мәселесін шешпей, әдебиетте даму бола қоймайды. Бұл мәселе жазылып та, айтылып та жатыр, аздаған қыбыр-жыбыр да бар, бірақ мемлекеттік

деңгейге көтеріле қойған жоқ. Осы мәселені мықтап қолға алуымыз керек. Әйтпесе дүниежүзі қазақ деген халықтың әдебиеті бар екенін білмейді, ал білетіндері жалғыз Н.Назарбаев.

Жақында Германиядан Леонард Кошут деген аудармашыны тауып, Абайдың жиырма өлеңін неміс тіліне аудардық. Ол кітап «Zwanzig Gedichte – 20» өлең деген атпен былтыр Кельн баспасында шықты. Алғысөз менікі, құрастырушысы да мен, соңғы сөзін де өзім жаздым. Бұл кітаптағы жиырма өлең үш тілде: қазақ, орыс, неміс тілдерінде басылған еді. Бұл сөз жоқ, мәдени жаңалық. Себебі, Абай өлеңдері неміс тіліне аударылып, тұңғыш рет кітап болып шығып отыр. Осы кітапты енді Қазақстанда шығарайық деп үш жылдан бері мәселе етіп көтеріп келемін. Қолжазбаны, дискетаны тапсырдым, енді сол кітап жоспарда бар ма, жоқ па, білмей отырмын.

Кейде осы Абай кімге керек деп таңқалам? Қазаққа керегі бар ма, жоқ па? Абайдың аударма өлеңдерін Германия шығарады, ал Қазақстан шығармайды. Сөйтіп жүріп, ақшамыз көп, баймыз, көне мәдениетті көтереміз дейміз. Неше түрлі жоспар жасап, жүздеген томдық кітаптар шығарамыз, ал Абайдың небәрі алты баспа табактық кітабын шет тілінде шығаруға ақшамыз жетпейді.

Рухани азықтың керегі болмай тұр

– Бір сұхбатыңызда: «Жан дүнием қазақтарға жақын, бірақ олардың даңғойлығы ұнамайды», – депсіз. Нені меңзеп отырсыз?

– Рухани азықтың бұл заманда керегі шамалы болып қалды. Анығы, билікке керегі жоқ. Мәдениеттің өзі де,

рухани дүниеміз де билікке мүлдем керек емес. Билікке қажеті – мұнай, акша, доллар. Тіл, әдебиет, мәдениет, рухани азықтар тек қарапайым қазаққа ғана керек сияқты.

Мен жасымнан қазақ ауылында өстім, тәрбиелендім, бітіргенім қазақ мектебі. Сондықтан маған ең жақын халық – қазақ халқы. Менің білетінім де, жазатыным да қазақтардың мәселесі. Әлбетте, кейде риза болмай қалатыным да бар. Жалғыз мен емес, оны Абайдан бастап, қазақтардың өздері де айтып жүр.

Кешегі Астананың он жылдық тойын даңғойлық дегенде, не дейміз. Ол тойдың жас мемлекетімізді насихаттау үшін керек екендігіне күмәнім жоқ. Бірақ асыра сілтеушіліктің бар екендігін мен неміс болмысыммен жақсы сезінемін. Даңғойлығың да, мақтаншақтығың да, ысырапшылдығың да бар, бетімен ләйлiп кетуің де бар. Жалпы, қазақтың психологиясы сондай ғой, тойды керемет жақсы көреді. Оның себебі, қазақ далада өскен дархан халық.

Ал немістің ұғымында бұл жат, онша ақылға сыймайды. Әрине, той көп бола берсін. Бірақ өз керегінше. Мәселен, Астананың он жылдық тойын қазақтың ішкі дүниесі деп таныстыруға болатын еді. Ол тойға қаншама адам шақырылды, қаншама қаржы шығын болды, адам шошиды енді. Демек, сол қазақты жақсы көріп сыйласам да, өзім жартылай қазақ болсам да, даңғойлық, құр мақтанды жарата бермеймін. Әрине, бар болса, ол да жақсы ғой.

Бірақ халықтың жартысы аш болса, зейнеткерлерге акша жетпей жатса, қазақ жастары қанғырып, баспанасыз жүрсе, сол тойды сонша аспандатудың не қажеті бар? Елде мектеп, балабақша, аурухана жетпей жатқанда, шетелдің түкке керегі жоқ әртістерін

шақыртып, олардың қалталарына миллиондап ақша салып бергеніміз, қазақтар мені кешірсін, менің неміс ақылыма қонбайды.

– *Өзіңіз ол тойға қатыстыңыз ба?*

– Әрине, тойға шақырту жағынан менің еш өкпем жоқ. Әкімшіліктен де, Астанада да. Жазушылар одағынан да шақырды, тізімге де косты. Денсаулық болса, мен де барар едім. Бірақ, бір жағынан бармағаным да дұрыс шығар. Өйткені, менің дүниетанымым көбінесе кемшілік жағын көруге бейімделген. Ол жерге барған соң, жұртпен бірге қосылып, «уралап» кету керек қой. Бөркінді аспанға атып, мақтап, мадақтап, «Арман қала!», «Парижден асып кеткен, дүниеде жоқ Нұр-қала!» деп сөйлеуім керек.

Ал мен Парижді, Копенгаген мен Берлинді, Еуропаның ең мықты деген біраз қалаларын көргенмін. Бірақ, Астана әзірге солардан аса қоймаған шығар енді. Келешекте, 60-70 жылдан соң дүниежүзінің тірегі болса болар, бірақ он жылдың ішінде ондай деңгейге жету мүмкін емес екенін түсінуіміз керек қой. Жас мемлекет болған соң, дүниежүзінің алдында мақтанғымыз келер. Бірақ біздің биліктің «мінеки бізде мұнай да, шикізат та бар, бәрін береміз, тек бізді мақтасаңдар болды» деген пиғылы бар сияқты...

Дұшпанымның жоқтығы кемшілігім шығар

– *Сіз өзіңіздің тұрашыл мінезіңіз үшін қазақтың ішінен дұшпан тауып, сөз естіген кездеріңіз болды ма?*

– Менің дұшпандарым жоқ сияқты. Ал ренжіп жүргендер, мені түсінбей, қарсы пікір айтып жүргендер, сөз жоқ, кездеседі. Бірақ мен олармен таласпаймын.

соттаспаймын. Өйткені, қазақты жақсы білемін, өзім қазақтың қамын жеп, сойылын соғуға бейілмін. Қазақтар да оны жақсы түсінеді. Кейде «осының бізде не шаруасы бар, неге тыныш жүре бермейді?» деушілер де табылады. Бірақ оларға ренжіп жүрген мен де жоқ.

Өзім қазақтың арасында өсіп, олардың мәдениетін, тілін қабылдаған жартылай қазақ болғандықтан, қазаққа жөн айтуға құқығым бар деп есептеймін. Мысал келтірейін. Баяғыда Жазушылар одағының бір съезінде секретариат сайлағанда, менің кандидатурам ұсынылып, отырғандардың бірде-бірі маған қарсы дауыс бермеді. Сонда М.Есенәлиев қасыма келіп: «Как Бельгера жалко, у него нет ни одного врага», – деген еді. Сол кісі айтпақшы, дұшпанымның жоқтығы менің бір кемшілігім де болар.

Мен өзі иім жұмсақ адаммын, ешкімге жамандық ойламаймын. Мықты адамдардың дұшпанының болуы заңды құбылыс. Өмір бар жерде тай-таласа алатын мінезін де болуы керек. Адамдармен жұлқынып сөйлесуің керек. Ал мен ол жағынан кішкене жалпақшешеймін бе, әйтеуір жұмсақтаумын.

– *Шыныңызды айтыңызшы, Германияға мүлде кетіп қалғыңыз келетін сәттеріңіз бола ма? Жалпы осындай ой басыңызға келмей ме?*

– Жоқ, ондай ой менің басыма келген емес. Оны мен талай айтып та жүрмін. Қайталап айтайын, жасым 30-40-тың шамасында болса, Германияға кетіп қалуым әбден мүмкін еді. Өйткені, «алда әлі талай ғұмыр бар, ол жақта өзімді өзім танытатын жағдайым бар» деп ойлар ем. Ал қазір жасым жетпістен асқанда, ол жаққа барсам, мен ешкімге керексіз қарапайым зейнеткерлердің бірі ғана болып қаламын, тіпті амандасатын адамым да болмай қалуы мүмкін.

Өзім біраз Еуропа елдерінде болдым. немістердің тірлігін де көрдім. Мақтай қоярлық ештеңесі жоқ. Оларда тұрмыс жағынан бәрі жақсы болғанымен. ешкім ешкімге керек емес. Германияда біраз болып келген. неміс тілінде еркін сөйлейтін Болат Атабаев: «Ой. нағыз еркіндік Германияда екен. ешкім ешкімге керек емес», – деп қалжындайды. Сол сияқты маған ондай еркіндіктің қажеті шамалы. Мен қазақтың арасында өскен. көпшіліктің адамымын. Қасымда біраз адамдар болуы керек. сөйлесетін шалдарым болуы керек. Сонда ғана мен өзімді адам сезінемін.

Ал Қазақстанда Қазаққа керегім бар сияқты. Сондықтан да қалған ғұмырым осы елмен тікелей байланысты болмақ. Жеті жасымнан осы елге келдім. Сондықтан менің енді кетіп қалуымның ешбір жөні жоқ. Әйелім кейде мені Мәскеуге кетейік деп үгіттейді. Онда қызым тұрады, немерем де, тіпті шөберем де бар. Бірақ, мен Мәскеуге де бармаймын. Мәскеу үлкен, жат қала, ол жақта кімге керегім бар? Ал Алматыда Шокан ескерткішінің қасында сіз сияқты журналистер түсіріп жатады. Яғни, қоғамға әлі де болса қажетпін деп есептеймін.

– *«Көпұлтты Қазақстан» дегенді қалай түсінесіз?*

– «Көпұлтты Қазақстан» деген сөзді байқап айту керек. Көпұлтты Қазақстан емес, көпдиаспоралы Қазақстан десе, қарсылығым жоқ. Бұл жер – қазақтың жері, мемлекет те қазақтікі. Ал диаспоралар қазақты сыйлауымыз керек, оның тілін білуіміз, үйренуіміз қажет. қазақтардан өзімізді бір елі болса да, төмен қойсақ, одан біздің ештеңеміз кетпейді.

Ассамблея саясатқа араласпаса...

– Бүгінде президенттен бастап, шенеуніктер көп айтатын «қазақстандық ұлт» деген сөз тіркесіне қалай қарайсыз?

– Менің «Тасжарған» газетінде «Плетенье чепухи» атты лебіздерім шығып тұрады. Оның өзі таусылмайтын бір жанр. Күн сайын бір ойлар келеді, соларды күнде түсіріп отырамын. Сонда осы сұраққа қатысты пікірімді жазған едім. Ол пікір жақын күндері ме, әлде одан да кеш пе, әйтеуір жарыққа бір шығып қалар.

«Қазақстандық ұлт» деу дұрыс емес. Мысалы, менің төлқұжатыма ұлтымды «қазақстандық» деп жазса, мен оны табан астында өртеп жіберемін. Өйткені, менің ұлтым қазақстандық емес. неміс. Сол сияқты қазақтың да, орыс, шүршіт, кәрістің де өз ұлты анық жазылуы керек. Себебі, әркім өз ұлтын мақтан етуі тиіс.

– Кейбір көрнекті азаматтарымыз «үш тілді ел болсақ, өркениетке тез жетеміз» дегенді айтады...

– Менің айтарым, қазақ болсаң, ең алдымен қазақ тілін мықтап игеріп ал. Сосын ары қарай шамаң келіп жатса, өзге тілдерді игер. Жалпы, Қазақстан жұртына үш тіл білген артықтық етпейді. Қазақ тілін білмесең, ұлттығың, тамырың болмайды. Орыс тілін білмесең, қоржының бос боп тұрады. Ағылшын тілін білмесең, шетелмен байланыс жоқ. Оны қарапайым балаға дейін түсінеді. Бірақ, бұл үш тұғырлы тіл болсын деген сөз емес.

Кеше ғана теледидардан Вячеслав Иванов деген лингвист сөйледі. Сол кісі жүз тілді біледі екен. Қырыққа жуық тілде еркін сөйлейді. 3-4 жасынан бастап француз, ағылшын тілдерінде сөйлей алған. Әлі есімде, М.Әуезов: «Ана Ивановтың баласымен

кездестім. Жасы 13-те екен, бірақ он бес тілді біледі», – деп таңғалып отыратын. Себебі, Вячеславтың әкесі Всеволод Ивановпен Мұқаң дос болған. Сол кезде он бес тіл білген 13 жасар бала қазір жүз тіл біледі. Бірақ, оның өзі: «Мен полиглот емеспін. Мен жүз тілде окимын, бірақ оқу мен сөйлеу екі түрлі нәрсе», – деп айтады. Сол сияқты, тіл үйренуде бір негіз болуы керек. В.Ивановтың айтуынша, оның жас кезіндегі негізгі тілі француз тілі болған. Кішкене кезінде үй ішімен орысша сөйлессе, бала бағушымен французша сөйлесіп жүріп, біртіндеп басқа тілдерді де үйренген екен.

Ана бір жылдары балкар акыны Қасым Қулиевтің 60 жылдығына орай, Әбдіжәмил Нұрпейісов оған қазақтың бөркін сыйға тартқан еді. Соған ризашылығын білдірген Қ.Кулиев Ә.Нұрпейісовке арнап өлең жазады. Сол өлеңді М.Дудин маған әкеліп, «жолма-жол аударып берші» деп өтінді.

Ал мен түркі тілдес халықтардың тілдерінде сөйлей алмасам да, барлығын еркін окимын. Бірақ, балкар тілімен бұрын таныстығым болмаған еді. Сонда да болса, М.Дудиннің өтінішін жерге тастағым келмей, әлгі өлеңді оқып шықсам, балкар тілі қазақ тіліне өте жақын тіл екен. Көп нәрсені түсінуге болады. Сөйтіп балкар тілін де қазақшаға аударғанмын. Менің айтайын дегенім, көптеген ұлттардың тілдері бір-біріне ұқсас болып келеді, тек соны білуге деген ниет болса, тез-ақ үйренуге болады.

В.Жирмунский деген үлкен ғалым, лингвист, әдебиеттанушы айтқан, «ең қиыны алғашқы он жеті тіл, ал қалған тілдерді үйрену қиын болмайды» деп. Сол сияқты қазақ тілін жақсылап бойына сіңірсе, одан кейін орыс тілін біліп алса, қалған тілдерді біртіндеп үйрену қиын болмайды.

Ал үш тілді қатар меңгерем деп тырысу – бекершілік. Және оларды қосып, «үш тұғырлы тіл» деп атау тіпті дұрыс емес. Себебі, ондай тіл жоқ. Әр тіл өз алдына бөлекше. Сосын тілді білу бар да, сол тілде сөйлей білу бар. Менің түсінігімде, тіл білу дегеніміз, егер де белгілі бір тілде түс көре алсаң, я сол тілде өлең жазатын жағдайың болса, онда сенің сол тілді жетік меңгергенің. Ал егер түсті сол тілде көрмесең, ол тілде өлең жазбасан, тілді білем деп айту бекершілік. Мәселен, менің түркі тілдерінен біраз хабарым болғанмен, сол тілдерде сөйлей алмаймын. Жалпы өзім үш тілдің арасында жүргенмен, осы тілді мықты білем деп ешқайсысын айта алмаймын.

– Сіз Қазақстан халықтары ассамблеясының мүшесі болдыңыз. Жақында А.Османова ханым біздің газетімізге берген сұхбатында ассамблея ісіндегі көп нәрсенің көңіліне жақпайтынын айтқан еді. Ал сіз осы ұйым жайында не айтар едіңіз?

– Бұл қиын да орынды сұрақ. Әлбетте, мен ол ассамблеяның қалай құрылғанын, мұндай идеяның Н.Назарбаевтың басына қалай келгенін, алғаш рет ол туралы қай жерде, қалай айтқанын жақсы білемін. Мен күні кешеге дейін ассамблеяның Орталық Кеңесінің белді мүшелерінің бірі болдым. Бірақ былтыр ғана мен ол тізімнен шықтым, яғни ассамблеядан шығып кеттім. Ассамблея, сөз жоқ, керек ұйым. Ол тек Қазақстандағы ұлттардың қамын ғана жесе, мәселесін шешсе, казактың саясатына, мәселесіне араласпаса, өзін казактарға қарсы қоймаса, басқа ұлттармен араздаспаса, онда ол, сөз жоқ, керек.

Бірақ біздің әккі, қу билігіміз бұл ассамблеяны өз пайдасына, өз ісіне қарай пайдаланып жүр. Керек кезін-

де оны алға салып жібереді де, «мінеки, ассамблея былай деп шешті» деп қазақ пен орысты тұқыртып қойып, қалған ұлттардың сойылын сойып шыға келеді. Мінеки, осы бір арам нәрсе менің осы ұйымнан кетуімнің бірден-бір себебі болды. Өйткені, ассамблеяны ешуақытта да саясаттың қолшоқпары қылып пайдаланбау керек.

Тоғыз адамды депутат қылғанымыз бекер болды деп ойлаймын. Олардың депутаттығы ешкімге керек емес. Сонда олар қалайша, неге депутат болды? Мұның бәрі заңсыз, Конституцияға сәйкес келмейді. Сол жағынан келгенде, Асылы қарындасымның пікірімен санасуға болады. Тек олар қазақ елінің үлкен саясатына араласпасын, депутаттар осы ұйымнан тағайындалмасын, жергілікті ұлтқа, яғни қазақтарға, сол сияқты орыстарға да қарсы ұйым ретінде қолданылмасын, саясатты ойыншық қылмасын.

Егер қазақ жеріндегі диаспоралардың ісімен айналысса, бұл ұйым қажет-ақ. Негізгі ұлт – қазақ ұлты. Оған ешкімнің дауы жоқ. Ал қалған ұлттарды диаспора деп атасак, онда тұрған ештеңе жоқ. Себебі, кейінгі кезде кейбіреулер диаспора деген сөзді кемсітушілік деп ұғып, қарсы пікір айтып жүр. Мысалы, мені диаспора өкілісің десе, мен ол сөзден еш кемсітушілік көрмеймін. Шынында да, Қазақстандағы немістер – диаспора. Ал диаспораны диаспора деп атағанның еш сөкеті жоқ.

Сондықтан «көпұлтты Қазақстан» деген сөзді байқап айту керек. Көпұлтты Қазақстан емес, көпдиаспоралы Қазақстан десе, қарсылығым жоқ. Германияда болса, әлбетте, мен өзімді ұлт санаймын да, сол жақтағы қазақтарды диаспора дер едім. Бұл диалектикалық заңды нәрсе. Оған дауласатын ештеңе жоқ.

«Оппозициялық газет» дегенді мен түсінбеймін

– Соңғы сұрақ, елдегі оппозицияға қандай баға берер едіңіз?

– Мен оппозицияны сөз жоқ керек деп есептеймін. Оппозиция болмаса, позиция да болмайды. Позициясыз мемлекет те, үкімет те болмайды. Біздің елге оппозиция кем түсіп жатыр. Оппозицияны дамыту керек, күшейту, нығайту керек, бастарын қосу керек. Біздің оппозициядағылардың бастары қосылмай-ақ қойды. Мен ешбір партияда жоқпын, өзімді оппозиционер деп есептемеймін. Бірақ, оппозицияға жақындауым. Қоғамның дамуы үшін, тіпті биліктің дамуы үшін, сөз жоқ, оппозиция керек. Біздің кемшілігіміз осында. Осыны қақсай-қақсай, даусым да қарлықты, шашым да ағарды, түсіндіре алмай-ақ қойдым.

Мен оппозицияның басында жүрген жігіттердің біразымен таныспын, араласамын, жақсы көремін, сыйлаймын. Бірақ, әрқайсысы өзінше бетімен кетеді, бастары қосылмайды. Сонда бұлар қайтып оппозиция болады? Тағы бір айтарым, бізде «оппозициялық газет» деген бір ұғым бар. Мен осыған қарсымын. Себебі, мен үшін газеттердің бәрі бірдей. Ресми газет пе, оппозицияның газеті ме, әйтеуір айтар ойынды, пікірінді қандай басылым болса да басса, көзқарасынды еркін берсе, оппозиция деп бөле-жарып қараудың қажеті қанша? Біз өзімізді «демократиялық елміз» деп жариялаған жоқпыз ба?

Біреулер оппозицияға жау деп қарайды, сескенеді, одан ат-тонын ала қашады, тіпті жек көреді. Нағыз ақымақтық деген сол. Жазушылардың өздері де

сондай. Маған біразы таңқалады. «Ойпырау, осы сен «Свобода словаға» да басыласың. «Тасжарғанға» да жазып жатасың. Бұл қалай өзі?» – деп бір сатқын көргендей сұрақ қояды. Енді мен алғашқылардың бірі болып «Президенттің рухани келісім мен бейбітшілік сыйлығының лауреаты» атандым (1992 ж.). «Парасат» орденінің нөмірі бірінші иегерімін. Соған қарап айтады ғой. «мынау биліктің сойылын соғуы, сол жақтың адамы болуы керек» деп. Бірақ мен олай деп қабылдамаймын. Сізге ұнаса да, ұнамаса да, менің пікірім осы, басыма келген ойымды беремін, газетке басамын.

Біздің биліктің бейшаралығы – оппозицияның нашарлығында. Осыны айтуымыз, білуіміз керек. Ал жазушылардың оппозициядан қашқақтауы – олардың бейшаралығы. Шынайы жазушы, шынайы әдебиет ылғи билікке қарсы тұруы керек, билікпен жараспайтын болуы керек. Асылында шын өнердің, әдебиеттің билікпенен басы қосылмайды. Ол жау бол деген сөз емес, пікірдің, ойдың басқа болуында.

«Азат» газеті.

14 тамыз, 2008 жыл.

- *Ашық әңгіме*

*Кейде - кейде ашылау айтқан
пікіріңді жөнсіз десеңіздер,
кешірім сұрауға дайынмын*

Герольд Бельгер... Ұлты неміс, орыс тілінде оқу оқыған, бірақ ол «Қазақтың сары баласымын» деп мақтанғанды ұнатады. Оның себебі, сонау балалық балдәурен шағынан қазақ арасында өзіндей «карадомалактармен» бір үзім кара нанды бөліп жеп, бір жұтым кара суды бөліп ішкендігінен болса керек. (Ол сөздің майын тамызатын, мәйегін білетін ірі жазушы ғана емес, майталман публицист, әділ сыншы, белгілі әдебиеттанушы да. Басқасын айтпағанның өзінде, Гераған аудармашылық талантымен-ақ қазақ, орыс, неміс ұлттарының әдебиеттерін өзара жақындастыруда, насихаттауда үлкен еңбек сіңіргенін көзі қарақты қауым жақсы біледі. Сонымен бірге Герольд Карлұлы қазіргі күрделі қоғамдық қатынастардың көлеңкелі тұстары туралы да өз пікірлерін күлбілтелмей, бүкпесіз айтып жүрген қайраткер-каламгер. Кейде өстіп ойларын ашық айтамын деп кейбіреулерге ұнамай қалатын кездері де жетерлік. Дегенмен, ерекше пікірлерімен қарапайым жұртшылықтың жүрегін жаулап алғалы қашан! Сондықтан да көпшілікке қадірлі. Сондықтан да еліміздегі орын алған саяси-қоғамдық ахуалға болсын, мәдени-әдеби ахуалға болсын, оның ешкімге

ұқсамайтын көзқараспен қоятын өзіндік «диагнозын» жұрт асыға тосып жүреді. Кейде оның пікірлерінің «тұздығы» ашылау, кейде тым артықтау болатынына қарамастан, оның ойлары көбінесе нысанаға дөп тиіп жатады. Сосын іштей мойындайды, онымен есептесуге мәжбүр.

Қалай дегенде де, ол бір кезде өзі бағындырған биігінен түскен жоқ.

Өз басым, Герағанның атына, оның айтатын әңгімелеріне сыртынан соншама қанық болғаныммен, бірде-бір рет бетпе-бет жүздесіп көрмеппін. Әрине, газеттің жұмысымен бірнеше рет телефон шалып, кейбір мәселеде пікір білдіріп беруін өтінгенім барды, қазір қарап отырсам, ол да менің өтінішімді жерге тастамаған екен. Алайда, барлық шаруам телефон арқылы ғана шешіліп жүрді. Ал мен өзімен бетпе-бет жүздесіп, таныссам, әңгімелессем, пікір жарыстырсам дейтінмін. Соның ретін еш келтіре алмай-ақ қойған едім.

Осы жолы менің сұхбаттасуға байланысты ұсынысыма ол бірден келісім берді.

Біз Ғылым академиясының қарама-қарсы жағындағы Ш.Уәлиханов ескерткішіне таяу бір орындықта кездестік. Уағдаласқан уақыттан сәл кешігіп келген едім, ол алаңдай тосып отыр екен. Қысқа амансаулықтан соң, жылы рәуіште басталған әңгіме ауаны біртіндеп кешегі және бүгінгі әдебиетке ойысты. Сосын соңғы кезде сыр бере бастаған денсаулығының жағдайынан хабардар етті. Одан соң әңгіме тақырыбын күрт бұрып, министрлік пен әртүрлі баспалардың тартпаларында шаң басып жатқан қолжазбалары туралы айта бастады. Әңгімесінен ұққаным, ұзын-ырғасы 100

баспа табактай болатын әртүрлі қолжазбалары қолдан-қолға өтіп, кезегін күтіп жатыр екен. «Осы кітаптарым биыл, келесі жылы түгелімен жарық көрсе деп едім. «жоғарыдағылардың» бүгінгі қарымы мен алымына қарап, дүниелерім өз уақытында шығады дегенге күмәндана бастадым», – деді ол. Мен үндемедім. Ол да тым-тырыс қалды. Осы мүмкіндікті пайдаланып, мен алдын ала дайындап апарған сұрақтарымды көрсете қойған едім, ол асықпай, бипаздап оқып шығып: «Сұрақтарың күрделі екен, дайындалып алмасам, бірден жауап беруге батылым жетпей отыр, – деді не кейігені, не кейімегені белгісіз кейіпте. – Бәлкім, шамам жетсе, денсаулығым көтерсе, жазбаша түрде жауап беріп қалармын. Бірақ мені асықтырма».

Уәденің аты – уәде. Мен ол кісіні мүлдем асықтырғаным жоқ, ол да ешбір «асықпай...» жауап берді. Үш күннен кейін! Міне, қазіргі кезде айналамыздағы кейбір келеңсіздіктер мен оспадарлықтардың не себептен орын алып жатқаны туралы, ұлттық мәдениет пен әдебиет саласының бүгінгі жай-күйі жөнінде біздің алдын ала қойған сұрақтарымызға «казактың неміс баласы» Герағанның асығып та асықпай берген жауабы төмендегіше.

**«Көз жеткізгенім – қазақ тілі
байларға керек емес екен»**

– Герага, біздің өмір сүрген ортамыз адам бойынан адамгершілік құндылықтардың шегініс жасап жатқан кезіне тап келіп отыр. Бұл – ащы да болса шындық. Өзіңіздің сөзіңізбен бейнелеп айтқанда, «қазіргі әдебиет пен поэзия сән емес, қазір мұнай,

бәйтеректер, шөлдегі океанариумдар сән», яғни материалдық құндылықтар бірінші кезекке шықты. Мұндай «рухани шегініс» адамзат баласына апат әкелмей ме?

– Сен айтып отырған «рухани шегіністің» біздің қоғамда бар екені де анық. оның адамзат баласына апат әкелуі де хақ. Осы төңіректегі ойларымды бұрын да канатын жайыңқырап айтқанмын. бұл жерде кайталауды жөн көрмеймін. Меніңше. бұл басы ашық. даусыз тұжырым. Баса айтатыным: рухани шегініс (тіпті тоқырау десек те болады) жалғыз Қазақстанда емес. барлық елде айқын көрінеді. Заманның бағыт-бағдары солай. Адамгершілік құндылықтардың дені екінші катарға шығып қалған. өзің айтқан «қыбыр-қыбыр... жыбыр-жыбыр... сыбыр-сыбыр заманға» тап болдық емес пе?

– Соңғы кезде жан-жақтан анталаған «рухани экспансияның» тегеуріні тым қатты. Алаш ұранды қазақ өз «менін» жоғалта бастады деген сыңайда пікірлер де айтылып қалып жүр. Ондаған-жүздеген жылдар бойы қорғанысы мызғымай келген қазақ қоғамының бертінгі уақытта «жүйкесі» сыр бере бастағанын көріп те, күә болып та жүрміз. Айтыңызшы, қазақтың тарихи жадын өшіріп, ұлттық болмысынан айыруға кімдер мүдделі болып отыр? Бұған қандай топтың қатысы бар деп ойлайсыз?

– Қазақ қоғамының жүйкесі сыр бере бастағанына мен де күәмін. Реніш. өкпе. наразылық. өкініш. ыза. бәрі де жетерлік. «Менін» жоғалтып жүрген тағы да тек қазақ емес. Орысың да. немісің де ұлттық қасиеттерін жоғалтып. мәңгіріп қалғандай. Осыған кім мүдделі? Кім кінәлі? Менің паймдауымда. акша. мұнай. газ. мыстан басқаны

білгісі келмейтін. тек бүгінгі күннің тірлігін күйттеп жүрген билік мүдделі, халықты тобырға айналдыруды мақсат тұтқан глобалистер мүдделі, ұлттық тамырға балта шапқан космополиттер мен космоиттер мүдделі, неше түрлі саяси, діни секталар мен жын-шайтандардың азғыруына еріп кеткен, өшпенділіктің отын коздатып жүрген мұнафиктер мүдделі, халықтың сана-сезімін ұлауға бейім, оларды шатастыруға, төбелестіруге оңтайлы іші пысып жүрген ұлттық және халықаралық алпауыттар мүдделі. Кінәлі де солар. Бұларға қарсы не амал бар? Жалғыз ғана адамның адами болмысын ояту! Достоевский айтқан «будить человека в человеке» – бүгінгі күннің де қағидасы.

– Осы рухта тағы бір сұрақ. Қазір тілге байланысты қазақ қоғамы екіге жарылды: қазақ және орыс тілді болып. «Үш тұғырлы тіл» саясаты бұл жарылуды одан әрі күшейтіп жіберген тәрізді. Бұл жағдай әсіресе элиталық деп аталатын ортада ерекше өріс алды. Осы жайтқа өз көзқарасыңызды білдірсеңіз...

– Бұл мәселеге көзқарасымды жиырма жылдан бері білдіремін деп шашым да ағарды, дауысым да қарлықты, басым да қатты, өзім де ақымақ болдым. Нәтиже шамалы. Баяғы жартас – сол жартас. Қарап отырып, кейде түнілесің. Көз жеткізгенім: казак тілі элитаға, байларға қажет емес екен. Тек кедей-кепшіктің кәдесіне жарайды. «Үш тұғырлы тіл», «казакстандық ұлт» деген құбыжық – казак тілін біржола құрту үшін ойластырылған амал. Мен соғыс кезіндегі, соғыстан кейінгі ауылдарды жиі-жиі еске аламын. казактын көне жырауларын оқимын. Әуезов, Аймауытов шығармаларын парактаймын. Түйсінгенім: қазіргі казак

тілі қасаң, шұбар, жұпыны, сөлсіз, әлсіз, қарабайыр, көріксіз, жадағай болып барады. Қазіргі қазақ тілі деп жүргеніміз – былдыр-бағпақ, шалдыр-шатпақ, кәкір-шүкір бірдеме. Ғылым тілінде мұны воляпюк дейді. Немісшесі: каудервельш. Әрине, бұл тілдің күйреуіне алып барады.

Күнделікті жазбалардан:

Тұлдыр кедей саналатын 10 пайыз бен аса дәулетті 10 пайыздың арасындағы айырмашылықтардың көрсеткіші жалпы сипаттағанда тең дәрежелі коэффициент бізде. Қазақстанда шын мәнінде қандай дәрежеде? Дәлірек айтсақ «гольфшілердің», яғни «тойып секіретіндердің» және ауылдағы мырқымбайлардың, былайша айтқанда, «тоңып секіретіндердің» арасындағы айырмашылық қандай? Мұны ойлаудың өзі көңілге әлдеқандай үрей ұялатады! Таразының бір басында тойымсыз қарақшылар тұрса, екінші басына соңғы нәпақасына дейін тоналғандар жайғасыпты. Ең масқарашылығы сонда, бүгінгі қайырышылар бірте-бірте осындай жағдайға көне бастаған сыңайлы. Ал тоғышарлар «әкетіп бара жатқан ештеңе жоқ» деп ағынан жарылғансиды. Дәлірек айтсақ, олар ғұмыр бойы той тойлап, гольф ойнауға және қымбат уылдырық жеуге тиісті көрінеді. Осының бәріне «тұрақтылық» дейтін тұздық қосылған соң не жорық. «Е-е, Алла, бергеніңе ишүкір» дейміз ғой баяғы..

«Судың да сұрауы бар» демекші, бұл күн ертең өздерін қасіретке бөлеп, алдарынан шығады. Бірақ, тонап алған байлыққа бастары айналғандар мұны

мүлде ойламайды. тіпті ойлағысы да келмейді. Солардың ішіндегі біршама ақыл-есі дұрыстары: «Кейін осы алдымнан шығады-ау, бірақ әйтеуір дәл бүгін емес қой», – дегенді арқа тұтып, арқасын кеңге салады. Шындығында, пәле-жаладан құтылып кететін де шығар. Әй, қайдам. құтыла қоймасы анық. Өзіне сор болып жабысатындығы күмәнсіз. Қалтай марқұм осындай жағдайларды көрсе: «Ит екеи иттің өзі де сүйекті артына қарап жұтады», – дегенді жии айтатын. Ал біздің биішікештегілеріміз ертеңгі күнін ойланбастан, түйені де түгімен жұта салудан тайынбайды. Ал халық тартқан қасіреттің сұраусыз кетпей, ақырының азапты болатындығы жұртқа аян.

7 ақпан. 2005 жыл.

«Ал егер базбіреулер «тіліңді тарт!» десе, үндемеуіме болады»

– Біз өстіп алдыңғы қатарлы әлемдік көшке ілесеміз деп «ұрандатып» жүргенде, осы уақытқа дейін тірнектен жинаған өзіндік болмысымыздан, салт-санамыздан айырылып қалмаймыз ба? Сіздіңше, бізде осындай қауіп-қатер бар ма?

– Иә, айырылып қаламыз. Сөз жоқ, ондай қауіп-қатер бар. Оны мен де білемін, Болат, сен де білесің, қалың жұрт та түсінеді.

Есінде ме, осыдан шамалы уақыт бұрын «Суперстар.kz» деген музыкалық конкурс өтті ғой. Ел кырылып көрді. Мен де біраз карап жүрдім. Сондағы байқағаным, қазақтарды жанын қинағандай етіп, ауыр рок айтуға мәжбүрледі. Мүлде ақылға қонбайтын

дүние! Қазақтың өнешінін жыртылғаны кімге керек? Неге керек? Қазақтың өзінің төл әні, төл музыкасы, төл мәдениеті бар емес пе, жанын қинап қайтеді? Оны басқалар-ақ айтсын. Қарап отырсам, жас ұрпақтың жан дүниесін әдейі улап, әдейі қинап, әдейі мәжбүрлеп жатқандаймыз. Өкінішті-ақ! Көрінгенге еліктеу, кім-көрінгеннің ісін көзсіз қайталау – ұлттық мәдениет пен болмысты көрге тыққанмен пара-пар. Осындай әртүрлі жолдар арқылы қазақтың ұлттық санасын, мемлекетшілдік сезімін әуреге түсіріп қою кімдерге керек болды десеніз, тағы да қайталаймын, қазақ қоғамын (ол ғана емес, орыс та, неміс те солай) өз ішінде өзін адастыруға мүдделі топтардың бар екені анық. Бізге тек солардың тегеурініне төтеп беретін қорғаныс тетіктерін ойлап табу ғана қалып тұр.

– Сіз бір сұхбатыңызда «кәнігі абайтанушы болмасам да, Абай жайында 4 кітапша жазып, 6 жинақ құрастырдым. Бір германдық аудармашымен бірігіп, Абайды енді немісше сөйлеттепкін» деп едіңіз. Сіз уәдеңізде тұрып, ұлы ақынның 20 өлеңі неміс тілінде жеке кітапша болып шығыпты деп естідік...

– Дәл солай. Қосарым жоқ. Жетекшілік жасап, берлиндік досым Леонард Кошутка Абайдың 20 өлеңін аудартқыздым. Жолма-жол аудармасын мұқият қамтамасыз еттім. Сол жиырма өлең үш тілде Германияның Кельн қаласында «Өнел» баспасында менің құрастыруыммен, алғы, соңғы сөзіммен, түсініктемелеріммен жеке кітап болып былтыр шықты. Арманыма жеттім. Енді сол жиырма өлеңді үш тілде (екі эссемді қосып отырып) Қазақстанда шығарамын деп үш жылдан бері әуремін. Әркімдердің есігін қақтым, талай жерде жария еттім. Ертісбаевка (министр кезінде)

екі дүркін хат жазып, ауызша да арыздандым, басқа да кеңселердің «көкелерін» айналдырып бақтым. Еш нәтиже жоқ. Тым-тырыс. Неміске керек Абай казакқа кажетсіз болды. Не амал бар? Өз акшама шығарайын десем, калта тесік. Президенттік стипендияма шығармак болып едім. «ойбай, шай-пайға, дәрі-дәрмекке керек» деп жеңгең тулайды.

– Сізді басқалардың қалай бағалайтынын білмеймін, бірақ қазақ «өзіміздің сары қазақ» деп ерекше құрметтейтініне талай куә болдым. Есесіне, сол қазақты сынауға келгенде ешкімге дес бермей жүрген секілдісіз. Қыза-қыза келгенде тіпті Абайдан да асырып жіберетіндейсіз. Қазақ сол ащы сынға зәру деп ойлайсыз ба?

– Иә, казакка жеке басымның өкпе-реніші жоқ. Атак-мадактан құр емеспін. Оны әрдайым мактан тұтамын. Қазаққа жасаған иттігім жоқ. Тілін де, ділін де, мәдениет, әдебиетін де, адамшылық болмыс-касиеттерін де әрдайым жоғары бағалаймын, шамашарқымша насихаттаймын, уағыздаймын (оған дәлел менің қаламымнан туған 25 том казак прозасынын аудармалары, казак такырыбына жазылған әлденеше жүзмакала, зерттеулер). Жаным ашығандыктан, сүйсіне, күйіне отырып, кейде-кейде ашылау пікір айтқаным да бар. Егер онымды жөнсіз десеніздер, кешірім сұрауға дайынмын. Дәл менің ашылау лебіздеріме, әлбетте, казак зәру емес. Бірақ, ол сынымнан жүрегі жарылған казақты тағы көрмедім. «Мені сынайтындай сен өзін кімсің?!» деп маған көзін алартып, жағадан алып жатқан ақымактар да жоқ. Ниетім ақ, жаным таза. Шаңыраққа карауды да ұмытпаймын. Қазақ пен немісті бірдей жақсы көремін. Жақсы көргендіктен де екеуін

де намысқа шақырып, қайрап қоятыным бар. Ал, егер базбіреулер «Тіліңді тарт!» десе, мейлі, үндемеуіме болады.

Әкесін танытып, «Шах» деші!

– Бұл осыдан елу жыл бұрын болған оқиға. ҚазПИ-де бірінші курста оқимын. Кешкілікте Панфилов саябағындағы ашық алаңда шахмат ойнайтыным бар. Өзі әжептәуір сауатты шахматшымын. Бір күні тактанын екінші жағына жасы менен сәл үлкен казак жігіті отырды. «Давай, ходи!» – деді өктемдеу үнмен. Мен оны үйреншікті дебютке салып, салған жерден тықсыра бастадым. Сол-ақ екен, оның бес-алты досы қаумалап, килігіп кетті: «Атыңды шығар!». «Рокировка жаса!». «Пешкіні екі бас!» – деп даурыға жөнелсін. Шамасы мені орыс санаған болу керек. Олардың жоспарларын күні бұрын біліп отырған мен үндемей ғана басымдығымды таныта бердім. Әлгілер одан сайын даурығады: «Әй мынау қалқанқұлақ қайтеді-ей?!», «Әкесін танытып, «шах» деші!», «Қап! Құдай біледі, мынаның төбесі тесік шығар...». Сол мезетте біреуі маған көзін алартты да: «Как зовут?» – деп сұрады. Мен: «Керей», – дедім. «А-а?! – деді содырдың біреуі танырқап. – А фамилия?». «Белгібаев!» – дедім мүдірместен. Бәрі тым-тырыс қалды. Аң-таң. «Чтоо?! Казак что ли?». Мен: «Казак емес, казак!» – деп түзеттім. «Не дейді? Қазакта мұндай мұрын бола ма?». Жігіттерде ес қалмаған. «Ер мұрынды келеді» деп казак айтпап па еді?». «Ей, мынауың нағыз қызылкөз пәле ғой! Орыс па десек...». Сол кезде: «Енді екі жүрісте «мат» боласың», – дедім қарсыласыма. Ол да осыны күтіп отыр екен. «Қой, Керей. «матыңды» кейін

берерсің. Жүр, сыра ішейік. Бәсе! Тегін адам емесінді салғаннан біліп едім», – деді орнынан тұра беріп.

Танысып, жақындасып, достасып кеттік. «Сельхоздың» жігіттері екен. Қазір қайда екен сол жігіттер?

Күнделікті жазбалардан:

...М.Шаханов пен А.Айталының жолдаған ұсыныстарының мәжілісте өтпей қалғанын радиодан естідім. Сенатта да қолдау таппапты. Ал, ұсыныстарында орескел ештеңе де жоқ секілді еді. «Сайлау туралы» заңға қазақтар (депутаттар немесе кандидаттар) өз ана тілін білуі керек деген ұсыныстарын енгізбек болған. Қарсы дауыс берген сол баяғы қазақтар болған соң не айтарсың. Бұған дейін мемлекеттік тілге тек орыстар мен аздаған жатжұрттықтар ғана қарсылық білдірер деп жүрсек, иын мәнінде өре тұрып қарсылық көрсететіндердің кімдер екені енді айқындалды. Биліктің майлы басын жағалаған баяғы шенқұмар қазақтардың өзі болып шықты.

Мемлекеттік тілге деген көзқарасымыздың бүгінгі сиқы осы екен. Қазақтың қалталылары қажетсінбейді дегенді мен айтқалы қашан. Олар ана тілінен доллардың тілін әлдеқайда артық көреді. Ана тілін ардақтамай-ақ айды аспанға шығаруға болатынын тұспалдап болса да сан мәрте білдіргендер емес пе еді сол шенқұмарлар. Қазақ тілін қаймана халық қастерлей берсін деген сыңайлы ұстанымнан қалталылар әсте айырыла қоймас. Қалтасы тесіктердің осы ана тілінен өзге несі бар?! Депутаттардың мұндай

шешімінен жастар қандай тәлім алмақшы? Бас ауыртудың қажеті жоқ. «Билік басында отырған ағайыларымыздың өзіне ана тілі қажет болмаса, біз онымен қай тесігімізді бүтіндемекпіз? Онсыз да күнімізді көрерміз!» – дейтіндері күмәнсіз. Сонымен біздің болашағымыз, алдағы алар асуларымыз үшін ойлап қарасақ, қазақ тілінің текке берсе де, қажеті жоқ екен.

Міне, біздің бүгінгі бет-бейнеміздің сиқы осы болды. Мұндай тоқмейіл-тоғышар көзқарастың күні ертең болашақ ұрпаққа сор болып жабысары хақ.

9 сәуір, 2005 жыл.

Жазушы деген – «халықтың ар-ожданы»

– Рас, сіз қазақ халқының мінез-құлқына, тағдырына байланысты талай аңы пікір білдіріп келесіз. Сіз айтқан аңы шындықты қазақ халқының зиялысымын деп есептейтін тұлғалардың өздері де айтудан тайсақтайды. Сонда сіз өзіңізді қазақ интеллигенциясының өкілімін деп есептейсіз бе?

– Мен өзімді қазақ, неміс, орыс зиялысы деп есептемеймін. Жалпы «зиялы» болуға талпынып жүрмін.

Рас, біздің елімізде болып жатқан кейбір жағдайларға менің пікірім жұрттың пікірімен көп сәйкес келе бермейді. Әсіресе, биліктің басындағы отырған азаматтардың пікірімен. Бірақ, ол менің қыңырлығымнан емес, әдебиетші, жазушы болғандығымнан деп ойлаймын. Жалпы әдебиетшілер, зиялы қауым билікке әр уақытта сын көзбен қарайтын халық. Бұл өзі о

бастан қалыптасқан табиғи нәрсе. Көп нәрсені көрмей-ак, білмей-ак, түсінбей-ак қояйын деп өз-өзімді қанша зорласам да, көзім көріп отырған былық-шылықтарға қарап, өз көзқарасымды ашық айтпасақ амалым жоқ. Айғыңызшы, ой адамына қалай ойланбай отыруға болады? Онда әдебиетші болып өмір сүрудің қажеті қанша! Жазушы деген «халықтың ар-ожданы» екенін басқа ұмытқанымен, өзім ұмытқам жоқ. Ал қазір өзім куә болып жүргендерім, қазақстандықтардың басым көпшілігі қалыпты өмірден мақұрым, өлмешінін күйін кешіп өмір сүріп жүргенін «данышпандар» өтірік десе, өзі білсін. Мен өз пікірімде қаламын. Осындай пікірлеріме қарап, кейбіреулер мені оппозиционер деп ойлайды. Бекер. Өйткені менің бойымда оппозиционерлік қасиет табиғатымнан бар. Тіпті әдебиеттегі кейбір образдарға да өз көзқарасымды білдіріп, келіспейтінімді ашық айтып жүремін. Бұл бала кезімнен осындай пікір қайшылықтарымен тәрбиеленіп өскендігімнен болу керек. Сондықтан мен өзімді оппозиционермін деп есептей алмаймын. Мен қазақ интеллигенциясының өкілімін деп те бөлініп-жарылғым келмейді. Жалпы зиялы адамға тән қадір-қасиеттерімді жоғалған «алтын асық» сияқты жол-жөнекей жоғалтып алмай, аяғына дейін осы «позициямда» қалуға тырысып жүрмін. Бар болғаны осы.

– *Айтпақшы, «Қазақ дәптерінің», «Орыс дәптерінің», «Неміс дәптерінің» тағдыры туралы білсек деп едік...*

– «Қазақ дәптері» екі жылдан бері Астананың кенселерінде шаңға бөгіп тұр. Қазақ тілінің күш-қуаты, қадір-қасиеті, байлығы, құдіреті жайындағы топтама мақалаларым «Жас Алаш» газетінде шыққан болатын. Оқырман жақсы қабылдаған сияқты еді. Қазақтың

айтарын неміс айтса ғанибет емес пе? – деген оймен сегіз баспа табақ қолжазбамды Астанаға жіберіп едім. Күні бүгінге дейін хабар-ошарсыз. Қазақ тілінің жанашырлары көп, сөз де жетерлік, бірақ нақты іске келгенде, арты аяқ астынан батпаққа батып, жүрмей қалады. Қазақтың тәрбиесін көрдім емес пе? «Бір жөні болар, бұйырғанын көрерміз, бір реті келер» деп шыдамдылық танытамын. Бірақ, сол ретті келтіретін қазақты әзір көрмей отырмын.

– Сыбайлас жемқорлықпен жанталаса күрескен сайын ол өрши түскен сияқты. Ал сіз қалай ойлайсыз?

– Дәл солай ойлаймын. Жыл сайын өрши береді. Ертеңгі күні бүгінгі сыбайлас жемқорлармен жылап көрісесің. Бұл заманның батыры – жемқор болды.

Күнделікті жазбалардан:

Кейде өзімнің неміс екенімді шынында да ұмытып кетемін. Өзімді нағыз қазақ сезінетінім бар. Соңынан осы қателігімді түсінгенде басымды ұстай аламын да, өзіме-өзім былай деймін: байқа, бала, сен Германияда жасамайтыныңды ұмытпа, шаңыраққа қара! Әрине, біздің қоғамда болып жатқан көрегенсіздіктер менің көңіліме кірбің түсіреді әрі қауіптендіреді, ол рас. Сонсоң әдебиетшіі адамбыз, қалай үндемей қаласың. Өкінішке қарай, менің әріптестерімнің көпшілігі жалын күжірейте бастаған келеңсіздікті ашық айтып, ауыздықтаудың орнына, үнсіз ойлағанды қолай көреді. Қалай десек те, қазір сабырлы және абай болуға тура келеді, өйткені менің байқауымша.

біздің қоғамда онсыз да жедел қарқынмен өсіп келе жатқан «агрессияны» ушықтыру кімге тиімді дейсіз. Кейде ойлаймын: мүмкін менің қазақ достарым да осындай ойларға берілетін шығар? Бәрінің көздері ашық, бәрін тыңдап жүр, бірақ тым-тырыс. Олар бірдеңені күтетін секілді. Ал, зұлымдық күтпейді, буырқанып арнасынан төгіліп жатыр, үстемдікке ұмтылуда, бірде сайтанышылап ыржалақтаса, бірде мефистофелдік кейіпте мысқылдап күледі, ұяты бар ақылды адамдар мен қарапайым адамгершіліктің бетіне арсыздықпен былиштып түкіріп жатыр. «Гогольдік» пен «цедриндіктің» бүгінгі ізбасарлары аузына су толтырып алғандай үнсіз. Бәрі бір нәрседен үмітті. Бірақ, неден? Оны өздері де білмейді. Міне, сізге мәдениет серкелерінің орны, кіммен бірге екендігі! Расында, олар ешкім жағында емес. Біреулері бәріне қол сілтеген, біреулері сондай бір ұсақ жәдігөйлікпен, жағымпаздықпен ары мен ұлтын саудаға салып жүргендер. Мұндай «позиция» бір күндері өзіне қарсы, балалары мен немерелеріне қарсы айналып соғатынын олар жүрекпен түсініп жүрген жоқ. Иә, мұндайда не айтуға болады? Әңгіме, менің әкем айтпақшы, кедейлікте. Айтпақшы, Ташкентте тұрған әкем бірде менен былай сұрағаны бар: «Енді не болады?». Менің жауабым: «Не болушы еді, болатын нәрсе болады да». Сонда әкем: «М-м, бәлкім, сенікі жөн шығар!».

9 қыркүйек, 2002 жыл.
Сұхбатты жүргізген Болат Шарахымбай.
«Әдебиет айдыны» газеті,
№40 (188), 02.10.2008 жыл.

*Ғажысты адам ғана
«мен қазақтың!» деп қуанышты
сезіммен айта алады*

– Герольд аға, осыдан бірнеше жыл бұрын Мәскеуде жарық көрген «Гармония духа» деген кітабыңызда сіз қайсыбір ұлт өкілдері білсе де, білгісі келмейтін, бірақ қазақ халқы үшін маңызды қадау-қадау мәселелерге тоқталғаныңызды білемін. Кітабыңызда 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін өзіңізді сол жылдардағы СОКП Орталық Комитетінің (Тищенко ма, Мищенко?..) есімі елге белгісіз бір шолақ белсендісінің Қазақстан компартиясы Орталық Комитетіне шақырып алып, оңаша әңгімелесіп: «Осы қазақ тілінде бар болғаны 200 ғана сөз бар дейді біреулер. Шындығында, осы рас па?» – деп сұрағанын айтасыз. Сонда сіз қазақ тілін кеңінен зерттеген Бартольд, Радлов секілді академиктердің пікіріне сүйене отырып, алгі пендеге шын мәнінде қазақ тілінің әлемдегі сөздік қоры ең бай әрі көркем тіл екенін жеткізе айтып берген екенсіз...

– Ол өзі сондай бір аласапыран кезең еді ғой. Рас, ол адамның аты-жөні есімде жоқ, фамилиясы Мищенко еді. Мен оны кейде қуақыланып «Нищенко» дейтінмін. Ол барып тұрған қызыл белсендінің өзі болатын. ЦК-ның нағыз «патриоты» еді. Сондықтан да ол Алматыға жиі-жиі келіп, ЦК-да отырып, керемет «семіз» сөйлейтін. Жұрттың бәрін менсінбей қарайтын, жақтырмайтын

да. Менің көзімше Мәскеуге телефон соғып: «Колбин. Колбин... где-то овец считает. Кунаев... да болтается где-то», – деп өзінше жақтырмайтын сынаймен сөйлесіп отыратын. Сонда байқағаным, ол өзін тіпті Қазақстанның қожасы секілді сезіне сөйлейтін. Мені шақырғаны, ол Қарағанды қаласында болып, сонда бір «білгіштермен» кездесіп, сөйлескен екен. Сонда олар: «Қазақ тілі деген жоқ, ол небәрі 200 сөзден ғана құралған бірдене, ол өзбек тілінің бір «скотоводческий» варианты ғана», – депті. Міне, сол ынғаймен келген ол «осында қазақ мектебін тауысқан, қазақша білетін, қазақ мәдениетінің сойылын соғып жүрген Бельгер деген біреу бар екен» деп естиді де, менімен кездесіп, мүмкін болса, қазақ тілінің «жағдайын» барлап көрейін деген ойға келіпті. Сөйтіп, мені шақырады. Қазақ тілі туралы әлгіндей әңгімені «қызыл белсендінің» аузынан естігенімде іштей ашуланғаным соншалық, құлағым қызарып, намысым оянып, қаным басыма теуіп кетті. Содан мен оған сіз айтқан Бартольд пен Радловтың қазақ тілі жөніндегі тамаша пікірлерінен деректер мен дәйектер келтіріп, тіпті қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерінен де бірсыпыра дәйектер беріп, қазақ тілінің байлығы турасында біраз «көсілдім». Бұл оған ұнамады. Барлап қарасам, сонда оның ойы қазақ тілін менсінбей, жамандатып, іске алғысыз тіл ғып тастау көрінеді. Бірақ мен, керісінше, барлығын дәлелдеп беріп едім, ұнамай қалды-ау деймін, «хватит, хватит» деді де маған «токтатыңыз» дегендей ишарат білдіріп, бірден неміс мәселесіне көшті. Неміс мәселесі де маған жақсы таныс мәселе. Сондықтан кеңірек сөйлей бастап едім, «ладно, ладно...» деп сөзімді бөлді де, сәлден соң «осыларды маған жарты бетке жазып берсеніз» деп өтініш жасады. «Неміс мәселесі – трагедийный мәселе,

неміс халқының кеңес кезеңінде көрмегені жоқ. Оның барлығын жарты бетке сыйдыру мүмкін емес, кем дегенде 20-30 бетке жазып беруіме болады». – деп едім... «Оны кім оқиды, мұнда автономия үшін күрес болып еді ғой, соның бәрін жарты бетке сыйғызып бер!» – деп өктем сөйледі. Осылайша мен ол кісіден түңіліп, қолымды бір сермеп шығып кеттім. Кейіннен білгенім, ол кісіге қазақ тіліне қатысты мәселені «Бельгермен сөйлесіп, анық-қанығын сұрап біліңіз» деп айтқан Нұрсұлтан Назарбаев көрінеді. Бір ғажабы, мен ол кезде Нұрсұлтан Назарбаевпен ешқандай таныстығым жоқ еді. Бірақ ол кісі мені сырттай біледі екен. Және аудармашы екенімді де жақсы біледі екен. Қазақ тілін бір кісідей меңгергенімнен хабардар болып шықты. Содан Нұрекең Мищенкоға: «Егер қазақ тілінің бай тіл екеніне сенбесеңіз, онда Бельгермен сөйлесіңіз». – деген екен ғой. Міне, бұл оқиға осылай болды.

– Еліміз тәуелсіздік алып, көк байрағын көтергелі бері 17 жылдай уақыт болды. Осы жылдар аралығында елімізде ұлан-асыр шаралар жүзеге асырылды. Қазақ елі тәуелсіздігін жариялап қана қоймай, мемлекеттік елтаңба мен әнұранын белгілеп, қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды. Арқа өңірінен, Есіл бойынан жаңа Елордамыз – Астана қаласы бой көтеріп, дамып келеді. Әрине, бұл 70 жылдан астам уақыт қызыл империяның боданында болған қазақ елі үшін оңай шаруа емес. Десек те, мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілі әлі күнге дейін өз биігінде қолданылмай келеді. Өздерінің орысша «шүйіркелескенімен» қоймай, қайсыбіреулер бұған әлі күнге билікті кінәлауда. Осы тұста қазақ тілін бір қазақтан артық меңгерген сіз араағайындық жасай отырып айтыңызшы, шын мәнінде, қазақ

тілінің көсегесі «көгермей» отырғанының себебі қарапайым қазақ жұртышылығында ма? Жоқ әлде, биліктің өзінде ме? Меніңше, осының ара-жігін сізден басқа ешкім дөп басып ашып бере алмас...

– Осынау маңызды мәселеге катысты біраз нәрсенің бетін өзіңіз айқындап, ашып бердіңіз. Қазақ тілі мәселесінде менің айтар сөзім де шамалы. Мен өз басым қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруден бастап, бұл мақсатта күні кешеге дейін атқарылған игілікті істердің барлығының басы-қасында болдым. Алдымен қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріліп, қазақ тілін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жасалды. Басқаны былай қойғанда, осыдан біраз бұрын ғана «Мемлекеттік тіл» қоры құрылды. Бұл не? Бұл биліктің мемлекеттік тіл – қазақ тілін жап-жақты дамыту бағытындағы игілікті қадамдары. Сондықтан дәл әлгіндей айту артығырақ болар. Дегенмен, тәуелсіздіктің 17 жылында қазақ тілі дамып, өркендеп кетті деп айту маған қиын. Менің білуімше, дәл осы қазақ тілін дамыту бағытында қауырт қимыл, қозғалыс аздау, жетіспейді. Бір қуаныштысы, қазақ пен қазақ өз ана тілінде сөйлейтін болды, тіпті кеңес кезеңіндегімен салыстырғанда, көшеде қазақ тілін еститін болдық. Бірақ деңгейі әлі тым төмен. Бұл жағы ұлты неміс менің өзімді қанағаттандырмайды. Әсілінде, қай тілді алсаңыз да, сол тілді дамыту үшін сол халықтың өзі жауапты! Тіл мәселесінде бұл ең маңызды нәрсе. Бұл тұста менің бір түсінбейтінім, билік басындағы қайсыбір басшылар теледидар немесе радио хабарларында қазақ тілін ысырып қойып, орыс тілінде сөйлейтін болды. Құдай-ау, сонда олардың орыс тілі «төрт аяғын» тең басып тұрса жақсы-ау!.. Олардың орысшасы да келісіп тұрған жоқ қой. Кәдуілгі қатып қалған «ағаш» тіл. Мұның

өзі кейде мені «біздің билік тілі жоқ билік екен-ау» деген ойға қалдырады. Егер анығын айтсам, дәл қазір қайсыбір депутаттардың орыс тілінде сөйлеген сөзінен олардың не айтып тұрғанын түсіну қиын. Өйткені тілдері дубара. Мұндай адамдар қазақ тілін қайдан жарытсын?.. Демек, қазақ тілін менсінбейтіндер де, өз ана тілін білмейтіндер де, міне, солар. Сондықтан да кейбір жастарымыздың: «Құдай-ау, мына депутаттар да қазақ тілін білмей-ақ, халық қалаулысы болып жүр ғой. Сонда бізге қазақ тілі қаншалықты қажет?» – деп ойланып қалып жатқан жағдайы да жоқ емес. Таяуда «Элита Қазақстана» деген қомақты кітапты оқыдым. Саясат, бизнес, қоғам қайраткерлерінен тұратын 26 мықтының сұхбатын беріпті. Шетінен ығай мен сығайлар. Қазақ тілін бірі де ауызға алмайды. Оқитындары кілең шетел мен орыс жазушылары. Қазақ әдебиеті жоқтай сөйлейді. Танғалдым. Апырай, бұл қалай болды? «Мықты» болу үшін қазақ тілінің қажет болмағаны ма? Дегенмен, билік басындағылар мен қалталы ағайындарға қазақ тілі қажет болмаса да, мемлекеттік тіл ұлтын сүйетін адамдар үшін ауадай қажет. Сондықтан бүгінгі билік қандай жағдай болса да, мемлекеттік тіл – қазақ тілін барынша дамытуды темірқазықтай ұстануы тиіс. Өйткені мемлекеттік тілі жоқ елдің болашағы бұлыңғыр, тіпті жоқ деуге болады. Демек, билікке де, оның айналасындағы шенеуніктерге де сілкініс қажет! Бұған қоса, тілді баянды ету үшін намыс қажет. Ал намысты адам «Мен қазақпын!» деп қуанышты сезіммен айта алады. Қазіргі күні қайсыбір қазақ бауырларымызда осы жағы жетіспейді. Мені осы мәселе қатты толғандырады. Олай болса, қазақ тілін мейлінше дамытып, оның мәртебесін көтеру үшін, ең бастысы, намысты қамшылап, сауатты да

парасатты шараларды жүзеге асыру қажет. Бұл тұста «басты салбыратып» жүрудің еш қажеті жоқ! Мысалы, мен неміспін. Бір өкініштісі, неміс тілінде сөйлеп, шүйіркелесетін достарым да, тамыр-таныстарым да, барлығы әлдеқашан Алманияға (Германия) көшіп кетті. Ал мен болсам, ана тілім – неміс тілін ұмытпау үшін күн сайын ұйықтар алдында бір-екі сағат неміс тіліндегі шығармаларды, «Інжілді» дауыстап оқимын. Міне, сөйтіп, бабамның тілі, яғни ана тілім – неміс тілін ұмытып қалмауға қарекет жасаймын. Мұны мен Қазақстанда тұрып, өзінің ана тілі, мемлекеттік тіл – қазақ тілін білмейтін замандастарыма, әсіресе, жастарға сабақ болсын деп айтып отырмын.

– Соңғы уақытта қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қатар дамыту бағытындағы үш тұғырлы тіл мәселесі күн тәртібіне қойылып, осы бағытта атқарылатын шаралар белгіленуде. Үкімет қолға алған осы бағыт сіздің көкейіңізге қона ма? Мұның өзі мемлекеттік тіл – қазақ тілінің ресми қарым-қатынас құралына айналған орыс тілі мен ағылшын тілінің колеңкесінде қалып қоюына апарып соқпай ма, қалай ойлайсыз?

– Шынымды айтсам, үш тұғырлы дегенге өз басым қарсымын. Бұл сөз тіркесінің өзі менің ашу-ызамды келтіреді. Тілді үш тұғырлы жасаймыз деу – барып тұрған қиянат! Себебі, тілдің үш тұғырлы болуы тіпті де мүмкін емес. Мұндай нәрсе табиғатта да жоқ. Әрине, заман талабына сай ағылшын, орыс тілдерін меңгерген жөн. Бірақ қазақ тілінің мемлекеттік тіл екенін, оны меңгеру әрбір адамның парызы екенін ешқашан ұмытпауымыз керек. Менінше, әрбірадам үшін өзінің ана тілі басты тұғыр болуы керек. Мұның себебі, өзінің ана тілін еркін меңгерген адамға өзге тілдерді үйрену тіпті

де киынға сокпайды. Мұны өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сондықтан үш тұғырлы деген сөз тіркесін қоғамнан аластау қажет! Әрине, мен ағылшын, орыс тілдерін меңгерудің қажеті жоқ демеймін. Себебі, бұл тілдерді кім-кімнің де меңгергені жөн. Оған еш наразылығым да, қарсылығым да жоқ. Өйткені бұл бүгінгі өмір талабы. Бірақ, қайталап айтамын, мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесі бәрінен де әлдеқайда биік тұруы тиіс!

– *Герага, сіздің Қазақстанға қоныс аударғаныңызға, қазақ халқымен бірге қоян-қолтық өмір сүріп келе жатқаныңызға 60 жылдан астам уақыт болыпты. Осы жылдар арасында қазақ халқы сіздің жүрегіңізден қаншалықты берік орын алды? Мұны айтып отырғаным, өзіңіз білесіз, осыдан бірталай жыл бұрын кіндік қаны Қазақстанда тамып, осы елдің тұмасына айналған талай неміс ағайындарымыз «жайлы жер» іздеп, Германияға, дәлірек айтқанда, ежелгі атақоныстарына көшіп кетті. Сіз сабыр сақтап, өзіңізге біртуғандай боп кеткен қазақ елінде қалдыңыз. Мұның біз білмейтін, өзіңізге ғана аян сыры бар ма? Болса, неде?*

– Бұл ауқымы өте кең сұрақ екен (күледі). Өз басым неміс ағайындардың Қазақстаннан жапырыла көшкенін кош көрмедім. Кезінде, жасыратыны жоқ, мен неміс автономиясы үшін «күрестің» басы-қасында жүрдім. Бұл тұста билікте отырған лауазымды адамдардың барлығын «аралап та шықтым», Михаил Горбачевқа дейін бардым. Қазір біз, Қазақстанда, Қырғызстанда тіпті Өзбекстанда тұратын немістер өзімізді «ресейлік немістерміз» деп атаймыз. Өйткені баяғыда біз II Екатерина. I Петрдың заманында Ресейге көшіп келдік. Сондықтан біздерді кеңестік немістер деу ақылға сыймайды. Ал соану жылдары немістердің автономия

сұрағандағы ойы — олар өзінің тілін, ұлттық әдет-ғұрыптарын, ежелгі салт-дәстүрлерін сақтағысы келді. Мұны дұрыс қабылдау керек. Ал менің жайым бұл тұста сәл өзгешелеу. Себебі, мен жеті жасқа толмай тұрып, отбасымыз Қазақстанға көшіп келді. Жастайымнан қазақ ортасында ержетіп, өстім. Қазақ мектебінде оқып, қазақ ауылында тәрбиелендім. Өмірдегі жақсылықтың барлығын қазақ ауылынан көрдім. Мен мұны мақтан етемін және үнемі айтып жүремін. Сондықтан да «Германияға қоныс аударамын» деген ой менде өмірі болған емес. Бірақ, бір-екі рет Германияда 10-15 күндеп болғанда «бұл қалай болады екен?» деп барлап көргенім бар. Сонда келген қорытындым: Германияға менің қажетім шамалы. Әрине, Германияда тұрмысым жаман болмас еді, тұратын үйім мына пәтерімнен әлдеқайда кең болар еді... Неміс сырасын өкірте ішер едім. Бірақ, менің дәл Германияда ешкімге қажетім болмайтыны анық. Тіпті онда менің амандық-саулық сұрасатын адамым да болмай қалатын еді. Ал Қазақстанда аздаған беделім де бар, жұрт сыйлайды. Шығармаларым басылып шығуда. Демек, мен өзімді Қазақстанда керек адаммын деп сезінемін. Өйткені мен қазақ қоғамының бір бөлшегіне айналып кеткен адаммын. Маған бәрінен де осы жағы қымбат! Мен осыған иланып, сендім. Қазір менің жасым жетпістің төртеуіне келді. Сондықтан да болар, кейде алуан түрлі ойға берілетінім де бар. Біздің қазақ қоғамында бар тіршілік «тастай» деп те айта алмаймын. Өйткені мен кемшілікті тез көремін. Әрине, жақсылықты, бар табысты ешкім жоққа шығара алмайды. Ал мен қоғамның көлеңкелі жағын өтс жылдам байқаймын да, оны тез арада айтуға талпынамын. Қайсыбіреулер менің осындай әрекетіме қарап «әй, осы оппозицияда жүрген жоқ па?» деп те ойлайды. Бұл тіпті

де олай емес. Мен оппозицияда жоқ адаммын. Бірақ, мен оппозициядағы адамдарды сыйлаймын, құрметтеймін. Олардың өзіндік ойлары, түсінігі бар. Реті келгенде айтайын, қазіргі биліктің олардың қоғамға қажетті тың ойларымен, ұсыныстарымен санасқаны жөн.

– *Сіз қазақ халқының ұлттық тағамдарының атауын жақсы біліп қана қоймай, олардың аталу себептерін орыс тілді азаматтарға жеріне жеткізе насихаттап келе жатқан азаматтың бірісіз. Халқымыз үшін айрықша маңызды мұндай зерттеулерді жүргізіп, оны шығармаңызға арқау етуге не түрткі болды? Қарапайым неміс баласы Гера, бүгінгі халық жазушысы Герольд Бельгер мырза өзінің өткен өмірінен тағылым ала отырып, кейінгі толқын жастарды да қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына баулуды жөн санап отыр ма, қалай? Әлде, бұған сонау бала күнгі қара сирақ досыңыз Әскер мен көпті көрген көнекез қария Тайшықтардың ықпал-әсері болды ма?*

– Дұрыс айтасыз, мұнда досым Әскердің де, көпті көрген Тайшық қарияның да ықпалы бар. Менің ес білгелі көріп, танып келе жатқаным – қазақ ауылы. Қазақ ауылында ержетіп, сонда өскен менің қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері мен тағам дайындау ерекшеліктеріне назар аудармасым жөн емес. Менің досым, жазушы Әбіш Кекілбаев кейде «ауылдың мәмбеті ғой, мынау біздің Гера деген» деп күледі. Ол ойнап, күлдіргі үшін айтады. Бірақ, мен білетін шындық та сол. Өз басым «ауылдың мәмбеті» дегенді мақтан қабылдаймын. Ауылда өстім, сондықтан да қазіргі компьютерге, анау-мынауға менің ешқандай әуестігім жоқ. Мен диванда жатып жазатын кәдуілгі қазақтың бірімін. Ал енді ұлттық тағамға келсек, мен ес білгелі

казактың қай тағамы қалай жасалатынын байқап, көріп келе жатырмын. Бір артықшылығы, казактың тағамының қайсысын алсаңыз да, денсаулыққа таптырмайтын емдік қасиеті бар. тамаша тағамдар. Бұған менің көзім толық жетті. Тіпті Бундестагтың бір депутаттары осы Алматыға келіп, солардың алдында сөз алғанымда мен олардың, яғни немістің тамағын түк қалдырмай сынап тастағаным бар. Шындығы сол, Германияда пісіретін тағамдардың дәмділігі тіл үйіргенімен, калориясы жоқ. Күш-қуаты жоқ. Сондықтан да олар таң азаннан кешке дейін «күйсей» береді. Ал казактың бір рет ішкен тамағы күні бойы қуат береді. Мысалы, таңертен қазыдан бер-екі тіліп жеп, қаймақталған қызыл бура шайды ішсең күні бойы әл-қуатты жүретінің ақиқат. Мен Данияда, Францияда, Голландияда, Германияда, Будапеште сан мәрте болдым. Тамақтарының түрі көп, бірақ калориясы, күш-қуаты жоқ. Мен казактың тағамдарын өте жақсы көремін және ең жұғымды тамақ казактың ұлттық тағамдары деп білемін. Мұны бүгінгі жастар да біле жүрсін!

– Қазақ тіліндегі тамаша жер-су, елдімекен атауларын өзге ұлт өкілдері бұрмалап айтып, керемет атаудың берекесін кетіруін қояр емес. Қазақ тіліндегі қайсыбір жер атаулары өзге ұлт өкілдерінің өрескел бұрмалауынан басқана аталып кетті. Бұл не? Олардың тілі бір әріпке келмей ме? Жоқ әлде, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін сыйламағандығы ма, болмаса мұның қандай да бір астары бар ма? Бұл жөніндегі сіздің азаматтық позицияңыз қандай?

– Астары сол, мәдениеттің жетіспеушілігі, мәдениет жоқ. Шындығында, казак тілін бұрмалап сөйлеу – қиянат! Баяғыда, әсіресе, кеңестік кезеңде казак ауылдарында Ленин, Октябрь, Пушкино секілді атаулар

каптап кеткені бар. Құдайға шүкір, еліміз тәуелсіздік алғалы бері оның барлығы өзгертіліп, оларға бұрынғы казақы атаулары қайтарылуда. Мен мұны шынайы жүрегіммен құптаймын. Ал енді орысқа «отан» деп айту қиын. Себебі, «отанын» да, «атанын» да айтқанда бірдей болып естіледі. Содан да болар, «Олжастың» өзін көпшілігінде «Алжас» деп бұрмалап айтып, маскара боп жүр ғой. Жалпы, мүмкін болса, бір тілдегі сөзді екінші бір тілде бұрмалап сөйлеудің еш қажеті жоқ. Тағы бір нәрсе, соңғы уақытта біз кез келген сөзге «Нұр» сөзін келсін-келмесін қосарлай беретін болдық. Мысалы, «Нұр-Отан», «Нұр-Астана» деген сөздер бүгінде сәнге айналды. Осы тұрғыдан айтарым, «Отан» секілді қасиетті де киелі сөздерге барынша мұқият болған жөн. Әйтпесе әдемі сөздің қадірін кетіріп аламыз.

– Герага, осы сізді қазақтың кең тынысты халық әндерінің керемет орындаушысы да деп естиміз. Шындығында, солай ма? Сізді қазақ әніне іңкәр еткен қандай құдірет?

– Орындаушысы деген бекер сөз. Мен өз басым өлең айта алмаймын. Өзім жалғыз қалғанда ыңылдап ән айтуым мүмкін. Ал көпшілік алдында әуелетіп ән салған емеспін. Өз басым Солтүстік Қазақстан өңірінде өсіп-өндім. Іргемізде Көкшетау. Ол жерде жұртшылық Біржан салдың, Ақан серінің, Естайдың әндерін айтады. Мен жастайымнан, міне, осындай халық композиторларының, әншілерінің әндерін естіп өстім. Мамандығы дәрігер болғанымен, менің әкем музыкамен өте көп шұғылданатын. Мен де жас кезімнен гармон. аккордеон тарттым. Сонда қазақтың халық әні Сырымбеттен бастап, біраз әндерді гармонда орындайтынмын. Талай әншілерді сүйемелдедім де. Кейіннен көрнекті композитор Ахмет Жұбановтың

«Соловьи столетий» деген кітабын аударғанда, маған соның септігі көп тиді. Өйткені осындағы өлеңдердің барлығын мен жастайымнан жақсы біліп өстім. Олардың арасында әйгілі Балуан Шолақтың да кең тынысты әндері бар. Ал өзім естімеген ән кездесе қалса, композитор А.Жұбановтың өзіне барып, «мына әнді айтып беріңізші» деп қолқа салатынымын. Өйткені аударма барысында әннің тегін түсінбесең, ол ән мүлде басқаша шығуы әбден мүмкін. Реті келгенде айта кетейін, қазіргі күні қазақ теледидарында да, қазақ радиосында да, қазақтың ежелгі халық әндері жиі орындалмайтын болды. Олардың орнын ән деп айтуға келмейтін, қайдағы бір даңғазә әуен басып кетті. Осы жайт мені жазушы ретінде де, азамат ретінде де қатты толғандырады. Қазақ әндерінің құдіреті оның табиғилығында, шынайылығында. Қазақтың халық әндерінің қайсысын алсаңыз да, олардың барлығы жүректен шыққан әуезді әуендер. Жүректен шыққан ән ғана жүрекке жетеді. Тіпті сол халық әндерінен қазақтың өршіл рухы сезіліп тұрады. Ал қазіргі әндер жүректі қытықтамайды, жанды тербетпейді. Мен оларды қабылдай алмаймын. Бұл – бүгінгі ән өнерінің үлкен қасіреті.

– Тәуелсіз қазақ елінің азаматы, көрнекті қоғам қайраткері ретінде сізді дәл қазіргі күні қандай жайттар айрықша толғандырады? Қоғамда қандай да бір әттеген-айлар бар ма?

– Әттеген-айлар неге болмасын, жоғарыда айттым ғой, мен «көп нәрсеге сын тұрғысынан қараймын» деп. Менің ашу-ызамды келтіретін, ойландырып-толғандыратын нәрсе – бізде мақтаншактық көп. Дарақылық көп, жоқ нәрсені дабырайтып айтып, мақтағанда алдымызға жан салмаймыз. «Біз

қырғыздардан көш ілгерілеп кеттік. өзбектерді далада қалдырдық, тәжіктерді үш-төрт ораймыз» деген сияқты құрғақ мақтан сөздерді құлағым соңғы уақытта жиі еститін болды. Егер біз шын мәнінде мақтанғымыз келсе, онда өзіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуымызды Балтық жағалауындағы елдермен, Еуропа елдерімен салыстыра отырып мақтанайық. Бұл, әрине, дұрыс болар еді. Бізде әлі күнге «семіз» сөйлеу басым. Міне, біз қоғамды осыдан тазартуымыз қажет. Мысалы, газеттерді алсақ, көп жағдайда қызыл сөзбен мақтану көп. Біз осыдан құтылуымыз керек. Қазіргі жастардың кітап оқымайтыны мені қатты толғандырады. Осының бәрі мені шошындырады, ойландырады. Жастарымыз батыс елдеріне, ағылшындарға, американдықтарға еліктемей, еліміздің намысын биік ұстап, қазақ болып қалса екен деп ойлаймын. Егер қазақ жастары өзінің ұлттық үрдісі мен әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін аялап, ардақ тұта білсе, басты ғанибет осы болар еді деп ойлаймын. Жастар осыған назар аударуы тиіс!

– *Әңгімеңізге рахмет!*

*Сұхбаттасқан
Жомарт Молдахметұлы.
«Айқын» газеті,
№199 (1136). 22 қазан, 2008 жыл.*

*«Нағыз жазушы арсыздыққа
бармайды»*

«...Жазудан жалығатын адам – жазушы емес. Бізде (қазақ жазушыларын айтамын, кейде мен өзімді «қазақ жазушысымын» деймін) кәсіби жазушылар өте аз. Күні бұрын не жазатынын жоспарлап қоятын және жоспармен жұмыс жасайтын бір ғана қазақ жазушысын білемін. Ол – Мұхтар Мағауин».

Алматыдағы ең көрікті жердің бірі – Ғылым академиясының маңы. Осындағы зәулім үйдің бірінде қазақша сөйлейтін, орысша ойлайтын, ұлты неміс, жазушы-аудармашы Герольд Бельгер тұрады. Жазушы алты ай жазда күн сайын Шоқан Уәлиханов ескерткішінің айналасында отыз екі жылдан бері үш пен төрттің арасында серуендеп жүреді. Ауа райы жылы күні табиғат аясында сұхбаттасқанға не жетсін?! Бірақ Герольдаға: «Кейбір «саран қазақтар» секілді қонағымды сырттан қайтарғаным ұят емес пе, үйде әңгімелесейік», – деді. «Мен Қазақстанда «неміс жазушысымын», ал шет елде «қазақ жазушысымын» деп қалжыңдап қояды. Бұл жолы да оның кішкентай жұмыс бөлмесінде әңгімелестік. Оның жанарынан жалғыздықтың мұңын көруге болады. Бір ғажабы, ол кісімен сұхбаттасқан сайын бір еркіндікті сезінемін. Себебі, ол еркіндікті сүйетін жазушы.

– *Герольд аға, жасыңыз жеттістен асты. Денсаулығыңыз сыр беріп жүрген жоқ па?*

– Жасым жетпіс төртте. Денсаулығым сыр беріп жүргені рас. Санап отырсам, менің бойымда неше түрлі «итпен» аяқталатын аурулар бар (күледі). Қазір ұзақ жол жүрмеймін, үйдің айналасында. Ғылым академиясының маңында серуендеймін. Өзімнің қатаң күн тәртібім бар. Күн сайын таңғы сағат жетіден он бірге дейін диванда жатып, жазу жазамын. Ал сағат екі мен төрттің арасында мақалалар мен күнделік жазамын. Пушкин де диванда жатып жазған (күледі). Бұрын өзге жазушылар секілді үстелде отырып жазушы едім. Денсаулығыма байланысты он жылдан бері диванда жатып жазамын. Дүкенбай да етпетінен жатып жазады.

– *Сіз көп жазатын қаламгерсіз. Көп оқисыз ба?*

– Мен көп жазамын, көп оқимын. Мен тек қана күндіз жазамын. Күндізгі сағат төрттен кейін кітап оқимын. «Жазуға шабыт жоқ» дейтін жазушыларды түсінбеймін. Мұндай жазушылар сөз өнеріне хобби деп қарайды. Осы жасыма дейін қырық бес кітабым жарыққа шықты. Жоспарым бойынша енді тағы сегіз кітап шығаруым керек. Менің қазақ жазушыларынан өзгешелігім, күн сайын жазу жазамын. Кітабымды шығарған соң демалу деген менде жоқ.

– *Сіздің жасыңыздағы жазушыға сегіз кітап жазу ауыр тимей ме?*

– Күніне бес бет жазсам, жылына бес кітап шығарады екенмін. Бірде ауруханаға жатып шыққан соң ойымдағы романымды бітіре алмай қаламын ба деп қатты қорықтым. Жүз бір күнде романымды аяқтадым. Жаңа жылдан бастап «Аманат» журналында жариялана

бастайды. Қайталап айтамын, мен күнде аз дегенде бір-екі бет жазу жазамын.

– *Жазудан жалығып кетпейсіз бе?*

– Жок, менде ондай «ауру» жок. Жазудан жалығатын адам – жазушы емес. Бізде (қазақ жазушыларын айтамын, кейде мен өзімді «қазақ жазушысымын» деймін) кәсіби жазушылар өте аз. Күні бұрын не жазатынын жоспарлап қоятын және жоспармен жұмыс жасайтын бір ғана қазақ жазушысын білемін. Ол – Мұхтар Мағауин.

– *Мұхтар Мағауиннің шығармашылығын, адами болмысын қалай бағалайсыз?*

– Мұхтар Мағауиннің шығармашылығын өте жоғары бағалаймын. Шығармаларының идеясы, философиясы терең. Қазақтың тағдырын, мұңын, қуанышын жазып отырып, бүкіл адамзаттың проблемасын жазады. Ол өзінің принциптерімен өмір сүретін, өзін-өзі қорғай алатын қаламгер. Мен оны құрметтеймін. Мұхтар – өзінің қоғамға қажетті екенін әрқашан сезінетін қаламгер.

– *Қазір ол кісі Прагада өмір сүріп жатыр. Хабарласып тұрасыз ба?*

– Осыдан біраз уақыт бұрын Мұхтар Алматыға келгенінде үйге телефон шалды. Екеуіміз қоғамның, әдебиеттің ахуалы туралы ұзақ сөйлестік.

– *Мемлекеттік сыйлыққа екі рет ұсынылып, өтпей қалдыңыз. Мемлекеттік сыйлықтың берілу тәртібіне деген көзқарасыңыз қандай?*

– Ақылды неміс болсам, өзімді-өзім Мемлекеттік сыйлыққа ұсынбас едім. Маған да қазақтың осы «ауруы» жұғып, өзімді-өзім сыйлыққа бір рет емес, екі рет ұсындым. Соны не болды? Екеуінде де мені «құлатып» жіберді (күледі).

Мемлекеттік сыйлық комиссиясына он жылдай мүше болдым. Анық көзімнің жеткені: комиссия мүшелері сыйлыққа ұсынылған кітапты оқымайды екен. Сыйлықты кімге беру керектігі алдын ала шешіліп қойылады. Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған кітаптардың бәрін жүйелі түрде әр жылда екі-ақ адам оқыдык. Бірі – мен, екіншісі – Мұрат Өуезов. Комиссияның отырысында талқылауға жол жоқ болғандықтан, мен де кейін ештеңе оқымайтын болдым. Бұдан кейін сыйлыққа кітабымды ұсынбаймын және комиссияның мүшесі болмаймын.

Менің ойымша, Мемлекеттік сыйлық болғандықтан, мемлекеттің атынан комиссия құрылуы керек. Оның сыртында жазушылардан құрылған сарапшылар көзқарастарын білдіруі керек. Кімге беру керектігін солар шешуі тиіс. Неге Бельгерлер өзін-өзі ұсынуы керек? Мемлекеттік сыйлық – мемлекеттік мәселе. Мемлекеттік мәселеге немқұрайлы карауға болмайды.

– Егер гайыптан тайып, сізге Мемлекеттік сыйлықты беріп жатса, аласыз ба?

– (Күледі). Қызық сұрақ. Енді маған бермейді. Бір казак ақынының: «Алпыста үйренбеген домбыраны, ақыретке барғанда тартамын ба?» деп келетін өлені бар. Сыйлықтың енді маған керегі шамалы. О дүниеге сыйлықсыз да қабылдай беретін көрінеді ғой.

– Сіз өлімге суық қарайсыз ба?

– Өлемін бе деген қорқыныш жоқ. Басым жұмыс істейді, көзім жақсы көреді, құлағым жақсы естиді, қыздармен сөйлесемін (күледі). Көне гректер «өлімді ойла» дейді ғой. Өлімді ойлаймын. Әбекең (Нұрпейісов) айтқан: «Өлуін жұрттың бәрі өледі ғой. Бірақ бірденені бітіріп барып, өлгенге не жетсін!». Дұрыс сөз.

– *Қазіргі жастардың көпшілігі пессимист. Осының сыры неде деп ойлайсыз?*

– Қазір оптимизмге жол аздау. Нарық мәселесі халықты қажытып жіберді. Саясатта жалғандық көп. Студенттердің көпшілігі ақылы бөлімде оқиды, стипендия алмайды, барғысы келген кино мен кештерге бара алмайды. Таңдаған киімін алып киюге ақшалары жоқ. Әлеуметтік тұрмыстың төмендігі жастарды пессимист болуға итермелейді.

– *Тұманбай ақынның «Келетін достар азайып кетті мені іздеп, азайды демек, бағыммен келер байлығым» деген өлең жолдары бар. Әріптес достарыңыз жиі хабарласып тұра ма?*

– Менің достарыма реніш жоқ. Қазақ, неміс, орыс, кәріс, еврей жазушыларының арасында достарым көп. Үйге жиі хабарласып, жағдайымды сұрап тұрады. Мен, керісінше, достарым маған сирек телефон шалса екен, мазамды алмаса екен деймін. Күніне жиырма казак телефон шалып, он казак үйіме келсе, мен қай уақытта жазуға үлгеремін? Сен білесің бе, менің жасымдағы жазушыға қандай жағдай керек? Шай-пайға жететін ақшасы және жазуға уақыты болуы керек.

– *Барлық жазушыға осындай жағдай керек қой, аға?!*

– Иә, солай, солай.

– *Күнкөріс көзіңіз – зейнетақыңыз ба?*

– Мен өмірімде бай болған адам емеспін. Жеті-сегіз жылдан бері Президенттің стипендиясын аламын. Газеттер мақалаларыма анда-санда қаламақы береді. Альянс банк өткізетін байқаулардың комиссия мүшесімен. Банктен де кейде қаламақы түседі. Зейнетақы аламын. Әйелім жұмыс істейді, зейнетақы алады.

– Құпия болмаса, Президент стипендиясына қанша мың аласыз?

– Ешқандай құпиясы жоқ. Жалпы, менде құпия деген жоқ. Президент стипендиясы жылына бір рет беріледі. Бұрын 160 мың теңге болатын, былтырдан бері 360 мың теңге аламыз.

– Мәскеуде тұратын қызыңызға жиі барып тұрасыз ба?

– Осыдан алты жыл бұрын әкемді Ташкент қаласында жерледім. Әкем 94-ке қараған жасында көз жұмды. Өзі «жүз жасаймын» деп жүретін. Содан кейін шет елге шыққан емеспін. Маған бүгінде ұшаққа мінуге болмайды, қан қысымым көтеріледі. Тіпті, пойызбен де жүре алмаймын. Қызым келіп тұрады. Апта сайын телефонмен сөйлесеміз. Интернет арқылы хабарласамыз.

– Шыныңызды айтыңызшы, атамекеніңізге көшіп қалғаныңызға өкінбейсіз бе?

– Еш өкінбеймін. Егер отыз жастағы жігіт болсам, атамекеніме кетуіме болар еді. Бүгінде менің Германияда қажеттілігім шамалы. Германияға көшіп кеткен достарыммен хат жазысып тұрамын. Байқаймын, жағдайлары мәз емес секілді. Материалдық жағдайы жақсы болғанымен, оларда рухани шаршау бар. Қазақстанға жеті жасымда келдім. Қазақтардың арасына сіңіп кеттім. Қазақтардың маған деген көзқарасы дұрыс, менің қазақтарға деген көзқарасым жақсы. Алдыңғы күні Президенттен құттықтау хат, Альянс банктен нәпақа алдым. Астана әкімінен дәстүрлі сыбаға келді. Енді мен Қазақстаннан қалай кетемін?

Әйелім «Мәскеуге көшейік, қызымыздың қасына барайық» деп жиі айтады. Менің Алматыдан кеткім

жок. Себебі, менің тағдырым Қазақстанмен, Алматымен байланысты.

– Сіздің балалықнағыз Солтүстік Қазақстанда өткен жоқ па? Әкеңіз өмірінің соңында Ташкентте өмір сүрді ме?

– Иә, біздің отбасы Солтүстік Қазақстанда тұрады. Біз отбасында үш қыз, бір ұлмыз. Үш қарындасым бірінен кейін бірі ташкенттік жігіттерге тұрмысқа шықты. Қартайған әке-шешеме ауылда тұру қиынға айналды. Отын жарып, от жағудың өзі үлкен кісілерге күш қой. Әкем «Алматының тауынан қан қысымым көтеріледі, Ташкент жылы екен» деп сонда көшіп барды. Менің әке-шешемнің өмірін үш кезенге бөлуге болады. Токсан төрт жыл өмір сүрген әкемнің отыз екі жылы Еділдің бойында, отыз бір жылы Есіл бойында, отыз жылы Ташкентте өтті. Бүгінде Германияда тұратын Алма қарындасым: «Енді қалған отыз жылыңды Ашхабадта өткіз». – деп қалжыңдайтын.

– Сіздің ұғымыңыздағы даңқ дегеніміз не?

– Менің ұғымымда данк дегеніміз – жалғандықтың бір түрі. Көп шығармашылық иелері жас кезінде атаққұмар болады. Жасың келгенде атактың түкке керегі жоғын сезінесің. Кеудесінің бәрі орденге толғандар бақытты деп ойлайсыз ба? Менің түсінігімде, жазушыға атактың қажеті жоқ. оған керегі – аз ғана қошемет пен еңбегінің өтемі.

– Данышпан болу қиын ба, әлде, жазушы болу қиын ба?

– Қызық сұрақ қойдың ғой. Жазушылар одағының жеті жүзден астам мүшесі бар. Солардың бәрі данышпан ба? Жоқ! Әрине, данышпан болу қиын.

– Сіз «Тасжарған» газетінің кезекті бір санында

жазған мақалаңызда «қазір баспалар өзге ұлт қаламгерлерінің кітабын шығарып жатқан жоқ» дегенге саятын пікір айтасыз. Герольд аға, әлемде өзге ұлтты шеттетпейтін екі халық болса, соның бірі – қазақ, бір халық болса, соның өзі қазақ емес пе?

– Бұған дауым жоқ. Қазақтар туралы пікіріне қатысты айтамын. Менің мұндай пікір білдіруімнің сыры: жоспар Астанада жасалады, алдымен жоспарға Астананың «қулары», сосын Алматының «қулары» кіреді. Облыстағы жазушылар жоспарға көбіне енбей қалады. Менің мақаламның негізгі өзегі – осы. Мен биылғы жылдың жоспарын карап шығып едім. Бельгерден басқа немісті көрмедім. «Жазушы» баспасынан менің «Разлад» деген кітабым және Михайловтың кітабы жарық көрді. Басқа бірде-бір неміс, орыс, кәріс, ұйғыр жазушыларының кітабын көрмедім.

– Өзге неміс жазушыларының бәрі атамекендеріне көшіп кетті ғой.

– Рас. бәрі көшіп кетті. Елена Зейферт деген немістің әдебиетші қызы Қарағандыда тұрады. Жазушылар одағына мүше бола алмай жүр.

– Өзге ұлт жазушыларының көпшілігі атамекендеріне көшіп кетті. Бұл – бір себеп. Екіншісі – қазақтың көптеген танымал жазушылары жазбай кетті, сол секілді өзге ұлт жазушылары да жазбай жүрген шығар.

– Пікіріңді жокка шығармаймын. Дегенмен, он казактың ішінде бір өзге ұлт жазушысының кітабы жүргені дұрыс қой.

– Сіз ұлтшылсыз ба?

– Әрбір адам ұлтшыл болуы керек. Мен ұлтшылмын. бірақ әсіреұлтшыл емеспін.

– Бойыңызға қазақтың қандай мінезі жұққан?

– Маған қазақтан жұққан жақсы қасиеттер де, жаман қасиеттер де бар. Адамға кең қарау, қонақжайлылық, адамды бөлмеу – маған қазақтан жұққан қасиеттер. Германияда алдын ала ескертпей қонаққа бару деген жок. Телефон арқылы бір ай бұрын келісіп алады. «Мен сізді осындай күні, осындай сағатта кофеге шақырамын» дейді. Қонаққа бір шыны-аяқ кофе беріп, шығарып салады. Ал дәмге шақырса, мейрамханаға апарады.

Менің тамақ ішкеніме қарап немістер «қазақ болып кетіпсің ғой» дейді. Бірде немістердің арасында отырып, пельмен жедім. Бірінші пельменін соғып алып, содан кейін сорпасын сіміріп іштім. Бәрі маған аң-тан болып қарап қалыпты. Бірде Әзірбайжанға барған сапарымда «долма» деген ас әкелді. Қырық рет оралған жапырақтың ішінде бір түйір ет бар. Мен сол бір түйір етін ғана жедім. Әзірбайжан әйел: «жапырақтарды неге жемейсіз? Бұл витамин ғой», – деді маған алара қарап. «Витамин мына етте» дедім мен. «Қайдан келдіңіз?» – деді ол. «Қазақстаннан» деп едім, «онда түсінікті» деп миығынан күлді. Бірде Арменияға барғанымда күні бойы вино мен кофе іштік. Менің шай ішкім келді. Официантка «шай әкеліңіз» деп қанша ескертсем де, әкелмеді. Сонда еврей досым: «Бұл неміс Қазақстаннан келген. Оған кофеңіз керекті жок», – деп айқайлады. Әлден соң барып, шай әкелді. Ішіп едім, шай шай болмай шықты.

– Сіз қазақтармен дастархандас болсаңыз «маған шөп-шаламдарың қажет емес, қазы-қарталарыңды беріңдер» дейді екенсіз...

– (Күледі). Бір тойда екі жағымда отырған екі келіншек тарелкама толтырып салаттар салып тастады. Сонда «шөп-шаламды қазақтарың жесін, маған қазы-қарта беріңдер» дегенмін. Етті жақсы көремін.

Дәрігерлер «сізге ет көп жеуге болмайды, азайтыңыз» дейді. Ауруханаға жатып шықсам, әйелім біраз күнге дейін маған ботка мен шөп-шалам береді. Менін қабағымның түсіп кеткенін көрген соң: «Ал енді, етінді же». – деп етін асып береді.

– *Сіз ПЕН-клубтың мүшесісіз. ПЕН-клубты еврейлер қаржыландырады деген рас па?*

– Біреулер солай деп айтады ғой. Рас шығар. Дүниежүзілік ПЕН-клубтың мүшелерінің көпшілігі еврейлер. Өзге де ұлттан мүшелері көп.

– *Лао-Цзының «бес бояу көруді нашарлатады, бес дыбыс естуді нашарлатады, бес дәм сезуді нашарлатады» деген тәмсілі бар. Бүгінде байқасаңыз, ақыл-ой саласында дилетанттар жетекші рөл атқарып жатқан секілді...*

– Иә, мұндай қауіптің бары рас. Қоғамның бір дерті де осында жатыр ма деп ойлаймын. Өз мамандығын терең менгермей жатып, әр саланың басын бір шалған адамнан не күтуге болады? «Литературная газетада» жазған мақаласында Ирина Ракша қоғамда дилетанттардың көбеюін кеңес заманының қалдығы деп есептейді. Мен бұл пікірмен келіспеймін, менің пайымдауымша, дилетанттарды нарық заманы туғызып жатыр.

– *Қазіргі әдеби ортаның атмосферасын қалай бағалайсыз?*

– Біздің буын әдебиетке келген кезде Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Әбу Сәрсенбаев, Тайыр Жароковтың тірі кезі болатын. Алпысыншы жылдардың басында Сағи Жиенбаев, Асқар Сүлейменов, Зейнолла Серікқалиев, Сайын Мұратбеков, Сабырхан Асанов бәріміз әдебиетке келіп едік.

Асқар мен Зейнолла – мінезді, аксүйек, текті жазушылар еді.

Қазір мен сондай жазушыларды көрмеймін.

– *Қазақ жазушыларынан кімдерді Нобель сыйлығына лайықты деп танысыз?*

– Мұхтар Мағауин мен Әбіш Кекілбаев – Нобель сыйлығын алуға әбден лайықты жазушылар.

Әттен, әттен, Әбіш билікке араласып кетті. Ол Әуезовтің деңгейіндегі жазушы болар еді. Тынымбай Нұрмағанбетов қазақтың өмірін, ауыл тіршілігін керемет білетін жазушы. Өкінішке қарай, насихаты аздау.

– *Қазақ жазушыларынан қайта-қайта оқысаңыз да, кімдерді оқудан жалықпайсыз?*

– Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Ілияс Жансүгіровтерді қайта-қайта оқысам да жалықпаймын. Неміс ұлтынан Томас Маннды жиі қайталаймын.

– *Өзіңіздің газет бетінде айтсам деп жүрген қандай ойларыңыз бар?*

– Газет-журналдарға сұхбатты көп беріп кеттім. Бүгіннен бастап сәуірге дейін сұхбат бермеймін. Мораторий жарияладым. Жазушы аз сөйлеп, көп жазуы керек. Шынымды айтсам, сұхбат беруден шаршадым. Көп адамдар мені теледидарда сөйлейтін, газетке сұхбат беретін адам деп таниды. Көп қазақтар менің қазақша сөйлейтінімді қызық көреді.

– *Сізге келе жатып, телефон шалғанымда, автобуста қасымда отырған әйел: «Герольд Бельгермен сөйлесіп жатырсыз ба? Ол кісі бүгінде теледидардан көрінбей кетті ғой», – деді.*

– *(Герольд аға құлана күлді).* Ә, солай ма?! Айттым ғой, мені көпшілік солай таниды. Менің кітаптарымды көп оқымайды, менің қандай кітаптардың авторы

екенімді білмейді, бірақ таниды. Менің «Тасжарған» деген газетке мақалаларым жиі шығып тұрады. Соған карап мені кейбіреулер «Герольд Бельгер – оппозиционер» деп ойлайды. Жоқ, мен оппозиционер емеспін. Мен өзіндік көзқарасы бар, пікірін корғай алатын жазушымын.

– *«Тасжарған» газеті қаламақыны жақсы төлейтін болды ғой...*

– Жоқ-ә. Көк тиын да бермейді. Бұл газет маған жақсы пиар жасап жатыр. «Тасжарғанды» билікте жүргендердің көпшілігі оқиды. Және таралымы көп. Мақалаларымды «Тасжарғанға» беруімнің себебі – осы.

– *Жаңа жылға не тілегіңіз бар?*

– Қоғамымызда табыс та, келеңсіздіктер де жетерлік. Оған енді «дағдарыс» деген кездесті. Абай болайық, қиыншылықтардың бәрінен аман-сау өтейік. Әйтеуір, еліміз аман болсын!

Сұхбаттасқан Аягул Маптаева.
«Қазақ әдебиеті», №52,
31.12.08.

*Мәселені ашты айтып —
зиялы қауымның сорымызды!*

Алғашқы махаббатыма —
қазақ қызына үйлену керек пе еді...

— Сіз туралы кезінде «Жалын» журналының бетінде «Нағыз қазақ» деген үлкен мақала жазылып еді. Сіз нағыз қазақ жанашыры болғаныңызбен, өмірде нағыз қазаққа айнала алмаған сияқтысыз. Өйткені қазақтың жақсы жағын алып, жаман жағын бойыңызға сіңірмеген сияқтысыз, бұның себебі неде? Қазақ қызына үйленбегеніңізден бе? Ауылды жерде тұрмағандығыңыздан ба? Басқа себебі бар ма?

— Иә, жақсы сұрақ. Шынында да, ондай мақала жазылғаны рас. Мені біраз көтермеледі. Жоғары баға берді. Жақсы көргенінен болу керек деп есептеймін. Рас, жанашырлығыма карап біраз адам мені «нағыз қазақ» дейді. Оған қарсылығым жоқ, оған тек қуанамын. Қазақ ұлты, қазақ халқы жайында өз көзқарасым өте биік, өте жоғары. Жағыну үшін, жақсы көріну үшін айтып жүрген нәрсе емес, өйткені өзімді қазақ арасында өскеннен кейін кейде қазақпын деп ойлап қаламын. Қазақпын деп қаламын да, кейін кішкене артық кетіп қалсам «ей, мен өзім неміс едім ғой» деген ойға келемін. Нағыз қазаққа айнала алмаған сияқтысыз дейсіз, ол рас, негізі бір ұлттың екінші ұлтқа толық айналуы менің түсінігімде

мүмкін емес. Әйтеуір жаны басқа, қаны басқа, тәрбиесі, тегі басқа. Тегім басқа болғаннан кейін мүмкін емес. Мені таныстарымның бірі көрген бойда сүйсініп, мені жақсы көріп, мені көтермелеп, «е-е-е, мынау нағыз қазақ бола алмай жүрген неміс келе жатыр» деп мақтайды. Кейбіреулер ойын, қалжың есебінде айтуы мүмкін. Мен оған еш ренжімеймін. Нағыз қазақ болу қайда? Ол үшін сен жүз пайыз қазақ болып туылуың керек. Ол жоқ.

Сондықтан мен өзімді нағыз қазақпын дей алмаймын. Мен қазақ арасына жетіге толмай келдім, қазақ ауылында өстім. Демек, қазақтың біраз қасиетін өз бойыма сіңірдім.

Оның жақсы жағы да, жаман жағы да бар. Жақсысы өз алдына, оны айтпасак та болады. Жаман жағы қайсы? Кішкене немістің тәртібінен алшақтау кетіп, өзімді қатаң тәртіпке салмай, қатаң қалыпта ұстамай, елтең-селтең жүруге бейім тұратыным. Бұл қазақтан жұққан аурудың бірі деп есептеймін. Нағыз неміс болсам өйтпес едім ғой. Сосын уақытты ысырап қыламын. Мен негізі уақытқа қатал қарайтын адаммын. Әсіресе, соңғы 20-30 жыл ішінде уақытымды ысырап қылмауға тырысамын. Бірақ, соның өзінде де көп уақытым бекерге кетеді. Ол да қазақтан жұққан. Тере берсең, шыға береді. Артық айтатыным да болады. Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын дегендей, менің де кейде қысқа ғана «бар», «жоқ» деудің орнына қазақшалап, біраз жұрттың басын айналдыра, алыстан орағытып келетінім де бар. Ол да қазақтан жұққан.

– *«Сынықтан басқаның бәрі жұғады» деген рас екен дейсіз ғой?*

– Иә, шыны солай. Қазір сол кейбір теріс, ұнамсыз қасиеттерден арылуға тырысамын. Әсіресе, уақыт

жағынан өзімді қатан ұстауға тырысамын. Бұл енді менің немістік тегім.

Енді оның себептеріне келетін болсақ...

Осы мен шынында да қазақ қызына үйленуім керек пе еді? Ешкімге ашпаған сырым еді, менің алғашқы махаббатым қазақ қызы болды... 8-класта тұнғыш рет махаббатым оянды, сен сияқты қызды көрген бойда сезім пайда болды. Сезімім 5-6 жылға созылды. Ол қыз кейіннен басқа жігітке тұрмысқа шықты, балалы болды. Менің оған деген көзқарасым, түйсігім, онын маған деген түйсігі сол күйінде қалды. Қазір ол жоқ, қайтыс болып кетті. Балалары бар. Әйелімнің әкесі татар, шеше жағынан украин мен мордва халқының қаны бар, үш ұлттың өкілі, менің қызым төрт қаннан құралған, күйеу бала екі қаннан құралған, сонда менің жиенім 6 қанның түлегі.

Ауылды жерде 19 жасыма дейін тұрдым, әке-шешем ауылда тұрғанда жыл сайын баратынмын. Кейін олар Ташкентке көшіп кетті де, мен Ташкентке барып жүретінмін. Менің әкем 93-тенасып барып қайтыс болды. 31 жылын Еділ бойында, 32 жылын Есілдің бойында, Қазақстанда, 30 жылын Ташкентте өткізді. Сонда менің қарындасым «енді 30 жыл Түркіменстанға барып жаса» деп әкеме әзілдейтін. Менің шығармаларымда да ауыл қатысып тұрады. Ауыл туралы көзқарасым биік. Бұрын да айтқанмын, қайталап айтайын, бізге марксизм-ленинизмнің үш тұғыры бар деп үйрететін, сол сияқты менің үш тұғырым бар: 1. Ата-ана. 2. Ауыл. 3. Кітап. Мені адам қылған осы үш тұғыр, үш қасиет.

Басқа себебі жоқ. Мен неміс екенімді ұмытпауға тырысамын. Кешке қарай дауыстап, әйелімді шошытып, немісше Інжілді оқимын. Достарымның,

таныстарымның көбі Германияға көшіп кетті. Мен мұнда қалдым. Кейде кешке көңіл пәсейіп қалған кезде немісше дауыстап оқып, өзім біртабан болса да неміске жақындаймын.

**Қазақ өзінің «қулығын» қоймай,
қоғам алға жылжымайды**

– Біздің қазақ зиялыларының, оның ішінде қазақ жазушыларының көбісінің, Дулат Исабеков, Мұхтар Шаханов секілді бірді-екілісінен басқасының шындыққа келгенде тосылып қалатынының сыры неде?

– Бұл күрделі мәселе. Ол жөнінде көп айтылып жүр. Мен де жиі-жиі айтамын. Бұл қазақ зиялыларының ең бір сорақы кемшілігі. Біразы қазір маған өкпелі, ренішті. Бірақ, мен әрдайым ашық айтамын. Зиялы қауымның өкілі болып жүріп, өмірдегі, Қазақстандағы қиын мәселелерді ашық айтпауың – бейшаралығың, сорлылығың. Бұл сонау заманнан келе жатқан бір нәрсе. Қазақ өзін қу халықпын деп есептейді. «Әй, өзім де қумын ғой» деп өзіне риза болады. «Әй, ананы алдап кеттім, анадан құтылып кеттім, сытылып кеттім, әйтеуір жолын тауып кеттім» деп, өзін-өзі мақтан көреді. Ол менің түсінігімде үлкен кемшілік. Мен неміс болған соң турасын, дұрысын айтуға тырысамын. Әрине, біраз ақымақтығым болса да, мен жүз пайыз ақымақ емеспін. Иә, Дулат Исабеков, Мұхтар Шаханов айтып жүр. Токтар Әубәкіров те турасын айтатын қазақтың бірі. Жалпы, қазақ зиялыларының ақылы менен кем деп ешуақытта айтпаймын. Олар менен артық түсінеді.

Жағдайдың бәрін біледі. Бірақ, «әй, мен де қумын, үндемей қалайыншы» дейді. «тек жүрсен, тоқ жүресін» деген сияқты мақалдары, өздерінің қалыптасқан қағидалары бар. Соны үлгі етіп алады да, сонымен жүреді. «Білмеймін деген бір-ақ сөз, білемін деген көп сөз». «Соқырдың қасында отырсаң бір көзінді қысып отыр». Қазақ осындайға икем. Менде ол қулық жоқ. Оған тырыспаймын да. Әрине, қазақтың қалжыңын, пәлсафалық ниеттерін мен де жақсы түсінемін. Кей кезде мен де қолданамын. Сол кезде немістер айтады, «әй, сенде қазақтың иісі сезіліп тұр, сен де қу болып барасың, не бар демейсің, не жоқ демейсің, екі ортада бірдеме, қазақтан жұққан ғой» дейді.

Біздің қоғамымыздың алға жылжуына үлкен, кері әсер ететін – қазақ зиялыларының осындай бір қасиеті. Осы қасиетті жөнге салмайынша, дамуымыз екіталай. Бір қызығы, қазір жас қазақтармен сөйлесіп, танысып жүрмін. Жас қазақ дегенім шетелде оқығандар, жасы 30 бен 40-тың арасы. Әр жерде көрініп қалған керемет қазақ жастары бар. Олардың түсінігі, пиғылы, тәрбиесі өзгешелеу. Шетелде оқып келеді. Көп нәрсені біліп келеді. Білімі мол. Қазақтың ортасына түседі де, қазақтың менталитетін, бәрін байқайды да, олар да «әй, қумын ғой» деп, жылпостау болып, ойын ашық айтпай жүреді. Дегенмен, жастарға сенімім мықты. Осылар жаңа буынның өкілдері. Біздің еліміздің, рухани өміріміздің дамуына септігі тиеді деп ойлаймын. Екінші жағынан «жаңа қазақ» болып, ұлттық негізді жоғалтып ала ма деп те қорқамын. Өйткені ол шетелде оқып келеді, 4-5 тілде сайрайды. Өз тіліне келгенде шорқақ. Өзінің тамырынан алшақтап, үзіліп кеткен жастар бар. Еуропаның тәрбиесін, білімін қазақтың қанында бар ұлттық қасиеттермен ұштастырса, екеуін бірдей ұстаса, нағыз толыққанды адам сол болар еді деп есептеймін.

– Қазір қоғамның дамуына қатысты екі түрлі қозғарас байқалады. Біреулері «бәрі тамаша, бәрі жақсы» десе, екіншілері «біз әлі ұлт болып қалыптаса алмаған халықпыз, осы бетімізбен кете берсек, қалыптаса алмай кетуіміз де мүмкін, қазір қазақ халқы жолайрықта тұр, болашағы бұлыңғыр» дейді. Сіз не айтасыз?

– Шыны солай. Мен өзі теледидарды жөнді карамаймын. «Хабарды» басып қалсаң, кілең өмірдің жақсы жағын көркемдеп көрсетеді, оның бәрінін жалған екенін мен жақсы сезінемін. Өйткені менің көретінім, еститінім, окитыным басқа нәрсе. Көрсететіні басқа. Енді басқа аранаға ауыстырсаң, кілең митингілер, үй-күйі нашар, шұбырып жүрген халық. Ол шындық. Ол сөзсіз шындық, оны мен көріп жүрмін. Жазушы болған соң ба, тәрбием, қасиетім солай ма, сондай адамдарға жаным ашып тұрады. Анау мықтыларға, байларға, осы өмірдегі игіліктің бәрін игеріп алғандарға менің жаным ашымайды. Сондықтан бұл өмірдің екі жағы бірдей барын білемін. Аузымызды құр шөппен сүртуімізге тағы болмайды. Анда-санда мектептер салынады, кітапханалар, ауруханалар пайда болады. Бәрі бар. Зауыттар іске кірісіп, президентіміз олардың лентасын киып жатады. Қысқасы, барды бар деп, жоқты жоқ деп айту керек. Зиялы қауым дегеннің мақсаты да, ойы да сол болуы тиіс. Соны айта алмай жүрміз. Мәселен, мен барды айтқаннан гөрі жоқты айтуға бейімдеуім. Сол жағын көбірек жазамын. «Оппозицияға көшіп кетті ме, үкіметке теріс қарайтын болды ма, айдалаға кетіп қалды ғой, біздің адам сияқты еді, біз оған грамота береміз, сыйлық береміз, әй, осының іші арам шығар» деп ойлайтындар бар. Олай емес, менің жоқты көретінім

шынында да анық. Сондықтан «жокты» көтеріп, «барға» жақындату керек. Барды тым көтеріп жібермей, жокқа жақындату керек. Әйтеуір екі ортасынан жол табу керек. Мен сол жолды іздеу жолындамын.

Қазақтың болашағы бұлыңғыр дегенді еш уақытта айтпаймын. Қазақ халқы жолайрықта тұр дегенді де айтпаймын. Қиын жағдайда тұр дегенді де айтпаймын. Алды-артын ойлау керек. Геосаяси жағынан келгенде, бір жағында Ресей, бір жағында Қытай, анау жақта Америка, осы үш алып елдің ортасындағы Қазақстан өз жолын табуы керек. Ол қиынның қиыны. Бұл қазақ халқы үшін де, президент үшін де өте-мөте қиын жол екенін жақсы түсінемін, жақсы сезінемін. Болашағы бұлыңғыр дегенді айтпауымыз керек. Болашағы бар дегенді айтуымыз керек. Менің қазақ деген елге сенімім бар. Егер сенімім болмаса, осында қалам ба, әлдеқашан Германияға кетіп қалар едім. Қазақ деген халыққа сенбесем, оның тілін, әдебиетін насихаттап, басымды қатырып нем бар? Мен соған сенгендіктен, әдебиетін, мәдениетін түсінгендіктен, қазақтың келешегі бар деп білемін. Өйткені, шынтуайтқа келгенде, жан-жақтан өлшеп келгенде қазақ ілгері халықтардың бірі. Мінеки, менің алдымда «Джут» деген кітап жатыр. 5-6 күн бұрын Германиядан келді. Жамбыл жақтан осыдан он жылдай бұрын кеткен Яков Иккес деген немістің кітабы. Маған жіберіпті. Орыс тілінде жазған екен, оқып жатырмын. Мұнда автордың қазақ жөніндегі көзқарасы, пікірі бар, қазақтың сөздері, қазақтың дәстүрлері туралы көтеріңкіреп жазады. Таза қазақты насихаттауы. Он жылдан бері Еуропада тұрып, қазақты сағынғаны, Еуропамен салыстыра отырып, қазақтың ұлттық деңгейін түсінгені. Мен де сондай дәрежедегі

адаммын. Қазақтар кейде өздерін өздері бағаламайды. Дұрыс түсінбейді, дұрыс көрсете алмайды. Бірақ мен де 3-4 халықтың арасында жүрмін, білемін ғой, жалпы қазақтың мақтануға тұрарлық қасиеттері көп. Осыны әрдайым баса айту керек. Оны әсіресе біздер, басқа ұлт өкілдері әрдайым шығармаларымызда, кітабымызда астын сыза атап көрсетуіміз керек.

– Билік пенен қазақтың ой-мүддесінің тоғыспауы, домбыраның екі ішегіндей қатар, бірақ бір-бірінен бөлек өмір сүруінің сыры неде? Мысалы, қазақ баспасөзі «қазақ тілін дамытып алайық» дейді, ал билік «үш тұғырлы тілді дамыту керек» дегеннен таймайды. Билік неге халықтың айтқанын естімейді?

– Бұны сен де, мен де түсінеміз. Өміріміздің ыңғайсыздау жері, ұяттылау жері осы болып тұр. Баяғыда партия мен халық бірге дегенді айтушы едік. **Қазір билік пен халық бірге дегенді айтқымыз келеді. Бірақ, олай емес екені анық.** Университетте мұғалімдер басқаша айтатын болуы керек. Өзін де көзін бар, түсінесің, билік бір бөлек, халық бір бөлек. Ортасында – ор. Жылдан жылға сол ор тереңдеп келе жатыр. Кенейіп келе жатыр. Біздің трагедиямыздың өзі осында ма деймін. Тек тілге байланысты емес, экономика, тарих, саясат жағын алсаңыз да, екеуінің арасы алшақ екені жұрттың бәріне аян. Мұны жасырудың қажеті жоқ. Зиялылардың күн сайын айтатын нәрсесі осы! Олар оны айтпай жүр. Тіл жағынан келгенде, қазақ тілін дамытып алайық дегенді жазушылар да айтады. Мына жағынан каксап мен де жүремін. Соны айта-айта шашым да ағарды, даусым да қарлықты. Шаршадым, ит болдым. Біраз нәрседен түнілдім. Соның өзінде қазақ тілін дамытайық, өйтейік-бүйтейік деген сөз газеттің бәрінде жүр. Билікке

онын түкке керегі жоқ. Билікке тіл дегеннің қажеті шамалы. Мәселен, депутаттарды тыңдайсыз ғой, не қазақша сөйлей алмайды, не орысшасы оңып тұрған жоқ. Жұпыны, кедей, орашалақ, қарабайыр, өйткені тәрбиесі солай. Оларға қай тіл керек? Доллардың тілі, мұнайдың тілі, қысқасы байлықтың тілі керек. Сол болса жетеді. Анау неше түрлі төменде жүрген жазушы, жазушысымақтар сайрай берсін, айта берсін дейді, өздерінде намыс жоқ, жігер жоқ, қайрат жоқ. Үндемей жүреді. Тек «өй, мені құрттың, маған тіл тигіздің» деп газетті сотқа беретін әдеттері бар. Кеше ғана Мадиновтың істегені масқара емес пе, өзін «латифундист» деп атағаны үшін бір газетті 300 миллион тенгеге сотқа берді. Сонда 700 мың гектар жері бар адамның латифундист емей кім болғаны? Латифундист, оны жасыратын түгі жоқ. Екіншіден. өзінің артын өзі ашып берді. 300 миллион ақша сұрағанына карағанда, одан төменге ойы да жоқ. Ол сондай төңіректе ойлайтын адам. Сондай жүйедегі адам. Оған тілдің не қажеті бар? Оған әдебиеттің, мәдениеттің, рухани тірлігінің не керегі бар, оның руханиятының өзі сол.

**Үштұғырлы тіл деген тіл болмайды,
болуы да мүмкін емес!**

– Аудармашы, жазушы ретінде «үш тұғырлы тілге» деген көзқарасыңыз қандай?

– Үш тұғырлы тіл дегеннен билік таймайды, шыны солай. Үш тұғырлы тіл деген тіл жоқ. Ондай тіл болмайды. болуы мүмкін де емес! Үш тілді менгеруге тырысу керек. Оған ешкімнің дауы жоқ. Ең алдымен

ана тілінді жақсылап біліп ал. Қазақтар мына сен сияқты сөйлесін, қазақ еместер мына мен сияқты сөйлесін. Одан кейін орыс тілін білуің керек, онсыз болмайды. Тәрбиеміз, қарым-қатынасымыз солай. Ағылшын тілін білмей тағы болмайды. Үш тіл білуіміз, сөз жоқ, жөн. Бірақ, үш тұғырлы, бір тамырдан шыққан тіл деген – ақымақтың сөзі. Олай болмайды. Демек, биліктің айтқаны дұрыс емес. Оны біз айтып жүрміз. Жазушылар айтып жүр. Билік неге халықты естімейді? Дұрыс айтасың, естігісі келмейді. Өздері бөлініп алған. Халық төменде, өздері биікте қалқып жүр. Көп нәрсені білмейді, түсінбейді. Тірліктері мүлдем басқа. Кеше ғана бір депутат мәселе көтерді. «Ертең біздер, депутаттар зейнеткерлікке шығамыз, сондықтан біз зейнетақымызды көтеруіміз керек, 25 мың теңгемен біз қалай өмір сүреміз, дәрінің өзіне бізге пәлен мың акша керек қой. Сондықтан, бүгіннен, қазірден бастап, депутаттардың келешегін ойлап, зейнетақымызды көтеру керек» дегендей ой айтты. Ал осының өзі халықтың өмірін білмейді, халықтан қол үзген деген сөз. 250 мың теңге алады айына, одан басқа ұрлық-қарлығы тағы бар. Енді зейнетақысы 250 мың болуы керек екен! Халыққа еңбегім сінді ғой дегендей. Өзі халықты осы кезге дейін қанап келеді. Оған беріліп жатқан акша – халықтың акшасы. Сөйтіп жүріп анадай ой айтады. Бұл – биліктің халықтан мүлдем қол үзіп кеткенінің, халықтың жағдайын білмейтінінің көрінісі. Осындай мысалды көптеп табуға болады. Ал, оны жақындатудың қандай жолдары бар? Зиялы қауым қайта-қайта айтып қана қоймай, дегеніне жеткізе айтып, заңдар шығартып, соларды, халықтан қол үзгендерді әшкерелесе! Бірақ, әлі ол қолымыздан келіп тұрған жоқ. Менінше, келешекте

халықтың көзі ашылады. Көп нәрсені түсінеді, қазір қасымда отырсын, жап-жас студентсін, көзіннен көріп тұрмын, бәрін түсінесін. Кеше телдидар қарап отырсам, Грекияда 15 жасар баланы полиция жазатайым оқ атып, өлтіріп алыпты, соған бүкіл Грекия көтерілді. Еуропаның басқа елдерінде де көтеріліс болып, полициямен соғысып жатыр. Ал біздің студенттер оған әлі жеткен жоқ. Оған әлі бара алмайды. Студенттер сақтық жасап, үндемей ғана аман-сау құтылсам дейді. Демек, әлі де демократия жайлы түсінігіміз төмен. Соны көтерудің жолына түсу керек.

– *«Өмір – театр» деген екен Шекспир, ал біздің өміріміз нағыз спектакльге айналып кеткен жоқ па? Бәрі алдын ала белгілі, сценарий жазулы, рөлдер бөлініп қойған. Шынайы өмір қайда қалды?*

– Көп нәрсе спектакль. Тағы сол депутаттарға тиісеміз. Парламентті көресіз, парламентте болып жатқан істің көбі спектакль. Таза спектакльдің өзі. Бәрі бір партияның мүшелері, бәрі бірдей ойлайды. Парламенттің төріне жетті, бірақ олар депутаттар емес, депутаттың рөлін ойнап жүрген артистер. Үкіметті алсақ, үкіметте мұрты бар бір адам сөйлейді, қалғандары басын шұлғып, қалғып-мүлгіп отырады. Оныкі анау үлкен адаммен келісіп, соның пікірін айту. Өзінің пікірі басқа болуы мүмкін. Ол да премьер-министрдің рөлін ойнап жүр. Қалғандары министр емес, министр болса өзіндік ойы болу керек, өзіндік түсінігі, іс-қимылы, қыбыр-жыбыры болу керек, бәрі анаған сәйкес, соның қабағына қарап отырады. Демек, ол да министр емес, министрдің рөлін ойнаушы артист. Сол сияқты бәріміз шетінен артиспіз. Жазушыларымыздың да көбі артист. Неше түрлі мүшәйраға қатысады,

сыйлық алудың жолын іздейді. Танысы арқылы біреулерін салады. Қысқасы, ол да спектакль. Олар да рөл ойнап жүр. Енді қазақ ақындарының ішінде әйел ақындар бар ғой, олардың түсінігі «билікті мақтасак, президентті мақтасак, сол жақтағы мықтылардың бәрін мақтасак, әй осының өзі поэзия болады». Бір көзімен соларға қарап отырып өлен жазады. Сосын өленді бастырған бойда, осы бізге сыйлық беріліп қалар ма екен деп бірдеме дәметеді. Бұл не деген ақын, не қылған жазушы?! Жазушы ондай болмауы керек еді ғой. Бізде солай, әйтеуір бір көрініп калу. Ал, енді спектакльдің 1, 2, 3, 4-актісі болады. Біздің өмір актілері таусылмайтын спектакльге айналып кетті. Оның неше актілі пьеса болатынын ешкім білмейді. Сол спектакльді бұзуымыз керек. Артистің рөлін ойнамай, қоғамның нағыз азаматы болуымыз керек. Сондай азамат бола алмай жүрміз ғой...

– Билік пен оппозицияның қарекеттеріне, екі жағына да бірдей әділ баға беріп отыратын басылымдар өте аз...

– Бұл жөнінде әр жерде айтып жүрген ойымды айтайын, газеттерді ресми газет, оппозициялық басылым деп бөлудің еш қажеті жоқ. Менің түсінігімде бұл газеттердің бәрін сайып келгенде халықтың камын ойлайтын, жағдайын ойлайтын газеттер деп карау керек. Кейбір ресми газеттер бар, оларды алған бойда бір көз жүгіртіп өтесің, сонында кімнің өлгенін окисың да жауып тастайсың. Енді бір газетті аласың, оның өзін табуың қиын, тапқаннан кейін бір жұма бойы окисың. Ештеңесін қалдырмайсың. Өйткені онда өмірдің шындығы бар. Қоғамымыздың ауруы бар. Бұлай екіге бөлудің еш керегі жоқ. Мен оған қарсымын.

«Тасжарғанға» материалдарым шығып жүр. Әлі де шығады. Соған қарап біреулер мені «бұл оппозицияға көшіп кеткен» деп ойлайды. Олай емес, ол газетті көп оқиды. Бұл маған жақсы PR болады. Жазғандарыма көк тиын алмаймын. Ол газеттің мені насихаттауда, халықтың алдында мені көрсетуде рөлі үлкен. Ал, ресми газеттің қайсысы мені нөмірден нөмірге басып жүр? Баспайды. Ол газет басқан күнде оны кімдер оқиды, мен сынап жүретін бастықтар оқиды. Олар газетті ашып президент кімді алып, кімді қойыпты дегенді оқиды. Меніңше, әділ баға беретін басылымдар бар сияқты. Тек қана оны оқи білу керек. Бұлар шындықты айтатын газеттер. Кейбіреулерін сатқызбай қояды, оларды кейде жасырын сатады. Оның өзі ақыматтық. Өйткені, жасырын сататын дүниені жұрт бәрібір тауып алады. Менің білуімше, облыстарға оппозициялық газеттердің көбі бармайды. Оны 100 теңгеге болсын алатындар тауып алады. Көшірмесін алады, бір газетті 100 адам оқиды. Бізде өмірдің шындығын айтатын газеттер бар. Алда да бола береді. Кемшілік – тираждың аздығында. Таралымы болса да, билік оны таратпайды. Бакылап жүреді. Ал халықты алдай алмайсың. Халық қайсысы шындық, қайсысы өтірік екенін біледі. Бұл жерде президентті мактау керек. Өйткені, біздегі осы газеттердің өзі – демократиялы ел болуымыздың бір көрінісі. Өзбекстан, Түркіменстанда бұндай газеттерді көре алмайсыз. Бұл да болса жақсылықтың нышаны, құрметтеуіміз керек. Біреулер маған келіп, «сен осы қисайып кеттің, айтпайтынды айтатын болыпсың, сен президенттің сыйлығын алған адамсың ғой, әлде ренішін, өкпен бар ма?» деп кететіні бар. Менің жауабым, президентіміздің өзі демократиялы елміз

деп жариялаған жок па. Конституция бойынша демократиялы ел емеспіз бе? Демократиялы елде жүріп мен неге өтірік, жалған айтуым керек? Осылай дегенде басылып, үндемей қалады. Ауызы жабылады.

– *Қоғамымыз өркендетті елдердің қатарына қосылу үшін кезек күттірмей істелуге тиіс үш істі атаңызшы. Жіптің ұшы қайда?*

– Жіптің ұшы сол айтып келе жатқан демократияның аздығында. Мен бір-екі мақаламда айттым, демократия деген сөзді біздің елде әркім айтпауы керек. Өйткені іс жүзінде толық жок нәрсені қайта-қайта айтудың еш жөні жок. Ол жалған болады. «Демократия деген сөзді, – деп жаздым бір мақаламда, – тек қана президенттің ғана айтуға хақысы бар. Және ол сөзді президент жылына екі рет қана айтуы керек. 1) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні. 2) Конституция күні. Осы екі күн демократия деген сөзді ауызға алып жатса, соның өзі жетіп жатыр. Біздің нысанымыз, мақсатымыз – демократия деген қасиетті ұғым сонда ғана туады. Әйтпесе, демократия деп президенттен бастап, төменгі ұрлық-қарлықпен жүрген шенеунік те айта берсе, сөздің қадірі кетеді». Жіптің ұшы сол демократияның аздығында дегенді басып айтамын. Ал үш істі атар болсам... 1. Әділ сайлау осы кезге дейін болған жок. Менің өмірімде бола ма, болмай ма, күмәнім бар. Мүмкін сенің өмірінде болар, менің өмірімде болмайтыны анық. Өйткені, сайлау мәселесі жылдан жылға құлдырап, төмендеп, өтірік, жалған болып бара жатыр. 2. Парламентті көппартиялы қылу дегенді айтып жатырмыз. Енді көздері жетті. Есі дұрыс адам оны баяғыдан білген. Шетелде ол бұрыннан бар. Ал бізде бір партия құрды, бәрі бірауыздан сөйлейді. Гегель айтқан болу керек: «Жұрттың бәрі

бірдей ойлайтын болса, онда ешкім ойланбайды деген сөз». Қазір бәрі бірдей ойлайды. Демек, ешқайсысының ойы жоқ. Президент бір ой айтады, қалғандары соны қолпаштайды. 3. Талап. Талап қойып, нәтиже шығару. Нәтиже жоқ па, шетінен қу. Тәртіппен ұста. Бізде сол тәртіппен ұстаған бір бастықты айта аласыз ба? Кішкене қорқытып қояды, болды. Байлардың елді алдап алғаны тәркіленбейді. Жазаланбайды олар, жазадан оп-оңай құтылып кетіп отырады. Құтылмаса, ұшақпен шетелге тайып тұрады. Храпунов сияқты. Ешкім ешкімнен қорықпайтын дәрежеге жетті. Жаза жоқ. Талап жоқ. Айтарым осы...

*Сұхбаттасқан Еңлік Ақжігіт.
«Жас қазақ үні» газеті,
№4 (377), 28.01.2009 жыл.*

*Қазақтың жағдайы жақсармай,
қалғандардың шекесі шылқымайды...*

Дана халқымыздың «Алла нәсібінді туғаннан сала ма, тұтқыннан сала ма» деген қанатты қағидасы бар. Өзге ұлттың өкілі бола тұра халқын туған еліндей көрген, оның ыстығына күйіп, суығына тоңа білуде кез келген қандасымызға үлгі боларлықтай азамат, көсем сөзімен қай кезде де ұлттың жоғын жоқтаудан бір тынбаған Герольд Бельгер ақсақал бізді үйінде қарсы алды. Жанбыры молырақ болуынан әлі де жылына қоймаған сәуірдің салқындау болып тұрған ауа райы жайлы айта келіп: «...Шалдардың кәсібі осы», – деді Герекең үйдегі жұмыс киімінің сыртынан жалбағай жабылған тоқымаға орана түсіп.

– *Ақыры шал деп қалдыңыз, жасыңыз қаншада?*

– Амандық болса, осы алдағы қазан айында жетпіс бес жасқа толады екенмін. 1941 жылы Еділ бойындағы Энгельс қаласынан Есілдің бойына, Солтүстік Қазақстан облысындағы казак ауылына үй-ішімізбен бірге көшіріп әкелді. Бұған дейін анда-санда орыс ұлтын көргенім ғана болмаса, дүниеде казак деген ұлт бар екендігі қаперіме де кірмеген еді. Ішінде бірде-бір басқа ұлт өкілі жоқ казак ауылына әкем дәрігер болып орналасты. Мен мектепке казак балаларымен бірге барып, казакша оқыдым. Одан былайғы өткен 68 жылым казактардың арасында өтті. Мектеп. Абай атындағы педагогикалық

институт, аспирантура, барлығын қазақша оқып, қазақша бітірдім. Одан кейінгі кәсібім әдебиет, аударма, қысқасы, қайда барсам да, немен айналыссам да, тек қана қазақтардың ортасында болдым. Солай болса да, немістермен байланысымды ешуақытта үзбедім. Себебі, ол байланыстың тамыры тереңде. Ал шығармаларымды тікелей орыс тілінде жазатындықтан, орыс ағайындардан да қол үзгем жоқ. Өзім бітірген шаруаларым арасындағы көңілім толатын қомақтысы – қазақ жазушыларын орыс тіліне аударуым дер едім. Егер Ленин аташа санасак, қазақ әдебиет қайраткерлерінің туындысын орыс тіліне аударған еңбектерімнің, неміс тілінен орысшаға аударған шығармалардың көлемі жиырма бес томдай болып қалды. Жалпы қағаз шимайлап жүрген әріптестер арасында белсенділігім едәуір дей аламын. Бұған қоса 43 кітабым жарық көрді. Менің қазақтардан бір ерекшелігім, қай мақалам қай жылы, қай газетке шыққанын тіркеп отырамын. Кеше газетке шыққан бір мақаламды қосып санағанда 1628 мақала-рецензияларым жарық көрді. Кеше ғана Анатолий Ким деген бауырымыз орысшалаған «Абай жолы» романының соңғы екі томына жазған 28 беттік рецензиямның соңғы нүктесін қойдым. Аударманың алғашқы екі томы жайлы «Түпнұсқаның қуаты» (Энергия оригинала) атты 40 беттік мақала бұрын жарияланған-тұғын.

Бұл өте үлкен еңбек – бұрын Соболев аударған төрт том, қазіргі Анатолий Ким аударған төрт томға қоса Мұқанның жазғанын қатар қойып отырып салыстыру қиынның-қиыны екені белгілі. Бірақ, бітіріп шықтым-ау.

– Халықтар достығы мен ынтымағының мерекесі қарсаңында жолығып отырғандықтан, әңгімені соған бұрсақ. Өткен кезеңде дүниені дүрліктірген

Советтер одағының мемлекеттік негізі – халықтар достығы, ұлтаралық интернационализм рухы деп ұқтық. Жаманды-жақсылы осы идеяның арқасында шырқымыз бұзылмай 70 жыл өмір сүрдік деп сендік те. Ол заман өтті. Қалай ойлайсыз, қазақтың қонақжайлылығы, бауырмалдығы, кімді болса да жатырқамай ішке тартып, қолда барын аузына тосатын жомарттығы сол интернационализмге ұқсай ма, онымен ұнтасар жерлері бар ма?

– Сұрағың терең мәнді пәлсапалық сұрақ болды. батыр. Бұған кең сөйлеп, ұзақ түсіндіріп жауабын беру керек. Олай жасасак сенің газетінің беті жетпей қалады (*елжірей күліп алды*). Қысқа тұжырымдап жауап беріп көрейін. Менің осы әлетке жетіп, осындай биік дәрежеде отыруым – сол достықтың тікелей жемісі. Жалпы, маған «халықтар достығы» деген тіркестің өзі онша ұнай бермейді. Махаббат деген ұғым бар. Ол не бар болады, не болмайды. Ол жоқ жерде каншама насихаттап, каншама дәріптелсе де, ол бар болмайды. Оған дәлел, менің үй-ішім сияқты ата-жұрттан жер аударылған кезде орыс селениелеріне кез болған неміс отбасыларының көрмегені жоқ екенін осы күні ашық айтудың мүмкіндігі туды. Оларды «фашист», «фриц», «гитлершіл» деп атап, өзінің қолындағысын бермек түгілі, өкімет тарапынан міндеттелген үлесті алуға мүмкіндік берілмегенін менің қазақтар арасына түспеген туыстарым осы күнге дейін айтып отырады. Жеген таяқтары мен көрген қорлықтарын әлі ұмытқан жоқ.

Қазақстанда тұрған неміс ақыны Александр Райнгеннің «Халықтар достығы мен үшін нақты» деп аталатын поэмасы бар. Олай деу себебі, жер аударылып,

жат өлкеге келген адамның өзіне деген көзқарасты сезінуі нақты. Жаны ашып, іш тартып, бауырға басуға талпынуды мен жеті жасымда, қазақ арасында тап болғанда нақты сезіндім. Ол кезде халықтар достығы деген ұғымды білмейтін едім. Қазақтың шалдары мен кемпірлері, анамның құрбылас әйелдері біздерді жатырқамай қарсы алды. Ешкім бізді кемсітпеді, ренжітпеді, өздерімен теңдей көріп, ішке тартып, қолда барын біздің таңдайымызға тосты. Өзі жер аударылып, қуғын көріп келген немістердің жағдайы жақсы болып еді деп айту қиын еді. Ол кезде мен өзіммен қатар қарадомалақтардың арасына қосылдым да кеттім.

Гера дегенді «Кира» деп атаған шалдар ет турап отырып балаларға құлақ, сирақ ұсынғанда, маған тиген үлестің өзгелерден гөрі ерекшелену, молдау болатынын ылғи да байқайтынмын. Осы әрекетімен-ақ қариялар маған деген құрметін көрсетуге тырысатын. Қазақ ауылында мен жоғарыда аталған қорлықтың бірін де көрген жоқпын. Қайда жүрсем де қошемет көрдім. Менің интернационалист болып өсуім – тікелей қазақ ауылында өсіп, дархан көңіл жандардан тәрбие алуыма байланысты дей аламын.

Менің осы әлетке жетуімнің үш тұғыры бар. Оның біреуі – ата-анам. Олар өте бір керемет, таза жандар еді. Анам 84 жасында, әкем 94 жасында дүниесін салды. Әсіресе, әкемнің 30 жылдық дәрігерлік еңбегі қазаққа сіңді. Ол мыңнан астам баланың кіндік әкесі болды. Ал екінші тұғырым – қазақ ауылы. Мен ықылас пен достық дегеннің бағасын ауыл адамынан үйреніп, бойыма сіңірдім. Үшінші тұғырым – кітаптар. Осы үшеуінің арқасында осы әлетке жеттім деп айта аламын.

Кейінгі өмірімде осы үш тұғырдан алған қуатым өз нәтижесін берді деп ойлаймын. Оған негіз болған

бойыма казак анасының сүтімен сінбесе де, казак бауырлардың ақ ниет, бауырмал, іш тарта білген жылылығынан сінген бауырмалдық дер едім.

Қазір ұлысымызда 130 ұлт бар деп жүрміз. Осы ұлттар жұмыла үйіріліп, ынтымактасқанда ғана мақсатқа жете аламыз дегенді ұғуымыз керек. Және казак емес ұлттардың көңіл қоя біліп, мойындауға тиісті бір мәселесі бар. Ол өз мемлекетінде казактың жағдайы жақсарып, тарихтағы тиесілі үлесін алмай тұрып, басқа ұлттардың ешқайсысының жағдайы түзелмейтінін білу, ұғу. Қазак қарық болмай тұрып, басқалардың шекесі шылқымайтынын білуі керек. Қазақстанда тұрып, казактан бөлек өмір сүремін, одан гөрі жағдайым жақсы болады деу – өзін-өзі алдау деп ұғамын. Сондықтан барлық казакстандықтарды ең алдымен тұрғылықты халықтың жағдайын жақсартуға атсалысуға шақырамын. Көрдін бе, мен қазір нағыз казак болып сөйлеп отырмын (*тағы да елжірей күлді*).

– Қазақта «айлас қатын-мұндас» деген сөз бар. Сіздің халықтың осы Қазақстанда жүргенде ана тілі жөнінен басынан кешіккенін қазіргі қазақ тілі кешіп отыр. Сіздің халықтың тіл туралы тартқан ауыртпалығы бізден сәл-пәл болса да жеңілдеу болды, себебі, арқасында ұлы Германия тұрды. Біздің халықтың тілі туралы, басынан кешіп отырған қиындықтары жайлы бір қазақтан кем білмейсіз. Қазақ тілі туралы не айтасыз?

– Мен казак тілінің үлкен патриотымын. Себебі, казак тілінің теңдессіз білгірі Мұхтар Әуезовті ана тілінде оқыдым ғой. Расын айтсам, бір кезде неміс халқы да, әсіресе, Отанынан аулақта жүргендері ана тілден қол үзудің аз-ақ алдында болған. Сондықтан

да мен әрдайым казактар өз тілінен айырылып, біздің кенестік өкіметте өмір сүрген немістердің кебін киіп қалмасын дегенді айтып жүремін. Біздің немістер тілден айырылып қалса, олардың тіл үйренетін өз мемлекеті бар. Қазір қайтып барғандар ана тілін, әдебиетін, тілін қайта үйреніп жатыр. Ал казактар ана тілін қайда барып үйренеді? Ондай жер жалғыз-ақ. Ол – Қазақстан ғана. Менің іш жиятын бір себебім, тіл мәселесі жиі сөз болғанымен, белгіленген шараларды жүзеге асыруда бойдан тартқан бір мешелдік бар. Бұл мәселеге наукандық әрекет деп қана қарайтындар көп. Депутаттардан бастап, министрлерге дейін, кейбіреулері ғана болмаса, орыс тілінде байпаңдаудан танғанын көргем жоқ. Осы жайдың көрінісін көшеден де күнде көріп жүрмін. Менің үйімнің қасында Ыбырай Алтынсарин атындағы казак мектебі бар. Класта не айтатынын қайдам, көшеге шықсаң балалардың ана тілінде екеуара сөйлесіп тұрғанын көрмейсің. Мектепке балаларын, немерелерін әкеле жатқан ересектер өз балаларына шүлдірлеп, орысша сөйлеп келе жатады. Далада өткізілетін дене тәрбиесі сабағын жүргізіп жүрген мұғалімнің берген бұйрықтары бір орысша, бір казакша қойыртпақ, дүбәра болып шыққанын көргенде ішім ауырады.

Осындай-осындайды көрген, сонау Үкімет мүшелерінен бастап, қатардағы азаматтардың ана тілін білмеуінен ешбір зиян шекпейтінін көрген жастар арасында «казак тілін білмей-ақ, ешкімнен кем болмауға болады» деген пікір қалыптасып келе жатқаны жасырын емес. Себебі қызмет, мансап, ақша табу казак тілін білуге байланысты емес екенін көрсететін мысалдар аса көп.

Елдің басшылары, игі-жақсылары қазақша сөйлемей, жастар, қала жастары қазақша сөйлемейді.

Осы күні қазақша білген басқа ұлт өкілін дәріптеу кең етек алып келе жатыр. Бұл ұят мәселе. Осы елдің нанын жеп, суын ішіп жүргендердің қазақ тілін білуі шарт. Өзін мәдениеттімін деп есептейтін әрбір азамат, өз ұлтын сыйлайтын басқа ұлт өкілінің қазақ тілін білуге талпыну көрінісі оның мәдени дәрежесін көрсеткен өлшем екендігін ұғынуы керек.

Әрі басқа ұлт өкілі қазақ тілін қанша білгенімен, ол қазақ тілін ешуақытта дамытпайды. Қазақ тілін дамытатын қазақтар ғана. Олар көбейсе, қазақ тілі күш алады деген пікір де тиянақсыздау.

Бұл орайда қазақ халқының саны көбейіп, тілді ұшпаққа шығарады деп жүргенде, тілді білмейтін қазақтардың көбейіп келе жатқанын естен шығармау керек-ау деп ойлаймын. Осы күннің өзінде ана тілін білмейтін қазақтардың тілге деген қарсылығы басқа ұлттардың ықпалынан гөрі басымдау екенін жиі көруге болады.

Қазақтар қазақпен қазақша сөйлеспей тұрып, қазақ тілі еш дамымайды деп есептеймін.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан Асқанбай Ахметұлы.

«Жетісу» газеті,

01.05.2009 жыл.

*Мен түркі халықтарының
жақындасуын, бірігуін
армандайтын адаммын*

– Аға, жұрт сізді үш тілде қалам тербейтін жазушы ретінде таниды. Бір сұхбатыңызда «қазір жазушылардың беделі төмендеп кетті» дегенді айтасыз. Әңгімеізді содан бастасақ..

– Өзім жазушы болсам да, жазушы ағайындарға көңілім толмайды. Өйткені олар халықтан қол үзіп, заманнан бөлек тұрғандай сезіледі. Оның бір себебі, заманкүртөзгерді. Менің пайымдауымда, жетістіктеріміз қанша мол болғанымен, кемшіліктеріміз одан да көп. Әрбір адамның өзіндік көзқарасы болады. Мәселен, мен кемшілік жағын көруге кішкене бейімдеуім. Артық сөз, мақтаншақтық, дарақылық секілді қылықтар менің ызамды келтіреді. Сол тұрғыдан келгенде, біздің жазушылар абдырап қалғандай сезіледі. Әсіресе, менің буыным, менен кейінгі, тіпті жастардың өзі де заманның ағымына ілесе алмай, өзіне лайықты формасын таба алмай, қиналып жүрген сияқты болады. Осы тұста кім кінәлі деген сауал туады. Кінәлі – қоғамның өзі. Қоғамда келеңсіз жағдайлар көп. Соны көре білу, ести білу және айта білу керек. Соған біздің жазушылардың көбі бармайды. Көзін жұмып, көрмеген, естімеген болады. Ең сорақысы, билікке жағымпазданады.

Биліктің ыңғайымен жүріп, «орден, медаль, атак бере ме екен» деп дәметеді. Осындай пиғылдарымен халықтан да, әдебиеттен де қол үзген сияқты. Әрине, бәрі бірдей солай деп те айта алмаймын. Мәселен, Мұхтар Мағауин, Иран-Ғайып, Темірхан Медетбек, Софы Сматаев, Аманхан Әлім, Әмірхан Меңдеке сияқты заманның тынысын сезіп, сол жөнінде пікірін ашық айтатын акын-жазушылар да бар. Бірақ, аздау. Көбінесе, не тығылып отырады, не табанжалағыштардың қатарына еніп, ода жазады. Менің ренішімді тудыратын – осы! Бұрын әйелдер ер-азаматтардың айта алмағанын айтатын. Қазір олар да басылыңқырап қалған, өздерінің жағдайын ойлайды. Біздің әдебиеттің кемшілігі де сол. Бұл сөздерім біреулерге ұнамайды, білемін. «Осы Бельгер қайдағыны қаксап айта береді» дейтіндер де баршылық. Бірақ, біздің жазушы қауым өзінің тарихи рөліне, тарихи міндетіне сәйкес келмей тұр деген пікірді тағы да астын сыза айтамын!

– Қаламдастарыңызға көңіліңіз толмай отыр ғой. Осы кейінгі буын хақында сөз қозғасақ, Кейбір жазуы бөлек жазушылардың шығармалары бір оқығанға түсініксіздеу келеді. Оған философиялық тұрғыдан қарау керек дейді біреулер. Меніңше, жазушының жазғаны әрбір оқырманға ә дегеннен түсінікті болуы керек секілді...

– Сұрағың өте орынды. Бұл мәселені екі жағынан қарау керек. Қазір Л.Толстойдың шығармаларын басынан аяғына қарай емес, керісінше, 22-томнан, яғни аяғынан басына қарай қайта оқып жатырмын. Оның «Соғыс және Бейбітшілік», «Анна Каренина», «Воскресенье» деген мықты-мықты романдары

– толған философия. Қабылдауға оңай шығарма дей алмайсыз. Бірақ, соған қарамастан, өмірінің аяғында 70-тен асып, 80-ге жақындаған кезінде, дәл менін жасымда, ол «мүмкіндігінше қарапайым, жұрттың бәріне жететіндей етіп жазуға талпыну керек» деген қағидаға сүйенген. Екінші бір типтегі жазушылар нені көрсе де, онда философия бар ма, жоқ па, қиындатып, тереңдетіп жазады. Оны орыстың ұғымында «он қолыңмен сол құлағыңды артынан әкеліп қасу» дейді. Әдебиет дегеннің өзі өмірдің көрінісі ғой. Өмірдің өзі кейде өте қиын. Сондықтан өмірді суреттейді екенсін, амалсыздан күрделі формаға түсіруге тура келеді. Мен өзі қазақ ауылында өскенмін. Ол кездері тек Сәбит Мұқановты оқыған соң, ол бізге пір болып көрінетін. Қазір мені түрмеге жапсаңыздар да, Мұқановты оқи алмаймын. Себебі тым қарапайым, қарабайыр, жұпыны. Осыдан кейін біздің қазақ жазушылары көп уақыт бойы Сәбит Мұқановқа, тағы сол секілді 20-30 жылдардағы ортақолды жазушыларға еліктеп, бір деңгеймен ұзақ жүрді деген пікір туады. Оқырмандар да соған қалыптасты. Түсінікті нәрсені ғана өнер деп қабылдайтын болды. Ол дұрыс емес екен. Кейін менің қатарластарым – Асқар Сүлейменовтің төңірегіндегі Зейнолла Серікқалиев, Қалихан Ысқақов, Сайын Мұратбеков, Қадыр Мырза Әлі кілең китүркысы көп, күрделі шығармаларды оқуға талпынды. Мен де солардың қатарында жүрдім ғой. Қазіргі әдебиетте тың жол бар. Айгүл Кемелбаева, Дидар Амантай, Асқар Алтай, сосын орыс тілінде жазатын Д.Накипов, Асылан Жақсылықов, Әуезхан Қодар өмірді өзгеше, философиялық тұрғыдан қабылдайды. Мен осыларды көтергім келеді. Өйткені бұлар әдебиетке жаңа серпін

әкеледі. Кейде маған қатарластарым: «Сен осы бір «халтурщиктерді» неге көтересің, неге соларды мақтайсың? Олар тіл білмейді, қияли, шаригі ауысқан», – деп реніштерін білдіріп жатады. Ол – бекершілік. Қазақ жазушылары соған кішкене үйренбеген. Менің байқағаным, шетелде осындайларды оқуға құмар. Өйткені мұның арғы жағында шетелдің тәсілі, машығы бар. Батыстың жазушылары не жазса да, арғы жағында философиялық негізі, тұғыры, концепциясы болады. Ал біздің жазушыларымыздың біразында сол концепция, позиция жоқ. Олар өзінің көргенін суреттеп беруге дайын да, оны бір үлкен ағымға алып келуге жоқ. Менің де білетінім шамалы. Соған қарамастан, Батыстың философиясын аз да болса түсінуге тырысамын.

– *Асқар Сүлейменовті «ережеге сыймайтын адам» дейсіз. Ал өзіңіз қандай жансыз?*

– Жас кезімнен жазушы болуды армандадым. 2-сыныптан бастап күнделік жүргіздім. Әлі күнге дейін сақтаулы. Ауылда балалар жиналып, бір-бірімізден өскен соң кім болатынымызды сұрағанда, басқалар «бригадир, басқарма, ауылнай боламын» деп жататын. Менің аузыма Құдай салған шығар, сол кездің өзінде «жазушы боламын» дейтінмін. Сонда Шаяхмет деген досым: «Сен жазушы болсаң, мұрнымды кесіп берейін», – деген. Жазушыларды ерекше адам деп қабылдаймын. Бұлардың иығында екі қапшық бар. Біреуі – ұлттың негізгі құндылықтары, екіншісі – ұлттың келеңсіздіктері. Екеуін де өмір бойы арқалап жүреді. Бірде біріншісі басым болса, бірде екіншісі басым болады. Сонау 60-жылдардан бері кілең жазушылардың арасында жүрдім. Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен терін» аударып жүргенімде, сол кісі мені

Жазушылар одағына әкеліп, бәрімен таныстырды, сүйреді.

– *Ал өзіңізге қатысты сынға қалай қарайсыз?*

– Біріншіден, өз кемшілігімді өзім өте жақсы білемін. Өртүрлі салада жазамын, яғни проза, сын не болмаса очерк, аударма жасаймын, тіпті болмаса кітап құрастырамын. Рецензия жазып бере алмайтын ақындар бар. Ондайларды үлкен әдебиетші деп есептемеймін. Әдебиетшінің қолынан мұның барлығы келу керек. Сондықтан маған біреулер сын айтса, ешқандай қарсылығым жоқ. Қайта өзімді жақсы сезінемін. Эссеистика, яғни үш мәдениеттің өкілдерін жақындастырып, салыстырып, олардан рухани бірлік іздеуге келгенде қолымнан бірдене келетін сияқты. Қазақта ол жанр нашар дамыған. Мұны көпшілігі қазақтың «естелік» сөзінен алады да, естеліктің барлығын эссеистика деп төпелей береді. Ол деген – көркем сөзді білім-ғылыммен байланыстырып, сезім мен ақылды қиыннан қиыстырудың жолы. Эссені осылай қабылдау керек.

– *Бұл сіздің үш тілді жетік білетініңізден де болар?*

– Мүмкін. Айтып отырмын ғой, жазушының көп нәрседен хабары болуы керек.

– *Әлемдік дағдарыстың залалы шығармаларыңызға, жалпы, жеке басыңызға тиіп жатқан жоқ па?*

– Шыны керек, мен дағдарысты байқамаймын. Тек әлгі бір теңгеден жинаған аз ғана қорым бар еді, содан ұтылысқа түсіп қалдым. Басқа жағынан сезінбеймін. Жалпы, дағдарыс бар.

– *Өзіңіз бір сұхбатыңызда «жазушы болмасам,*

түрколог болатын едім» дегенсіз. Түркі тілдес өзге халықтар секілді латын әліпбиіне көшсек, бәлкім, дағдарыстан тез шығатын шығармыз. Қалай ойлайсыз?

– Даусыз нәрсе. Жалпы, түркі халықтарының жақындасуын, бірігуін армандайтын адаммын. Латын әліппесіне көшуді қос қолмен қолдаймын. Бірде маған білгіш казактар келіп: «Сенің ойың арам, сен казактарды мәдениетінен мүлдем алыстатқың келеді. Түркі халықтары ешуақытта бірікпейді. Кириллицаға үйреніп қалғанбыз. Сонымен жүре берейік. Егер сен латынға көшейік десең, жоғарыдағылар саған сеніп қалуы мүмкін. Қазаққа үлкен зияның осы болады. Сен мұныңды қой», – деген соң, мен де үндемей отырмын. Бұл мәселені казактар бас қосып, өздері шешсін. Менің шеттен өз пікірімді айтып, уағыздап, қазақты жолдан тайдыруым дұрыс болмайтын шығар.

– Сіз қомақты екі сыйлықтың иегерісіз. Соларды уағында қалай қабылдадыңыз?

– Нөмірі бірінші «Парасатты» маған бергеніне қатты қуандым. Өйткені Қазақстанда оны ең алдымен қазаққа беру керек сияқты еді. Одан кейін – орыс, үшінші кезекке Бельгер сияқтылар кездесуі мүмкін дегем. Бірақ, маған бірінші тиді. 1994 жылы алпысқа таяған шағым, әкем ол кезде тірі еді, орденді көріп көзіне жас алды. Одан кейін «Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының иегері» дегенді де мақтан тұтамын. Оны да алғашқы үштіктің қатарында алдым. Бірінші Майдан Сүлейменов деген ғалымға, екінші кезекте Дмитрий Снегинге, одан кейін маған бұйырды. Одан басқа да медальдарым бар, бірақ оларды пәлендей мақтан көрмеймін. Енді 70-ке келгенде атақтың не керегі бар?

Май жағып берсе де, қажеті шамалы. Біреулер баяғыда маған профессор атағын береміз, біреулер академик қыламыз деп талпынды. Нәтижесінде екеуі де болмады. Жалпы, менің түсінігімде, жазушы адамдарға темірден гөрі нақты премия берген жөн.

– *«Сынықтан басқаның бәрі жұғады» дейді ғой, бойыңызда қазақтардан жұққан әдет бар ма?*

– Ойбай, жұққаны көп. Кілең жаман қылықтары дей алмаймын, жақсы әдеттері де жұқты. Мені адам санатына қосқан қасиетті үш тұғырым бар. Ол – біріншіден, ата-анам, екіншісі – мені тәрбиелеген ауыл, үшіншісі – кітап. Біз Қазақстанға 1941 жылы Ресейдің Энгельс қаласынан, Волга бойынан қоныс аудардық. Әкем дәрігер болатын. Содан ауылдың ақсақалдары «Белекеннің баласы», «сары бала», «өзіміздің Кира» деп еркелетіп, соңында түгел ауыл жақсы көріп кетті. Өттең, қазір ондай ауылдар да, адамдар да қалмаған. Қазақтың кеңшілігі, ашықтығы, қарапайымдығы біртіндеп жоғалып барады.

– *Адамдардың ниеті, пизғылы жөнінде айтып жатырсыз. Бір кездері депутат болып, саясатқа да араластыңыз. Сол кезде және одан кейін айналаңыздағылардың сізге деген қатынасы қалай болды?*

– Менің ешкімге өкпе-ренішім жоқ. Адамдардың қарым-қатынасы тәуір болды. Осы кезге дейін сыйлайды. Кезінде 13-шақырылымның Жоғарғы Кеңесінде бір жыл депутат болдым. Одан соң бізді ыдыратып жіберді. Сол үшін бір жағынан ризамын. Өйткені сол кезде бізді таратпағанда, кім біледі, осы күнге дейін миым ашып, ақымақтың біреуі болып жүрер ме едім? Еркіндікке, пікірін ашық айтуға қалыптасқан адамға биліктің

ынғайына қарай жүру қиын екен. Бірақ, сол бір жылдың ішінде билік дегеннің не екенін, олардың пиғылын, ниетін – бәрін бір кісідей білдім. Әдебиетші ретінде маған сол жеткілікті.

– *Сонда болмысыңыз оппозиционер ме?*

– Жок. Мен оппозиционер емеспін, болмаймын да. Бірақ, менің түсінігімде, жазушы, жалпы ойы бар адамның өзі қоғамына титтей де болса оппозиция көзімен қарауы керек. Демек, қоғамның кемшіліктерін, келеңсіз жақтарын байқап отыруы керек деген сөз.

*Әңгімелескен Айнұр Қалдарбек.
«Алаш айнасы» газеті,
№141 (141), 19.08.2009 жыл.*

Қазақ зиялысынан жұрттың көңілі қалып барады

– Гер-ага! Әуелі өзіңді azattyq.org интернет-басылымы оқырмандарының атынан жыл аяғындағы үлкен шығармашылық табысыңызбен құттықтап қоюға рұқсат етіңіз.

– Рақмет! Марқұм, сыншы Сайлаубек Жұмабеков кезінде роман жайында үлкен мақала жазған. Сонда ол роман атауын қазақшаға аударма алмай біраз киналып, мағынасына қарай бұл туындыны «Көкейкесті» деп аудару керектігін айтқан-тұғын. «Кезбенің үйінен» гөрі «Көкейкесті» атауы менің шығарманың табиғатына етене жақын. Өйткені бұл романда ішкі арманымды ақтарып, ой-толғамдарымды айтамын.

Шығарма анау Германиядағы емес. Қазақстандағы этникалық немістердің тағдырына арналған. Немістер кезінде жер аударылып, қуғындалып, тағдырлары тәлкекке ұшырады. Мұнда көзіммен көрген, басымнан кешкен сол оқиғалар баяндалады. Негізінен шығармада қазақ және неміс халқының тағдыры суреттеледі.

Теперішті де көп көрген, зұлмат ғасырдың ауыртпашылығы мен қиындығын басқаларға қарағанда қаттырақ сезінген қазақ және неміс халқының тағдыры бір-біріне егіз қозыдай өте ұқсас.

Қазақтардың немістерді қабылдауында және олардың бұл халыққа оңай сіңісіп кетуінде диалектикалық

заңдылық бар. Мүмкін, олардың бірін-бірі жақсы түсінуінің басты себебі, бұл екі ұлттың езілген халықтың қатарына жататындығынан да шығар.

Немістер де, қазақтар да үлкен қорлықты көрген халықтар. Езгі мен қорлықты көп көрген халықтарда бір-біріне деген бауырмашылық сезім күшті болады және олар бірін-бірі жақсы түсінеді. Дәлірек айтсам, бұл туындыда 1941 және 1956 жылдың аралығындағы қойы қоралас болған, бір ауылда тұрған екі ұлттың бауырмашылығы арқылы қазақстандық немістердің тағдыры сипатталады.

1941 жылы бізді Еділ бойынан Қазақстанға, Сібірге жер аударды. Ол жерде біздің автономиялық республикамыз болатын. Мен сол республиканың астанасы Энгельс қаласында тұдым. Жеті жасымда Қазақстанға келіп, содан бері осы елде тұрамын. Шығармадағы негізгі оқиға осыдан басталады.

Ал, 1956 жылы Совет одағында тұратын немістер жылымықты сезініп, оларға аз да болса бостандық берілді. Бұл уақытқа шейін немістердің барлық жағынан жолы кесіліп, құқығы шектеліп, тіпті оларды жоғарғы оқу орнына қабылдамайтын. Еркін жүруге құқығы болмайтын. Мен сол жылымықтың арқасында алғашқылардың бірі болып жоғары білім алу бақытын иеленген неміспін.

1954 жылы ҚазПИ-ге бар-жоғы бес-ақ неміс оқуға түстік. Оған шейін онда бірде-бір неміс оқуға түсе алмаған. Ал, жоғарғы білім алғысы келген кейбір немістер аты-жөнін, ұлтын өзгертіп жазуға мәжбүр болған. Менің романым немістердің еркіндік алуына рұқсат етілген осы кезеңмен аяқталады. Роман Астанадағы «Аударма» баспасынан 2003 жылы жарық

көрдi. Ал, осыдан екі жыл бұрын «Раритет» баспасы романды қайта басып шығарды.

Біраз уақыт өткеннен кейін Германиядағылар романға қызығушылық танытып, Берлиндегі «Ганс Шилер» баспасынан неміс тілінде шықты. Ол жерде «Қазақ кітапханасы» деген сериямен қазақ елінде туған он бес шакты автордың кітабының катарында менің осы романым да жарық көрдi.

Менің әкем «енді мен Еділге қайтпаймын, өз Отаныма оралмаймын, қазақтың арасында қаламын» деген үлкен қағидаға бой ұрып, ақыр аяғында қазақ ауылында үлкен ағаш үй салған азамат. Романның оқиғасы да осы бір эпизодтан басталады. Романдағы кейіпкерлер – менің әкем, еңбек армиясында болып, талай қорлық көрген інісі Христиан және Гарри есімді үшіншісі – өзім. Гарридің көзі арқылы қазақ ауылының тыныс-тіршілігі, оның қазақ қызына деген алғашқы махаббаты, бәрі суреттеледі. Қазақтармен жақсы қарым-қатынасының арқасында алғашқылардың бірі болып төлқұжат алған, осы дархан елдің жақсылығын көрген неміс баласының тағдыры сипатталады бұл туындыда.

Романда ойдан құралған оқиға жоқтың қасы. Жалпы менің жазушылығымның бір ерекшелігі, кейіпкерлерімнің көпшілігі өмірде болған адамдар. Оларды сол күйінде шығармаларымда сипаттаймын да, тіпті кейбіреулерінің атын да өзгертпеймін. Бұл шығармамда да біздің ауылдағы талай кейіпкерлердің аттары сол қалпында жүр. Менің бұл туындымды деректі, автобиографиялық роман деуге де болады.

– *Шығармаңызды неміс халқы қалай қабылдады?*

– Олардың қалай қабылдағаны туралы әзірше хабарым жоқ. Романның тұсаукесері жақында болды. Мені немістер Кельнге шақырған. Денсаулығым

байланысты мен онда бара алмадым да. сол жақтағы немістер, таныс жазушыларым, достарым, сосын неміс тіліне аударған Лихтенфельт дейтін келіншек қатысып, мен туралы жақсы пікір айтып, жылы лебіз білдіріпті. Сол жердегі біздің елшіміз Нұрлан Оңжанов кітаптың тұсаукесерінің қалай өткенін хабарлап маған хат жазды, ал Әлжанов есімді қазақ маған арнап неміс тілінде өлең жазып, оны жұрттың алдында оқып берді. Баспагердің айтуы бойынша, бұл шығарманын тағдыры дұрыс болатын сыңайлы. Өйткені мұнда шындық, немістерге бейтаныс қазақ тірлігі бар. Сондықтан баспагер бұл романның оқылатынына сеніп, таяуда оның екінші басылымын жарыққа шығаруға әрекет етіп жатыр.

Қазақты дүр сілкіндірген доктрина

– Әңгімеңіздің басында сіз қазақтар мен немістердің тағдырының ұқсастығы туралы әңгіме қозғадыңыз. Алайда неміс халқы теперіш пен езгі көрген тарихтың сабағынан өз ұлты үшін үлкен қорытынды жасады. Мүмкін сондықтан шығар, немістер шенеуніктердің алдында құрдай жорғаламайды, өздерін билік басындағы атқамінерлермен тең дәрежеде ұстайды. Бізде қарапайым халықты сөз қылмағанда зиялыларымыздың өзі биліктің алдында құлдық ұруға дайын тұрады.

Ұлттық мәселеге келгенде кезегелері кейін тартып, шындықты айтудан тартыншақтай береді. Мысалы, кеше ғана «Ел бірлігі» доктринасына байланысты қазақ зиялыларының пікірі екіге жарылды. Бір зиялылар мұндай хатқа қол қоймағандарын

айтып, билікшіл басылымдар арқылы ант-су ішін, ақталып та жатыр. Қазақстан жазушылар одағының басылымы – «Қазақ әдебиеті» газетінің өзі бұл доктринаға қарсылық білдірген қаламгерлердің гана пікірін жариялады.

– Қойған сұрағыңның ауқымы кең. Бірақ, қысқаша айтқанда былай. Немістер туралы айтқанда біздің есімізден шығармайтын бір нәрсе бар. Мен көбінесе біздің советтік немістерді айтамын. Біздің көбіміз Кеңес одағындағы жерге екі жүз жыл бұрын Екатеринаның кезінде келдік қой. Еуропадағы немістерден біздің біраз айырмашылығымыз бар. Екі жүз жылдың ішінде біз олардан алыстап кеттік. Біз сол кездегі тілді, диалектіні сақтап қалдық. Германияда мұның бәрі, керісінше, жойылды. Олар түгелдей әдеби тілге көшті де, біз ол жағынан қағажу көріп қалдық. Сондықтан тіпті екі жақта тұратын бір халықтың да мінез-құлқында едәуір айырмашылық бар. Олар Еуропаның тәрбиесін көргендер де, біздер қазақтың, өзбектің, орыстың арасында өскен халықпыз.

Ал, немістің мәдениеттілігі жұрттың бәрі мойындаған, қабылдаған қағида. Шынында да солай. Зиялы қауым жағын сөз қылатын болсақ, әрине, неміс халқының зиялылығы сәл биіктеу болуы әбден мүмкін. Қалай десек те Еуропаның тәрбиесі ғой. Көзқарасы, дүниетанымы кішкене өзгешелеу болатыны да сондықтан. Ал біздің зиялы қауымның ерекшеліктерін айтқанда, расында да адамның көңіліне келетін, жүрегін қынжылтатын жерлері көп. Таяуда ғана «Ел бірлігі» доктринасы турасында әңгіме қозғалғанда, бұл дүниенің өте өрескел қателік екеніне көзім жетіп, алғашқылардың бірі болып анау үлкен хатқа қол қойғанмын. Доктринаны қазіргі

қалпында, осы тұрған редакциясында қабылдауға болмайды. Өйткені, «казакстандық ұлт» мәселесі мүлде мен қабылдамайтын дүние. Мен тіпті келешекте төлқұжатты бергенде ұлымды көрсетпесе, ұлымның неміс екенін оған сиямен жазамын. Мен ешуақытта да «казакстандық ұлтты» білмеймін. Менің ұлым – неміс. Сол сияқты казактың ұлты – казак, орыстың ұлты орыс болуға тиіс. Мұндай дүмбілез дүние саясатқа бола ойдан шығарылған, келешекте казакқа сор болып тиетін үлкен нәубат. Сондықтан саналы түрде мен ол хатқа қол қойдым. Әрине, денсаулығыма байланысты мен аштық жариялай алмайтын едім. Алайда, барлық жан-тәніммен Мұхтар Шаханов бастаған топтың жағындамын. Өте орынды, қажетті, дұрыс бастама.

Биліктің айтқанының бәріне бас шұлғып ере беруге болмайды. Бізде билік көбінесе шатасады, қателеседі, адасады. Адамның ойына келмейтін, ақылына сыймайтын бастамаларды шығарып, халықтың арасында уағыздайды. Мұның бәріне көне берудің қажеті жоқ. Зиялы қауым бұл мәселелердің бәріне үлкен сақтықпен қарауы қажет. Газеттерден біреулердің «мен қол қойған жоқ едім, мені сыртымнан кіргізді, мен оған көнбеймін, мен оған теріс қараймын» деген сыңайдағы жазушысы бар, артисі бар, ғалымы бар, ат-тонын ала қашқан зиялылардың ақталуларын оқып жатырмын. Бұл маған жаман әсер етеді. Мен мұны дұрыс дей алмаймын.

Бұл заманда баррикаданың қай жағына шығатынында ашық айту керек. Әсіресе билік пен халықтың арасындағы қайшылық тереңдеп кетті. Халық бір бөлек те, билік бір бөлек болып тұр қазір. Мұндай жағдайда зиялы қауым ешкімге жалтақтамай, пікірін ашық, анық айтуға тиіс.

– Дегенмен халық үміт артқан зиялылардың биліктің алдына барғанда елдің мұң-мұқтажын айтқаннан гөрі, жеке басының қамын ойлап, лауазымы жоғары иененуіктердің алдында жалпақтап басқаша сайрайтынына талай күә болдық. Неліктен неміс зиялыларының бойындағы зиялылық қасиет қазақтарда жоқ?

– Немістер ғана емес, бүкіл Еуропа халқы, онын ішінде Америка да биліктің алдында өзін төмендетіп, онын алдында құл болып көрінуді намыс санайды. Бұл біздің елдің құлдық санадан арыла алмай келе жатқанының айқын бір көрінісі. Ол жақта жазушының мәртебесі өте жоғары. Еуропадағы зиялы қауым өздерін өте биік санайды, асқақ ұстайды. Ешуақытта билік басындағылардың алдында басын иіп, құлдық ұрып, қолын сүюге бармайды. Себебі, бұл – ұят нәрсе. Мұның бәрі өркениетті қоғамның заңдылығына қайшы, феодал заманынан қалған жаман әдет. Осы жерде менің ойыма Батыстың атақты жазушысы Уильям Фолкнердің басынан өткен бір оқиға түсіп отыр. Жазушы Нобель сыйлығын алғанда оған ілтипат танытып, Американың сол кездегі президенті шай ішуге шақырыпты. Сонда жазушы «бір шай ішуге бола мен неге екі жүз шақырым жерге жанармайды шығындап баруым керек?» деп бармай қойыпты. Бұл жағынан келгенде біз ұяттымыз. Біздегі жазушылардың, керісінше, биліктің алдында құрдай жорғалап, құлдық ұратынын талай көріп жүрмін. Тіпті, солардың көбісі менің араласып жүрген достарым. Көшеде жүргенде олар басқаша сөйлейді де, биліктің алдына барғанда мүлде бөлек сайрайды. Сондықтан, көпшіліктің атынан жазылған хатқа қол қоюға менің қазір аса ықыласым жоқ. Өйткені, менің

қазақ достарымның біразы бүгін оған қол қойса, ертеңіне айнып шығады. Мұндайға мен талай куә болғанмын. Зиялы қауымның осы бір мінезі менің көңілімнен шықпайды.

– Осы тұрғыдан алғанда қазақта зиялы қауым бар деп айтуға бола ма?

– Бұл сұраққа қазақтар жауап берсін.

– Қазақты шын жақсы көретініңіз рас болса, мұндай ұстара сауалға жауап беруден жалтармаңыз. Біздің әңгімеміздің өзекті түйіні осы мәселеге келіп тіреліп тұрған жоқ па?

– Қазақта зиялы қауым жоқ деп тағы айта алмаймын. Өйткені мұндайда Салық Зиманов, Токтар Әубәкіров секілді азаматтардың принципшілдігі, тазалығы есіме түседі. Олар өздерінің ұстанымы, дүниетанымы бар азаматтар. Зиялы қауым жоқ десем, мен оларды да жоққа шығарғандай боламын. Бұл азаматтарды мен зиялы қауымның қатарынан сызып тастай алмаймын. Оларды мен өте жоғары бағалаймын. Бірақ, жалпылама алғанда, зиялы қауымымыздың деңгейі төмендеу.

Интеллигенция деген орыстардың шығарған сөзі. Батыста интеллигенция деген ұғым жоқ. Ол жақта білімі мол, түсінігі терең, парасатты азаматтарды интеллектуалдарға жатқызады. Бірақ, олар саясатқа көп араласа бермейді. Оны өткінші нәрсе деп қарайды. Біздің үлкен кемшілігіміз, шенеуніктерді өте жоғары көтеріміз. Ол әкім екен, бастық екен деп, олардың алдында дірілдеп-қалшылдап жұмсақ сөйлеп, биязы бола каламыз. Ал Батыста интеллектуалдар бастықтың алдында өзін әлдеқайда жоғары санайды. Өйткені, билік өткінші дүние де, ал әдебиет, мәдениет, философия – мәңгілік ескірмейтін құндылықтар. Осы ұғым бізде

жок. Біздің акын-жазушылардың көпшілігі уақытша әкімдердің алдында өздерін төмен ұстайды, бағасын тым арзандатып алады. Менің ызамды келтіретіні сол. Шын жазушы биліктің емес, өзінің сөзін сөйлеп, арды мойындатқызуы керек. Мәселе сонда.

Рухани тазару

– Өзіңіз жақсы білесіз, кезінде бүкіл Еуропа рухани тазарудың өткелінен өтті. Ол жақта да неше түрлі катаклизмдер болды. Фашизм идеясының да сол жақтан шыққаны әмбеге аян. Гитлердің өзі «өз ұлтымды шексіз бақытқа кенелтемін» деген идеяны жалаулатып, билік басына келді. Жеке басқа табынушылықтың салдарынан миллиондаған адамдардың қаны суша төгілді. Төбе шашыңды тік тұрғызатын зұлымдықтарды басынан кешірген Еуропа елдері тарихтың аиқы сабағынан өздері үшін қорытынды жасады. Ал Қазақстанда, керісінше, сталинизмді жаңғыртудың элементтері қайтадан етек жая бастағандай. Жеке басқа табыну кешегі Совет одағы кезіндегіден асып түсті. Қазақ мемлекетінің негізін қалаған хандардың ескерткішін лақтырып тастап, бүкіл жұртты Назарбаевқа табындыру үшін барлық айла-амалдарды іске қосып жатыр. Бұл әрі-беріден соң Қазақстанның алғашқы президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке басына да абырой әпермейтін іс-әрекеттер емес пе?

– Бұл пікіріңізге мен толығымен қосыламын. Бір жағынан бұл Шығыс халықтарының бір ерекшелігі болуы керек. Пендешілік дейміз бе, әлде рухани

ерекшелігі дейміз бе? Әйтеуір, мен түсінбейтін қазақтың осындай бір мінезі бар. Еуропада сен жаңа ғана тілге тиек еткен рухани тазару болды. Рухани тазарудың арқасында ғана олар сапалық тұрғыдағы жаңа деңгейдің биігіне көтерілді. Біз соған жете алмай, шатасып жүрміз. Тарихымызды қай уақыттан бастайтынымызды білмейміз. Қазақтың тарихын Назарбаевтан бастағысы келіп жатқан саясаткерлердің жаман әрекеттерінің ешқайсысы біздің президентке абырой әпермейді. Қайта ол кісінің ел алдындағы беделіне нұқсан келтіреді. Назарбаевты халыққа құбыжық етіп көрсетудің бұдан асқан амалын табу да қиын. Қазақтың хандары баяғыда болған. Қазақ елі сонау заманнан бері еркіндік үшін күрескен, азаттықты сүйетін ержүрек халық. Сонын бәрін жоққа шығарып, Назарбаев басқарған соңғы он сегіз жылдың ішінде ғана ел болдык десек, бүкіл әлем бізге артын ашып күледі. Ұятқа қаламыз. Ондай өрескел кателікке жол беру тарихқа, ұрпаққа қиянат.

Менің марқұм болып кеткен Асқар Сүлейменов деген досым болды. Есіме сол Асекеңнің бір жақсы сөзі түсіп отыр. Совет одағы кезінде өмір сүрсе де, Асқардың сталинизм мәселесіне байланысты көзқарасы ерекше болған. Қазір, шынында да, Сталинге табыну бізді былай қойғанда мына көрші Ресейде де жыл өткен сайын күшейіп барады ғой. Мен бұл туралы таласқым келмейді. Сталин менің ұғымымда немістерді жер аударған адамдардың бірі. Сондықтан менің Сталин туралы пікірім кашанда төмен. Әрине, ол ерекше қабілетті, тарихта орны бар адам. Оған ешкім де таласа алмайды. Бірақ, мен Сталинге құлшылық етуді мойындай алмаймын. Жаңағы айтқан әңгімеме қайтып оралайын. Менің досым Асқар Сүлейменовтің

сталинизм туралы «ақылы жоқ халықтың бәрі сталинист» деп айтқан керемет бір жақсы сөзі бар. Меніңше, сол рухани тазарудың жоқтығынан, өзінің тарихтағы орнын білмегендіктен осындай келеңсіздіктер туатын болуы керек. Бізде құлдық психология керемет сақталған. Социализмнен өтіп кетіп, капитализмге бет бұрғанымызбен, біз әлі сол феодализмнің батпағынан шыға алмай келеміз.

– Бүгінгі қоғамда болып жатқан процестердің ішінен әсіресе неден қатты үрейленесіз?

– Қазақстан азаматы болғаннан кейін бұл елдегі жағдайдың бәрі мені ойлантады. Қоғамда болып жатқан өзгерістерге мен көбінесе сын көзбен қарауға бейім адаммын. Мақтанғанды, жұрттың алдына шығып семіз сөйлегенді ұнатпаймын. Егер біз үлкен мейрамдарда өтірік мақтана бергенді қойып, кемшіліктерді көбірек айтсақ дұрыс болар еді. Мәселен, біздің шаруашылықтардағы табыстарымыз әлі күнге шейін тоқсаныншы жылдың деңгейіне жете алмай жүр. Сонда несіне мақтанамыз? Мақтанудың да бір реті, жөні болуы тиіс қой. Барлық салада Совет заманымен салыстырғандағыдан кері кетушілік басым. Соны айтудың орнына, біздікінің бәрі құр мақтан. «Хабарды» басып қалсаң – шошисың. Кілен табыс, күн сайын таусылмайтын табыстар. «Казахстанская правда» басылымын оқи қалсаң сол жетістіктерді айтып, жеркөкке сыймай жатамыз. Құдды күллі әлемнің бәрі Қазақстанға қарап аузын ашып отырған сыңайлы. Таң қаласың. Ал көретінін, еститінін мүлде басқа, мүлде бөлек. Мен осыдан қатты қауіптенемін. Кемшілікті жасыру осылай жалғаса берсе, билік пен халықтың арасындағы наразылық ушыға береді, бір-біріне деген

өкпесі күшейе береді. Билік өтірік күшеніп мақтана бермей, халыққа қарай бір қадам жасауы тиіс.

«Билік басында кездейсоқ адамдар көп»

– Байқайсыз ба, қазір қоғам тұлға болатын азаматтардың ешқайсысын да билік басына жолатқысы келмейді. Ұлтқа деген ілтипаты, қоғамдағы әділетсіздіктерге қарсы ішкі қызжылы жоқ кездейсоқ біреулер лауазымды қызметтерді иеленіп жатады. Қандай қабілетіне бола оларды осындай қызметке қойып жатқанына қайран қаласың...

– Біздің қоғамның дамуына ең үлкен кедергінің бірі осы. Кадр мәселесі. Біз адамдарды таңдай алмаймыз, оларды дұрыс орынға қоя білмейміз. Адамдардың кәсіби қасиетімен, талантымен санаспаймыз. Кездейсоқ адамдар бастық болып шыға келеді. Мұндай ауру соңғы жылдары тіпті дендеп кетті. Менің жасым қазір 75-ке келді. Мен дәл бүгінгі көп нәрселерден түніліп жүрмін. Сол себептен көп мәселеге мен араласпаймын. Пікірімді айтпаймын. Өйткені мен диванда жатқан зейнеткердің бірімін. Ойымның ешкімге керегі болмаса, сөзімді шығындап, босқа сөйлегенімнің кімге керегі бар. Бірақ, іш қазандай қайнайды. Қоғамда болып жатқан неше түрлі сұмдықтарды көргенде жаның түршігеді. Үкіметте, парламентте адам танымайтын кездейсоқ адамдар қаптап жүр. Елге тұтқа бола алмайтын, ондай жолбикелердің қоғамға не пайдасы бар?

Президенттің маңайында да кездейсоқ адамдар өте көп. Қазір билікте тұлға дәрежесіне көтерілген азаматтар

жогтың қасы. Кеше санап отырсам, есіме Қасымжомарт Тоқаев, Иманғали Тасмағамбетов секілді бірнеше адам ғана түседі екен. Жоғарыда солай болғаннан соң, төменде де солай қалыптасады. Егер қоғам сауыққысы келсе, билік басына талантты адамдарды тарту керек. Он бес миллион халқы бар Қазақстанда ондай азаматтар, Құдайға шүкір, бар. Өкінішке қарай, олар шетте жүр. Оларды билік басындағылар жау көріп, жакындатқысы келмейді. Өздерінің адамдарын қояды. Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін деген бір жаман заманға тап келдік. Біздің қоғамымыздың ең үлкен ауруы, дерті осы.

– Жазушының шығармашылық еркіндігіне мүмкіндік туғызу үшін оның рухани азаттығы болуы шарт және ол материалдық жағынан ешкімге тәуелді болмауға тиіс. Ал, дәл бүгінгідей жазушысын не құлға, не қайырышыға айналдырып қойған заманда қандай да бір рухани тазару туралы әңгіме қозғау мүмкін бе өзі? Анау үлкен биліктің қолын сүйетін құлдың ештеңеге жаны ашымайтыны қандай рас болса, күнін көре алмай жүрген қайырышының уәжін де ешкімнің құлағына қыстырмайтыны сондай ақиқат. Мұндай жағдайда не істейміз? Қайтпек керек?

– Кеше мен күнделігіме «Я независим, независим потому что от меня ничего не зависит», яғни мен тәуелсізбін, тәуелсіз болатын себебім, менің ешкімге керегім жоқ деп жазып қойдым. Міне, көрдіңіз бе, осындай жағдайға келіп тұрмыз ғой. Біз тәуелсіздік, тәуелсіздік дегенімізбен, шын мағынасындағы тәуелсіз адамдар жогтың қасы. Бәріміз тәуелдіміз. Өзінің ойын еркін айтатын акын-жазушылар саусақпен санарлықтай.

Қалғандары «тек жүрсен – тоқ жүресін» деген сияқты үнсіз. Менің достарымның, араласып жүрген жазушыларымның көбісі «осы Бельгер сөйлесін, оған ештеңе бола қоймас, неміс кой» деп бәрін маған ысыра салады. Өздері үндемей қалады. Көбісінің есіл-дерті орден алу, атак-марапатқа бөлену. Жетпіске келген жазушыға атак пен орденнің неге керегі бар екеніне кереметқайранқаламын. Бұлдендіқазақжазушыларының бір психологиялық ерекшелігі болуы керек. Мен тіпті оларға кешіріммен қараймын. Ешқайсысын сөкпеймін. Түсінігі солай болса, оларға не істей аласың? Тіпті кеше мен бір жерден мынандай әңгіме естідім. Көп жылдан бері бір қазақ үлкен орден алғысы келеді екен. Сол бір баласының атын ырымдап «Ордендай» деп қойыпты (*күледи*). Есіл-дерті орден болып тұр ғой. Сондай бір түсініксіз, адамның миына қонбайтын нәрселер бізде аз емес. Бірақ, кешегі Шаханов бастаған бір топтың әрекеті маған ұнайды. Жүрегімді елжіретіп, көңілімді жылытты. Демек, қазақ зиялыларының арасында да ұлттың бірлігі үшін жақындасудың бір белгісі бар сияқты. Үлкен зиялылардың осындай әрекеттерінен сон қазақтың мүлде келешегі жоқ деп айтуға аузым бармайды. Бірақ, айтпады деменіз, бұларды да ертең билік алдап кетеді. Кеше бір газеттен оқыдым. «билікке қандай дәрежеде сенесіз?» деген сұраққа Мұхтар Шаханов «63 пайыз» деп жауап беріпті. Билікке дәл осылай қатты сенуге болмайды. Бүгінгі билікке 15 проценттен артық сенудің қажеті жоқ. Көресіз, ертең билік бәрібір олардың ретін тауып, біреуіне қызмет беріп, бір-біріне қарсы айдап салып, біреулерін қорқытып, ал біреулеріне орден беріп, бұл бастамаларын жүзеге асырмай тастайды. Біздегі

зиялы қауымның қаншалықты ауызбіршілігі бар екені осы кезде көрінеді. Әзіргісі жеңістің бірінші сатысы ғана. Бұл жеңістің екінші сатысының болатынына күмәнім бар.

– Жаңа жылдың алдында қазақ халқына қандай тілек айтар едіңіз?

– Тілек біреу. Мен өзі казактын арасында өскен адаммын. Қазақ туралы менің пікірім өте жоғары. Әдебиеті де, мәдениеті де өте терең халық. Ол туралы мен талай айтқанмын да, жазғанмын да. Қазақ өзінің ұлттық қасиеттерін жоғалтпаса екен. Американдық, неміс немесе француз болуға тырыспаса екен. Ұлттық қасиеттерін мүмкіндігінше сақтап, оны ары қарай жаңғырта алса, казакка сол ғанибет болады.

– Әңгімеңізге рақмет, Гер-ага.

*Әңгімелескен Амангелді Кеңшілік,
azattyq.org интернет-басылымы.*

25.12.2009 жыл.

Американың қаламын қазаққа кигізуге болмайды

Герольд Бельгер көрнекті жазушы, көркем аудармашы, шебер публицист. Қаламгер биыл 70 жасқа толып отыр. Мерейтой иесі қазақ халқына аз еңбек еткен жоқ. Қазақ тілінің тағдыры үшін, ұлттық идеологиясы үшін жаны күйіп, шырылдап жүрген осы бір неміс азаматының көкшіл көздерінде қазақ халқына деген ұлы сүйіспеншілік сезімі тұнып тұр. Және ол мәңгілік. Ана тілін білмейтін қазақтардың бойынан мұндай үлкен сезім табыла ма? Әй, қайдам, сенімнен күдік көп. Тіпті бүкіл қазақ Герольд ағадан қазақ тіліне деген махаббатты үйренсе айып емес.

Қаламгер ағамен танертенгі ондар шамасында хабарласатын болып келіскенмін. Табан астында пайда болған қауырт шаруама байланысты қоңырау шала алмай, айыпты болып қалдым. Сағат он бірлер шамасында хабарласқан маған: «Сен менің күнделікті графигімді бұздың», – деді. Ұялған тек тұрмас деп: «Аға, қазақтың осы әдетіне үйренген шығарсыз...», – деппін. Салмақты дауыс: «Бұл әдеттеріңді қабылдай алмадым», – деп жауап берді. «Енді не болар екен?» деп шыдамсыздандым. Оқырмандарын жазушымен қауыштырғым келді. «Жарайды. Сағат он екіде Шоқан ескерткішінің алдында кездесейік», – деді кешірімді дауыс.

Әрбір уақыты тығыз, сағат түгілі минутын пайдалы іске бағыштайтын қаламгер ағаның бойында қазақтың кешірімшіл мінезі де бар екен-ау.

**Мен таза қазақтардың арасында жүрсем,
тек қазақ тілінде жазар едім**

– Герольд аға, Сіз қазақ тілін жақсы меңгерген қаламгерсіз. Сөйте тұра кітаптарыңызды көбіне-көп орыс тілінде жазасыз. Қазақ тілінде жазуға мүмкіншілігіңіз мол ғой. Жасыратын не бар, қазақ қаламгерлерінің кейбірі орыс тілінде жазады.

– Мен үш тілде: неміс, қазақ, орыс тілдерінде еркін сөйлеймін. Туған жерім – Еділ өзенінің бойындағы Энгельс қаласы. Қалада орыс ұлты көп болды. Кішкентай кезімде орыс, татар балаларымен ойнап өстім. Сондықтан болар, менің тілім өз ана тілімде емес, орыс тілінде шықты. Туған-туыстарымыз тұратын Мангейм қаласына көшіп келдік. Ортаң неміс ұлты болғандықтан, өз ана тілімде сөйлей бастадым. Мен жетіге толғанда Поволжье немістерін Қазақстан мен Сібірге жер аударды. Кеңес дәуіріндегі жазықсыз жапа шеккен неміс халқының тағдырын қазақ халқы көрмесе екен деп тілеймін. Қазақ мектебіне бардым. Көп ұзамай қазақ тілін еркін меңгеріп алдым. Тоғызыншы сыныпқа көшкенімде орыс тіліне мән бере бастадым. Бірақ сөйлесетін адамым жоқ. Айналамыздың бәрі – қазақтар. Институтта оқып жүргенімде үшінші курсқа дейін күнделігімді қазақ тілінде жаздым. Төртінші курстан бастап тікелей орыс тіліне көштім.

Мен көркем шығармаларымды орыс тілінде жазамын. Олай ететін себебім, оқырманым көп болатынын білдім. Ш.Айтматов та оқырманын көбейту үшін орыс тілінде жазады. Жалпы, ТМД жазушыларының көпшілігі осы мақсатты ұстаған. Қазірде жазушылар кітаптарын орыс тіліне аудартып жатады. Қаламгер оқырманның саны артқан үстіне шығармашылығын шыңдайды.

Мен көркем шығармамды қазақша жазар болсам, көш соңында қаламын демейін, бірақ қазақтардың біраз мықтысынан бір саты төмен жазамын. Себебі қазақ тілін әжептәуір білсем де, қазақ сөздерінің құдіреттілігін түсінсем де, көркем тілім шалағайлау шығуы мүмкін. Немістігім көрініп қалары анық. Ал публицистикалық мақалаларымды, сұхбаттарымды қазақша беруге шамам келетін сияқты. Сондықтан қазақтарға бәсекелес болмай-ақ қойғаным дұрыс. Орыс тілінде жазылған екі әңгімемді өзім қазақшаға аудардым. Әдеби ортада жоғары бағаланды.

Қазақша ойлап, қазақша жазуға тырыссам және Жүсіпбек Аймауытовты, Мұхтар Әуезовті оқып алсам, қажетті сөз бен оралымдарды тауып аламын. Ал шығарманы жазуға отырмас бұрын, орысша ойлап, оны қазақша жазам деу бос әурешілік. Менің шығармаларымның мәтіні орысша болғанымен, кейіпкерлерім – неміс пен қазақ. Және олар өз ана тілдерінде сөйлейді. Мен бұдан өзге шешім таба алмадым. 40-50-жылдардағы қазақтың шалын орысша сөйлетсем, ол шындыққа жанаспайды. Кеңес немістерінің жергілікті тіл ерекшелігі көп болған. Менің диалектім гессендік. Қазір біздің елде бұл диалектіде сөйлейтін адам қалмаған. Сөйлесетін адамдарым әкем мен шешем еді. Егер мен таза қазақтардың арасында жүрсем, шығармаларымды тек қазақ тілінде жазар едім. Бәрібір ол Әбіш Кекілбаевтан, Мұхтар Мағауиннен төмен болады. Орыстар мені «мынадан қазақтың исі шығады» деп оқиды. Менің негізгі мақсатым да осы ғой. Мен үш тілдің қасиетін пайдаланып, өзімше ортақ бір үйлесім тапқандай боламын. Қазақтың мақал-мәтелдерін, тұрақты сөз тіркестерін молынан пайдаланамын.

Қазақтың арасында 63 жылдан бері тұрып келемін. Қазақтың жаны маған өте жақын, оны өзімше түсінемін деп ойлаймын. Абайды, Мұханды казактардан кем түсінбеймін. Кеңес немістерінің тағдыры өте қиын болған. Кеңес дәуірінде неміс ұлтын жоғары қызметке, институтқа қабылдаған жоқ. Жоғары оқу орнына ең алғашқылардың бірі болып мен қабылдандым. Неміс пен қазақтың болашағын тең ойлаймын.

Қазақ халқы тәуелсіздігін әлі толық сезініп болған жоқ...

– Сіз «қазақстандықпыз» деген атауға қарсысыз. Мәселен, ресейлік, өзбекстандық, қырғызстандық деп аталады ғой. Оның себебін өзіңіз түсіндіріп берерсіз...

– Қазақтың ұлт санасы әлі толық оянбағанынын айғағы да осы атау. «Қазақстандықтармыз» дегенді мен әзір қолдамаймын. Географиялық жағынан келгенде, мен шынында қазақстандықпын, мойындаймын. Менде Қазақстанға деген ұлы сүйіспеншілік те, патриоттық та бар. Бірақ ұлтым неміс екенін ешқашан жасырмаймын, қайта оны мақтан тұтамын. «Қазақстандықпыз» дегенге қазақ дәл бүгінгі күні көнсе, онда таусылғаны. Бұл – жалпы атау. Қазақ халқы әлі өзінің толық тәуелсіздігін сезініп болған жоқ. Қазақстан – қазақ халқының отаны. Қазақ қанша тырысса да, американдықтар секілді бола алмайды. Олардың тарихы бөлек. Американың қалпағын қазаққа кигізуге болмайды. Өзінің қазақ екенін он жылдан бері ғана сезініп келе жатқан қазақты «қазақстандық» деген атаумен атасақ, онда

онын болашағына айбалта сілтегені емей немене? «Қазақстандық» деген ұлт жоқ. Осы жердің нағыз иесі қазақ. Ол әлі өзінің толық ұлттық құндылығын қолына ала алмай жатып, неге «қазақстандық» болуы керек? Қазақхалқы өзінің ұлттық қадір-қасиетін жоғары ұстауы қажет. Мұны мен емес, ұлт зиялылары айтып, қазақ санасына ұялатуы тиіс. Халықтың ұлттық намысын ояту – олардың парызы. Бәріміз «қазақстандық» болсақ, қазақтың ділін, ұлттық идеологиясын несіне әнгіме кыламыз? Бәріміз бір типтес «қазақстандық» болсақ, ұлттық құндылықтар жоқ болмай ма, өшпей ме? Бірдейлікке асығудың қажеті жоқ. Ортақ қазанға түсіп кетуден Құдай сақтасын.

– *«Қазақстандық» деген атауды қолданбасақ, ұлттар қарым-қатынасына сызат түспей ме?*

– Түспейді. Неге түседі? Талай жылдан бері бірге жасап келе жатқан жоқпыз ба?!

– *Аға, бар өміріңіз қазақ арасында өтіп келеді. Негізгі тақырыбыңыз да – қазақ. Қазақтың қай мінезі ұнамайды?*

– Әрбір ұлт өзінің негізгі қасиеттерін сақтап, өзге ұлтты өз ерекшелігіне тәнті етеді. Қазақтың сөзі өте ұзын, істеген ісі шынашақтай. «Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын» дегенді мен емес, данышпан Абай айтқан. Мен туғаным болып кеткен қазақтың осы әдетін жаратпаймын. Қазір бізде сөз көп, біткен іс шамалы.

**Рушылдық – қазақтың соры... Осы ұлттың
сойылын соғып жүрген өзге ұлт өкілімін...**

– Сіз қазақ жастарының бүгінгі болмысы жайлы жиі айтасыз. Аталы сөз айта отырып, ренішіңізді жайып саласыз. Демек, Сізді жастардың тәрбиесі қанағаттандырмай жатыр ғой...

– Қазақ қыздарына ренішім бар. Олар ауылдан қазақ болып келіп, қалада шетел болып шыға келеді. Әбіш Кекілбаев – қадірлі достарымның бірі. Ол «Біздің Бельгер нағыз «мәмбет» деп қалжындайды. Қазақ жастарының көпшілігі «мәмбет» болғысы келмейді. Шындығында, мен «мәмбеттікті» артық санаймын. Менің жүрегіме «мәмбет» қазақ жігіттері мен қыздары жақын. Олардың бойында нағыз қазақы рух пен болмыс бар. Өз ұлтының болмысынан қашқан адам ешкімге жақсылық жасамайды. Ол – туған жерге қауіпті адам.

– Өзіңіз білесіз, қазір қазақ қоғамында рушылдық деген ауру өршіп тұр. Оған шара бар ма? Сіз ұлтшылдық сөзінің мағынасын қалай түсінесіз? Ол керек пе? Сіздің ұлтыңызға бүйрегіңіз бұрып тұра ма?

– Қызылорда облысынан Парламент Мәжілісіне депутаттыққа түсіп жатқан Халық қаһарманы, ғарышкер Токтар Әубәкіровке бір журналист: «Біз бұрынғы әкімімізді сайлаймыз. Сіз мұнда неге келдіңіз? Қайтыңыз», – депті. «Халқым» деп толғанатын азаматына осылай деген соң, не дейін?! Мұның астында жерлестік, рушылдық не өзге саясат жатқаны белгілі. Мұндай сөзді айту қазаққа тән қасиет емес. Демек, оны айтқан адамның қазақ болмағаны. Ақымақтық, ұят! Ол тіпті рушылдықтан да төмен сатыда тұрған адам.

Мен ру дегенге түсінбей-ақ қойдым. Бірақ, білуге

талпындым. Оның мәнін, қарым-қатынасын білемін. Рушылдық – қазақтың соры. Мен осы ұлттың сойылын соғып жүрген өзге ұлттың өкілімін. Кейбір қазақтарға менің бұл тірлігім ұнамайды. «Осының бізде не шаруасы бар екен?! Айтқыш болса, өзінің немістеріне айта бермей ме?» деген пікірлерді естіп каламын. Сонда да мен қайтпаймын, айта беремін. Қазақ арасында өскендіктен, қазақ елінде білім алып, өсіп-өнгендіктен, өзімді қазақпын деп есептеймін. Қазақ халқының атынан сөйлеуіме құқым бар деп санаймын. Бірақ, кейбіреулер бұлай есептемейді. Пікірімді ашық айтатын адаммын.

Марқұм Мұқағали акынмен кезінде бірге жүрдім. Ол менің қазақ тақырыбына жазылған әнгімелерімді окитын. «Ей, Гера, сенің қазақты жақсы білетініңе дауым жоқ. Осылай екен деп сен қазақтың артын аша берме!» деп достық қалжыны арқылы ол маған тілегін айтып еді. Рушылдық жайында көп ештеңе айта бермеймін. Мен Солтүстіктің қазағымын. Руымды өзімше атығай деймін. Батыс Қазақстан облысының қаламгерлерінің кітаптарын көп аудардым. Солтүстіктен шыққан жазушылар әзілдеп: «Сатқын. Арқаның нанын жеп, суын ішіп, тұздығына түкіріп кеттін», – дейтін. Мен Ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз деп бөлмеймін. Бәрін қазақ деп қабылдаймын.

Қазақ жазушыларының туындыларын көп аудардым. Қолыма алмас бұрын «Кітабыңда түйе бар ма?» деп сұраймын.

– *Оның себебі неде?*

– Себебі, орыс тілінде түйеге байланысты сөз тым аз. Түйе көрінген жерде орыс тілінің қуаты шамалы болады.

Түйе қазақтардың мал шаруашылығында маңызды

рөл атқарған. Шұбаты емге дәру. Бірақ түйенің корегі, шұбатынын дайындалуы, күтімі, жануардың қасиеті жайында орыстардың білетіні жоқтың қасы.

– *Онда әңгімені ары қарай сабақтасақ...*

– Руказактын соры екеніне көзім жетеді. Қан жағынан керек. Оған дауым жоқ. Сәбит Мұқанов Жазушылар одағына мүшелікке қабылданғанда, «қай рудансың» деп сұрамайтын. «Он жылдықты қай жерден бітіріп едің, бала?» деуші еді. Он жылдықты өзінің елінен бітіретіні белгілі ғой. Географиялық ортасына қарай анықтай жататын. Кейде өзім де «қай жердің қазағысын» деп сұрап қаламын. «Солтүстіктен болсаң маған, батыстан болса түгенше деген жазушыға жақын екенсің ғой» деп қоятын әдетім бар. Қазақтың жас баласына дейін ру сұрасады. Тіпті Үкімет қызметіндегілер де рулас болып бөлініп, не бір-бірін демеп жатады. Бірақ үлкен саясат шеңберінде алсақ, рушылдық халықтың аяғына тұсау, өсуіне жол бермейді.

Қазақ жоқ жерде жүру маған қиын

– *Шамамен екі жыл бұрын «Қазақстан» телеарнасынан сізге арналған хабар берілген болатын. Сіз сонда былай дегенсіз: «Атамекенім Германияға бардым. Бәрібір өскен ортам – Қазақстанды жаным аңсап тұрды. Мен Германияға емес, Қазақстанға керек екенмін». Сіздің осы бір тереңнен шыққан өзіндік пәлсапаңыз көпшілікке ой салған болатын. Мен ол кезде студентпін. Біздің топта сіздің осы туып-өскен жерге деген ыстық махаббатыңыз пікірталас тудырған болатын.*

– Шыны солай. Кезінде депутат болдым. Сол кезде іссапарлармен Еуропа елдерінде жүрдім. Атамекенім Германияда екі рет болғаным бар. Онда туыстарым өте көп. Туған қарындасым Алма мен жиендерім сонда тұрады. Бельгер әулетінен Германияда 100 шақты адам бар. Әрине, туған жерге туғандарым да, мемлекеттік шенеуніктер де шақырды. Берлин мен Франкфурт университеттерінде екі рет лекция оқыдым. Университет басшылары «Қазақ тілінен, Орта Азия әдебиетінен лекция оқыңыз» деп ұсыныс айтты. Францияның Шығыс институтындағы кездесуде әзірбайжан тілі мен қырғыз тілінің мамандары, білдей екі профессормен пікірлес болдым. Мен салған жерден қазақша сөйлей жөнелгенде, олар әзер түсінді. Мен сияқты таза сөйлейтін адам Германияның университетінде дәріс оқыса, оларға үлкен табыс, абырой әкеледі. Бірақ, мен бармаймын. Қазір ондағы туыстарыммен байланысым көп. Жиі-жиі хат, кітап, газет-журнал жіберіп тұрады. Өздері келіп, кетеді. Шынымды айтсам, Германияда тұра алмайтыныма көзім анық жетті. Менің тәрбием қазақы. Жасым болса жетпісте. Бүкіл ой-жүйемді өзгертуге шамам да келмейді. Ниетім де жоқ. Германияда тұрмыс жағдайың жаман болмайды. Табиғаты таза, мәдениеті өркендеген, экономикасы дамыған мемлекет. Бірақ көшеде жүргенде амандасатын адамың болмайтыны өкінішті. Жазушылар одағына барғанша 40 шақты адаммен амандасамын. Германияда оның бірі жоқ. Демек, сенін қажетін шамалы. Өзімді Қазақстанға керекпін деп сезінемін. Қазақ халқы мені құрметтейді. Менің кетуім ақымақтық болар еді. Өскен ортам, әдеби ортам, жолдастарым да осында. «Парасат» орденін бірінші болып мен алдым. Қай неміс маған орден

береді? Жасым отызда кетіп қалуыма болар еді. Ол жаста кеткенімде менің қалыптасуыма, шығармашылық өсуіме мүмкіндік бар болатын. Ал қазір барсам, қарапайым зейнеткерлердің бірі боламын да қаламын. Мен қоғамдық адаммын. Менің жасымда қайта қоғамдық орта қалыптастыру мүмкін емес қой. Мен Қазақстанға керекпін, маған қазақтар керек. Қазақтың жері маған қымбат. Осы жерде өлемін.

Тәуелсіздік алмай тұрғанда Бейімбеттің 90 жылдығына Қостанайға бардым. Маған бір нәрсе жетпей тұрды. Бірақ, не екенін біле алмадым. Қаланы араладым. Бәрібір көңіл-күйім көтерілмейді. Сөйтсем, қазақ жоқ екен. Қазақтар ол кезде Қостанайда өте аз болатын. Бәрі жат адамдар секілді. Қазақ жоқ жерде маған қиын. Германияда да он күн жүргенде жаным жабырқап, қазақтарды іздедім, тауып кездестім. Шетелде тұратын қазақтар дәстүрін сақтай білгендіктен, маған ұнайды.

Қазаққа керек болмаған тіл Бельгерге керек пе?

– Герольд аға, қазақ тілінің артықшылығын өзіңіздей етіп қалай насихаттайсыз?..

– Осыдан екі жыл бұрын таза, шала, ада қазақтарға арнап «Қазақское слово» атты кітап жаздым. Мұғалімдер, студенттер жиі сұрап жатады. Үкіметтегілер қазақ тілін үйрететін осындай кітаптарды неге 30-40 мың тиражбен шығармайтынын түсінбеймін. Әзірбайжан Асылы Осман, орыс Надежда Лушникова қарындасым үшеуміз ана тілінде сөйлеуге шала қазақтарды шақырып жатқанымызға он жылдан асып барады. Бірақ шығып

жатқан нәтиже аз. Қазақ қыздары орыс тілінде сөйлеуге құмар. Тілді сақтайтын – аналар. Олар ертең тілді балаларына береді. Президенттің айналасындағыларға, үкіметті елдің игі жақсыларына керек емес тіл Бельгерге, Асылыға, Надеждаға керек пе? Мұның жалғыз жолы – сана мен сезімге намыс отын ұялату. Намысты оятпайынша болмайды. Мен өзімді мысалға келтірейінші. Менің жақын неміс достарымның бәрі де Германияға көшіп кетті. Мен қазір үйірінен адасқан адам сияқтымын. Кешке немісше кітаптар оқып, тілімді жаттықтырамын. Мен көбінесе қазақ шалдарымен Шоқан ескерткішінің қасында серуендеп жүремін. Олар қазақ газеттерін оқымайды да, менсінбейді де. Қазақтық қасиетіңді оят, қазақ екеніңді түсін. «Қазақстандық» деп жаздық па, онда қазақ тілінің керегі не? Ал олай атау ана тілін үйренгісі келмейтін Ертісбаевқа ұнайды. Қазақтың арасында Ертісбаевтар көп. Құдай қазақты жақсы көреді. Көп талант берген. Игере алмай ысырап етіп жатқан өздері. Еврей талантты 100 пайыз, немістер 80-90 пайызын, орыстар 50 пайызын пайдалануы мүмкін, қазақтар 30 пайызын пайдалана ма, жоқ па?! Қазақ қыздарына сүйсініп қарайсын. Әттен, орысша шүлдірлемесе екен.

Жылқы етінің пісі шабытымды шақырады

– Қазақ халқының кейбір дәстүрін отбасында пайдаланасыздар ма?

– Әйелім қазақ емес, ал тәрбиесі орысша. Мектепте орыс тілі мен әдебиеті мамандығының мұғалімі. Жалғыз қызым Мәскеуде тұрады. Мамандығы – кинорежиссер.

Күйеу баламның ұлты орыс. Біздің үйге қазақтар қонаққа көп келеді. Әйелім бәрін сыйлайды. Қазақ әдебиетін насихаттап жүреді. Үйге орыс не неміс ұлтынан қонақ келсе, біздің дастарқан оларды танқалдыру үшін қазақша болады. Қазақ келсе, ол дастарқан тансық емес. Үйде жылқының еті үзілмейді. Өзім жылқының етін жақсы көремін. Қонақта болғанымда қазақтар түріме қарап, маған шөп-шаламды көбірек салады. «Маған оны емес, етті беріңіз» деймін. Қазақтың тамағын жақсы көремін. Жеген сайын тәбетім ашылады. Асханадан жылқы етінің иісі келсе, табан астында тың шабыт келіп, жазуым зуылдайды, ал қапустаңның иісі келсе, маза кетеді. Шыны солай...

*Сұхбаттасқан Аягүл Мантаева.
«Жас қазақ үні» газеті,
№37 (203).
17.09-23.09. 2004 жыл.*

Бұл заманда қуния бола алмайсың

Екеуара әңгіме

«Есенбай Мағжанға, мен Есенбайға еліктен...»

Басқаға кешіксек те, Герағаңа кешігіп баруға болмайды. 11-ге он минут қалғанда есігін қағып тұрдық. «Ә-ә, кеп қалдың ба? Төрлет!» – деп, есіктен кірер-кірместен әңгімесін бастады. «Мынау менің жұмыс дәптерім. «Рабочая тетрадь» деймін. Осы дәптерге қанша жыл болғанын айтайын ба? ...Жиырма жыл, – деді. – Менің Евгений Исаакович Ривлин деген жетекшім болды. 31 жасында академик болған адам. Сол кісінің әр тақырыпқа арналған папкасы болатын. Қажет кезінде сол папкадан алып, лекция оқитын. Мені көп нәрсеге сол жетекшім үйретті. Мен де барлығын жазып, тізіп, отырамын. Қанша мақалам шықты, қанша кітабым бар, биылғы жылы қанша мақала жазуым керек... Қазақстанда қанша халық жазушысы бар, мемлекеттік сыйлықтың иегерлері қанша, соның бәрін тізіп отырмын. Міне, Қазақстанда 36 халық жазушысы бар екен. Біразы қайтып кетіпті. Күні бүгінге дейін мемлекеттік сыйлықты 64 адам алыпты. Оның төртеуі басқа ұлттың өкілі екен. Оқыған кітаптарымды тізімдеп отырамын, олардың ішінде өзіме ұнаған жерлерін, кейбір мен білмейтін сөздерді де түртіп қоямын. Міне.

Шахов дейді, Калашникова, Солженицын... осылай кетсе береді. Бұл – кәсіби жазушының тәсілі, әдебиетшінің әдебі. Қазақтарға осыны үйрете алмай-ақ қойдым. Баяғыда Қабдолов, Ахтанов, Нұрпейісовтер маған таң қалатын. Осындай бірнеше дәптерім бар менің».

– **Мына бір дәптер ескіріп қалыпты. Неше жыл болған?**

– Әй, бір он бес жылдан кем емес шығар. Кәне, қарап жіберейік. 1980 жылы бастаппын.

– **Охо, менімен жасты екен.**

– Солай ма!... Кеше қызық болды. Бір жігіт келген. Өзі бір пысықтау жігіт. Мына дәптерді көргеннен кейін «сатыңыз» деп жата кеп жабысты. «Қанша бересің?» десем, «5000 доллар» дейді. «Он мың долларға жеткенше тағы кішкене жаза тұрайын», – дедім.

Марқұм Сағынғали Сейітовтің бір өлеңін жазып қойыппын, міне.

«Шендестірме қарға менен бұлбұлды,

Теңдестірме жабы мене дүлдүлді», – дейді. Тамаша ғой. Бір байқағаным, қазақ ақындары соңғы кездері ойлы өлеңдер жазып жүр. Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын, өлеңдері де көлемді болып келеді ғой. Ал қазір қысқа жазатын ақындар пайда болыпты. Болат Шарахымбай деген жігіттің өлеңдеріне назар аудардым. Мен танымайтын Есенбай Дүйсенбаев деген акын бар екен. «Жас Алашта» топтамасы шықты. Мағжанға еліктеп, Мағжанның ізімен жазған бір өлеңі бар. Кілең «күмән, күмән, күмән», «тұман, тұман, тұман» деп келеді. Есенбай Мағжанға еліктесе, мен Есенбайға еліктеп, соған ұқсас бірдеңе жазған болдым. Өткенде далада жүргенде есіме бірдеңелер түсіп, жазып қойған едім. «Былықбай» деп аталады. Саған оқып берген жоқпын ба, осы?

– **Жоқ, оқымаған сияқтысыз...**

– «Баяғы бір заманда, дін мұсылман аманда Былықбай дейтін бір ел болыпты. Сол елде кілең Былықбайлар тұрады екен. Байы да Былықбай, кедейі де Былықбай. Өздері де былық, сөздері де бы-бы-былық. Ал енді ісін айтсаңыз, басынан аяғына дейін былық. Әйтеуір бір былығып жатқан бірдене. Былықбайлардың катындары да былық. Былық катыннан, әрине, былық бала туады. Бірғажабы, былықбайлар елінің падишасы да Былықбай. Заман өзгереді, тек Былықбайлар мен үлкен Былықбай өзгермейді. «Әй, Былықбай, бұл қалай?» деп сұрасаң. Былықбай міз бақпай: «Е, жатсын осылай, бы-бы-былығып», – дейді. Былықбайларды басқару онай, ой Алла-ай». Міне, осылай болып келеді...

Бірден айтайын, мен қазақ әдебиетінен біршама хабарым бар адаммын ғой. Бүгін таңертең ғана Қоғабайдың «Зоопарк» деген әңгімесін оқып бітірдім. «Жас Алаш», «Қазақ әдебиеті», «Әдебиет айдыны», «Таң-Шолпан» басылымдарын, Қоғабайдың «Қазақ» газетін қалдырмай оқимын. Сонда байқағаным, қазақ әдебиетінің ең үлкен кемшілігі – бұлар үлке-е-н бір қазанда бұрқ-сарқ қайнайды. Шеттен оған ешкімді кіргізбейді, өздері ғана қайнайды. Ал енді сол қазанға сырттан кішкене өзгешелеу, өздеріне ұқсамайтын біреуді салып жіберсең, қазақтар оны менсінбейді. Мейлі ол кәріс бола ма, мейлі неміс бола ма, мейлі орыс бола ма, ондайларды көбікпен бірге шығарып тастайды. Қазанда өздері ғана қалады. Сөйтіп, амал жоқ, шектеліп қалады.

Жалпы қазақ әдебиеті жөніндегі пікірім жоғары. Бірақ, кемшілігін де айтуға тиіспіз.

Бұлар тың нәрсені қабылдай алмайды, қабылдағысы келмейді. Ойлау жүйесі жоғары деңгейде емес. Көп

каламгерлерімізге жетпейтіні – философиялық тұғыр. Еуропа елдерінің жазушылары не жазса да, оның соны бір философиялық тұғырға, философиялық жүйеге барып тіреледі. Бізде мұндайды білетіндер аз. Қазақтың философиясы – өзінше. Көшпенділер заманынан бері қалыптасқан табиғи түсінігі, табиғи қабылдауы – қазақтың философиясы. Қазақ сол деңгейде ғана ойлайды, сол деңгейден келіп шығармасын жазады. Көп томдықтардың қаптап кетуі, қалың-қалың романдардың шығуының бәрі осыған байланысты. 30-40 баспа табаққа жетпесе, қазақ ондайды роман деп есептемейді. Француздарда сегіз баспа табақтық, алты баспа табақтық романдар бола береді. Көлемі жағынан Тургеневтің үш романы Дүкенбайдың бір романымен пара-пар. Қазір заман өзгерген. Бәрін қысқа айту керек, жүйеге салып ойлау керек. «Кинематографический язык» дейді мұны, соны жұрт қызыға оқиды. Ал қырық, алпыс баспа табақты кім оқиды?! Оған елдің уақыты да жоқ, шамасы да жоқ. Жастардың ойлау жүйесі өзгергенін біздің ақын-жазушыларымыз есепке алғысы келмейді. Бәрін айтпаймын, дегенмен көпшілігіне осы жағы жетпейді. Қазақ жазушыларына жетпей жатқан екінші нәрсе – концепция. Қазақтарда концепция деген атымен жоқ. Өзіндік концепциясы бар екі-ақ жазушыны айтар едім, біреуі – Кекілбаев, біреуі – Мағауин. Әсіресе, Мағауиндікі мықты. Оныкі – ұлттық концепция. Ол не жазса да, қанша жазса да, бәрін ұлттық қажеттіліктен шығарады. Ал көбісінде «Аттан! Аттан!... Жау шапты!... Ассалаумағалейкум, уәлейкумассалам...» Дастарқан басы. Кім не жеді, қалай жеді, қалай ішті, осылай суреттеу болып келеді. Сөйтіп суреттеумен-ақ романдарын қалыңдата береді. Бұдан арылу керек. «Сенің не шаруаң бар? Жазсаң өзің жаз, бізде нең бар?»

– деп кейбіреулер мұныма ренжиді. Бірақ, айтпасқа тағы болмайды.

«Ашық айту қазақтың менталитетінде жоқ»

– «Екеуара әңгіме» болғаннан кейін сен де өтірік айтпауың керек, мен де өтірік айтпауым керек. Солай ма?

– **Солай.**

– Ал ондай адамды қайдан табамыз енді?... Мен өтірік айтпауым мүмкін. Өтірікке онша құмар адам емеспін. Ал мен білетін қалғандары шындықты жартысын айтса да жаман емес. Оларды қалай ашпақсың?

– **Тырысамыз ғой...**

– Ал енді екінші бір нәрсенің басын ашып алайық. Бұл өзі сен екеуіміздің арамыздағы «Екеуара әңгіме». Ертең оны газетке жариялайсыңдар. Ол кезде бұл екеуара әңгіме болмай қалады, жұрттың бәріне жайылады. Сонда мен неге ашылуым керек? Мен бірденелерді жасырып қалуым керек қой. Қазақтың қулығы маған да жұққан. Осындай бір қайшылықтар бар.

Айтпақшы, менің «Жас Алашқа» ренішім бар. Оны да айта кетейін. Мен «Жас Алаштың» патриотымын, тұрақты оқырманымын. Биыл мені жаздырмадыңыздыр. Мұнда бұрын елші болған Тәжібаев деген көршім бар. Мына жағымда Айдарханов деген ғылым докторы тұрады, сол үшеуіміз ортақтасып оқып жүрміз. Басқа газеттерді өздері жібереді. Ренжіткен сіздер ғана болдыңыздар. Мен өзім көп газетті оқымаймын да. Ал журналдан, кітаптан кенде емеспін. Көшеге шықсаң болды, қазақтар міндетті түрде бір кітабын қолтығыма қыстырып жібереді. Балкон толы кітап. Оның бәрі аз болғандай, немістер жібереді. Бізден кеткен немістердің

бәрі жазушы болып кеткен. Барлығы кітаптарын маған жібереді, мен рецензия жазамын.

Көпшілігі отбасылық кітаптар. Көрген қиындығын түгел суреттейді, ол жағынан казактан кем түспейді олар. Екі том әуелі. Айтпақшы, «Екеуара әңгімеміздің» көлемі қандай болады?

– Көлемін шектемейміз. Әрине, егер шындықты айтсаңыз. Олай дейтінім, өткен жылы маған бұрын қауіпсіздік саласында қызмет еткен бір азамат келді...

– Ә, анау Ахметов қой?

– Иә. Көп әңгіме айтты. Әсіресе біздің жазушыларға қатысты. Оның барлығын газеттің бетінде жариялайын десек, жазушыларымыз соны мойындай ма, мойындамай ма деп қорқамыз. Өздері «иә, солай болып еді» деген соң біздікі арандатушылық сияқты болып қалады. Мысалы, Олжас Сүлейменовтің қандай бизнеспен айналысқанына қатысты айтты. Оны газетке қалай жазамыз? Шаханов туралы да әртүрлі әңгіме көп. Қайсыбірін жазып жатамыз? Кейбір ағаларымыз қызды-қыздымен біраз әңгіменің тиегін ағытады да, газетке шығып бара жатқан кезінде соның бәрін өз қолдарымен алып тастайды. Бұл да бар.

– Мұндай нәрсе қазақты қойып, менде де бар. Жаңағы айтқандарынның біразы маған да таныс. Менің де еміс-еміс хабарым бар. Тек дәлелім жоқ. Жазушылардың тірлігінен неше түрлі мысалды көптеп келтіруге болар еді. Бірақ мен де оған бармаймын. Дәлелім болмағаннан кейін айтқым жоқ. Ал кейбірі жөнінде менің дәлелім де бар. Бірақ, талай жыл бірге жүрген адамымды неге әшкерелеуім керек? Мен әшкерелегеннен кейін ол да қарап жатпайды. Әрине, мені әшкерелейтін де ештеңе

жок. Зауыттарым да жок, баска байлығым да жок. Ол жағынан әжептәуір тазамын ба деп ойлаймын. Маған пара берген адам жок. өйткені менен пайда жок. Берсе, кім біледі, алар едім. Орысша айтқанда, «с меня взятки гладки». Шаханов жөнінде де, Олжас жөнінде де неше түрлі қауесетті білемін. Бәрін бірдей негізсіз деп те айта алмаймын. Оны айтудың қажеті жок. Артынан қауесет еріп жүргендердің кейбірі менің достарым, кейбірі жолдастарым.

– Сол «достарыңыз» жеке әңгімелескенде сырларын айтатын шығар?

– Айтпайды. Әрі мен күнделік жазамын ғой. Ол жерде кіммен қалай, не туралы сөйлескенімді тізіп отырамын. Мәселен, ертең күнделігіме «Жұлдыз келді, онымен мынадай мәселелер жөнінде сөйлестік».— дегендей жолдар түседі, сөз жок. Соны білетін жұрт менімен сөйлескенде өздерін мүмкіндігінше жақсы жағынан көрсеткісі келеді. «Әй, мына пәле ертең мені күнделігіме жазып қояды. Сондықтан мұның алдында жақсы көрінейін. Тым ашыла бермейін» деп ойлайтын болуы керек.

– Ауыздары күйген-ау, сірә...

– «Парасатта» күнделігім шығады ғой. Атын атамасам да, біраз адам өздерін танып қояды. «Сенің менде не шаруаң бар?» – деп қорқытқан болады. Мен білсем, сіздер шындықты айтатын жазушыны таба қоймассыздар. Әсіресе, «Екеуара әңгімеге» жарайтын жазушыны табу қиын шығар. Менің өзім де 100 пайыз ашыла бермеймін. 70-80 пайызға ашылуым мүмкін. Мен білетін қазақтар оған да бармайды. «Әй, мен қумын ғой» деп, 30-40-тың көлемінде қалып қояды. Ашықтау, еркін сөйлейтін үш-төрт-ақ адамды білемін.

Ашық айту деген нәрсе қазақтың менталитетінде жоқ. Ылғи сол бірденені астарлап, шет жағасын ғана айтып кетеді. Ойы мен сөзі ешқашан қабыспайды. Қазақтың ұғымында бұл – үлкен жетістік. Ашық айтатындарды қазақ ашықауыз, орысмінезді, тікбақай деп қабылдайды. Қазақтың қулығының өзі сонда. Ойлауы бір басқа, сөйлеуі бір басқа. істеген ісі мүлдем бөлек. Бірімен бірі қабыспайды. Бір ғана мысал келтірейін. Мен екі рет додаға түстім. Мемлекеттік сыйлықтың додасына. 1994 жылдан бері комиссияның мүшесімін. Астыртын саясат, интрига, жасырын келгіштеу, телефондау, таныс адамдарын жұмсау, мықтылардың сөзін тыңдау, бәрін-бәрін жақсы білемін. Ол сыйлықты маған бермейтіндерін де білемін. Соның өзінде түстім. Қазақ достарым телефон соқты. «О-ой, Гереке, сен шаппай аласың ғой. Саған деген жол ашық қой. Сенің жолың бөлек қой. Премия қалтама түсті дей бер», – дейді. Сөйтеді де, жеме-жемге келгенде бәрі маған қарсы дауыс береді. Өйткені, басқа есептері бар: «анаумен бірге оқып едік», «ананың әкесін білуші едім», «мынаумен аталарымыз жоңғарға бірге шапқан екен» дегендей. «Бельгер деген өзіміз ғой, ренжімес» деп сызып тастайды да, сосын маған тағы да телефон соғады. «Әй, бұл не деген оңбағандар, а?! Не деген ұятсыздар-ей! Әй, осы қазақтарда ұят жоқ. Сен енді қазақтың бәріне ренжіме. Бірен-саран «сболыштар» ғой олар», – дейді. Міне, бұл да қазақтың бір ерекшелігі. Қазақты бұған тарихы, табиғаты мәжбүрлеген болуы керек. Кілең төбелес, күрестің арасында жүрді. Неше түрлі адамар билік етті. Көп нәрсені айтпау, жасырып қалу қазақтың психологиясына сол кезден сіңген, шамасы. «Білем» деген көп сөз, «білмеймін» деген

бір сөз. Жұрттың бәрі қауіпті. «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мактап!» демей ме Абайдың өзі. Тамаша айтқан! Бұл жағынан Еуропа халқы өзгешелеу. Олар көп нәрсені ашық айтады, жасырмайды, ішінде ұстамайды. Заманға байланысты олар да өзгеріп отырған. Мысалы, кезінде ГДР-дің немісі мен Батыс Германияның немісінің айырмасы жер мен көктей болды. ГДР-дің немісі маған келеді, менімен сөйлеседі де, сосын КГБ-ға есеп береді. Батыс немісі сенімдірек. Ол да ашық сөйлеседі, бірақ оны қауіпсіздік комитетіне айту, өзгелерге жаю бұған жат.

Менің әкем дәрігер болды. Он ауылға бір дәрігер. Қазақ ауылына 1941 жылы келдік қой. Қазақтың шал-кемпірлері әкеме келіп көрінеді. Бала болсам да, қазақтың қулығын мен сол кезде білдім. Әкем кейін келе қазақша түсінетін болды, бірақ сөйлей алмайтын. Қазақтың шалы келеді. Екеуі бір-бірін жақсы түсінеді. Қазақтың шалы аздап орысшаны түсінеді, әкем аздап түсіндірген болады, әйтеуір қиналмай түсініседі. Әкем дәрі береді, сөйтеді де дәрінің бағасын айтады. Енді қазақтың шалы «жазық нету» деп, тіл білмейтінін сылтау етіп, әкемді түсінбей қояды. Бәрін түсінеді де, ақшаны беретін кезде түсінбейді. Әкем мені шақырып алады да, «атана түсіндірші» дейді. Мен қазақшалап түсіндірем. «Апыр-ай сен өзі болайын деп тұрған бала екенсің ғой», – деп мені мактап қояды. Бәрібір түсінбейді. Әкем де шаршап қолын бір сілтейді, қазақтың шалы дәріні тегін алып кетеді сөйтіп. Сондай қулық осы кезге дейін бар. Қазақ өзін кумын деп есептейді. Бірақ оның қулығы баланың қулығындай. Немістің қулығы да онып тұрған жоқ, бірақ қазақтікі жас баланың қулығындай.

«Бұл Мәулен – ағаш Мәулен»

– Өзіңіз айтқандай, қазақтың ойы мен сөзі қабыспай жатады. Ас үйде айтатын әңгімесі басқа да, ел алдында айтатыны мүлдем бөлек. Соның кеірінен адамды адам ретінде тани алмайсың. Осыдан төрт-бес жыл бұрын төрт-бес министрден сұхбат алдық. Солардың ішінде өзіме Қажымұрат Нағманов пен Зейнолла Кәкімжанов ерекше ұнап еді. Ойы еркін. Айтқан әңгімелері де құлаққа қонымды. Сол кісілердің бізге айтқан әңгімелері мен тағы бір жерде шыққан сұхбатын салыстырсаңыз, мүлдем екі басқа адамды көргендей боласыз.

Жуырда Мәулен Әшімбаев туралы мақала жазған едім. «Осы біз Мәуленді ұдайы аванспен мақтаймыз» деп, әріптесім Әмірхан Мендеке ренжігендей болды. Мәуленнен бұрын Ашық әңгіме алған едім, бірекі рет қайсыбір мәселелерге қатысты пікірін де сұрағанмын. Өз басым оны еркін ойлы азамат ретінде танымын. Сондай азамат деп есептеп те жүргенмін. Ал кеше сол Мәуленнің «Central Asia Monitor» газетіне берген сұхбатын оқып едім, мүлдем басқа Мәуленді көргендей болдым. Сол сияқты ғой.

– Иә, мен де көрдім. Ол жердегі Мәулен менің де көңілімнен шықпады. Әкесін жақсы білем ғой. шешесін танымын. Ал мынау Мәулен – өкіметтің қалыбымен қатып қалған ағаш Мәулен. Маған солай көрінді. Осы жерден енді ойынды мен жалғастырайын. Қазір біз бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіреміз деп жатырмыз. Мына мінезімізбен ол межеге жету қиынның қиыны. Қазақ бұл жағын ойламайды. Психологияның маңызды екеніне мән бергісі келмейді. Қазақ бұл мінезінен арылмайтын болса, жұрттың бәрін

сезікті көретін болса, елу елдің қатарына қалай кіреді? Бұл заманда құпия бола алмайсын. Ашық болуын керек. Ол жағынан Путиннен үлгі алуға болады. Путиннің Еуропаға барып, АҚШ-тың саясатын аяусыз сынауы, сол арқылы бүкіл Еуропаны састыруы адамды таңдандырмай қоймайды. «Политкорректность» деген болмайды екен бұл заманда.

Басқаша ойлап тұрып, басқалай сөйлеу, бәлкім, билердің заманында қажет болған да шығар. Қазақтың билері көркем сөйледі, әдемі астармен айта білді. Бірақ біз соның кейбірін әлі күнге түсіне алмай жатырмыз. Не айтқысы келгенін білмейміз. Мен қазақ билерінің сөзін орысшаға аудардым. Ар жағында не айтқысы келгендерін анау-мынау орыс түсіне бермейді.

Қазақтың мінезі дегенде, тағы бір мысал есіме түседі. Баламын. Қазақ ауылына көшіп келдік. Үйдегілер көршінің үйіне сүтке жұмсайды. Мен барамын да, «молоко дай» деймін. «Айран дай» деймін. Қазақ ондайды ұнатпайды! Қазақтың үйіне бардың ба, алдымен амандас. Жағдайын сұра. Анау-мынау әңгіме баста. Сосын барып келген шаруанды айт. Әйтпесе, қазақ сені көргенсіз, тәрбиесіз, орыс мінезді біреу екен ғой деп ойлап қалады. Мұны біліп алғаннан кейін мен де қу болып алдым. Алдымен атамызға сәлем беремін. Сосын тізе бүгіп отырып, әжеміздің қалын сұраймын. Анау-мынауды әңгіме етемін. Шәй берсе, шәйін ішемін. Нанын жеймін. Сосын барып, «мен осы сүт сұрауға келіп едім» деп шаруамды айтамын. «Е, мынау болайын деп тұрған бала екен ғой», – деп сүтін береді. Міне, қазақтың менталитеті.

– Қазақ ауылына бала күніңізде келдіңіз. Осында ержеттіңіз, есейдіңіз. 65 жыл аз уақыт емес. Бір ғұмыр. Қазақтың көп қасиетін, көп

мінезін қабылдап та алғаныңыз байқалады. Тілін үйрендіңіз, менталитетін де білдіңіз. Бірақ, мүлдем қабылдай алмаған қасиеттері болды ма?

– Жетінші класта оқып жүргенімізде бір баланың ұрлығы туралы әңгіме болды. Математикадан беретін Ахметжан деген ағайымыз бар еді, бәрінен сұрап шықты: кім істеді, қалай істеді? Ешкім үндемейді. Бәрі өтірік айтады. Мен құлағым кызарып, шыдай алмай, акыры шындықты айтып салдым. Сонда Ахметжан ағамыздың айтқан сөзі – «өтірік айтпаса қазақ бола ма?» болды. Осы өтірік айту, жалған сөйлеу дегенді қабылдай алмадым.

Қазақтың қай қасиетін қабылдай алмадыңыз дегенде еске түсіп жатыр, мен мынау компьютер дегенді үйрене алмай-ақ қойдым. Әрі шұқылаймын, бері шұқылаймын, тілін білмеймін. Ызам келеді. Қан қысымым көтеріліп кетеді әуелі. Балконға шығып, ашуымды басып келемін де, диванға жатып алып жазамын. Бұл да қазақтың тірлігі ғой. Елеукуновтің өзі меңгеріп алды осы компьютерді, мен меңгере алмадым. Техника дегенге жокпын. Кеше келген жігіт те «сіз мамбетсіз» деп кетті. Әбіш Кекілбаевтың да қалжыңға сүйеп айтатыны бар, «Қазақстанда жалғыз мамбет бар, ол – Бельгер» деп.

Сөйтсе де, қазақтың көп жақсы қасиеттері бар. Осы жақсы қасиеттерін басқа ұлттар да, соның ішінде Еуропа халықтары да қабылдауы керек. Ол – қазақтың қонақжайлылығы, кеңдігі, сыйластыққа ерекше көңіл бөлуі. Қазақ барын аямайды. Көңіл түссе, тіпті керемет. Бұл жағынан қазақтың алдына адам түспейді. Менің шешем қайтыс болғанда Әбіштен бастап қазақтардың бәрі қолғабыс тигізгенін бір жерде жаздым да. Шымкенттің бастығына телефон шалып, ол мені күтіп алып, Тәшкенге жеткізіп, басынан аяғына дейін

шешемді соңғы сапарға шығарып салысты. Бұл қазақтан басқа бірде-бір ұлттың қолынан келмейтін нәрсе. Бір ғажабы, қазақ есептің адамы емес. Өзбектің өзі де есепшіл. Неміс те дархан, бірақ сөйте тұра оның есебі де керемет. Менін бір неміс досым Германияға барғанда «қазақтығы» ұстап кетіп, қранның алдында аянбай жуынып-шайынған ғой. Германиядағы туыстары жаман көзбен қарапты. Өйткені суға ақша төлеу керек. Міне, есебі қайда жатыр?! Қазақстанның немісі Германияға барады. Жұма күні барып қалады. Ана жақта толып жатқан туыстары бар. Қазақ болса, алдынан шығып, қарсы алады ғой. Немістер өйтпейді. «Сен вокзалдың басында дүйсенбіге дейін шыдап отыра тұр. Дүйсенбіде жол ақысы арзан болады, сол күні алып кетеміз» дейді. Сондағысы бірнеше тиын ғана.

Немістердің есебі сұмдық. Қай замандардан солай қалыптасқан. Көктем келіп, көк-сөк шыққанда немістер ет сатып алмайды. Өйткені салат жеуге болады ғой.

Сөйте тұра, немістер қайырымдылық көмек жасауға келгенде алдарына жан салмайды. Көше-көшеде «анаған, мынаған» деп тұратын қайырымдылық жәшіктеріне үйіп-төгіп салады.

Африка елдеріне, Израильге көмектері көп тиіп жатыр. «Жөйттерге Гитлер заманында жамандық жасалды. Олардың алдында кінәліміз. Жуып-шаюымыз керек» деген бір психология бар оларда.

«Бір сағатта тамаққа да, сөзге де тоясың...»

– 1998 жылы Кекілбаев бастаған бір топпен Германияға бардық. Бундестагтың депутаттарымен кездесу болды. Бір депутат қуақыланып сөйледі: «Осы

сіздер қалайша аз ғана жылдың ішінде астаналарыңызды көшіріп алдыңыздар? Біз әлі күнге Боннан Берлинге көше алмай жүрміз. Ну, конечно! Қазақстан – богатый. А Германия бедная». Қазақстанның жерін, байлығын немістердің қолына берсе, бір-ақ жылдың ішінде тастай қылып шығарар еді. Немістерде ештеңе жоқ қой. Жапондарда да ешбір байлық жоқ. Бірақ миы бар. Есебі бар. Технологиясы бар. Соның арқасында алдыңғы қатарлы ел болып отыр. Жалпы, мен білетін қазақ, мен білетін Қазақстан осы күнге дейін өзінің күш-қуатын сезіне алмай жүр. Ысырапшылдық көп, дарақылық бар. Мұнымен қазақ ұзаққа бармайды. Неміс болып кетпесе де, қазақ немістің кей мінезін үйренуі керек. Әйтпесе, мына байлықтың бәрін шашып бітіреді. Қазақтың тойына барғанда, үлкен банкеттерде отырғанда «мынау дастарқан Германияның халқына бір жылға азық болар еді-ау» деп ойлаймын.

– Бірақ сіз тойға көп бармайсыз ғой...

– Бұрын шақыратын жердің бәріне баратынмын. Қазір қойдым. Тойға сау болып барып, ауру болып қайтамын.

Бір дастарқанның басында бес сағаттан жеті сағатқа дейін отыратын жалғыз-ақ халық бар, ол – қазақ. Ал мен оған шыдай алмаймын. Бір сағатқа шыдаймын. Одан кейін құлағым қызарып, қан қысымым көтеріліп, мазам кетеді. Бір сағаттың ішінде тамаққа да, сөзге де тоясың. Қазақтың сөзі таусылмайды. Денсаулығым бар кезде шәйіне дейін шыдайтынмын, қазір уақыт та, денсаулық та жоқ. Сөзден де шаршадым. Жиналыстарға барсам, 15-20 минутта бәрін түсініп аламын да, сосын кеткім келеді. Еуропада мұндай жиындарға 20-30 адам келсе, ұйымдастырушылар керемет риза болады. Соған үйренген. «О-о, мына кітапты талқылауға 30

адам келді», – деп мәз болады. Бізде зал толмаса, көңіл көншімейді. «Халық жоқ болды ғой, адам аз болды ғой» деп ренжиді.

Осы әңгіменің бәрінің түп негізі бір ғана нәрсеге тіреледі: казак өзгеруі керек. Алдыңғы қатарлы ел боламын десе, өзгермей болмайды.

Мен өмірімде он күн қатарынан бақытты болдым. Францияда. Банкетке жиналдык. Бәріміздің күткеніміз – қаланың мэрі. Мэр кешігіп келді. Қазір біздің делегацияның бастығы сөйлейді, сосын олардың мэрі сөйлейді. Тағы бір-екі адам сөз алатын шығар, сосын ғана банкет басталатын шығар деп отырғанбыз. Бір кезде мойнына қызыл орауыш байлаған, карапайым күрте киген, қолында кішкентай шабаданы бар бір француз кіріп келді. Кіріп келді де: «О, ля, ля! Сіздердің әйелдеріңіз қандай әдемі!» – деді. Арамызда үш-төрт әйел бар еді. «Мынандай әдемі әйелдер тұрғанда, қайдағы сөз?! Бірден банкеттен бастайық», – дейді.

Сөйтсек ол қаланың мэрі екен. Өзі жаңа бастап жүрген дәрігер көрінеді. Біз қылғынып галстук тағып алғанбыз, ол еркін киінген. Өзін ұстауы да, сөйлеуі де еркін. Мен өмірімде он күн қатарынан бақытты болған адам емеспін. Қазақстанда да, басқа жерде де. Ондай бақытты сәтті тек Францияда ғана басымнан өткердім. Бақытты болғаным сондай, есім шығып кетті. «Эйфель» мұнарасының басына шыққанда есім кете мәз болғаным соншалық, «Бельгер, Бельгер, ты – могуч» деп сөйлеп кеттім. Бұлттардың өзі мені аяғымның астында қалғандай. Бостандық, еркіндік сезімін сол кезде ғана басымнан өткердім. Оған дейін құл болып жүргенбіз ғой. Қазак құл ма, казактың арасында жүрген Бельгер де құл. Сол сәт күні бүгінгідей көз алдымда.

Бәрі өмірге ғашық. Әр нәрсеге құштар. Әйелдері қандай әдемі! Мына немістің әйелдерінде сән деген болмайды. Аяқтарына кілең платформа киеді. Көшеде жүріп банан жейді. 18 жасар қыз ба дейсің, қасына барсаң қырықтағы әйел сияқты. Сүйкімсіздеу. Бұл жағынан француздар бөлекше. Олар сұлу. Азияның қыздары қандай әдемі. Қазіргі қазақ қыздары француз қыздардан бір де кем емес. Сол он күнде мен өзімді адам сезіндім. Шіркін-ай, біз де осыған жетсек қой!

Енді кішкене үзіліс жасап, бір кесе шәй ішейік...

«Всеуша ойда жоқта шөбере сүйгізді»

– Мынадай тар үйде ішіңіз пыспай ма?

– Осы жерде тұрғаным 30 жыл болды. Бұл үйдің тұрған жері жақсы. Академия жанымда, кітапхана да, одақ та жақын. Редакциялар да алыс емес. Бір ғана кемшілігі бар, кабинетім тар. Қазақстан кең, үйіміз тар. Солай болып тұр енді. Кеңірек үй сұрауға ұят. Үш бөлмелі үйде екеуіміз ғана тұрамыз. Ал менде мұрағат көп. Жүз шақтысын кітапханаға өткіздім. Үш балкон бар, оның біреуін немістерге, біреуін қазақтарға арнап қойғам. Сыйдыра алмай жатқаным аздай, қазақтар енді 12 томдықтарын шығара бастады. Екі мыңнан астам құжатты президент мұрағатына өткіздім. Өлгеннен кейін жетпіс жыл сактайды екен, маған сол да жетеді. Шіркін, жиырма шаршы метрлік кабинетім болса деп армандаймын.

Қағаз көп, қоятын жер жоқ. Мен туралы үш кандидаттық диссертация қорғалды. Курстық жұмыстар тіптен көп. Есептесем, мен туралы 350 мақала жазылған екен.

– Ерінбей бәрін санап жүрсіз бе?

– Бәрін тізіп отырамын. Міне, өзім күні бүгінге дейін 1354 мақала жазыппын. Келешекте мұны кітап қылып шығармақпын. Зерттеушілерге жеңілдік болуы үшін.

Герман Гессе деген неміс жазушысы 3000 рецензия жазған екен. Макаров деген орыс жазушысының 500 рецензиясы бар. Мен 200-дей рецензия жазған екенмін. Соның 112-сін жинақтап, «Постскрипtum» деген атпен кітап қылып басып шығармақшымын.

«Мұнар тауды» қоса есептегенде 37 кітабым шықты. Күнделіктерім көп. Екінші сыныптан бастап жазғанымды есептесем, он том болады екен. Әрине, он том етіп шығарсам, оны өзім де оқымаймын, басқалар да оқымайды. 40 баспа табағын дайындап қойдым. Бүгінгі қоғамның тынысы. Соны кітап қылып басып шығару керек. Баспагерлермен келісейін деп отырмын. Ақша сұрамаймын. Өзіме 30-40 данасын берсе жетеді. Қазақтың өмірін жаздым ғой, соны шығаратын бір қазақ табылар деп отырмын.

Өткенде күнделіктерімді бастырғалы жатқанымды естіген Нұрпейісов «бір карап шық» дейді. Қарай алмайтынымды айттым. Нұрпейісов түгілі, өзіме ұнамаса да, бір сөзін де өзгерте алмаймын. Кезінде қалай жазылды, солай кетеді. Оның жанры солай. Міне, мына бір жерінде Нұрқаділов туралы жазыппын... «Көптен бері ойымда жүрген трагедия басталды», – деп жазыппын 1953 жылы. Бұл не трагедия болды екен? Ә, бір қызға ғашық болғаным екен ғой. «Кеше аттестат алдым», – деппін. Мұның, әрине, түкке керегі жоқ. Өзімді жазушылыққа тәрбиелеуге қажет болғаны болмаса.

– Алға не жоспарлап отырсыз?

– Жоспарым бойынша, биыл 41 мақала жазуым керек екен. Күзде 73-ке келемін. Аман-сау 75 жасқа жетсем. «Резюме» деген кітап жазбақшымын. Ол қорытынды кітап болады. Ары қарай ғұмыр беріп жатса, қазақтарды аударуға көшем. Аударатын дүние жетеді. Абайдың өлеңін орысша, немісше және казакша шығарғым келеді. Жуырда ғана «Таң-Шолпанға» нәсілі орыс, неміс жазушылары туралы жазғаным шықты. Орыс тілінде жазып, орыстың сойылын соккан неміс жазушыларының өзі жүзге жуық екен. Мұзафар Әлімбаев екеуіміздің арамыздағы телефон сұхбаттарының негізінде «Мен ғой, Мұзафар» деген очерк жазып, «Парасатка» бердім. Бүгін таңертең ғана «Премиальные страсти» деген мақала жазып бітірдім.

– Енді отбасыңыз туралы айтсаңыз қайтеді? Қызыңыз бар екенін, оның Мәскеуде екенін білеміз...

– Қызым Ирина Мәскеуде. Кинорежиссер. Негізгі мамандығы – кастинг бойынша режиссер. Кеше теледидардан қызым режиссерлік еткен бір фильмді көрсетті. Кіленсарт-сұрт, ұрда-жыкекен, қарай алмадым. Әйелім көріп отырды. Күйеубаламыз балетмейстер. Всеволод деген немерем бар. Өзіміз Всеуша дейміз. 19 жаста. Колледжде оқып жүрген. Сол Всеушамыз тыныш жүрмей, көршінің қызымен жүріпті де, содан енді шөберем бар. Оның өзі қазір жастан асты.

Туған-туыс әр жерде. Альма деген қарындасым Германияда. Одан Артур деген жиенім бар, фамилиясы – Бельгер. Эльма атты қарындасым Ташкентте тұрады. Үш қыз еді, біреуі қайтыс болып кетті.

– Үш қыздың ішінде ерке өскен шығарсыз?

– Жоқ, әкем мені катал ұстады. Энгельс деген қалада тұрдық. Әкем әскери дәрігер еді. 7 жасымда

Қазақстанға келдік. Жағдайымыз қиын болды. Қазақ балалары жетімдікті қалай көрсе, мен де солармен теңдей көрдім. Еркелеуге уақыт болған жоқ. 12 жасымда сүйек туберкулезіне шалдықтым.

Одан кейін комендатура деген шықты. 16 жасымнан бастап белгіленіп тұратын болдым. Құл сияқты едік. Ешқайда шыға алмайтынбыз. Ол кезде поляктар, ингуштар, немістер «сенімсіз халықтардың» санатында. Оқуға қабылдамайтын. 1954 жылы рұқсатсыз келіп, ҚазПИ-ге түстім. 1954 жылы ҚазПИ-ге бес неміс түсті, соның бірі менмін. Тарихта бірінші рет. Оның алдында бір неміс орыс болып жазылып оқыған екен. Көп қиыншылық көрдім, оқудан бір шығып, қайта қабылдандым. Мәлік Ғабдуллиннің көп қамқорлығын көрдім.

Өзіммен бір курста оқыған Раямен шаңырақ көтердім. Әйелім мектепте сабақ берді. Өзі сондай белсенді. Мектепте істеп жүргеніне 49 жыл. Мектептің театрына жетекшілік етеді. Қызымыздың театр саласын таңдауына да соның әсері болды.

– Рахмет. Аман-сау болыңыз!

Әңгімелескен Жұлдыз Әбділда.

«Жас Алаш» газеті,

06.03.07.

МАЗМҰНЫ

Тілтолғақ

Қазақ дәптері.....	4
Тілтолғақ.....	61
«Заманбекпін, ешкім де жоя алмайтын».....	114

Он бір сұхбат

Қазақ әдебиетінде дұрдараз екі топ бар.....	132
Шынайы әдебиеттің билікпен басы қосылмас.....	139
Кейде-кейде ашылау айтқан пікірімді жөнсіз десеңіздер, кешірім сұрауға дайынмын.....	155
Намысты адам ғана «Мен казакпын!» – деп қуанышты сезіммен айта алады.....	170
Нағыз жазушы арсыздыққа бармайды.....	183
Мәселені ашып айтпау – зиялы қауымның сорлылығы.....	195
Қазақтың жағдайы жақсармай, қалғандардың шекесі шылқымайды.....	210
Мен түркі халықтарының жақындасуын, бірігуін армандайтын адаммын.....	217
Қазақ зиялысынан жұрттың көңілі қалып барады.....	225
Американың қалпағын қазаққа кигізуге болмайды.....	240
Бұл заманда құпия бола алмайсын.....	252

Герольд БЕЛЬГЕР

Қазақ дәптері

эсселер мен сұхбаттар

Редакторы *Жұлдыз Әбділда*
Мұқабасын көркемдеуші *Рамазан Омаров*
Техникалық редакторы *Ардақ Мұқышева*
Беттеуші *Динара Ниетқалиева*

Басуға қол қойылған күні 01.04.11.

Пішімі 84x108 ¹/₃₂.

Шартты баспа табағы 17.

Таралымы 1000 дана.

Тапсырыс № 1199.

“Өлке” баспасының өз баспаханасында басылды.

050062, Алматы қ-сы, 1-ықш. ауд., 66^Б үй.

Тел.: 276-09-13.



1934 жылы Саратов облысының
Энгельс қаласында дүниеге
келген. 1941 жылы отбасымен
Қазақстанға жер аударылған. 1953
жылы Қазақ орта мектебін бітіріп,
бұрынғы Қазақ педагогикалық
институты, бүгінгі Абай атындағы
Қазақ педагогикалық
университетіне оқуға түскен. 1963
жылы аспирантура бітірген.

Аудармашы, прозашы, публицист,
эссеист, қоғам қайраткері.

Елуден астам кітаптың авторы.
Қазақ және неміс тілдерінен
орысшаға аударған көркем
шығармаларының көлемі 20-25
томға жуық. Б.Майлин атындағы
сыйлықтың (1988 жыл),
Президенттің «Бейбітшілік және
рухани келісім» сыйлығының (1992
жыл), Қазақ ПЕН-клубы
сыйлығының (1996 жыл), тәуелсіз
«Тарлан» сыйлығының (2002 жыл)
лауреаты.

«Парасат» орденінің және «Das
Verdienstkreuz» (Германия)
орденінің және 6 медальдың
иегері. Қазақстан мәдениетіне
еңбегі сіңген қайраткер.

1954 жылдан бері Алматы
қаласында тұрады.

ISBN 978-601-253-071-1



9 786012 530711